Әли бин Әмруллаһ
Мұхаммед Хадими

Ислам ахлақы



Ислам ахлақы

Әли бин Әмруллаһ
Мұхаммед Хадими

Бірінші басылым



Түркістан Кітап Үйі
Алматы - Қазақстан
Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер
Сейфуллин даңғылының қиылысы
Тел: +7(727) 293-55-98

Алматы
2014

УДК 28
ББК 86.38
Х 14

Ислам ахлақы/Даярлаған: Мұхаммед Хадими - Алматы:
Н 20 «Euro Print» ЖШС. 2014, -220 бет.
Издатель: «Түркістан мәдениет қоры»
қоғамдық қоры.
ISBN 9965-9219-7-0

Кітабымыздың бірінші бөлімі Мұхаммед Хадимидің (1762ж. қайтыс болған) “Бәриқа” кітабынан аударылған. Бұл бөлімде исламға жат болған мінез-құлықтардың және олардан сақтану мен арылудың жолдары білдіріледі. Бұл жаман мінездер – көңілдің (жүректің) аурулары болып табылады. Жаман мінездер көңілді және рухты мәңгілік өлімге алып барады. Кітабымыздың екінші бөлімі х.979 (м.1572) жылы Эдірне қаласында қайтыс болған Әли бин Әмруллаһтың (рахимәһуллаһу та’ала) “Ахлақи алаи” атты кітабының негізгі бөлімінен алынып, онда мінез-құлықтың анықтамасы мен түрлері айтылған.

Бұл еңбекті оқыған оқырмандар ата-бабаларының саламатты, көркем мінезді, еңбекқор, мәдениетті, алдыңғы қатарлы ел болғандығын ұғынып, жаман мінезді дұшпандардың жалған жалаларына алданудан сақтанады.

ББК 86.38

ISBN 9965-9219-7-0

THE RELIGIOUS
ADMINISTRATION OF
KAZAKHSTAN MUSLIMS



الادارة الدينية
لمسلمي قزاقستان

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 050016 Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 12. тел.: 397 63 84

№ 23/0299 "27" 06 2011 ж.

Мейірімді, Рахымды Алланың атымен бастаймын!

«ТҮРКІСТАН МӘДЕНИЕТ ҚОРЫНА» ҚАРАСТЫ «ТҮРКІСТАН КІТАП ҮЙІ» БАСПАСЫНЫҢ КІТАПТАРЫ ТУРАСЫНДА

«Түркістан кітап үйі» баспасынан шыққан діни-танымдық кітаптар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптауынан мұқият өтеді. Ақидасы, яғни сенімі жағынан Қазақстан мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзһабына сай, ал, мазмұны терең, әрі бай. Қалың оқырман іздеп тауып, сүйсіне оқиды. Бұл кітаптарды әлііміз бойынша таратудың мән-маңызы зор. Оны қалың оқырмандармен қатар мешіт діндарлары мен сауат ашу курстарының шәкірттері де кеңінен пайдаланады.

Баспа ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Кітаптары дәйім сұраныста. Жаңа кітаптар шығара берсін, күтеміз.

Ізгі тілекпен,

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, НАИБ МУФТИ

ШЕЙХ МУХАММАД ХУСЕЙН ҚАЖЫ АЛСАБЕКОВ


Орындаушы: С. Еншібай.
тел: 3976397.

Кәлимә-и тәнзиһ

“Субханаллаһи уә бихамдиһи субханаллаһил-азыйм.” Бұл кәлимә-и тәнзиһ **«Мәктубаттың аудармасы»** кітабының 307-ші және 308-ші хаттарында жазылған. Мұны таңертең және кешке 100 рет оқыған адамның күнәлары кешіріледі. Дерттерден, бәлелерден құтылады. Күнә істеуден сақтанады.

Хазреті Имам Раббани **«Мәктубат»** кітабының 1-ші том 275-ші хатында былай деген:

Сендердің бұл нығметке қауышуларың – ислам дінін үйрету және фиқһ үкімдерін жаю арқылы болған. Ол жерлерде сауатсыздық орын алып, бидғаттар тараған еді. Аллаһу та’ала сендерге сүйген құлдарының сүйіспеншілігін ихсан етті. Ислам дінін таратуға сендерді себеп қылды. Олай болса, қолдарыңнан келгенше дін ілімдерін үйретуге және фиқһ үкімдерін жаюға тырысыңдар. Осы екеуі барлық бақыттың басы, өсіп-өркендеудің құралы және құтылудың жолы болып табылады.



Бисмиллаһиррахманиррахим
Мейірімі шексіз, рахымы мол Аллаһтың атымен бастаймын

Исламды танытқан көптеген кітаптар бар. Бұлардың ішіндегі ең құндысы - Имам Раббанидың үш томдық **«Мәктубат»** атты кітабы. Бұдан кейінгі орында Мұхаммед Масумның үш томдық **«Мәктубат»** атты кітабы тұрады. Хазреті Мұхаммед Масум, мәктубаттың үшінші томы, он алтыншы мәктубында (хатында) былай деген: "Иман дегеніміз – кәлимә-и тәуһидтің «Лә илаһә иллаллаһ» және «Мухаммадун расулуллаһ» деген екі бөліміне бірге сену." Яғни мұсылман болу үшін Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар екендігіне де сену керек. Аллаһу та'ала Жәбірейіл атты періште арқылы пайғамбарына **"Құран кәрім"**ді жіберді. Құран кәрім - Аллаһтың сөзі. Құран кәрім Мұхаммед алейһиссаламның ойлары немесе пәлсапашылардың яки тарихшылардың сөзі емес. Мұхаммед алейһиссалам Құран кәрімді тәфсирлеген, яғни мағынасын ашып түсіндірген. Бұл түсіндірмелерді **"хадис шәриф"** деп атайды. **Құран кәрім** мен **хадис шәриф**тер Ислам дінінің негізін құрайды. Яғни әлемдегі миллиондаған ислам кітаптары – **Құран кәрім** мен **хадис шәриф**тердің түсіндірмесі. Мұхаммед алейһиссаламнан келмеген сөз, ислам кітабы бола алмайды. Иман және ислам дегеніміз – Құран кәрім мен хадис шәрифтерге сену дегенді білдіреді. Пайғамбарымыздың сөздеріне сенбеген адам Аллаһтың сөзіне де сенбеген болып табылады. Мұхаммед алейһиссалам Аллаһу та'аладан келген хабарлардың барлығын сахабаларына үйретті. Сахабалар бұларды шәкірттеріне үйретті. Олар болса бұл ілімдердің барлығын кітап халіне келтірді. Осы кітаптарды жазған ғұламаларды **"Әһли сүннет ғалымдары"** деп атайды. Әһли сүннет кітаптарына сенген адам – Аллаһтың сөзіне иман келтірген болады, яғни мұсылман болады. Құдайға шүкір, біз дінімізді дін реформистері, масондар және атеистердің ойдан шығарған жалған кітаптарынан емес, әһли сүннет ғұламаларының кітаптарынан үйренудеміз.

Расулуллаһ алейһиссалам: **«Үмметімнің арасында фитна, бүлік, бәле-жала жайылғанда сүннетімді ұстанған жанға жүз шәһидтің сауабы бар.»** - деген. Сүннетті ұстану әһли сүннет ғұламаларының кітаптарын оқу және оларға сәйкес әрекет ету арқылы ғана жүзеге аспақ. Мұсылмандардың төрт мазһабының негізін салушылар – **"Әһли сүннет ғұламалары"** болып табылады. Әһли сүннет ғұламаларының басшысы Имам Ағзам Әбу Ханифа Нұғман бин Сабит. Ағылшындар көптеген ғасырлар бойы мұсылмандарды христиандыққа кіргізе алмады. Бұл пиғылдарын жүзеге асыру мақсатында олар жаңа әдістер іздеді. Нәтижесінде масондық қоғамын құрды. Масондар әһли сүннет ғұламаларының еңбектеріне, яғни Мұхаммед алейһиссаламның сөздеріне және барша діндерге, өлгеннен соң қайта тірілуге, жаннат пен тозақтың бар екендігене сенбейді.

Мазмұны

Бірінші бөлім

Екінші бөлім

Ислам ахлақы

Кіріспе

Аллаһу та’аланың дүниедегі барлық адамдарға деген мейірімі шексіз. Адамдарға қажетті нығметтерін жаратып, барлығына жіберуде. Дүниеде және ахиретте бақытқа қауышулары үшін бұл нығметтерді қалай қолдану, қалай пайдалану керектігін де көрсеткен. Исламды мүлдем естімеген кәпірлердің жаһаннамға кірмейтінін, есеп-қисаптан кейін жануарлар секілді жоқ болып кететінін хазреті Имам Раббани 259-шы хатында білдірген. Естігеннен кейін иман келтіргендерді жаннатқа кіргізеді. Құлдарына ойлану үшін бір ғұмырлық уақыт берген. Нәпістеріне, жаман достарға, зиянды кітаптарға және шет елдік ақпарат құралдарына алданып күпірлікке түскендерді және адасқан жолда жүргендерді иман келтіргеннен кейін кешіреді. Оларды мәңгі пәлекеттен құтқарады. Ал азғын, залым құлдарына хидаятты (имандылықты) нәсіп етпей, өздері ұнатқан, қалап таңдаған жаман жолдарының шырмалаңына тастайды. Ахиретте тозаққа кіруі керек болған мүміндердің ішінен қалағанын күнәларының мөлшеріндей жаһаннамда азаптап, қайта жаннатқа кіргізеді. Барлық жан біткенді жаратып, бар қылып ұстап тұрған, оларды қорқыныш пен үрейден сақтап тұрған жалғыз Ол.

Кімде-кім кез келген уақытта, кез келген жерде, кез келген адамға, кез келген нәрсеге байланысты, кез келген түрде рахметін, алғысын айтса және хамд (мадақтау) етсе, бұл мақтаулар мен алғыстардың барлығы Аллаһу та’алаға ғана тән болады. Өйткені барлық нығметті (жақсылықты) жаратқан да, жіберген де Ол. Егер Ол естеріне салмаса, күш-қуат пен қолайлылық бермесе, ешкім жақсылық та, жамандық та жасай алмайды. Әрдайым Оның қалаған нәрселері болады, Оның қаламағандарын ешкім жасай алмайды. [Хадис құдсиде былай делінген: **«Адамдарды Мені тану арқылы мәртебеленулері үшін жараттым.»** Мұны естігенде “Кәпірлер дүниеде Аллаһу та’алаға сенбейді. Сондықтан мұндай хадис шәриф болмаған” деп айту дұрыс емес. Өйткені ғалымдар мен әулиелер белгілі бір дәрежеге көтерілгенде, белгілі бір жасқа келгенде Аллаһу та’аланы тани бастайды. Кәпірлер ахиретте таниды. Танымайтын ешкім қалмайды.]

Хамд (мадақтау) дегеніміз барлық ниғметтерді Аллаһу та’аланың жаратқанына және жібергеніне сену және айту деген сөз. **Шүкір** деп барлық ниғметтерді ислам үкімдеріне сай қолдануды айтады. **Ниғмет** деп жақсы, пайдалы нәрсені айтады. Ниғметтер әһли сүннет ғұламаларының кітаптарында баяндалған. **Әһли сүннет ғұламалары** дегеніміз мәшһүр төрт мазһабтың ғалымдары.

Оның сүйікті пайғамбары, адамдардың ішінде барлық тұрғыдан ең көркемі, ең үстемі болған Мұхаммед алейһиссаламға және оның көркем мінезімен, ілімімен безенген жақындарына, яғни туыстары мен сахабаларының барлығына “ридуануллаһи та’ала алейһим әжма’ин” бізден дұғалар мен сәлемдер болсын.

Мұсылмандардың үйренулері тиісті болған білімдер **“Ислам білімдері”** деп аталады. Ислам білімдері **“дін ілімдері”** және **“жаратылыстану** (дүниелік) **ілімдері”** болып екіге бөлінеді. Жаратылыстану ілімдеріне **“хикмет”** деп те айтылған. Дін реформистері жаратылыстану білімдерін **“рационалды ілім”**, ал дін білімін **“схоластика ілімі”** деп атайды. Пайғамбарымыз “саллаллаһу алейһи уә сәлләм”: **“Хикмет - мұсылманның жоғалтқан дүниесіндей. Оны қайдан тапса, алсын!”** деп бұйырған. Бұл хадис шәриф жаратылыстану ілімдерін [яғни физика, математика т.б. дүниелік ғылымдарды, озық технологияларды] үйренуді, дамуды бұйырады. Дін білімдерінің негізгілері жиырма ілім. Бұлардың сегізі **“жоғары”**, он екісі **“көмекші”** білімдер. Жоғары білімдердің бірі – **“Ахлақ ілімі”**.

[Көркем мінезді болған және заманының жаратылыстану ілімін меңгерген мұсылманға **“мәдениетті”**, яғни “зиялы, оқымысты, өркениетті” делінеді. Ғылымда ілгерілеп, өнеркәсіп ашқан, бірақ ахлақы (мінез-құлқы, пиғылы) бұзық адамға **“залым”**, яғни керітартпа, қарақшы, **диктатор** делінеді. Жаратылыстану ілімінде де, кәсіпте де артта қалған және ахлақы (мінез-құлқы, пиғылы) бұзық адамдарға **“жабайы”**, қарабайыр делінеді. “**Мәдениет”** деп қалалар құру және адамдардың тұрмыстық жағдайын көтеруді айтады. Бұл да жаратылыстану ілімімен өнерді, кәсіпкерлікті игеру және жақсы мінез-құлықты болу арқылы жүзеге асады. Қысқасы, жаратылыстану ілімімен өнердің жақсы мінез-құлықпен үндесуіне **“мәдениет”** делінеді. Мәдениетті адам өнер мен ғылымды адам-

дарға қызмет ету үшін қолданады. Ал залымдар болса, адамдарға жәбір көрсету үшін қолданады. Көріп отырғанымыздай нағыз мұсылман – озық ойлы, алдыңғы қатарлы зиялы адам. Ал дінсіз-имансыз, құдайсыздар керітартпа, қарақшы бейбақтар. Бұдан көргеніміздей мәдениет – қалалар мен ғимараттар салу, ілгерілеу деген сөз. Бұл да ғылым және өнеркәсіппен бірге жүзеге асады. Ал адамдардың рахат, жақсы өмір сүрулері ислам ахлақы арқылы іске асады.]

Әрбір мұсылманның ислам білімдерін қажетінше үйренуі парыз. Сондықтан ислам ғұламалары көптеген кітаптар жазған. Кітабымыздың бірінші бөлімі Мұхаммед Хадимидің (рахимәһуллаһу та’ала) (1762ж. қайтыс болған) **“Бәриқа”** кітабы-нан аударылған. Бұл бөлімде исламға жат болған мінез-құлықтардың және олардан сақтану мен арылудың жолдары білдіріледі. Бұл жаман мінездер – көңілдің (жүректің) аурулары болып табылады. Көңілді және рухты мәңгілік өлімге алып барады. Басқа кітаптардан алынған қосымша мағлұматтар тік жақшаның ішіне жазылған. Кітабымыздың екінші бөлімі х.979 (м.1572) жылы Эдірне қаласында қайтыс болған Әли бин Әмруллаһтың (рахимәһуллаһу та’ала) **“Ахлақи алаи”** атты кітабының негізгі бөлімінен алынып, онда мінез-құлықтың анықтамасы мен түрлері айтылған.

Бұл еңбекті оқыған оқырмандар ата-бабаларының саламатты, көркем мінезді, еңбекқор, мәдениетті, алдыңғы қатарлы ел болғандығын ұғынып, ислам дұшпандарының жалған жалаларына алданудан сақтанады.

Ахлақ кітаптарынан танымал болғандары Жалалуддин Мұхаммед Девани жазған **«Ахлақи жалали»** және Гератлы Хусейн Ваиз Кашифи жазған **«Ахлақи мухсини»** және Насируддин Мұхаммед Тусидің **«Ахлақи насири»** кітаптары.

Мұхаммед Жалалуддин Девани «рахимәһуллаһу та’ала» 829 жылы туылып 908 (м 1503) жылы Ширазда қайтыс болды. Ислам ғалымдарының ең үлкендерінен. Көп кітап жазды. «Ахлақи жалали» кітабы парсы тілінде болып, 1304 (м 1882) жылы Үндістанда сегізінші басылымы жарыққа шықты. Ағылшыншаға да аударылған.

Хусейн бин Әли Ваиз Кашифи «рахимәһумуллаһу та’ала» Хират (Герат)та уағызшы еді. Хижри 910 (м 1505) жылы сол жерде қайтыс болды.

Насируддин Тусидің есімі Мұхаммед бин Фахреддин. Хижри 597 жылында Туста яғни Мешхед қаласында туылып, 672 (м 1273) жылы Бағдатта қайтыс болды. Адасқан Шиилік ағымынан еді. Хулагудың Бағдатты қырып-жоюына, жүз мыңға жуық мұсылманды өлтіруіне себеп болғандардың бірі. Хулагудің уәзірі болды. Төрт жүз мың кітабы болған кітапхана және обсерваторияда зерттеу жұмысын жасады. Өте көп кітап жазды. Бұл жөнінде **«Улуми нафиа»** кітабының 95-ші бетінде мәлімет бар!

Ей, көңілі таза жастар! Ислам дінінің көркем мінезін үйрену мен таратуда өмірлерін сарп еткен, Аллаһу та’аланың дінін жаюда жандарын пида еткен шәһидтердің текті де құрметті ұлдары! Қадірлі ата-бабаларымыздың сендерге толық және дұрыс күйде жеткізіп, аманат етіп қалдырған мүбәрәк ислам дінін және оның білдірген көркем мінезін жақсылап үйреніңдер. Көрікті елімізге көз тіккен дін, жан, ар-намыс дұшпандарына қарсы осы қасиетті аманатты сақтап қалуға, дүние жүзіне таратып, адамдарды бақытқа қауыштыруға тырысыңдар. Естеріңде болсын, дініміз көркем мінезді болуды, бір-бірімізді жақсы көруді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, күллі адамзатқа жақсылық жасауды бұйырған. Әрбір адамның құл ақысын, жалақысын өтеңдер. Заңға, мемлекетке қарсы шықпаңдар. Салықтарыңды уақытылы төлеңдер. Аллаһу та’аланың тура жолда жүретін құлдарын әрқашан қолдайтынын ұмытпаңдар. Бір-бірімізге жәрдемдесейік, жақсы көрейік, жәрдемшіміз Аллаһу та’ала болсын!

Ислам ғұламалары былай дейді: «Аллаһу та’ала адамда үш нәрсені жаратты: ақыл, көңіл және нәпіс. Бұлардың еш қайсысы көзге көрінбейді. Бұлардың бар екенін әсерінен, істерінен және дініміздің білдіруі арқылы түсінеміз. Ақыл және нәпіс ой-санамызда, ал көңіл – кеудеміздің сол жағында орналасқан жүрегімізде. Бұлар көзге көрінетін зат емес, белгілі бір орын да алмайды. Олардың болмысы электр қуаты, электромагниттік өріс секілді. Ақыл жаратылыстану ғылымдарын тануға, түсінуге тырысады. Исламға сай болған-болмаған, жақсы және жаман нәрселерді бір-бірінен ажыратады. Жақсы мен жаманды ислам

өз ішінде бөліп қарайды. Исламды түсініп, оған мойынсұнуды қалайтын ақылға **“ақли сәлим”** (кәміл ақыл) делінеді. Ақылы кем, әрдайым қателесетін адамға **“ақымақ”**, ал ақылы жоқ адамға **“мәжнүн”** (жынды) делінеді. Сәлим ақыл ислам дінінің білдірген жақсы нәрселерін көңілге (жүрекке) білдіреді. Көңіл де бұларды жасауды қалап, мидан шығатын әрекет сіңірлері арқылы ағзаларға, дене мүшелеріне жасатады. Жақсы және жаман нәрселерді жасау қалауының жүрекке орнығуын **“ахлақ”, “мінез”** деп атайды. Нәпіс – денеге ұнамды келетін, ләззат беретін нәрселерге құмар болады. Олардың жақсы немесе жаман, пайдалы немесе зиянды екендігін ойламайды. Оның қалаулары исламның әмірлеріне сайкес келмейді. Исламның тыйым салған нәрселерін жасау нәпсіні қуаттандырады. Ол одан бетерін жасауды қалайды. Жаман, зиянды нәрселерді жақсы қылып көрсетіп, көңілді алдайды. Көңілге осыларды жасатып, зауықтарына қауышуға тырысады. Көңілдің нәпіске алданып, жаман мінезді болмауы үшін ислам дінінің білдірген үкімдеріне мойынсұнып, көңілді қуаттандыру және нәпісті әлсірету керек. Ақылды қуаттандыру үшін ислам білімдерін үйрену қажет болғанындай көңілді (жүректі) қуаттандыру және тазалау үшін ислам үкімдеріне мойынсұну қажет. Ислам дініне мойынсұну үшін ықылас керек. **“Ықылас”** (ихлас) деп істерді, ғибадаттарды Аллаһу та’аланың әмір еткені үшін жасауды, басқа дүниелік пайдаларды ойламауды айтады. Жүректе ықыластың пайда болуы, көңілдің зікір етуімен яғни Аллаһу та’аланың есімін көп айту арқылы іске асады. Зікірдің маңыздылығы “**Қиямет және ахирет**” кітабының 284-ші бетінде ұзақ түсіндірілген. Зікірдің қалай жасалатынын **“Муршиди кәмил”** деп аталатын кемел ұстаздан үйрену және ақылда, сезімде пайда болған дүниелік түсінікті көңілден шығару шарт. Көңілде дүниелік ой қалмаса, көңіл өздігінен зікір ете бастайды. Бұл ыдыстың ішіндегі су босағанда ауаның ыдысқа өздігінен кіруіне ұқсайды. Зікірдің қалай жасалатыны **“Садәти әбәдийа”** кітабының 921-ші бетінде жазылған. Көңілді (жүректі) дүниелік ойлардан қорғау көңілдің кемел мүршидтің жүрегінен **“фәйз”** (нұр) алуы арқылы іске асады. Көңілден көңілге бұл фәйз, махаббат жолымен құйылады. Мүршидтің (ұстаздың) басқа мемлекетте өмір сүруі немесе қайтыс болуы фәйздың келуіне тосқауыл болмайды. **“Мүршид”** деп

ислам білімдерін жақсы меңгерген, исламға толық мойынсұнатын, ықыласты әһли сүннет ғұламасын айтады. Исламға мойынсұну көңілге қуат берумен қатар нәпісті әлсіретеді. Сондықтан **"нәпіс"** көңілдің исламға мойынсұнуын, кемел мүршидтің сұхбатына қатысуды, оның кітаптарын оқуды қаламайды. Керісінше дінсіз, имансыз болуын қалайды. Ақылына ермей, нәпісіне еретін адамдар осы себеппен дінсіз болып қалуда. Нәпіс өлмейді. Бірақ күш-қуаты таусылғанда, көңілді алдай алмайтын болады.»

Қазіргі таңда әлемдегі мұсылмандар үш топқа бөлінген. Бірінші топ – сахабалардың жолын ұстанған шынайы мұсылмандар. Бұлар **Әһли сүннет, сүнни** және **фырқайы нәжиа**, яғни тозақ азабынан құтылған топ деп аталады. Екінші топ – сахабаларға дұшпан болғандар тобы. Бұлар **шиа** (шиит) немесе **фырқайы заллә**, яғни адасушы топ деп аталады. Үшінші топ - әрі әһли сүннетке, әрі шиаларға дұшпан болған топ. Бұлар **уаххаби** және **нәжди** деп аталады. Өйткені бұлар алғаш рет Арабстанның Нәжд қаласында пайда болған. Бұл топты **"лағнеттелген топ"** деп те атайды. Өйткені уаххабилердің мұсылмандарды мүшрик деп атайтыны "**Қиямет және ахирет"** және **"Садәти әбәдиа"** кітаптарында жазылған. Мұсылмандарға кәпір деген адамға пайғамбарымыз лағнет айтқан. Шиит тобын яһудилер, уаххаби тобын ағылшындар құрған. Ал әһли сүннет жолын түркі халықтары ұстанып, сақтап қалған.

Қай топтан болмасын нәпсісіне ерген, көңілі таза болмаған әрбір жан тозаққа кіруге лайықты болады. Сондықтан әрбір мұсылман нәпсісін тазарту үшін әрдайым **"Лә илаһә иллаллаһ"** кәлимасын айтуы және көңілін нәпсіден, шайтаннан, жаман достан және зиянды кітаптардан келетін күпірден, күнәлардан сақтау үшін әрдайым **"Әстағфируллаһ"** кәлимасын айтып жүруі қажет. Ислам дініне сай әрекет ететін адамның дұғалары сөзсіз қабыл болады. Намаз оқымайтындардың, ашық-шашық жүретін әйелдерге қарайтындардың, харам ішіп-жейтіндердің ислам дініне сай әрекет етпегендіктері аңғарылады. Олардың дұғалары қабыл болмайды.

Милади	**Хиджри шәмси**	**Хиджри қамари**
2014	**1392**	**1435**

ИСЛАМ АХЛАҚЫ

Бірінші бөлім

Кітабымыздың бірінші бөлімінде жаман мінездерден маңызды болған қырық түрі және бұлардан арылу жолдары білдірілген. Төмендегі мәліметтер Әбу Саид Мұхаммед Хадимидің “рахимаһуллаһу та’ала” **“Бәриқа”** кітабының бірінші томынан аударылған. Бұл кітап екі том болып арап тілінде жазылған. 1284 (м. 1868) жылы Стамбұлда басып шығарылған. 1411 (м. 1991) жылы «Хақиқат кітап үйі» тарапынан қайта бастырылған. Хадими хазірет 1176 (м. 1762) жылы Коньяның Хадим ауданында қайтыс болған.

Жаман мінез және олардан арылудың жолдары

Адамға дүниеде және ахиретте зиян тигізетін нәрселердің барлығы жаман мінезден келіп туындайды. Яғни зияндардың, жамандықтардың басы – жаман мінезді болуда. Харамдардан (жамандықтардан) сақтануға **“тақуа”** делінеді. Тақуалық – ғибадаттардың ең құндысы. Өйткені бір нәрсені әшекейлеу, сәндеу үшін алдымен ондағы лас нәрселерді, жамандықтарды жою қажет. Сондықтан күнәлардан тазаланбайынша исламға мойынсұнудың, ғибадат етудің пайдасы болмайды. Істегендеріне сауап берілмейді. Жамандықтардың ең жаманы – күпірлік болып табылады. Кәпірдің (Аллаһқа дұшпан болған адамның) ешбір жақсылығы ахиретте пайда бермейді. [Зұлымдықпен өлтірілген кәпір шәһид болмайды. Жаннатқа да кірмейді.] Имансыз болған адамның ешқандай жақсылығына сауап берілмейді. Барлық жақсылықтың тірегі – тақуалық. Барлық нәрседен бұрын тақуа иесі болуға тырысу керек. Барлық адамдарға тақуа иесі болуды бұйыру және насихаттау керек. Дүниеде рахатқа, тыныштыққа қауышу, тату-тәтті өмір сүру, ахиретте де шексіз азаптан құтылып, мәңгілік нығметтерге, бақыттарға қауышу тек тақуалықпен қол жеткізілетін дәулет.

Жаман мінездер көңілді (жүректі) ауру қылады. Бұл аурудың күшеюі көңілдің өлуіне (яғни күпірлікке) себеп болады. Жаман

мінездердің ең жаманы болған ширк, яғни күпірлік жүректің ең жаман уы. Иманы болмаған адамның: “Менің жүрегім таза. Сен жүрегіме қара!” деген сөздері бос әңгіме. Өлген жүрек таза болмайды.

Күпірліктің түрлері бар. Бұлардың ішіндегі ең жаманы, ең үлкені - **ширк** болып табылады. Бір жамандықтың барлық түрін білдіру үшін көбінесе бұлардың ең жаманы айтылады. Сондықтан аяттарда және хадис шәрифтерде кездесетін “ширк” сөзінен күпірліктің барлық түрі деген мағына түсініледі. **“Ниса”** сүресінің 48-ші және 116-шы аяттарында мүшриктердің кешірілмейтіндігі білдірілген. Осы аяттар кәпірлердің жаһаннам отында мәңгілік қалатындарын хабар беруде.

Ширк – Аллаһу та’алаға серік (ортақ) қосу, оған басқа бір затты теңеу деген сөз. Теңеген адамға **“мүшрик”**, теңестірілген затқа **“шерік”** (серік) делінеді. Жанды-жансыз қандай да бір затта улуһият (құдайлық) сипаттарының біреуінің бар екендігіне сену оны құдайға серік қосу болып табылады. Аллаһу та’алаға тән болған сипаттарға яғни “зати және субути сипаттар”ға **“улуһият сипаттары”** делінеді. Шексіз бар болу, жарату, барлық нәрсені білу, ауруларға шипа беру құдайлық сипаттардан болып табылады. Қандай да бір адамда, күнде, сиырда, қандай да бір жаратылыста құдайлық сипаттың бар екендігіне сеніп, оған тағзым, құрмет көрсетіп жалбарынуға – ғибадат ету, табыну делінеді. Мұндай табынылған нәрселер **“санем-пұт”** деп аталады. Осындай пұттарға, яғни осындай сипатта деп сенілген қандайда бір адамға, кәпірлердің мүсіндерімен суреттеріне және мазарларының алдында тағзым ететін сөздерді айту, тағзым жасау, оларға ғибадат ету де ширк болады. Бір адамда иләһи (құдайлық) сипаттардың болғанына сенбей, Аллаһу та’аланың сүйікті құлы екеніне немесе отанға, ұлтқа қызмет еткеніне сеніп, оның суретіне, мүсініне тағзым ету, құрмет көрсету ширк те, күпір де емес. Бірақ кез келген адамның суретіне құрмет көрсету харам болғандықтан тағзым, құрмет көрсеткен мұсылман пасық (күнәһар) болады. Бұл тірліктің харам екендігіне мән бермесе **“мүртәд”** болып, діннен шығады. Мүшрик болмаған яһуди мен христиандар да Мұхаммед алейһиссаламға сенбегендіктен кәпір саналады. Бұларға **“кітапты кәпір”** делінеді. Қазіргі таңда көптеген христиандар Иса алейһиссаламға иләһи

сипат бергендері үшін (құдай деп сенгендері үшін) мүшрик болды. Барнабас (Варнава) пен Ариус мазһабындағы христиандар кітапты кәпір болса да, қазіргі таңда олар қалмады.

Көңіл (жүрек) ауруларының ширктен кейінгі ең жаманы – бидғаттарға сену және бидғат істеу. Бидғаттардан кейін күнәлардан сақтанбау. Кіші болсын, үлкен болсын, ширктен яғни күпірден басқа күнә жасап, тәубе етпестен өлген мүмин шапағатқа қауышып немесе ешбір себепсіз, тек Аллаһу та'аланың рахымдылығымен кешірілуі мүмкін. Кіші күнәлар кешірілмесе, жаһаннамда азап тартады. Құл ақысы бар адамның күнәларының кешірілуі қиын және азаптары өте ауыр болады. Әйелінің мәһрін бермеу және адамдардың хақ дінді үйренулеріне тосқауыл болу – құл ақыларының ең үлкендері болып табылады. Хадис шәрифте: **«Сондай бір заман келеді, адамдар тапқан табыстарының халалдан, не харамнан келгенін ойламайды»** және **«Сондай бір заман келеді, ислам дінімен жүру қолына от ұстап тұрғандай қиын болады»** делінген. Сол себептен харам нәрселердің барлығынан және тахримән (харамға жақын) мәкрухтардан сақтану тақуалық болады. Парыздарды және уәжіптерді тәрк ету (орындамау) харам. Сүннет-и муәккәдәні үзірсіз (себепсіз) тәрк ету тахриман мәкрух болады делінген. Ақидада (сенімде), ахлақта (мінез-құлықта), амалда әмір етілгендерді тәрк еткен адамға қияметте азап беріледі. Азапталуға себеп болатын нәрселерді тәрк ету қажет. Мәселен: намаз оқымау және әйелдердің, қыздардың көшеге ашық-шашық шығулары үлкен күнә. Күнәні тәрк ету, мәселен бес уақыт намазды күнде оқу өте қажетті. Алайда біз бұл кітабымызда тәрк етілмеуі қажет болғандарды емес, керісінше тәрк етілуі қажет болған нәрселер жайлы баяндаймыз.

Орындалмауы қажет болған нәрселер белгілі бір дене мүше арқылы жасалады немесе барлық мүшелер арқылы жасалады. Күнә жасайтын дене мүшелердің сегізі белгілі. Бұлар: көңіл (жүрек), құлақ, көз, тіл, қол, асқазан, жыныс мүшесі, аяқ. Көңіл – адам кеудесінің сол жағындағы жүрек деп аталатын ет бөлшегіне үрленген рухани хал, сезім. Рух секілді, материя болмаған мүжәррид (саф, күрделі емес) болмыс. Күнә істейтін мүшелердің өзі емес, бұларда болатын сезімнің қуаттары. Дүниеде және ахиретте бақытқа қауышуды, рахат өмір сүруді қалаған адам

осы дене мүшелерінің күнә істеуіне тосқауыл болуы керек. Күнә істемеу көңілінде (жүрегінде) әдетке айналуы, табиғи күйге енуі қажет. Намаз оқитын, харам істемейтін сүнни мұсылманға **“мүттәқи”** (тақуа) және **“салих”** (жақсы адам) делінеді. Адам Аллаһу та’аланың разылығына, сүйіспеншілігіне қауышу арқылы Аллаһтың **“әулие”**сі болады. Көңілде (жүректе) табиғи күйде болмай, өзін қинап күнәлардан сақтану да тақуалық саналса да, әулие болу үшін күнә істемеу табиғи мінез халіне енуі тиіс. Ол үшін көңілдің жаман мінезден арылуы керек. **“Көңілдің (жүректің) тазалануы, ислам дініне мойынсұнумен ғана іске асады.»** Ислам діні үш бөлімнен тұрады: білім, амал, ықылас. Біріншісі, әмірлер мен тыйымдарды үйрену. Екіншісі, үйренгендерімен амал ету. Үшіншісі, бұларды тек Аллаһу та’аланың разылығы үшін жасау. Құран кәрім осы үшеуін бұйырып, мадақтауда. Бұл кітапта жүректі тазалау үшін тек қана тәрк етілуі қажет болған күнәлар айтылады. Бұлар **“жаман мінез-құлықтар”** деп аталады.

Жаман мінез және оның емдік шаралары

Мұсылман барлық нәрседен бұрын өз көңілін (жүрегін) тазартуы тиіс. Себебі, көңіл – дененің басшысы. Барлық дене мүшелері көңілдің (жүректің) әмірінде. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Адамның денесінде бір ет бөлшегі бар. Ол жақсы болса, бүкіл мүшелер жақсы болады. Ол жаман болса, бүкіл мүшелер бұзық болады. Ол – көңіл** (жүрек)**»** деп бұйырған. Яғни мұнда біздің жүрек деп атайтын ет бөлшегінде болатын қуатқа ишарат етілген. Көңілдің жақсы болуы – жаман мінезден тазарып, жақсы мінезбен безенуі дегенді білдіреді. Адамның сыртқы бейнесіне, пішінене “**дене”, “халқ”** делінеді. Адамның жүрегіндегі қуатқа, халге, мінезге “**құлық”** делінеді. Көңіл аурулары **“Ахлақи зәмимә”** (жаман құлықтар) деп аталады. Бұлардың емі өте қиын. Ол үшін әрбір жаман мінездің емдік шараларын жақсы білу және орынды қолдану керек. Мінез-құлық – жүректегі әдет, қалау, хәл деген сөз. Адамның сенімі, сөздері, әрекеттері, барлығы да осы қуаттан бастау алады. Адамның ерікті әрекеттері мінезінің ықпалынан туындайды.

Қиын болса да мінезді өзгертуге болады. Жаман мінездерден арылып, жақсы мінездермен безену арқылы өзін-өзі тәрбиелеу мүмкін нәрсе. Хадис шәрифте **«Мінездеріңді жақсартыңдар!»** делінген. Ислам діні мүмкін болмаған нәрселерді әмір етпейді. Тәжірибелер де осылай екенін көрсетуде. [Тәжірибе – нақты дәлелге қол жеткізуге жетелейтін үш құралдың бірі. Бұл құралдардың екіншісі, Мухбири Садықтың (сенімді хабаршы-пайғамбардың) хабар беруі. Үшіншісі, есептеп білу.] Адамдардың өз мінездерін өзгерте алу қабілеттері бірдей емес.

Мінездің қайнар көзі – адам рухындағы үш қуаттан бастау алады. Біріншісі, рухтың **"идрак"** (ойлау) қабілеті. Оған **"нутқ"** және **"ақыл"** деп айтылады. Нутқтың көрегендік қуатының орташа деңгейіне **"хикмет"** (даналық) делінеді. Хикмет – жақсыны жаманнан, дұрысты бұрыстан айыратын қуат. Бұл қуаттың мөлшерінен көп болуына **"жәрбәзә"** яғни білгіштік делінеді. Білгіш болған адам шектен шығуға, мүмкін емес нәрселерді де түсінуге ұрынады. Мүтәшабиһ (мағынасы ашық болмаған, астарлы мағыналы) аяттарға мағына береді. Тағдыр мәселесінде де сөз қозғайды. Өтірік, қулық, сиқыр сияқты зиянды нәрселермен айналысады. Ал нутқтың мөлшерінен аз болуына **"ақымақтық"** делінеді. Мұндай адам жақсы мен жаманды ажырата алмайды. Нутқтың амал қуатының орташа деңгейіне **"әділет"** делінеді. Әділдіктің азы, не көбі болмайды.

Мінездің екінші қайнар көзі **"ғадаб"** (ашу) деп аталады. Бұл хайуани рухтың қуаты. Ұнатпаған, қаламаған нәрсесіне ашуланады. Бұл қуаттың адам рухы тарапынан тәрбиеленген орташа деңгейіне **"шәжаат"** (батылдық) делінеді. Бұл қажетті, пайдалы істерге ұмтылуды білдіреді. Мұсылмандардың өздерінен екі есе көп болған кәпірлермен соғысулары, мазлұмды залымнан құтқарулары осыған мысал болады. Бұл қуаттың мөлшерінен асып кетуіне **"тахаввур"** (басқыншыл) делінеді. Ондай адамдар қызу қанды, тез ашуланғыш келеді. Бұл қуаттың мөлшерінен аз болуына **"жүбн"** (қорқақтық) делінеді. Ондайлар қажетті істі де істеуден тартынады.

Рухтағы қуаттың үшіншісіне **"шәһуат"** делінеді. Хайуани рухтың өзіне ұнайтын, жағатын нәрселерді қалауы. Осының адами

рух тарапынан тәрбиеленген орташа деңгейіне **“иффәт”** (ар-намыс) делінеді. Адам өз табиғатының мұқтаж болған нәрселерін ислам дініне және адамгершілікке сай түрде жасайды. Бұл қуаттың қажетінен көп болуына **“шарах”** (құмарлық, күнәһарлық, ұятсыздық) делінеді. Ондайлар халалдан болсын, харамнан болсын қалаған нәрселеріне қол жеткізе беруге тырысады. Басқаларға зиянды болса да, қалаған нәрсесіне жетпей қоймайды. Шәһуаттың қажетінен аз болуына **“хумуд”** (жігерсіздік) делінеді. Мұндай жағдайдағылар ауру болғандықтан, немесе жасқаншақтықтан, немесе қорқақтықтан, немесе тәкаппарлықтан мұқтаж болған нәрселеріне жетуде осалдық танытады.

Жоғарыда білдірілген орташа төрт дәреже: хикмет (даналық), әділет (әділдік), иффәт (ұяттылық) және шәжаат (ержүректік) – жақсы мінездердің негізі болып табылады. Адам егер рухтың үш қуатының ішіндегі хикметке бағынатын болса, қалған екеуіне, ғадаб пен шәһуатқа да ие болады. Осы екеуінің орта деңгейі болған иффәт және шәжаатқа қауыштыратын бақытқа жетеді. Егер ақылдың көрегендік (ойлау) қабілеті орташа дәрежедегі хикметті таба алмай, одан көп, не одан аз болса, жаман мінездер пайда бола бастайды. Шектен тыс болған алты мінез әрдайым жаман болып табылады. Орташа дәрежедегі төрт мінез де жаман ниетпен жасалған кезде жаман болады. Байлыққа, мансапқа жету үшін діндар болу, рия (көзбояушылықпен), адамдарға көрсету үшін намаз оқу немесе жиһад ету хикметті жамандыққа пайдаланғандық болады. Ләззатқа немесе мансапқа қол жеткізу үшін кейбір зауықтарды тәрк ету иффәтты жамандыққа қолдану болады.

Негізгі жақсы мінездің төртеуінің де нышандары, белгілері бар. Хикметтің жеті белгісі бар. Шәжааттың және иффәттың он бірге жуық белгілері бар.

Жаман мінезден арылудың жолы: Жаман мінездің барлығы үшін ортақ шара – оның қандай ауру екенін және оның зияны мен шығу себебін және оның терісін, оған жасалатын шараның пайдасын білу болып табылады. Кейін бұл ауруды өзінде іздеу, табу, өзіне диагноз қою керек. Бұл диагнозды әркім өзі жасайды. Немесе бір ғалымның, жол көрсетуші мүршидтің айтуымен жасалады. Мұсылман – мұсылманның айнасы. Адам өзінің кемшілігін көруі

қиын. Сондықтан сенімді досынан сұрап, өз кемшіліктерін білсе болады.

Сенімді дос – оны қауіп-қатерден, жамандықтан қорғайтын дос. Мұндай адал дос табу өте қиын. Сондықтан хазреті имам Шафии: «Адал доспен таза жауһар сирек кездесетін дүние» деген. Хазреті Омар радиаллаһу анһ та былай деген: «Досым маған айыбымды ескертті, достық сүннетінің нышаны бұл негізгі.»

Адамға дұшпандарының айтқан сөздері де өз айыбын, кемшілігін білуге көмектеседі. Өйткені дұшпан, кісінің кемшілігін іздеп, бетіне басады. Ал жақсы достар кемшілігін көрмейді. Біреу хазреті Ибраһим Әдхамға келіп айыбын, кемшілігін айтуы үшін жалынады. “Сен менің досымсың. Барлық халің, әрекеттерің маған әдемі болып көрінеді. Кемшілігіңді менен емес, басқалардан сұра” дейді. Біреудің кемшілігін көргенде оны өз бойынан іздеп, бар болса, одан құтылуға тырысу да жаман мінезден құтылудың бірден-бір жолы. **«Мұсылман – мұсылманның айнасы»** хадисінің мағынасы да осы. Яғни өзгенің айыбынан, кемшілігінен өзінің кемшілігін көру. Иса алейһиссаламнан “Мұндай көркем мінезді кімнен үйрендіңіз?” дегенде, «Адамдарға қарадым, ұнамаған мінездерді алмадым, ұнағандарын алдым» дейді. Лұқман Хакимге «Әдепті кімнен үйрендіңіз?» деп сұрағанда, «Әдепсіздерден» дейді. Сәләф-ус-салихиннің (алғашқы үш ұрпақ мұсылмандардың), сахабалардың, әулиелердің “рахметуллаһи та’ала алейһим әжмаин” өмірбаяндарын, бастарынан өткен ғибратты оқиғаларын оқу да жақсы мінезді болуға көмектеседі.

Бойында жаман мінез болған адам оған шалдығуының себебін іздеу, себебін жоюға, оның терісін істеуге тырысуы керек. Өйткені, әдетке айналған нәрседен құтылу өте қиын. Жаман нәрселерді істеу нәпіске жағымды келеді.

Жаман нәрсе жасап қойғанда артынша риязат жасау, яғни нәпіске ауыр тиетін нәрсені жасауды әдетке айналдыру да жаман мінезден құтылудың шарасы. Мәселен бір жамандық істесем садақа беремін немесе ораза тұтамын, түнде тұрып намаз оқимын деп ант ішу керек. Нәпіс мұндай қиын нәрселерді жасамау үшін бұларға себеп болатын жаман әдеттерді жасамайтын болады. Жаман мінездің зияндылықтарын оқу, есту де пайдалы. Бұларды

білдіретін хадис шәрифтер де көп. Бұлардан біршамасы мыналар:

1) «Аллаһ алдында жаман мінезден үлкен күнә жоқ.» Себебі адам оның күнә екенін білмейді. Білмегені үшін тәубе етпейді. Жасаған сайын күнәсы есейіп көбейе береді.

2) «Адамдардың еш тартынбай, қысылмай жасайтын күнәлары – жаман мінезді болу.»

3) «Әрбір күнәнің тәубесі бар. Жаман мінездің тәубесі болмайды. Адам жаман мінезіне тәубе етпей, одан да жаманын жасайды.»

4) «Ыстық су мұзды қалайерітетін болса, жақсы мінез де қателерді солай ерітеді. Сірке суы балды бұзатыны сияқты, жаман мінез де жақсылықтарды жояды.»

Жаман ниетпен болмаған хикмет, әділет, иффәт және шәжаат – жақсы мінездің қайнар көзі. Жақсы мінезді болу үшін салих (жақсы, діндар) және көркем мінезді адамдармен дос болу қажет. Адамның мінезі досының мінезі сияқты болады. Мінез – жұқпалы ауру. Сондықтан жаман мінезді адаммен дос болмау керек. Хадис шәрифте **«Адамның діні, досының діні сияқты болады»** делінген. Пайдасыз нәрселерден, ойындардан, дөрекі қалжыңдардан және дау-дамайдан аулақ болу керек. Ілім үйреніп, пайдалы нәрселермен шұғылдану керек. Мінез-құлықты бұзатын және шәһуатты оятатын ұятсыз, жаман кітаптарды оқымау керек және мұндай радио, теледидар көрсетілімдерінен сақтану қажет. Жақсы мінездің пайдалары, харамның зияндары және жаһаннамның азаптары үнемі жадымызда болуы тиіс. Байлық, мансап қуғандардың ешқайсысы мұраттарына, мақсаттарына жете алмаған. Байлық пен мансапты жақсылық жолында іздегендер, қайырлы істерде қолданғандар бақытқа, берекеге қауышқан. Байлық, мансап мақсатқа айналмауы керек, игі істер жасау жолында құрал ретінде болуы тиіс. Байлық, мансап теңізге ұқсайды. Өте көп адамдар ол теңізде тұншығып батып қалған. Аллаһу та'аладан қорқу бұл теңіздің кемесі. Хадис шәрифте **«Дүниеде қалушы емес, жолаушы сияқты өмір сүру керек! Өлетінін ешқашан ұмытпау керек!»** делінген. Адамның өмірі мәңгі емес. Дүние зауықтарына берілген сайын дерт-бәлелер, ренішпен қайғылар, қиындықтар арта береді. Төмендегі хадис шәрифтерді ұмытпау керек:

1) «Ғибадаты аз болған құл, қияметте жақсы мінезімен жоғары дәрежелерге қауышады.»

2) «Ғибадаттардың ең оңайы және өте пайдалысы, аз сөйлеу және жақсы мінезді болу.»

3) «Құлдың ғибадаттары көп болса да, жаман мінездері оны жаһаннамның түбіне түсіреді, кейде күпірге түсіреді.»

4) Біреудің күндіз ораза тұтатыны, түнімен намаз оқитыны, бірақ мінезі жаман болғандықтан тілімен көршілеріне, достарына жәбір көрсететіні туралы айтылғанда, Расулуллаһ алейһиссалам: **«Бұлай болу жақсы емес. Оның баратын жері, жаһаннамның оты»** деген.

5) «Жақсы мінезді толықтыру, орнату үшін жіберілдім.» Сәмауи (Аллаһу та'аладан келген) діндердің барлығында жақсы мінездер бар еді. Ислам діні бұлардың барлығын толықтыру үшін жіберілді. Бұл дін тұрғанда жақсы мінездерді үйрететін басқа деректердің, басқа адамдардың қажеті жоқ. Сондықтан Мұхаммед алейһиссаламнан кейін пайғамбар келмейді.

6) «Мінезі жақсы адам дүние және ахирет бақытына қауышады.» Себебі мінезі жақсы адам Аллаһу та'алаға және құлдарына болған хақтары мен міндеттерін орындайды.

7) «Жүзі және мінезі жақсы болған адамды жаһаннам оты жақпайды.»

8) «Өзінен алшақтағандарға жақындау, зұлым еткендерді кешіру, өзін махрұм еткендерге ихсан (жақсылық) **ету жақсы мінезді болу деген сөз.»** Жақсы мінезді адам өзіне ренжігендерге жақсылық жасайды. Мал-мүлкіне, абыройына, денесіне зиян бергендерді кешіреді.

9) «Ашуланған кезінде жұмсақ мәміле танытқан адамның жүрегін Аллаһу та'ала амандықпен иманға толтырады.» Ондайлар қорқыныштан, қауіп-қатерден амандықта болады. Жамандық еткендерге жақсылық жасау, жақсы мінездердің ең үстемі. Кәміл адам екендігінің белгісі. Мұндай адамдардың дұшпандары досқа айналады. Имам Ғазали "рахимәһуллаһу та'ала" былай дейді: «"**Інжіл**де" көрдім, Иса алейһиссалам, "Жамандық жасағанға жамандықпен жауап бермеңдер! Сол беттеріңді ұрған адамға оң беттеріңді тосыңдар! Шапаныңды алған адамға шалбарыңды да бер!" делінген».

Христиандардың қазіргі қолдарындағы қаншама рет өзгертілген **“Інжіл”** кітаптарында да осылай жазылғаны **“Зийа-ул-қулуб”** кітабында білдірілген. Інжілді ұстанамыз дейтіндердің Испанияда, Құдыста, Үндістанда, Босния мен Герцоговинада мұсылмандарға және яһудилерге жасаған жан түршігерлік зұлымдықтары мен инквизиция соттары арқылы бір-бірлеріне жасаған қорлықтары тарих кітаптарында орын алған. Осы жауыз, дөрекі әрекеттері олардың шын Інжілге бағынбағандықтарын көрсетеді.

Әрбір мұсылман көңілінен барлық жаман мінездерді шығарып, орнына жақсы, көркем мінездерді орнықтыруы керек. Бірнешеуін ғана шығарып, біразын ғана орналастырумен адам көркем мінезді бола алмайды. Тасауф – адамдарды осы кемелдікке жеткізетін жол болып табылады. [Адамға кемелдік бере алмаған жолға тасауф делінбейді. Әрбір ілімнің, әрбір өнердің жасандысы, бұзылғандары болатыны сияқты, діннен, исламнан және мұсылмандықтың әдемі ахлақынан хабары болмаған жалған, жасанды дүмшелер өздерін тариқатшы, шейх деп атап жүргендері көрінуде. Бұларға алданбау керек, надандардың, ахлақсыздардың кітаптарын оқымау, радиоларын тыңдамау, тұзақтарына түспеу керек.]

Жаман мінездердің алпыс түрі мәшһүр. Бұлардың қырық түрі аударылып, бөлімдерге бөлініп төменде жазылған. Бұлардан сақтанған және олардың терісін жасаған адам көркем мінезді болады.

Күпірлік

1- Жамандықтардың ең жаманы – Аллаһу та’алаға сенбеу, атеист болу. Мұхаммед алейһиссаламға сенбеу – күпіршілік және Аллаһу та’алаға дұшпандық болады. Періштелерге, адамдарға және жындарға иман келтірулері, сенулері әмір етілді. Мұхаммед алейһиссаламның Аллаһу та’аладан әкелген нәрселерінің барлығына жүрекпен сеніп, ауызбен айту – **Иман** деп аталады. Иманның орны – **«көңіл»** (жүрек) болып табылады. Көңіл - жүрек деп аталатын ет бөлшегіндегі қуат. Иманды ауызбен айтуға қандай да бір кедергі болған кезде, айтпауға болады. Мысалы: қорқытылған кезде, ауру, тілсіз болғанда немесе айтуға уақыт

таппай өлген кезде, айту қажет емес. Өзі толық түсінбей, біреуге еріп сену де, иман болады. Аллаһу та'аланың бар екенін түсінбеу, ойланбау күнә болады. Дінде білдірілгендердің біреуіне сенбеу барлығына сенбеу болып есептеледі. Әрқайсысын біліп отырмай, барлығына бірдей сендім деу де иман болады. Иманға қол жеткізу үшін, исламның «күпірдің белгілері» деп танытқан нәрселерінен сақтану керек. Ислам үкімдерінен, яғни әмір мен тыйымдарының бірін менсінбеу, Құран кәрімнің, періштелердің, пайғамбарлардың бірін "алейһимуссәлауату уәттәслимат" мазақ ету күпірліктің белгісі болып табылады. Бұл ақиқатты теріске шығарғандық, яғни естігеннен кейін сенбегендік, растамағандық болады. Күмәндану да, теріске шығару, қабылдамау болып есептеледі.

Күпір үш түрге бөлінеді: «жаһли», «жуһуди» және «һукми».

1) Күпір екені барлық адамға белгілі нәрсені естімегендіктен, ойламағандықтан істеп қойып кәпір болғандардың күпірі **«Куфри жаһли»** (сауатсыздық нәтижесінде күпірге түсу) деп аталады. Жаһл екі түрлі болады: біріншісі қарапайым. Мұндай адам өзінің жаһил (сауатсыз) екенін біледі. Бұларда бұзық ақида болмайды. Бұлар жануар сияқты. Өйткені, адамды жануардан ажыратып тұратын нәрсе – ілім мен ойлау қабілеті. Мұндай адамдар жануарлардан да төмен. Себебі жануарлар өздерінің жаратылысы жағынан алда. Өздеріне пайдалы нәрсені біліп, оған жақындайды. Зиянды нәрселерді де сезіп, олардан ұзақ болады. Ал мұндай адамдар, білмейтіндіктерін біліп тұрса да осы сауатсыздықтың жамандығынан аулақ жүруге ұмтылмайды, ілімге жақындамайды.

[Имам Раббани "рахимәһуллаһу та'ала", **«Мәктубат»** кітабының бірінші томы екі жүз елу тоғызыншы бөлімінде былай дейді: «Тауда өмір сүріп, ешбір діннен хабары болмай, пұтқа табынған мүшриктер, жаннатқа да, жаһаннамға да кірмейді. Ахиретте тірілгеннен кейін, сұраққа тартылып, зұлымдығына, күнәсына қарай махшарда азапқа тартылады. Барлық адамның ақылары берілгеннен кейін, барлық жануарлар сияқты бұлар да жоқ етіледі. Ешқандай жерде мәңгі қалмайды. Адамдардың ақылы дүние істерінің өзінде шатасып, жаңылып жатқанда, Аллаһу та'аланы ақылымен, жеке басымен таба алмағаны үшін құлдарын тозақта мәңгі жағатынын айту, бұл пақырға ауыр келуде. Кішкентай кезінде өлген кәпірдің балалары да, осылай жоқ болады.

Бір пайғамбар “алейһимуссалауату уэттэслимат” өлгеннен кейін, залымдар тарапынан діні бұзылып, ұмытылған жерде өмір сүріп, пайғамбарлардан және Ислам дінінен хабары болмаған адам да, жаннат пен жаһаннамға кіргізілмейді, осылай қайтадан жоқ етіледі.» Кәпір мемлекетте өмір сүріп, исламды естімегендердің де жағдайы осылай болады.]

Иман етілетін нәрселерді және парыздар мен харамдардың мәшһүр болғандарын қажетінше үйрену парыз болып табылады. Бұларды үйренбеу харам. Естіп тұрып, үйренуге мән бермеу күпірлік болады. Жәһилдіктің емі – оқып үйрену.

Жаһилдіктің екінші түрі – **«Жаһли мурәккәб»** (өзін білгіш деп есептейтін сауатсыздардың күпіршілігі). Қате, бұзық сенімде болу. Грек пәлсапашыларының және мұсылманның жетпіс екі бидғат ағымында иманы кеткендердің күпірі осы түрге жатады. Бұл жаһилдік, біріншісінен де жаман. Бұл емі белгісіз ауру секілді. Иса алейһиссалам: **«Саңырауды, мылқауды емдедім. Өліні тірілттім. Бірақ жаһилдіктің шипасын таба алмадым»** деген екен. Өйткені, мұндай адамдар жаһилдігін, надандығын ілім мен кемелдік деп санайды. Мұндай адамдар өзінің жаһил және рухы ауру екендігін білмейді, сондықтан да емін іздемейді. Тек Аллаһу та’аланың хидаятымен өзінің ауру екенін түсінгендері ғана бұл дерттен құтыла алады.

2) «**Күфри жуһуди»**ге, куфри инади да делінеді. Бұл қырсықтық нәтижесінде кәпір болғандардың күпіршіліктеріне берілген есім. Бір нәрсенің күпірлік екенінін біле тұра, теріске шығарып кәпір болу дегенді білдіреді. Кәпірліктің бұл түрі тәкаппарлық себебімен және байлық, мансап иесі болуды жақсы көруден немесе айыпталудан қорқу себебінен пайда болады. Перғауын мен оның жолдастарының күпірлері осы түрден еді. Ол Мұса алейһиссаламның муғжизаларын көрсе де иман етпеді. Біз өзімізге ұқсаған адамға сенбейміз деді. Өздері сияқты адам баласының пайғамбар болуын қабыл етпеді. Пайғамбар періштелерден болу керек деді. Алайда, өздері сияқты адам болған перғауынға илаһ (тәңір) деп, оған табынды. Византия императоры Геракл да тақтан, салтанатынан айрылып қаламын деген қорқынышынан иман келтірмеді. Грек императорлары Кайсер (Цезарь) деп аталған. Парсы патшалары Кисра, Хабәш (Эфиопия) билеушілері

Нәжаши және Түрік сұлтандары Хақан (Қаған немесе Хан), Қибти патшалары Перғауын, Мысыр сұлтандары Азиз, Химер сұлтандары Тубба деп аталған. Сахабалардан болған Дыхйа «радиаллаһу та’ала анһ» Расулуллаһтың «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» исламға шақырған хатын Мәдинадан Шамға, Гераклға апарды. Геракл одан бір күн бұрын Меккеден Шамға келген Құрайш кәпірлерінің сауда керуенінің басшысы Әбу Суфйанды сарайына шақырып:

«Мәдинада біреудің өзін пайғамбармын дегенін естідім. Өзі атақты адамдардан ба? Немесе, төменгі топтан ба? Одан бұрын өзін пайғамбармын дегендер болды ма? Ата-бабаларының ішінде патша, билеуші болғандар бар ма? Оған мойынсұнып жатқандар байлар ма, әлде кедей, қорғаусыз адамдар ма? Істері алға басып жатыр ма, жүрмей жатыр ма? Дініне кіріп, кейін қайта шыққандар бар ма? Сөзінде тұрмай, өтірік айтқан кезі болды ма? Соғыстарында жеңіске жетіп жатыр ма, әлде жеңілуде ме?» деп сұрақтарын қойды. Әбу Суфйан бұл сұрақтарға жауап бергеннен кейін, Геракл: «Жауаптарың оның пайғамбар екенін көрсетуде» деді. Әбу Суфйан (ол кезде әлі иман келтірмегендіктен) күпірлігінен және көре алмағандықтан, өтірік айтқан жерлері де болды. «Бір түннің ішінде Меккеден Құдыстағы Ақса мешітіне апарылғанын айтты»- деді. Гераклдың жанындағыларының бірі сөзге араласып: «Мен, сол түні Ақса мешітінде едім», деп, сол түні көргендерін айтып берді. Ертеңіне, Геракл хатты оқытты. Хатқа сенгенін, Мұхаммед алейһиссаламға иман келтіргенін Дыхйаға айтты. Бірақ, иман келтіргенімді халыққа жариялауға қорқып отырмын. Бұл хатты пәлен попқа алып бар. Ол көп нәрсе біледі. Ол да иман келтіреді деп ойлаймын деді. Поп Расулуллаһтан келген хатты оқып, дереу иман келтірді. Айналасындағылардың да иман келтірулерін сұрады. Айналасындағылар попты өлтіріп тастады. Дыхйа Гераклға келіп болған жағдайды айтты. Геракл, осылай болатынын білгендіктен иман келтіргенімді ешкімге айтпадым деді. Расулуллаһқа хат жіберіп, иман келтіргенін білдірді. Бас қаласы Хумсқа барды. Ол жерде де өз адамынан келген бір хатта, Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбарлығы және жетістіктері баяндалған еді. Көсемдерді жинап, хатты оқытып, өзінің иман келтіргенін айтты. Жиналғандардың барлығы қарсы шықты.

Халықтың иман келтірмей, теріске шығаратынын түсінген Геракл олардан кешірім сұрады. Мақсатым – дінімізге қаншалықты берік екендеріңді білу ғана еді, деді. Бұл сөзді естіген халық оған сәжде етіп, разы болғандарын білдірді. Геракл сән-салтанатын жоғалтып алмау үшін күпір жолын таңдады. Мұсылмандармен соғысу үшін Мута деген жерге әскер жіберді. Ол жерде көп мұсылман шәһид болды. Расулуллаһ саллалаһу алейһи уәсәлләм Гераклдың хатын алғаннан кейін: «**Өтірік айтады. Насрани** (христиан) **дінінен шықпады»** деді. Гераклға жіберілген Расулуллаһтың хатының көшірмесі «**Бұхари** және **Мәуахиб»** және **«Бәриқа»** кітаптарында жазылған.

3) Күпірліктің үшінші түрі – **«Күфри һукми».** Исламда «имансыздықтың белгісі», «күпірлікке себеп болады» деп білдірілген сөздерді айтып, осындай істерді жасаған адам, жүрегімен сенсе және сенгенін айтса да кәпір болады. Исламның құрметтеуді әмір еткен нәрселеріне тіл тигізу, мазақ ету және жамандау осыған жатады. Сондықтан, Аллаһу та’алаға лайық болмаған нәрсені айтқан адам кәпір болады. Мысалы, «Аллаһу та’ала Арштан немесе көктен (жоғарыдан) бізге қарап тұр» деп айту, «сен маған зұлымдық жасағаның сияқты, Аллаһу та’ала саған зұлымдық жасап жатыр» деу, «пәлен мұсылман мен үшін яһудимен тең» деп айту, өтірік сөзге «Аллаһ көріп тұр, шын айтамын, Құдай ұрсын» деп айту және періштелерді кемсітетін нәрселер айту, Құран кәрімді, тіпті оның бір әрібін кемсіту, бір әрібіне сенбеу, сазды аспапқа сүйемелдеп Құран оқу, шынайы Тәурат пен Інжілге сенбеу, оларды жамандау, Құран кәрімді қасақана арапшадан басқа әріптермен оқып “Міне осы Құран болады” деп айту күпірлік болады. Пайғамбарларды кемсітетін сөздер айту, Құран кәрімде аттары аталған жиырма бес пайғамбардың “алейһимуссалауату уәттәслимат” біреуіне сенбеу, мәшһүр (танымал, белгілі) сүннеттердің біреуін менсінбеу, көп жақсылық жасайтын адамды мақтау үшін «Пайғамбардан да жақсы» деу күпірлік болады.

Пайғамбарлар “алейһимуссалауату уәттәслимат” мұқтаж еді деп айту күпірлік болады. Өйткені олардың кедей болулары өз қалауларымен еді. Біреу өзінің пайғамбар екенін айтса, оған сенгендер де кәпір болады. «**Қабірім мен мінберімнің арасы,**

жанннат бақшаларынан бір бақша» деген хадис шәрифті естіп, мен мінбер, төсеніш және қабірден басқа ешнәрсе көрмей тұрмын деп айту күпірлік болады. Ахиретте болатын нәрселерді мазақ ету күпірлік болады. Қабірдегі және қияметтегі азаптарға (ақылға, ғылымға сай келмейді деп) сенбеу, жаннатта Аллаһу та'аланы көретініне сенбеу, «маған жаннатың керек емес, Аллаһ керек» деп айту күпірлік болады. Исламға сенбегендікті білдіретін сөздер айту, «жаратылыстану ғылымдары дін ғылымдарынан жақсы» деп айту, «намаз оқысам да, оқымасам да бәрібір» деу, «зекет бермеймін» деп айту, «пайыз алу халал болғанда ғой, зұлымдық жасау халал болғанда ғой» деп айту, харамнан тапқан мүлікті кедейге беріп, осы ісінен сауап күту, бұл мүлікті алған кедей харам екенін біле тұра берген адамға жақсы дұға жасауы, Имам Ағзам Әбу Ханифаның "рахимәһуллаһу та'ала" қиясы (салыстыру жолымен шығарған үкімдері) хақ емес деп айту күпірлік болады. **«Араф»** сүресінің елу алтыншы аятында: **"Аллаһу та'ала өз рахметі (мейірімі) болған жаңбырдан бұрын, оның хабаршысы етіп, алдымен желді жібереді. Жел ауыр бұлттарды тартады. Бұлттардан өлі болған жерге су жаудырамыз. Сол жаңбырмен жерден жемістер шығарамыз. Өлілерді де мазарларынан осылай шығарамыз»** делінді. Осы аяти кәрима қияс жасаудың хақ екенін дәлелдеп тұр. Бұл аяти кәримада ихтилаф, яғни тартысты мәселені ауызбірлікпен жасалған бір мәселеге ұқсатуды (салыстыруды) білдіруде. Себебі, Аллаһу та'аланың жаңбыр жаудыратынын және жерден өсімдік шығаратынын барлық адам білетін еді. Өлгеннен кейін тірілудің хақ екенін, жер бетінің қурап, кейін қайта көгеруіне ұқсатып дәлелдеуде.

Ислам ілімдеріне сенбеу, бұларды және дін ғұламаларын төмен көру де, куфри жуһуди болады.

Кәпір болуды қалаған адам, бұған ниет еткен сәттен бастап кәпір болады. Басқа біреудің кәпір болуын қалаған адам, күпірлікті жақсы көргендіктен қаласа, өзі кәпір болады. Жаман, залым болғаны үшін, зұлымдығының жазасын жаһаннам отында тартуын тілегендіктен қаласа, кәпір болмайды. Күпірлікке себеп болатынын біле тұра және өз қалауымен күпірлік сөздерді айтқан адам кәпір болады. Күпірлікке себеп болатынын білмей айтса да,

ғалымдардың көбінің үкімі бойынша кәпір болады. Күпірлікке себеп болмайтын сөзді айтайын деп отырып шатасып, күпірлікке себеп болатын сөзді айтып қойған адам кәпір болмайды.

Күпірге себеп болатын бір істі, біле тұра жасау күпірлік болады. Білмей жасаса да күпірлік болады деген ғалымдар көп. Белге, зуннар деп аталатын поптың белбеуін байлау және күпірлікке тән заттарды кию де осыған жатады. [«**Нубха»** кітабының 100-ші бетінде былай делінген: «Күпірліктің белгісі болған бір нәрсені жасаған, мысалы: пұтқа сәжде еткен адам кәпір болады.»] Бұларды соғыста дұшпанға қарсы, соғыстың тысында залымға қарсы, айла ретінде қолдану күпір болмайды. Саудагердің дарул харбте (мұсылман емес мемлекетте) қолдануы күпірлік болады. Бұларды әзіл үшін, адамдарды күлдіру үшін, ойын мақсатымен қолдану да күпірлікке себеп болады. Бұл күпірліктерде ақиданың (сенімнің) тура болуы пайда бермейді[1]. Кәпірлердің мейрам күндерінде, сол күнге тән нәрселерді солар сияқты қолдану немесе сондай нәрселерді кәпірге сыйлау күпірлік болады. Мұсылман болу үшін нәпістің иман келтіруі қажет емес. Нәпістен көңілге (жүрекке) келген күпірлікке себеп болатын нәрселерді ойлап, оларды сыртқа шығармау, яғни айтпау – иманның күштілігінің белгісі. Күпірге себеп болатын нәрсені қолданған адамды кәпір деп айтпау керек. Бір мұсылманның бір ісінде немесе сөзінде тоқсан тоғыз күпір ықтималы болып, бір дана иман ықтималы бар болса, бұл адамға кәпір делінбейді. Мұсылмандар туралы әрқашан жақсы ойда болу керек.

Ақылды, білімді, әдебиетші екенін көрсету үшін немесе жанындағыларды таң қалдыру, күлдіру, қуанту немесе мазақ ету үшін айтылған сөздерде куфри хукмиден қорқылады. Ашу-ызамен айтылған сөздер де осындай. Сондықтан, әр сөз бен іс-әрекеттің қайда алып баратынын ойлау керек.

Барлық істе діннің үкімдеріне мұқият болу керек. Ешбір күнәға кішкентай деп қарамау керек. Бір адам кішкентай бір күнә істесе, оған "бұл күнәңа тәубе ет" делінгенде, "тәубе ететіндей не істеп қойыппын сонша" немесе "не үшін тәубе етейін" десе күпір болады. Кішкентай кезінде некеленген қыз бала ақыл-есі жетіліп,

1 Бұл жөнінде Ибн Хажардың **"Әл-илам би-қауати'ил-ислам"** кітабының 363-ші бетінде кеңірек мәлімет бар.

балиғат жасына толғанда иман, исламды білмесе және сұрағанда айта алмаса, некесі бұзылады. Өйткені, некенің сахих болуы үшін және жалғасуы үшін қызбен жігіттің иманды болуы қажет. Кішкентай кезінде оның діні ата-анасына тәуелді болғандықтан, иманы бар еді. Балиғатқа толғаннан кейін оларға тәуелді болуы жалғаспайды. Бұл ұл балаға да қатысты. Бір мұсылманды өлтірген немесе өлтіруге бұйрық берген адамға, жақсы істедің, дұрыс жасадың деген адам кәпір болады. Өлтірілуі керек болмаған адам үшін "өлтірілуі қажет" деп айту күпірлік болады. Кінәсіз бір адамды ұрған немесе өлтірген залымға, "жақсы жасадың, өзіне де сол керек" деп айту күпірлік болады. "Аллаһ көріп тұр, сені баламнан да қатты жақсы көремін" деп өтірік айту күпірлік болады. Мансапты бір мұсылман түшкіргенде, оған **«йархамукаллаһ»** деп айтқан адамға, "үлкендерге олай айтылмайды" деу күпірлік болады. Міндет екеніне сенбей, мән бермей, жеңіл көріп намаз оқымау, ораза ұстамау, зекет бермеу күпірлік болады. Аллаһтың мейірімінен үмітін үзу күпірлік болады. Жеке өзі харам болмай, кейін бір себепке байланысты харам болған мүлікке, ақшаға **«харам ли ғайриһи»** делінеді. Ұрланған және харам жолдармен келген мүлік осыған жатады. Бұларды халал деп айту күпір болмайды. Өлексе, доңыз, шарап сияқты тікелей өздері харам болған нәрселерге **«харам ли айниһи»** делінеді. Бұларға халал деп айту күпір болады. Харам екені нақты белгілі болған харам нәрселердің бірін халал деп айту күпір болады. Азан, мешіт, фиқһ кітаптары сияқты исламның құрмет тұтатын нәрселерін төмен көру, мазақ ету күпір болады. Радиодан, микрофоннан есітілген азан шынайы азан емес, азанның ұқсасы. Бір нәрсенің ұқсасы ол нәрсенің өзі емес.

Дәретсіз екенін немесе намаз уақытының кірмегенін біле тұра намаз оқу, біле тұра қыбладан басқа жаққа қарап оқу күпірлік болады. Бір мұсылманды жамандау үшін оны кәпір деу күпір болмайды. Кәпір болуын қалап айту күпір болатыны жоғарыда айтылды. Аллаһу та'аланың әмірлері **«Фарз»** деп аталады. Тыйым салған нәрселеріне **«Харам»** делінеді. Фарздар мен харамдарға **«Ислам»** немесе **«Ахками исламийа»** (Ислам үкімдері) делінеді. Исламға сай болмаған нәрселерді істеуге – **«Күнә істеу»** делінеді.

Күнә жасау күпірлік болмайды. Күнә екеніне мән берілмесе күпірлік болады. Ғибадат етудің керек екеніне және күнәдан сақтану қажет екеніне сенбеу күпірлік болады. Жиналған салықтар сұлтанның (патшаның) мүлкі екеніне сену күпір болады. Бір әулиенің бір уақытта әр түрлі мемлекетте көрінгенін айтудың жаиз (рұқсат) екенін Садрул-ислам білдірген. Шығыстағы бір әйел мен батыстағы бір еркектің балалары болуы мүмкін екендігі фиқһ кітаптарында жазылған. Үлкен ғұлама Омар Нәсәфи «рахимәһуллаһу та’ала»: «Аллаһу та’аланың әулиесіне, әдетін, заңдылықтарын бұзып **“кәрамет”** [керемет, ғажайып құбылыс] беруі жаиз» деген. Бұл сөз хақ. Надан (діни сауатсыз) адамнан «Иман не? Ислам не?» деп сұрамау керек. Бұлардың жауаптары айтылып, осылай ма, деп сұрау керек. Некелері қиылатын жігіт пен қыздан алдымен осылай сұрап, мұсылман екендіктерін біліп алу керек. Күпірлікке себеп болатын сөздер мен әрекеттерді көрген кезде, оны істеген адамды дереу кәпір демеу керек, күпірлікті қалап, ислам үкімдеріне мән бермегені білінбейінше суизан етпеу (жаман ойламау) керек.

Иманның кетуіне себеп болатыны ғалымдардың ауызбірлігімен білдірілген нәрсені әдейі айтқан, істеген мұсылман кәпір болады. Мұндай адамға **«Мүртәд»** делінеді. Мүртәдтің мүртәд болмай тұрып жасаған ғибадаттары мен сауаптары жоқ болады. Қайтадан иман келтірсе, бай болса, қайтадан қажылық жасауы керек болады. Намаздарын, оразаларын, зекеттерін қаза етуі керек болмайды. Мүртәд болмай тұрып қазаға қалдырған ғибадаттарының қазасын өтеуі тиіс. Өйткені, мүртәд болғанда бұрынғы күнәлары жоқ болмайды. Мүртәд болған адамның некесі бұзылады. Иманға келіп, некесін жаңаламай туған балалары «уәләди зина» [зинадан туылған] болады. Сойғаны өлексе болады, желінбейді. Иманынан айрылуға себеп болған нәрсеге тәубе етпейінше, тек «Шаһадат кәлимасын» айтумен немесе намаз оқумен қайта мұсылман бола алмайды. Мүртәдтікке түсіретін нәрсені істегенін мойындамауы да тәубе болып саналады. Тәубе етпей өлсе, жаһаннам отында мәңгі азапқа тартылады. Сондықтан күпірліктен қатты қорқу керек, аз сөйлеу керек. Хадис шәрифте: **«Әрқашан қайырлы, пайдалы сөз айтыңдар. Немесе үндемеңдер!»** делінген. Салмақты болу керек, жеңілтек, ойнақы болмау керек. Дінге, шариғатқа, ақылға,

адамгершілікке сай болмаған нәрселерді істемеу керек. Күпірліктен қорғауы үшін Аллаһу та'алаға көп дұға ету керек. Хадис шәрифте: **«Ширктен сақ болыңдар. Ширк – құмырсқа аяғының даусынан да жасырын»** делінген. Бұл хадис шәрифтегі «ширк» күпір деген сөз. Мұндай жасырын нәрседен қалай сақтануға болады деп сұралғанда: **«"Аллаһүммә инна на'узубикә ән-нушрикә-бикә шәй'ән на'ләмуһу уә нәс-тағфирукә лима ла-на'ләмуһу" дұғасын оқыңдар!»** деген. Бұл дұғаны таңертең және кешке көп оқу керек. Кәпірлердің жаһаннам отында мәңгі азапқа тартылатынын, жаннатқа ешқашан кірмейтінін ғалымдар ауызбірлігімен айтқан. Кәпір дүниеде мәңгі өмір сүрсе де мәңгі кәпір болу ниетінде болатындықтан, жазасы да мәңгі азап болады. Аллаһу та'ала барлық нәрсенің жаратушысы, қожайыны. Өз мүлкіне қалағанын жасауға хақылы. Оған, не үшін бұлай жасадың деуге ешкімнің хақы жоқ. Бір заттың иесінің, ол затқа қалаған нәрсесін жасауына зұлымдық делінбейді. Аллаһу та'ала, Құран кәрімде, залым еместігін, ешбір махлұғына (жаратқанына) зұлымдық жасамайтынын білдіреді.

[Аллаһу та'аланың **«Әсма-и хусна»**-сы (көркем есімдері) бар. Оның бұл есімдері де Өзі сияқты әзәли (шексіз ежелден бар) болып табылады. Барлық нәрсенің жоқтан бар болғанын, барлық жаратылыстың жоқ болатынын көрудеміз. Бұл шексіз бұрыннан осылай келе жатқан бола алмайды. Барлық нәрсені жоқтан бар еткен және өзі мүлдем жоқ болмайтын бір құдірет иесі жаратқан. Бұл жаратушы Өзінің бар екенін білдіру үшін, жер бетіне пайғамбарлар және кітаптар жіберген. Пайғамбарлар мен кітаптар бүкіл әлемге белгілі. Есімдері әлемнің барлық жеріндегі кітапханаларда жазулы. Бар екендігі анық нәрсе теріске шығарыла алмайды. Аллаһу та'аланың бар екеніне сенбеу, нақты бар нәрсені теріске шығару болып табылады. Аллаһу та'аланың бар және бір екеніне сенбеу, күнделікті оқиғаларды кітапта оқып сенбеуге ұқсайды. Бұл ақылы бар адамның ісі емес. Тоқсан тоғыз есімінің арасында **«Мүнтәқим»** және **«Шәдид-ул иқаб»** сияқты есіміне байланысты жеті жаһаннамды жаратты. **«Рахман»** және **«Рахим»** және **«Ғаффар»** және **«Латиф»** және **«Рауф»** сияқты есімдеріне байланысты сегіз жаннатты жаратты. Жаһаннам мен

жаннатқа кіруге себеп болатын нәрселерді әзелде [ежелде, басы жоқ ертеде] ажыратып, бөліп қойды. Өте мейірімді болғандықтан бұл себептерді құлдарына хабар берді. «Жаһаннамға кіруге себеп болатын нәрселерді жасамаңдар! Оның оты өте қатты. Шыдай алмайсыңдар!» деп, құлдарын қайта-қайта ескертті. Мәңгі болған жаннат нығметтеріне қауыштыратын нәрселерді жасап, [Ислам үкімдеріне мойынсұнып] дүние мен ахиретте рахат және бақытты өмір сүруге шақырды. Бұл дағуатты ұнатып, қалап, таңдаулары үшін адамдарға ақыл мен қалау, таңдау нығметтерін де берді. Аллаһу та'ала ешбір адамның жаһаннамға кіруін, тозаққа апаратын нәрселерді жасауын әзелде әмір етпеді, қаламады. Бірақ дүниеде кімдердің жаннат жолын, кімдердің жаһаннам жолын таңдайтынын әзелден білетін еді. «**Қаза»** мен **«Тағдыр»** етуі, яғни ілімі де әзәли болып табылады. Әбу Ләһәбтың жаһаннамға баратынын хабар беруі, оның жаһаннамға баруын әзелден қалағандықтан емес, жаһаннам жолын таңдайтынын білгендіктен еді.

Иманға келу өте оңай. Жаратылыстардағы есепті жүйеге, тәртіпке, заңдылықтарға қарау және олардағы нәзіктікті жан-жақты ойлау әрбір адамға уәжіп. Атомнан бастап аспандағы күнге дейінгі барлық жаратылыстардағы таңғажайып тәртіп және олардың бір-бірімен байланысы, бұлардың өздігінен кездейсоқ пайда болмағанын, ілімді, хикметті және шексіз қуат иесі болған бір жаратушы тарапынан жаратылғанын анық көрсетуде. Ақылды болған әрбір адам, мектепте және университетте астрономия, жаратылыстану, биология және медицина білімдерін үйренгенде, бұл жаратылыстардың белгілі бір жаратушысы бар екенін және Ол жаратушының әр қандай кемшіліктен ұзақ екенін және Мұхаммед алейһиссаламның Оның пайғамбары екенін және пайғамбардың білдіргендерінің барлығының жаратушыдан келгенін тез түсінеді. Бұл жаратушыға бірден сенеді. Кәпірлердің, яғни кәпір болып өлгендердің мәңгі жаһаннамда қалатынын, мұсылмандардың жаннат нығметтері ішінде мәңгі өмір сүретінін білгеннен кейін қуана-қуана мұсылман болады. Әрзурумдық Ибраһим Хаққы хазрет 1195 (м. 1781 де) Сиридте қайтыс болған. **«Марифатнама»** кітабының 9-шы бөлімінде, былай дейді: «Жаратылыстану және астрономия білімдері және техникалық машиналар, фабрикалар

ақылмен, тәжірибемен пайда болғандықтан уақыт өткен сайын жаңалары табылып, көптеген ескі мәліметтердің қате екендігі анықталған. Ескі және жаңа, қате және дұрыс барлық жаратылыстану білімдері бұл әлемнің жоқтан бар етілгенін, шексіз ілім мен құдірет иесі болған бір жаратушының бар екеніне сену керектігін көрсетуде.» Мұхаммед алейһиссаламның көркем ахлақы мен мұғжизаларын оқыған адам да Оның пайғамбар екенін түсінеді. Бірінші том, 16-шы хатта кеңірек мәлімет бар.]

Күніне бір рет намаз оқу оңай. Күніне бес рет намаз оқу қиын және көп адамдарға ауыр келеді. Мейірімі шексіз болған Аллаһтың оңай нәрсені әмір етпей, қиын нәрсені әмір етуі ақылға сай ма? [Мұсылмандықты қабылдаған бір ағылшын әйелдің осы сұраққа берген өте ғибратты жауабы **«Баршаға қажетті Иман»** атты кітабымыздың 210-шы бетінің соңғы жағында жазылған.]

Жаһаләт

2- Көңіл ауруларының екіншісі – «жаһаләт» (надандық, сауатсыздық) болып табылады. Надандықтың түрлері мен зияндары күпірлік бөлімінің бас жағында жазылған.

Байлық, мансап құмарлық

3- Көңіл ауруларының, яғни жаман мінездердің үшіншісі – байлық пен мансап (атақ) құмарлық. Төмендегі хадис шәрифтер **«Хуббуриясат»** деп аталатын бұл аурудың диагнозын қою және емдеу жолдарын көрсетуде:

1) **«Байлық пен атақ құмарлықтың зияны екі аш қасқырдың бір қора малдың арасына кірген кездегі беретін зиянынан да көп.»**

2) **«Адамға зиян ретінде, дін және дүние істерінде саусақпен көрсетілуі жеткілікті.»** Яғни, адамның дін және дүние істерінде атақты болуы, дініне де, дүниесіне де өте зиян береді.

3) **«Мақтағанды жақсы көру адамды соқыр етеді және саңырау қылады. Енді ол өзінің кінәларын, кемшіліктерін көрмейтін болады. Дұрыс сөздерді, айтылған насихаттарды естімейтін болады.»**

Мансапты және атақты болуды қалауы адамдарда үш нәрседен пайда болады: Бірінші себеп: нәпістің қалауларына қауышу. Нәпіс, қалауларына харам жолдармен қол жеткізгісі келеді. Екіншісі: өзінің және өзгелердің құқықтарын залымдардан құтқару және мүстаһаб болған мысалы, садақа беру үшін және сауапты іс, жақсылық жасау үшін немесе мубах болған істерді жасау үшін, мәселен жақсы тамақ жеу, жақсы киіну, жақсы үйлерде тұру және бала-шағалы болып рахат және бақытты өмір сүру үшін немесе ғибадаттарына кедергі болатын нәрселерден құтылу үшін және ислам дініне және мұсылмандарға қызмет ету үшін мансапты болуды қалауға болады. Осындай ниетпен мансапқа қауышу жолында рия және хақты нахақпен араластыру сияқты исламның тыйым салған нәрселерін жасамайтын болса, уәжіптер мен сүннеттерді тәрк етпейтін болса, мұндай адамның мансап иесі болуы жаиз, тіпті мүстаһаб болады. Өйткені, жаиз және қажет болған нәрселерге жеткізетін себептерді, құралдарды жасау да жаиз және қажет болады. Аллаһу та'ала Құран кәрімде жақсы адамдардың қандай болатынын білдіре отырып, олардың «Мұсылмандарға имам [басшы] болғысы келетіндіктерін» де білдірген. Сүлеймен алейһиссалам: «Йа Раббым! Менен кейін ешкімге нәсіп етпейтін бір мүлікті [билікті] маған ихсан ет!» деп патша және билеуші болуды қалаған. Бұрынғы діндерден білдірілген және тыйым салынбаған хабарлар біздің дінімізде де өтеді. Хадис шәрифте: **«Хақ және әділдікпен бір күн басшы болуды, бір жыл үздіксіз** [Аллаһ жолында] **соғысудан артық жақсы көремін»** делінген. Бір хадис шәрифте: **«Бір сағат әділдікпен басқару, алпыс жыл нәпіл ғибадат жасаудан қайырлы»** делінді. Рия [мақтану, өзін көрсету] арқылы және хақты өтірікпен араластырып, мансап иесі болу жаиз емес. Бұлай істеу жақсы ниетпен болса да жаиз болмайды. Өйткені, харамдар мен мәкрухтарды жақсы ниетпен істеу жаиз емес. Тіпті, кейбір харамдардың жақсы ниетпен жасалуының күнәсі көбірек болады. Ниеттің жақсы болуы жақсылық жасауда, ғибадаттарда пайдалы болады. Мубах, тіпті парыз болған бір амал, ниетке байланысты күнәға айналып кетуі мүмкін. Күнә істеп жүрген адамның: «Сен жүрегіме қара! Жүрегім таза. Аллаһ жүрекке қарайды» деген сөзінің қате, тіпті зиянды екендігі осы жерден де байқалады.

Мансап иесі болуды қалау себептерінің үшіншісі – нәпісті қуанту. Нәпіс мал-мүліктен ләззат алатыны сияқты мансаптан да ләззат алады. Нәпісті оның ләззат алатын нәрсесіне дінге қайшы нәрсе араластырмай жеткізу харам болмаса да, бұл адамның бойында тақуалықтың аз екендігін көрсетеді. Осы жолмен мансапқа қол жеткізгеннен кейін адамдардың көңілін табу үшін, рия мен жағымпаздық жасаудан қорқылады. Тіпті, мұнафықтық, дұрысты бұрыспен араластыру және құлық пен өтірік сияқты қауіпті жағдайларға да түсуі мүмкін. Халал мен харам араласқан нәрсені жасамау керек. Мансапқа ие болудың осы үшінші себебі харам болмаса да, жақсы болмағаны үшін, емін біліп, қолдану керек. Алдымен мансаптың өткінші екенін және зияндарын, қаупін ойлау керек. Атақтан және құрметке ие болып тәкаппар болудан құтылу үшін, исламда мубах, жаиз болып, халықтың қаламайтын нәрселерін істеу керек. Бір заманда бір патша діндар кісінің үйіне қонаққа барыпты. Діндар кісі патшаның және жанындағылардың өзіне деген құрметін және өзіне жақын болғысы келетінін білгенде, арнайы ас әзірлепті. Сөйтіп, әзірлеген асын өзі ашкөздікпен, үлкен-үлкен тіліммен жей бастайды. Бұл жағдайды көрген патша діндарды жақтырмай ол жерден кетіп қалады. Патша кеткеннен кейін діндар: «Әлхамдулиллаһ! Раббым мені құтқарды»- дейді. Мансапты болу қалауын кетіретін ең күшті ем – адамдардан ұзақ болу. Дін және дүниелік үшін қажетті істерден өзге нәрседе адамдар арасына араласпау керек. Хадис шәрифте осы емді қолдануға кеңес берілуде.

Айыпталудан қорқу

4- Көңіл ауруларының төртіншісі – адамдардың жамандауына, өсектеуіне, айыптауына, кінәлауына ренжу. Куфри жуһудиеге себеп болатын нәрселердің үшіншісі – адамдардан ұялу және өзгелердің жамандауынан, айыптауларынан қорқу. Әбу Талибтың кәпір болуының себебі осы. Әбу Талиб хазреті Әлидің “радиаллаһу та’ала анһ” әкесі, Расулуллаһ алейһиссаламның немере ағасы. Ол Расулуллаһтың пайғамбар екенін білетін еді. Адамдардың жамандайтынынан қорқып, айыптайтындарын ойлап

иман келтірмеді. Әбу Талиб өлім төсегінде жатқанда Расулуллаһ алейһиссалам оның жанына келіп: «**Ей көкем! Саған шапағат ете алуым үшін, лә илаһә иллаллаһ деп айт!**»- деді. Әбу Талиб: «Ей бауырымның ұлы, айтқандарыңның дұрыс екенін білемін. Бірақ, адамдардың артымнан “Өлімнен қорқып иманға келді” деп айтуларын қаламаймын»- деді. Бәйдауи тәфсирінде Қасас сүресінің: **«Сүйгендеріңді хидаятқа** (иман бақытына) **қауыштыру сенің қолыңда емес»** мағынасындағы 56-шы аяты кәримасының осы кезде түскені білдірілген.

Басқа бір риуаят бойынша Құрайш кәпірлерінің үлкендері Әбу Талибтың қасына келіп: «Сен біздің әміршімізсің, айтқандарың біз үшін заң. Бірақ, сенен кейін Мұхаммедпен “алейһиссалату уәсәлләм” арамыздағы дұшпандықтың жалғасатынынан уайымдаудамыз. Оған, біздің дінімізді жамандамасын деп айт!»- дейді. Әбу Талиб Расулуллаһты алейһиссалам қасына шақырып, естігендерін айтады. Расулуллаһтың олармен келісімге келмейтінін түсінгеннен кейін, мұсылман екенін аңғартатын кейбір нәрселер айтады. Расулуллаһ бұл сөздерді естіп, ағасынан иман келтіруін сұрайды. Оған Әбу Талиб: «Адамдардың маған тіл тигізетіндерінен қорқпағанымда иман келтіріп, сені қуантар едім»- дейді. Өліп бара жатып бір нәрселер айтады. Не айтқанын есту үшін Абдуллаһ ибн Аббас «радиаллаһу анһума» оның қасына жақындайды. «Иман келтіргенін білдіруде»- дейді.

Әбу Талибтың иман келтіргені күмәнді. Әһли сүннет ғұламаларының айтуы бойынша иман келтірмеді. Имам Ағзам Әбу Ханифа «рахимәһуллаһу-та’ала» Әбу Талибтың кәпір болып өлгенін айтқан. Хазреті Әли «радиаллаһу анһ» Расулуллаһ алейһиссаламға келіп: «Имансыздықты таңдаған көкеңіз өлді» дегенінде: **«Жу, кебінге орап, көм! Аллаһ қайтармағанша кешірілуі үшін оған дұға етеміз»**- деді. Бірнеше күн үйінен шықпай дұға етті.

Бұл жағдайды естіген сахабалардың біразы кәпір болып өлген өз туыстарына дұға ете бастады. Осыған орай «Тәубә» сүресінің: **«Пайғамбар мен иман келтіргендер өз туыстары болса да мүшриктер үшін дұға етпеуі керек»** деген мағынадағы жүз он төртінші аяты кәримасы түсті. Бір хадис шәрифте: **«Қиямет**

күні кәпірлерден азабы ең жеңіл Әбу Талибтікі болады. Аяқтарында оттан аяқ-киім болады, мұның ыстықтығынан миы қайнайды» делінген.

Адамдардың жамандауынан және айыптауынан қорықпаудың шарасы ретінде былай ойлау керек: Егер адамдардың жамандап айтқандары дұрыс болса, кінәларымды маған білдірген болады. Енді олай жасамауға бел байладым деп, мұндай жамандауларға қуану керек. Оларға рахмет айту керек. Хасан Басриге “рахимәһуллаһу та’ала” біреудің оны ғайбат еткені айтылды. Хазреті Хасан Басри өзін ғайбаттаған адамға бір табақ халуа жіберіп: «Сауаптарыңды маған сыйлағаныңды естідім. Марапаты ретінде мына тәттілерді жібердім»- деді.

Имам Ағзам Әбу Ханифа хазреттеріне де біреудің оны ғайбат еткені білдірілді. Ғайбат еткен адамға бір қалта алтын жіберіп: «Бізге берген сауаптарын арттырса, біз де сияпатын арттырамыз»- деді. Ал егер адамдардың жамандау үшін айтқандары өтірік, жала болса, онда зияны айтқан адамға болады. Оның сауаптары маған беріледі. Менің күнәларым оған жүктеледі деп ойлау керек. Жала жабу, нәмимә жасау ғайбат етуден де жаман болып табылады. Нәмимә ету – мұсылмандар арасында сөз тасу деген сөз. [**«Мәктубати Масумийа»** кітабының екінші том, 123-ші хатын оқыңыз]

Мақтау сүйерлік

5- Көңіл ауруларының бесіншісі - **«Мәдһ»** және **«Сәна»** етілуді, яғни мақталуды, дәріптелуді жақсы көру. Мұның себебі – адамның өзін ұнатуы, өзін асыра бағалап, жоғары санап, өзін жақсы деп білуі. Мақталу мұндай адамға жағымды болады. Мақтаусүйерліктен құтылу үшін мақтау естудің үстемдік, жақсылық еместігін, үстемдік немесе жақсылық болса да өткінші екенін ойлау керек. Кібір (тәкаппарлық) бөлімінде бұл тақырып жөнінде кеңірек мағлұмат беріледі.

Бидғат ақида

6- **«Бидғат ақида»** – иман ету, сену қажет болған нәрселерді бұрмалап, қате, бұзық сенуді айтады. Иман және ақиданың бұзық және бұрмаланған болуы. Мұсылмандардың басым бөлігі осы жаман ауруға шалдыққан. Сезім мүшерлерімен түсінілмейтін, есебіне жетіп бара алмайтын нәрселерде ақылды қолдану және ақылдың қателескен нәрсесіне сену адамды осы ауруға шалдықтырады. Әр мұсылман **«ақидада мазһаб»**-тың екі имамының біріне, яғни **«Матуриди»** немесе **«Әшари»** мазһабының біріне мойынсұнуы тиіс. Осы имамдардың біріне еру, адамды бұл аурудан құтқарады. Себебі **«Әһли сүннет»** ғұламалары “рахимәһумуллаһу та’ала” ақылдың күші жетпейтін ілімдерде тек Құран кәрімге және хадис шәрифтерге мойынсұнған, ақылдарын тек осы екеуінің мағыналарын іздеп табуда және түсінуде ғана қолданған. Әһли сүннет ғалымдары бұл мағыналарды сахабалардан тыңдап үйренген және осы үйренгендерін кітаптарына жазған, ал сахабалар болса, Расулуллаһтан естіп үйренген.

[Құран кәрімде және хадис шәрифтерде ашық білдірілген бір нәрсеге сенбеген немесе күмәнданған адам **«кәпір»** [Аллаһтың дұшпаны] болады. Ашық білдірілмеген, күмәнді, астарлы түрде келген әмірлерге қате мағына беру **«бидғат»** болады. Құраннан, хадистен қате мағына шығарған адамға **«әһли бидғат»** (бидғатшы) делінеді. Өзінің түсінгендерін, өз пікірін Құран, хадис деген адамға **«зындық»** делінеді. Осы қате түсінген мағыналарына сенген адам бидғатшы болады. Мұндай нәрсе жоқ, ақылға сыймайды десе кәпір болады. Харам болған бір нәрсені мубах деген адам, бұл сөзін бір аят немесе хадис шәрифке сүйеніп айтса, кәпір болмайды, бидғатшы болады. «Әбу Бәкір мен Омардың халифа болулары әділетсіз болды» деп айту бидғат болады. «Халифалыққа құқықтары жоқ еді» деп айту күпірлік болады. Мұхаммед Шихристани “рахимәһуллаһу та’ала” **«Миләл уә Нихал»** атты кітабында былай дейді: «Ханафи мазһабының ғұламалары сенімде Әбу Мансур Матуриди “рахимәһуллаһу та’ала” хазреттеріне мойынсұнған. Өйткені Әбу Мансур хазреттері усул мен фуруъда Имам Ағзам Әбу Ханифаның мазһабында еді. **«Усул»** – ақида,

сенім деген сөз. **«Фуруъ»** – ислам үкімдері деген сөз. Малики, Шафии және Ханбали мазһабтарының ғұламалары ақидада Әбул-Хасан Әшари “рахимәһуллаһу та’ала” хазреттеріне мойынсұнған. Әбул Хасан Әшари хазреттері Шафии мазһабын ұстанған». Шафии ғұламаларынан Әбул Хасан Әли Субкидің ұлы Абдулуаххаб Тажуддин Субки “рахимәһуллаһу та’ала” былай дейді: «Ханафи ғұламаларының кітаптарын оқыдым. Он үш мәселеде Шафии ақидасынан бөлінгенін көрдім. Бірақ бұл бөлінулері оларды тура жолдан шығармайды. Негізде айырмашылық жоқ. Екеуі де хақ, тура жолда». Мұхаммед Хадими “рахимәһуллаһу та’ала” **«Бәриқа»** кітабының үш жүз он жетінші бетінде Матуриди мен Әшари мазһабтары арасындағы ең кішкентай айырмашылықтарды да қосып, барлығының жетпіс үш екенін білдірген. Бидғатшылардың сөзсіз жаһаннамға баратындары **«Хадиқа»** және **«Бәриқа»** кітаптарында ұзақ жазылған.]

Нәпіске еру

7- Көңіл ауруларының, яғни жаман мінездердің жетіншісі - **«нәпістің қалауына»**, шәһуаттарына, талаптарына, ләззаттарына бағыну. Бұның жаман екені аяти кәрималарда ашық білдірілген. Нәпістің қалауларының адамды Аллаһ жолынан адастыратындығы Құран кәрімде айтылған. Өйткені, нәпіс әрқашан Аллаһу та’аланы мойындамай, Оған қасарысып, қарсы шыққысы келеді. Әр істе нәпістің талаптарын орындау – нәпіске табыну болады. Нәпсіне ерген адам, күпірлікке немесе бидғатшы болуға немесе күнәға бет бұрады, яғни харам істей бастайды. Әбу Бәкір Тамистани “рахимәһуллаһу та’ала” былай дейді: «Нәпіске еруден құтылу – дүниедегі нығметтердің ең үлкені. Өйткені, нәпіс Аллаһу та’ала мен құл арасындағы перделердің ең үлкені.» Сәһл бин Абдуллаһ Тустәри [283 х. Басра] былай дейді: «Ғибадаттардың ең құндысы – нәпіске ермеу.» Ислам бин Юсуф Бәлһи Хатәм-ул-Әсамға [237 х] бір нәрсе сыйлады. Хатәм ол сыйлықты қабыл еткенінде одан бұны қабыл ету нәпістің қалауын орындау болмай ма деп сұралды. Хатәм “бұл сыйлықты қабыл етумен өзімді төмен, оны жоғары санадым. Сыйлықты алмай қайтарғанымда өзімді жоғары, оны

төмен санаған болар едім. Нәпсіме ол ұнар еді”, деді. Расулуллаһ “саллаллаһу алейһи уәсәлләм” ұзын бір хадис шәрифтің соңында былай дейді: **«Адамды пәлекетке ұшырататын нәрселер үшеу: Сараңдық, нәпіске еру, өзін жақсы көру.»** Имам Ғазали “рахимәһуллаһу та’ала” былай дейді: Аллаһу та’аланың адамға көмектесуіне тосқауыл болатын перделердің ең жаманы **– «Ужб»** болып табылады. Ужб – өзінің кемшіліктерін көрмей, ғибадаттарын ұнату деген сөз. Иса алейһиссалам былай дейді: «Ей, хауарилер! Жел көп жарықты сөндірген. Ужб та көп ғибадаттарды сөндіріп, сауаптарын жойған.»

Хадис шәрифте: «**Үмметімнің екі жаман мінезге ұшырауларынан қатты қорқамын. Бұлар – нәпіске еру және өлімді ұмытып, дүниенің соңынан жүгіру»** делінді. Нәпсіге еру Исламға мойынсұнуға кедергі болады. Өлімді ұмыту нәпсіге еруге себепші болады.

Хадис шәрифте: **«Ақылдылықтың белгісі – нәпісті жеңіп оған ие болу және өлгеннен кейін қажет болатын нәрселерді дайындау. Ақымақтықтың белгісі, нәпіске еріп, Аллаһу та’аладан кешірім, мейірімділік күту»** делінген. Нәпіске еріп, тәубе және истиғфар етпей, кешірім мен жаннат күту ақымақтық болады. Себебін, шарттарын орындамай бір нәрсе күту **«тәмәнни»** деп аталады. Себебін орындағаннан кейін нәтиже күтуге **«рәжа»** делінеді. Тәмәнни адамды жалқаулыққа алып барады. Рәжа болса жұмыс істеп, еңбектенуге себепші болады. Нәпістің жақсы көріп, қалаған нәрселері **«хәуа»** деп аталады. Нәпіс жаратылысында жамандық пен зиянды нәрселерді жақсы көріп қалаушы етіп жаратылған.

«Әркез нәпсіңнен сақтан,
Сенбе оған ешқашан,
Жетпіс шайтаннан асқан,
Өте қауіпті дұшпан» - деген шумақтар орынды айтылған.

Нәпістің адамды харам мен мәкрухтарға итермелеуінің зияндары анық белгілі. Оның қалаулары – хайуани қалаулар. Хайуани қалаулар – тек дүниелік қажеттіліктер. Адам бұл қажеттіліктердің соңынан неғұрлым көп куса, ахиреттік қажеттіліктерін орындауда соғұрлым артта қалады. Өте маңызды болған тағы бір жәйт: нәпіс мубахтарға

мүлдем тоймайды. Мубахтарды жасаған сайын қалаулары артады. Сонда да тоймайды. Адамды харамдарға итермелейді. Бұдан бөлек мубахтарды көп қолдану қиыншылықтарға, қайғыға, дертке, ауруларға себеп болады. Мұндай адам әрқашан қарын тойдыруды, көңіл көтеруді ойлайды. Сараң және масқара болады.

[Имам Раббани "рахимәһуллаһу та'ала" былай дейді: «Барлық болмыстың негізі адем, яғни жоқтық. Барлық нәрсе жоқ кезде Аллаһу та'ала оларды жоқ кезінде білетін еді. Іліміндегі бұл адемдерге (жоқтыққа) Өз сипаттарының сәулесін шашты. Осылайша жаратылыстың негізі пайда болды. Ілімдегі бұл негізді сыртқа шығарды. Болмыс пайда болды. Бұл – алма дәнінің алма ағашының негізі болуына ұқсайды. Адамның жаратылысын түсіну үшін, бір нәрсенің айнадағы кескінін (көрінісін) ойлайық. Айнадағы бұл көрініс сол нәрседен келген сәулелердің, айнадағы шағылысы. Айна адем (жоқтық) сияқты. Адамның жүрегі және рухы осы сәулелерге ұқсайды. Айна адамның денесіне, ал шынының жылтырақтығы нәпіске ұқсайды. Яғни, нәпістің негізі, түбірі – адем (жоқтық). Оның жүрекпен, рухпен байланысы жоқ.» Нәпсіне ерген адам, әрқашан исламның сыртында болады. Жануарларда ақыл мен нәпіс болмағандықтан олар қажеттіліктерін тапқан кезде қолданады. Денелеріне зиян беретін нәрселерден қашады. Ислам діні рахаттық пен тыныштықта өмір сүру үшін қажетті болған нәрселерден және дүние ләззаттарынан пайдалы болғандарына тыйым салмайды. Бұларға қол жеткізуде және қолдануда ақыл мен дінге мойынсұнуды әмір етеді. Нәпіске мойынсұнуға тыйым салады. Ақыл жаратылмағанда адам ылғи нәпсінің артынан еріп, пәлекеттерге ұрынар еді. Ал нәпіс болмағанда адам өмір сүруінде, көбейуінде және мәдени өмір сүру үшін керекті нәрселерге қол жеткізуде артта қалып, нәпіспен жиһад ету (күресу) сауабынан махрұм қалатын еді. Періштелерден үстем болу жолы жабық қалар еді. Хадис шәрифте былай делінді: **«Ахиретте болатындардан сендердің білгендеріңдей жануарлар да білгенде жеу үшін ет таба алмас едіңдер.»** Яғни жануарлар ахиретте болатын жағдайлардың қорқынышынан жеп-ішуден тыйылар еді. Құр сүйек болып қалатын еді. Адамдарда нәпіс болмағанда жануарлар сияқты қорқыныштан ішіп-жей алмай, өмір сүре алмайтын еді. Адамдардың өмір сүре алулары нәпістерінің ғафлеті және дүние

ләззаттарына құмар болуының арқасында іске асады. Нәпіс, екі жүзі де өткір пышақ сияқты. Сонымен қатар улы дәрі сияқты. Дәрігердің кеңесімен қолданған адам мұның пайдасын көреді. Мөлшерінен көп қолданған адам құриды. Ислам нәпістің құруын, жоқ болуын емес, тәрбиеленуін, одан пайдалануды әмір етеді.]

Нәпістің исламның сыртына шығып кетуіне тосқауыл болу үшін екі түрлі жиһад бар. Біріншісі: оған мойынсұнбау, оның қалауларын орындамау. Бұл «**Риязат тарту**» (шілдеге отыру) деп аталады. Риязат уәра және тақуалық арқылы жүзеге асады. **Тақуалық** – харамдардан тыйылу деген сөз. **Уәра** – харамдардан және мубахтардың қажеттіліктен артығынан тыйылу деген сөз. Жиһадтың екіншісі: нәпістің қаламаған нәрсесін орындау арқылы іске асады. Бұл **мужаһада** деп аталады. Ғибадаттардың барлығы мужаһадаға жатады. Осы екі жиһад нәпісті тәрбиелейді. Адамды жетілдіреді. Рухқа қуат береді. Сыддықтардың, шәһидтердің және салихтардың жолына қауыштырады. Аллаһу та'ала құлдарының мойынсұнуларына, ғибадаттарына мұқтаж емес. Құлдарының күнә істеуі Оған ешқандай зиян тигізбейді. Құлдарының нәпістерін тәрбиелеулері және нәпістерімен жиһад етулері үшін осыларды әмір еткен.

Адамдарда нәпіс болмағанда, адамдық қасиеттер болмай, періштелік қасиеттер пайда болар еді. Алайда дене көптеген нәрселерге мұқтаж. Жеу, ішу, ұйықтау, демалу т.б. Шабандозға ат керек болғандай, адамға да дене керек. Атқа жем-су беріп қарап тұру керек болғанындай денеге де көңіл бөліп, қызмет ету керек. Өйткені ғибадаттар денемен орындалуда. Бір адамның түні бойы ұйықтамай намаз оқитыны айтылғанда:

«Ғибадаттардың ең құндысы аз болса да үздіксіз орындалғаны» делінді. Ғибадаттардың үздіксіз орындалуының арқасында ол ғибадат құл үшін әдетке айналады.

Ниет етіп Исламға мойынсұну «Ғибадат ету» деп аталады. Аллаһу та'аланың әмірлері мен тыйымдарына **«Ахкамы исламийа»** және **«Ахкамы илаһийа»** делінеді. Әмір етілген нәрселер **«фарз»**, тиым салынған нәрселер **«харам»** деп аталады. Хадис шәрифте: **«Ғибадаттарды шыдай алатындай дәрежеде орындаңдар. Көтеріңкі көңілмен орындалған ғибадаттың қадірі өте көп болады»** делінді. Жақсы демалған дене

ғибадаттарды көтеріңкі көңілмен орындайды. Дене мен ми шаршап тұрғанда орындалған істен адамда жалығу пайда болады. Әлсіздікті кетіру үшін анда-санда мубах болған нәрселерді істеп, денені сергіту керек. Имам Ғазали «рахимәһуллаһу та’ала» былай дейді: «Көп ғибадат жасағанда дене шаршайды. Әрекет еткісі келмейді. Осындай кезде ұйықтаумен немесе салих адамдардың өмірбаяндарын оқумен немесе мубах болған көңіл көтеретін нәрселер істеп денеге қуат беру керек. Осылай істеу жалығып ғибадат жасаудан абзал болады.»

Ғибадат етуден мақсат – мужаһада етіп нәпсіні тәрбиелеу және көңілге шаттық орнықтыру, көңілді Аллаһқа байлау. **«Намаз адамды жаман және әдепсіз нәрселерді істеуден сақтайды»** делінген. Қуана-қуана, көтеріңкі көңілмен орындалған намаз осылай болады. Осындай көңіл күй пайда болуы үшін нәпістің мубах болған нәрселердегі қалауларын қажеттілігінше орындау керек болады. Бұлай істеу исламға мойынсұну болады. Ғибадаттарға себепші болған мубахтар да ғибадат болып саналады. **«Ғалымның ұйқысы наданның ғибадатынан қайырлы»** деген хадис шәриф, осы айтылғандардың дәлелі. Ұйқылы-ояу тұрып тарауих намазын оқу мәкрух болады. Ұйқы ашылғаннан кейін сергек, көтеріңкі көңілмен оқу керек. Ұйқылы-ояу оқылған намазда босаңсу мен ғафлет болады.

[Жоғарыда жазылғандарды қате түсінбеу керек. Шаршау мен жалығу пайда болғанда ғибадат кейінге қалдырылады, бірақ тәрк етілмейді. Парыздарды үзірсіз тәрк ету үлкен күнә болады. Олардың қазасын өтеу парыз болады. Уәжіптердің қазасын өтеу уәжіп болады. Сүннеттерді тәрк еткен адам, оның сауабынан махрұм болады. Сүннеттерді үзірсіз тәрк етуді әдет қылса, осы сүннеттерге байланысты болған шапағаттан махрұм қалады. Шаршау, әлсіз, көңілсіз болу парыздарды уақытынан кейінге қалдыру үшін үзір бола алмайды. Уақытынан кейінге қалдыру күнәсі мен азабынан адам құтыла алмайды. Ислам дұшпандары осы жерде де жастарды алдауға, исламды іштей құлатуға тырысуда. Бұларға алданбау үшін Әһли сүннет ғұламаларының жазған фиқһ пен илмихал кітаптарын оқып, парыздар мен харамдарды жақсылап үйренуден басқа шара жоқ.]

Тақлиди иман

8- Көңіл ауруларының сегізіншісі – танымаған адамға «тақлид ету» (еліктеу, артынан еру). Әһли сүннет ғалымы екені белгісіз адамның өзін, сөзін немесе кітаптарын жұрттың мақтағанына қарап, жасанды, тартымды пропагандаларға алданып, ондайларға еру, бағыну, мойынсұну жаиз емес. Қандай адам екенін іздестірмей, оған сену адамдардан сұрастырмай сенімде, сөздерінде және ғибадаттарында оған бағыну, адамды пәлекетке апарады. Мұсылман болу үшін, яғни Аллаһу та'аланың бар екенін, бір екенін, құдіретін, сипаттарын түсіну үшін ешкімге еліктеудің қажеті жоқ. Жаратылыстану ғылымдарын жақсы білетін, ақылды болған адам тек ойлаумен-ақ, Аллаһтың бар екенін түсінеді. Иманға қауышады. Жаратылыстарға қарап Жаратушының бар екенін түсінбеу ақымақтық болады. Әр адамның осылай ойланып иман келтіруін дініміз әмір етуде. Сәләфус-салихин (сахабалар, табииндер) бұл әмірді ауызбірлікпен білдірген. Хижреттің 400-ші жылынан кейін пайда болған кейбір адасқан ағымдағылар, назар (зерттеу) мен истидлалға (жаратылыстарға қарап Жаратушыны ойлауға) қажеттілік жоқ деді. Бұлардың сөздерінің құны жоқ. Өйткені, кейінгі келгендердің өтірігі, алдыңғылардың ауызбірлігін жоққа шығара алмайды. Сондықтан, анасын, әкесін, ұстаздарын тақлид етіп, дұрыс ақидаға қауышқан адамның иманы салих (дұрыс) болса да, назар мен истидлалды тәрк еткені үшін, яғни жаратылыстану білімін үйреніп, Аллаһу та'аланың бар екенін ойланбағаны үшін, күнә істеген болады. Жаратылыстану ғылымдарын үйренбеген адам ата-анадан, кітаптан үйреніп иман келтіріп, ойланып қабыл етіп, ақылын қолданып сенгені үшін истидлалды тәрк еткен болып саналмайды дегендер де бар.

Амалдарда, ғибадаттарда ижтиһад дәрежесіне көтерілген ғұламалардың біреуін таңдап, әр ісінде осы ғұламаны тақлид ету керек. Төрт мазһаб ғұламаларының біреуін тақлид ету керек. Мұндай шынайы Әһли сүннет ғұламасын таба алмаса, олардың кітаптарына тақлид ету (еру) керек. **«Ижтиһад»** – насстарда (Құран кәріммен хадис шәрифтерде) ашық білдірілмеген, жабық, жасырын болған мәліметтерді түсіну, ашықтау деген сөз. Аяти

кәрималар мен хадис шәрифтерге **«Насс»** делінеді. Ижтиһад ету шарттарына және құқығына ие болған кәміл ғұламаларға **«Мүжтәһид»** делінеді. Хижраның төрт жүзінші жылынан кейін, мүжтаһид ғалымдар жетілмеді. Мүжтәһидке қажеттілік те қалмады. Себебі, Аллаһу та'ала мен Оның расулы Мұхаммед алейһиссалам қияметке дейінгі өмір сүру және ғылыми құралдарда болатын өзгерістердің, жаңалықтардың барлығын қамтитын үкімдерді білдірді. Мүжтәһидтер бұлардың барлығын ашып түсіндірді. Кейінгі келген ғұламалар бұл үкімдердің жаңадан ашылған жаңалықтарға қалай қолдану керек екенін тәфсир және фиқһ кітаптарында жазды. **«Мүжәддид»** деп аталатын бұл ғұламалар қияметке дейін болады. «Ғылыми құралдар өзгерді. Жаңалықтар шығып жатыр. Бұрын болмаған жаңа нәрселерге тап болудамыз. Дін адамдары жиналып жаңа тәфсир жазулары керек, жаңа ижтиһадтар жасалу керек» деп, насстарға қосымшалар, өзгерістер енгізілу керектігін қолдайтындардың **«Зындық»** [кәпір] және ислам дұшпаны екендіктері аңғарылады.

Тура, хақ болған төрт мазһабтың біреуін тақлид ете бастағаннан кейін, қажеттіліксіз (үзірсіз) тағы бір мазһабты тақлид етуге болмайды. Бірақ, бір амалды орындауда өз мазһабында қиындық туса, ол амалды төрт мазһабтың бірін тақлид ету арқылы орындау жаиз болады. Төрт мазһабты тәлфиқ ету, яғни қандай да бір амалда төрт мазһаб үкімдерінің ең оңай тұстарын жинап орындау жаиз емес. Бұлай жасалған амал мен ғибадат сахих болмайды. Хижраның төрт жүзінші жылынан кейін қияс жасай алатын, ижтиһад дәрежесіне көтерілген мутлақ мүжтәһид жетілмегендіктен, бұл дәуірден кейін келген ғұламаларды тақлид ету жаиз емес. Бұл дәуірден бұрын жетілген мүжтәһидтердің мазһабын үйрену үшін, бұл мазһаб ғұламаларының бірауыздан қабыл еткен фиқһ кітаптарын оқу керек. Әһли сүннет ғалымы болған шынайы дін адамдарының қабыл етіп, растамаған сөздер мен кітаптардан дін үйренуге тырыспау керек. Кез-келген дін кітабы бойынша ғибадат ету жаиз емес. Әһли сүннет болмаған дін адамдарының кітаптары мен сөздеріне мойынсұнбау керек. **«Қадихан»**, **«Ханийә»**, **«Хуласа»**, **«Бәззазийә»** және **«Захирийә»**, **«Ибн Абидин»** атты фәтуа кітаптары Ханафи мазһабында,

«Мухтасары Халил» Малики мазһабында және **«Әл-Әнуар лиамали әбрар»** және **«Тухфәт-ул-мухтаж»** Шафииде және **«Әл-фиқһу аләл-мәзаһиб-иләрбаа»** төрт мазһабтың дұрыс, сахих кітаптары болып табылады. Ғибадат және ахкам ілімдері хадис кітаптарынан оңай түсінілмейді. **«Ахкам»** деп халал мен харамдарға айтылады. Хадис кітаптарының ең дұрысы **«Бұхари»**, **«Мүслим»** және **«Кутуби Ситтә»** деп аталатын қалған төрт хадис кітаптары.

Тасаууф туралы жазылған кітаптардың ең құндысы – **«Мәснәуи»** атты кітап. Тасаууф пен шариғатты қосып түсіндірген кітап – имам Раббани хазреттерінің **«Мәктубат»** атты кітабы.

Ғалым болып көрінетін және дін адамы атанған кез келген адамның сөзіне немесе кітабына ұйып амал ету жаиз емес. Жоғарыда білдірілген құнды кітаптардан жиналған, аударылған Әһли сүннет ғұламаларының жазған **«Илмиһал»** кітаптарын оқу керек. Осылай аударма жасалмаған, ойдан жазылған илмиһал кітаптарын және тәфсирлерді оқу адамды дүние мен ахирет пәлекетіне ұшыратады. [Қазандық Мұса Бегиев атты кәпір, өзін мұсылман танытып, Құран кәрім мен хадис шәрифтерге сенбей, жаңа бір дін шығарып оны ислам деп айтуда. Тартымды сөздерімен мұсылмандарға керітартпа, Әһли сүннет ғалымдарына фанатиктер дейді. Құран мен хадистер, бүгінгі жаратылыстану ғылымымен жетілген жастардың мойынсұнатын діні емес деп, ойдан шығарған пікірлерін дін деп атауда, кітаптары арқылы жастарды алдауда. Бұған алданғандар, шығарып жатқан «Хабар бюллетені» атты журналдарында қате, адасқан жалаларымен Әһли сүннет ғұламаларына тіл тигізуде. Бұлардың Әһли сүннет кітаптарын оқып, тура жолға түсуі үшін дұға етеміз.]

Ширктен, яғни күпірден, имансыздықтан кейінгі ең үлкен күнә - бидғат ақидасында (сенімінде) болу. Бұл адасқан және бұзылған ақиданың қарама-қарсысы **«Әһли сүннет уәл-жамағат»** ақидасы. Аллаһқа иман еткеннен кейін ғибадаттардың үстемдерінің ең құндысы – Әһли сүннет ақидасында болу. Әһли сүннет – сенімде, сөзде, барлық істе, ғибадаттарда және адамдармен қарым-қатынастарда Мұхаммед алейһиссаламның сүннетіне, жолына және сахабаларға, табииннің және одан кейін келген Әһли сүннет

ғұламаларының «радиаллаһу та'ала анһум әжмаин» ижмасына, яғни бірауыздан білдірген үкімдеріне мойынсұну. Олардың жолын фиқһ және илмихал кітаптарынан оқып үйрену қажет. Шынайы мұсылмандар – осы жолда болғандар. Қазіргі мұсылмандардың көбісі нәпістеріне және қысқа ақылдарына, өз көзқарастарына және заманауи жаратылыстану ғылымдарына сеніп, Әһли сүннет жолынан ажырап, **«бидғатшылыққа»** ұрынуда.

[Жаман адаммен (фасықпен) дос болудың соңы пәлекет. Жаман адам – исламды қаламайтын адам деген сөз. Мұхаммед алейһиссаламның әмірлері мен тыйымдарына **«Ислам»** және **«Аһками иләһийә»** делінеді. Адамдардың ең жаманы - **«Зындық»**тар. Олар мұсылман атын жамылып, үлкен сәлде, ескі шапан ішіне жасырынады. Пайғамбарымыз бен исламды мақтайды. Бірақ, Құран кәрім мен хадис шәрифтерге қате мағына беріп, исламды қалағанынша өзгертеді. Олар британдық отаршыларға қызмет жасайды. Лондондағы масон орталығынан алған мол ақша, өтірік диплом, атақ үшін кәпірлерге сатылған ақымақтар. Ақылды болған, Әһли сүннет кітаптарын оқыған адам оларға алданбайды. Пайғамбарымыз бір замандарда бұл мұнафықтардың келетінін және жаһаннамның түбінде ауыр азапта мәңгі жанатынын білдірді. Жас бауырларымызды осындай зымиян дұшпандарға алданудан қорғау үшін, осы жолдарды жазудамыз. Бұл насихатымыз ақылы бар адамға өте пайдалы болады. «Ақылдыға аз насихат саз, ақыл-сызға дабыл қақсаң аз» сөзі мәшһүр. Бұл айтылғандар **«Қиямет және Ахирет»** атты кітабымыздың 18-ші соңғы бөлімдерінде ұзақ жазылған.]

Рия

9- Көңіл ауруларының, яғни жаман мінездердің маңыздыларының алпыс екенін айтқан едік. Бұлардың тоғызыншысы – рия болып табылады. Рия – бір нәрсені өзінің бар болмысынан керісінше өзгеше етіп көрсету. Қысқаша көзбояушылық, өзін көрсету, мақтану дегенді білдіреді. Ахирет амалдарын істеп, адамдарға ахирет жолында екенін көрсету арқылы дүниелік мақсаттарына қол жеткізу, дүниелік табыс үшін дінді құрал ету

деген сөз. Ғибадаттарын көрсетіп, адамдарға жақсы көрі-ну. [Сөзі мен ғибадаттары рия (Аллаһ үшін емес, адамдар үшін), мақтану мақсатында болған адамның, діни ілімі болса, оған **«мұнафық»** делінеді. Діни білімі жоқ болса **«дін азғыны»** делінеді. Жаратылыстану білімі болмай, өзін ғалыммын деп танытып, өз пікірін жаратылыстану білімі ретінде айтып, мұсылмандарды алдауға, олардың діндерін, имандарын бұзуға тырысатын ислам дұшпандарына **«зындық»** немесе **«пән азғыны»** делінеді. Дін азғындары мен пән азғындарына алданбау керек.] Рия, тек мәжбүрлеп, икрах етілген (қорқытылған) кезде ғана жаиз болады. **Икрах** – біреуге қаламаған нәрсесін мәжбүрлеп істету деген сөз. Өліммен немесе бір мүшесін кесумен қорқытылу **«мулжи икрах»** деп аталады. [Залымдардың, тонаушылардың жәбірлеуі де мулжи икрахқа жатады.] Мұндай кезде, мәжбүрленген істі орындау зарурат (қажет) болады. Қамау мен ұрып-соғу арқылы мәжбүрлеуге жеңіл икрах делінеді. Жеңіл икрахқа ұшыраған адамның рия етуі жаиз емес. Рияның қарама-қарсысы – **ықылас** болып табылады. «**Ықылас – дүниелік пайдаларды ойламай ғибадаттарын тек Аллаһу та'аланың разылығы үшін орындау деген сөз.»** Ықыласты адам ғибадат жасағанда ғибадаттарын өзгелерге көрсетуді ойламайды. Ықыласты адамның ғибадаттарын өзгелердің көруі оның ықыласына зиянын тигізбейді. Хадис шәрифте: **«Аллаһу та'аланы көріп тұрғандай ғибадат ет! Сен көрмесең де Ол сені көріп тұр»** делінген.

Өзгелердің сүйіспеншілігі мен мақтауларына қауышу үшін дүние істерімен оларға жақсылық жасау рия болады. Ғибадаттағы рия дүние істеріндегі риядан жаман. Аллаһу та'аланың разылығын мүлде ойламай жасалған рия бәрінен де жаман. Ғибадат жасап Аллаһу та'аладан дүние пайдаларын сұрау рия болмайды. Жаңбыр дұғасына шығу, истихара намазын оқу осыған жатады. Жалақыға имам, муфти, мұғалім болу және қиыншылықтан, аурудан және кедейліктен құтылу үшін аяти-кәрималар оқу да осыған жатады делінді. Бұларда әрі ғибадат, әрі пайда ниеті бар. Сауда-саттық мақсатымен қажылыққа бару да осындай. Мұндайда егер ғибадат ниеті мүлдем болмаса, рия болады. Ғибадат ниеті көбірек болса, сауап пайда болады. Ғибадаттарын өзгелерге, үйрету және үлгі

көрсету, ынталандыру мақсатында көрсету рия болмайды және сауабы көп болады. Рамазанда ораза ұстау да рия болмайды. Аллаһу та'аланың разылығы үшін басталған намазда кейіннен рия пайда болса зияны болмайды. Риямен жасалған парыздар сахих болады. Ғибадат қарызы өтелген болса да сауабы болмайды. Ет жегісі келгені үшін құрбандық шалу жаиз емес. Аллаһу та'аланың разылығын көздемей, тек қажылықтан, соғыстан, әскерден орлағандар үшін және келген басшыны, билеушіні күтіп алу үшін сойылған малдың еті өлімтік болады. Ол етті жеу харам болады. Риядан қорқып ғибадатты тәрк ету жаиз емес. Аллаһу та'аланың разылығы үшін намазға тұрып, намазын бітіргенше тек дүние істерін ойлаған адамның намазы сахих болғанмен сауабы аз болады. Атаққа себеп болатындай дәрежеде өте сәнді киіну де рия болады. Дін адамдарының таза, қымбат киім киюлері керек. Сондықтан имамдардың жұма және діни мейрам күндері әдемі, сәнді киім киюлері сүннет болып табылады.

Атақ үшін уағыз, насихат айту, кітап жазу да рия болады. **«Уағыз» –** әмри маруф [діннің әмірлерін, жақсылықтарды үгіттеу] және нәхи мункәр [күнәлардан, жамандықтардан тыйылуды насихаттау] деген сөз. Айтысып-тартысу, пікір таластыру үшін, өзгелерден жоғары көріну үшін және мақтану үшін ілім үйрену де рия болады. Дүниелік табысқа жету үшін, яғни мал-мүлік, мансапқа қол жеткізу үшін ілім үйрену де рия болады. Рия харам болып табылады. Аллаһу та'ала үшін үйренілген ілім, Аллаһу та'аладан қорқуды күшейтеді. Өз айыптарын, кемшіліктерін көруге себеп болады. Шайтанның алдауына кедергі болады. Ілімін дүниелік табысқа, мал-мүлік пен мансапқа қауышуға құрал еткен дін адамдарына **«уләмаи су»**, яғни жаман дін адамдары делінеді. Олардың барар жері – жаһаннам. Адамдардың жанында сүннетке сай етіп, жалғыз қалған кезінде әдептері сақталмай орындалған ғибадат рия болады. Он бірінші бөлімнің соңын оқыңыз!

Жасалған ғибадаттың сауабын өлі немесе тірі адамдарға бағыштау жаиз. Қажылықтың, намаздың, оразаның, садақаның, оқылған Құран кәрім, мәуліттің, зікір және дұғаның сауаптарын біреуге хадия ету (бағыштау) Ханафи мазһабында жаиз болып табылады. Бұл ғибадаттарға ақы талап етіп, саудаласып жасау жаиз емес. Аллаһу та'ала үшін Құран оқығанға, берілген сыйлық

қабыл етіледі. Малики және Шафии мазһабтарында садақа, зекет және қажылық сияқты мал-мүлікпен жасалатын ғибадаттардың сауабын бағыштау жаиз болып, намаз, ораза, Құран кәрім оқу сияқты денемен жасалатын ғибадаттардың сауабын бағыштау жаиз емес. Хадис шәрифте: **«Мазараттың жанынан өткен адам он бір рет Ихлас сүресін оқып, сауабын қабірдегілерге хадия етсе** (бағыштаса)**, оған мәйіттер санындай сауап беріледі»** делінген. Ханафи мазһабындағы адам сауабын бағыштайды, Малики мен Шафии мазһабындағылар мәйіттің кешірілуі үшін дұға етеді.

Ғибадаттардың сахих болуы үшін Аллаһу та'аланың разылығын көздеп жасауға ниет ету керек. Ниет, жүрекпен (көңілмен) болады. Тек ауызбен айтылса ниет етілген болмайды. Көңілмен ниет ету шартымен ауызбен де айтса жаиз делінді. Көңілдегі ниет пен ауызбен айтылған ниет екеуі екі түрлі болса, көңілдегі ниетке қаралады. Бірақ ант ету бұған жатпайды. Ант еткенде ниетке емес, ауыздан шыққан сөзге қаралады. Ғибадаттарда ниетті ауызбен айту туралы ешбір хадис шәриф те, хабар да жоқ. Төрт мазһабтың имамдары да білдірмеген. Ниет – ғибадат етуді көңілге келтіру, еске түсіру емес. Аллаһу та'ала үшін орындауды қалау, сол үшін жігерлену деген сөз. Ниет ғибадат жасауды бастарда жасалады. Алдын ала, мысалы бір күн бұрын жасалса ниет болмайды. Бұған мақсат, қалау, мойнына алу делінеді. Мысалы, Ханафи мазһабында оразаға ниет ету уақыты – бір күн бұрын, күннің батуынан бастап, ертеңгі күннің **«Дахуа-и кубра»** уақытына дейін.

Басқалардың күнә жасауына себепші болмау үшін мубахтарды тәрк ету жақсы болады. Бірақ, сүннеттерді, тіпті мүстаһабтарды тәрк ету жаиз емес. Мысалы, өзгелердің ғайбат етпеулері үшін, мисуак қолдануды, сәлде киюді, басын ашып жүруді, есекке мінуді тәрк ету жақсы болмайды. Мисуак – мисуак ағашының немесе зәйтүн, тұт ағаштарының бұтағынан кесілген шыбық. Қалыңдығы бір бармақтай, ұзындығы бір қарыс. Әйелдердің мисуактың орнына сағыз шайнаулары жаиз. Мисуак таба алмаған адам тістерін бас бармағы және шәһәдат (сұқ) саусақтарымен ысқылайды. Хазреті Бишри Хафи көшеде басы ашық жүретін.

Күнә жасайтын адамның, сол күнәдан бас тартуы үш себеппен болады: Аллаһу та'аладан қорыққаны үшін немесе адамдардан ұялғаны үшін немесе басқалардың жасауына себепші болмау

үшін. Аллаһу та'аладан қорқып тәрк еткенінің белгісі – ол күнәні жасырын болса да жасамауы. Адамдардан ұялу – олардың жамандауынан қорқу деген сөз. Басқалардың күнә жасауына себепші болу, күнәні жалғыз жасағаннан да жаман. Басқалардың ол күнәні істегендегі күнәлары қияметке дейін сол күнәні істеуге себепші болған адамға да жазылады. Бір хадис шәрифте: **«Адам күнәсін дүниеде жасырса, Аллаһу та'ала қиямет күні, ол күнәні құлдарынан жасырады»** делінген. Адамдарға өзін уәра иесі (діндар) екенін көрсету үшін күнәсін адамдардан жасырып, жасырын жалғасытыру да рия болады.

Ғибадаттарын өзгелерге көрсетуден ұялу жаиз емес. **«Хая»** (ұялу) деп – күнәларын, айыптарын көрсетпеуді айтады. Сондықтан уағыз айтудан және әмри маруф пен нәхи мункәр жасаудан [діни кітап, ғылымхал кітабын жазудан және сатудан] және имамдық, муәззиндік (азаншылық) жасаудан, Құран кәрім және мәуліт оқудан ұялу жаиз емес. **«Ұялу – иманнан»** хадис шәрифінде айтылған ұят – жаман, күнә нәрселерді көрсетуден ұялу деген сөз. Мұсылманның әуелі Аллаһу та'аладан ұялуы қажет. Сондықтан ғибадаттарын шын көңілмен, ықыласпен жасауы керек.

Бұхара ғалымдарының бірі сұлтанның балаларының көшеде әбес ойын ойнап жүргендерін көрді. Қолындағы таяғымен балаларды ұрып қуып жіберді. Балалар қашып, әкелеріне барып шағымданды. Сұлтан ғалымды шақыртып: «Сұлтанға қарсы шыққан адамның қамалатынын білмеймісің» деді. Ғұлама: «Аллаһқа қарсы шыққан адамның жаһаннамға баратынын білмеймісің» деп жауап берді. Сұлтан: «Әмри маруф жасау міндетін саған кім берді?» деді. Ғұлама: «Сені кім сұлтан етті» дегенінде сұлтан: «Мені халифа сұлтан етті» деп жауап берді. Ғұлама: «Маған әмри маруф жасау міндетін сенің халифаңның Раббы берді» деді. Сұлтан: «Саған Самарқанд қаласында әмри маруф жасау міндетін бердім» дегенінде, ғұлама: «Мен өзімді бұл қызметтен босаттым» деп жауап берді. Сұлтан таң қалып: «Бұл жауабыңа қайран қалдым. Рұқсат берілмей тұрып міндеттелгеніңді айттың, рұқсат берілгеннен кейін міндеттен босағаныңды айтудасың» деді. Ғұлама: «Сен қазір рұқсат берсең кейін міндетімнен босатасың, Раббымның берген міндетінен мені ешкім босата алмайды» деді. Бұл сөзді естіген сұлтан: «Менен

қалағаныңды сұра, берейін» деді. Ғұлама: «Мені жастық шағыма қайтар» деді. Сұлтан: «Бұл қолымнан келмейді» деді. Ғұлама: «Бір құжат жаз, жаһаннамдағы періштелердің басшысы Малик мені отта жақпасын» деді. Сұлтан: «Бұл да қолымнан келмейді» деді. Ғұлама: «Менің сондай ұлы бір сұлтаным бар, қалағанымның барлығын Содан сұраймын. Тілегенімнің барлығын ихсан етті, ешқашан қолымнан келмейді деген жоқ» деді. «Мені дұғаларыңда ұмытпа» деп сұлтан ғұламаны жіберді.

Хадис шәрифте: **«Басқаларға көрсету үшін намазын әдемі оқып, жалғыз қалғанда олай оқымаған адам, Аллаһу та’аланы мазақ қылған** [құрметсіздік еткен] **болады.»** және **«Сендерде болуынан ең қатты қорқатын нәрсем – ширк-и асғарға ұшырауларың. Ширки асғар – рия деген сөз»** және **«Дүниеде риямен ғибадат жасағанға, қиямет күні, ей жаман адам! Бүгін саған сауап жоқ. Дүниеде кімдер үшін ғибадат жасаған болсаң сауаптарыңды солардан сұра делінеді.»** және **«Аллаһу та’ала былай бұйырды: Менің серігім жоқ. Басқаны маған серік еткен, сауаптарын содан сұрасын. Ғибадаттарыңды ықыласпен жасаңдар! Аллаһу та’ала ықыласпен жасалған істерді қабыл етеді»** делінді. Ғибадат Аллаһу та’аланың разылығына қауышу үшін жасалады. Басқаның сүйіспеншілігіне, жақсылығына қауышу үшін жасалған ғибадат, оған табыну болады. Аллаһу та’алаға ықыласпен ғибадат жасауымыз әмір етілді. Хадис шәрифте: **«Аллаһу та’аланың бір екеніне иман келтірген және намаз бен зекетті ықыласпен орындаған адамнан Аллаһу та’ала разы болады»** делінді. Расулуллаһ “саллаллаһу алейһу уә сәлләм” Муаз бин Жәбәлді “радиаллаһу та’ала анһ” Йеменге басшы етіп жіберерде: **«Ғибадаттарыңды ықыласпен орында! Ықыласпен жасалған аз амал қиямет күні саған жеткілікті болады»** және **«Ғибадаттарын ықыласпен жасағандарға сүйінші болсын. Олар – хидаят** (тура жол) **жұлдыздары. Фитналардың қараңғылығын жояды»** және **«Дүниеде харам етілген нәрселер – лағынеттелген. Тек қана Аллаһ үшін жасалған нәрселер құнды»** делінді. Дүние нығметтері өткінші. Өмірлері өте қысқа. Бұларға қол жеткізу үшін дінін беру – ақымақтық. Адамдардың барлығы әлсіз. Аллаһу та’ала қаламайынша ешкім ешкімге пайда

немесе зиян тигізе алмайды. Адамға Аллаһу та’ала жеткілікті.

Аллаһу та’аладан қорқу керек және оның мейірімінен үміт үзбеу керек. Үміт, қорқыныштан басым болу керек. Мұндай болған адамның ғибадаттары зауқты болады. Жастарда қорқыныштың, ал кәрілерде үміттің басымырақ болуы керек делінді. Ауруларда үміт басым болу керек. Қорқынышсыз үміт және үмітсіз қорқыныштың болуы жаиз емес. Біріншісі [құтылатынына өте] сенімді болу, ал екінші [құтылатынынан мүлдем] үмітсіз болу деген сөз. Хадис құдсиде: **«Құлымды, мені ойлағанындай қарсы аламын»** деп бұйырылды. Зүмәр сүресінің 53-ші аятында: **«Аллаһ барлық күнәларды кешіреді. Ол – ғафур, рахим»** делінген. Бұдан, үміттің басым болу керектігі түсініледі. **«Аллаһтан қорқып жылаған адам, жаһаннамға кірмейді»** және **«Менің білгенімді білгендеріңде, аз күліп көп жылар едіңдер»** хадис шәрифі хауфтың, яғни қорқудың басым болуы қажет екенін көрсетуде.

Тули амал

10- Көңіл ауруларының оныншысы «**Тули амал**». Тули амал – зауқ алу, ойын-сауық құру, сайрандау үшін ұзақ өмір сүруді қалау деген сөз. Ғибадат ету үшін ұзақ өмір сүруді қалау, тули амал болмайды. Тули амал иелері, ғибадаттарды уақытында жасамайды. Тәубе қылуды тәрк етеді. Жүректері қатты болады. Өлімді ойламайды. Уағыз бен насихаттан ғибрат алмайды. Хадис шәрифтерде: «**Ләззаттарды тоқтататын нәрсені көп ойлаңдар»** және **«Өлімнен кейін болатындарды сендердің білгендеріңдей жануарлар да білгенде, жеу үшін семіз жануар таба алмас едіңдер»** және «**Күндіз-түні өлімді еске алатын адам, қиямет күні шәһидтермен бірге болады»** делінді. Тули амал иесі, өмірін тек дүниедегі байлық пен мансапқа қауышу жолында өткізеді. Ахиретті ұмытады. Тек зауқ пен көңіл көтеруді ойлайды. Бала шағасының бір жылдық азық-түлігін әзірлеу, тули амалға жатпайды. Бір жылдық нафақаға **«хауаиж-и аслийә»** делінеді. Бұл қажетті зат болып, нисап мөлшеріне (байлық есебіне) қосылмайды. Бұған ие болған адам, бай болып саналмайды. Бұған ие болмаған бойдақ адамның қырық күндік азығын сақтауы жаиз. Одан көп мөлшерін сақтауы

тәуәккүлді бұзады. Хадис шәрифте: **«Адамдардың ең жақсысы өмірі ұзақ және амалы әдемі болғаны»** және «**Адамдардың ең жаманы, өмірі ұзақ, амалы жаман болғаны»** және **«Өздеріңе өлімді тілемеңдер. Қабір азабы өте ауыр. Өмірі ұзақ болып, исламға мойынсұну, үлкен бақыт»** және **«Мұсылмандықта ағарған шаштар, қиямет күні нұр болады»** делінді.

Тули амалдың себептері – дүние зауқтарына құмар болу, өлімді ұмыту және денсаулығымен жастық шағына алдану. Тули амал ауруынан құтылу үшін, осы себептердің жойылуы керек. Ажалдың кез-келген сәтте келетінін ойлау керек. Денсаулықтың, жастық шақтың өлімге кедергі бола алмайтынын ұмытпау керек. Балалардың және жастардың өлім саны кәрілердің өлім санынан да көп болып жатқандығы статистикалардан көрінуде. Көп ауыр науқастардың сауығып, өмір сүріп кеткенін, көп денсаулығы мықты адамдардың кенеттен ажал құшып жатқандығын да көрудеміз. Тули амал иесі болудың зияндарын және өлімді еске алудың пайдаларын ойлау керек. Хадис шәрифте: «**Өлімді көп еске алыңдар. Оны ойлау, адамды күнә істерден қорғайды және ахиретке зияны бар нәрселерден сақтануға себепші болады»** делінген. Сахабалардан Бәра бин Азиб “радиаллаһу та’ала анһ” былай дейді: «Бір жаназаға бардық. Расулуллаһ “саллаллаһу алейһи уә сәлләм” қабір басына отырды. Жылай бастады. Мүбәрак көз жасы топыраққа тамды. Кейін «**Ей бауырларым! Барлығың осыған дайындалыңдар!»** деді.» Омар бин Абдулазиз “рахимәһуллаһу та’ала” бір ғалымды көрген кезде, насихат айтуын сұрады. Ол, «Сен қазір халифасың, қалаған нәрсеңді әмір етесің. Ертең өлесің», деді. Тағы біраз айт дегенде, «Адам алейһиссаламға дейін барлық бабаларың өлімді татты. Енді кезек саған келді», деді. Халифа ұзақ жылады. Хадис шәрифте: «**Адамдарға уағыз** (насихат) **ретінде өлім жеткілікті. Байлық сұрағанға қазама және тағдырыма иман етуі жеткілікті.»** делінді және **«Адамның ең ақылдысы, өлімді көп еске алатыны. Өлімді көп ойлаған адамға дүниеде абырой, ахиретте үлкен дәрежелер нәсіп болады»** және «**Аллаһу та’аладан ұялыңдар. Басқаларға қалатын нәрселерді жинаумен уақыттарыңды жоғалтпаңдар. Жете алмайтын нәрселерді қолға түсіруге тырыспаңдар. Қажетінен артық**

ғимараттар салумен өмірлеріңді өткізбеңдер» және «**Үйлеріңді харам заттармен салмаңдар. Ол діндеріңмен дүниелеріңнің бұзылуына себеп болады»** және өте жақсы көретін Усама бин Зәйдтің “радиаллаһу та’ала анһума” бір айдан кейін өтеймін деп жүз алтынға бір құлды сатып алғанын естігенде, «**Сендер де бұған таң қалмадыңдар ма? Усама тули амал иесі болыпты»** деді. Қажет заттарды қарызға алу жаиз. Бір хадисте: «**Жаннатқа кіруді қалаған адам, тули амал иесі болмасын. Дүние ісімен айналысуы өлімді ұмыттырмасын. Харам жасауда Аллаһу та’аладан ұялсын»** делінді. Харам болған ләззаттардың ішінде өмір сүру үшін тули амал иесі болу харам. Мубаһтармен зауқтану үшін тули амал иесі болу харам болмаса да, жақсы емес. Ұзақ өмір сүруді емес, салауатты және аман-есен, күнә істемей, жақсылықтар жасап өмір сүруді сұрау керек.

Тама (Ашкөздік)

11- Көңіл ауруларының он біріншісі **«тама»**. Дүние ләззаттарын харам жолдармен іздеуге **«тама»** делінеді. Таманың ең жаманы, адамдардан күту. Тәкаппарлыққа, өзін жақсы көруге себеп болатын «**нәпіл»** ғибадаттарды және ахиретті ұмыттыратын **«мубаһ»**тарды жасау да тама болады. Таманың қарама-қайшысына **«тәфуиз»** делінеді. Тәфуиз – халал және пайдалы нәрселерді табуға тырысып, бұларға қауышуды Аллаһу та’аладан күту деген сөз.

Шайтан, рияны ықылас ретінде және таманы тәфуиз ретінде көрсетіп, адамдарды алдауға тырысады. Аллаһу та’ала әрбір адамның көңіліне (жүрегіне) бір періштені міндеттеген. Ол періште, адамдарға жақсы ойлар **(илһам)** салады. Шайтан, адамның жүрегіне жаман ойлар (**уәсуәсә)** салады. Халал жеген адам, илһаммен уәсуәсәні бір-бірінен ажыратады. Харам жейтіндер ажырата алмайды. Адамның нәпісі де көңілге (жүрекке) жаман ойлар әкеледі. Бұл ойлармен қалауларға **«хауа»** делінеді. Илһам мен уәсуәсә тұрақты емес. Ал нәпістің хауасы болса, тұрақты болады және барған сайын артады. Уәсуәсә, дұға және зікірмен азайып жойылады. Хауа болса, тек күшті **«мүжахадамен»** (күреспен) азайып жойылады. Шайтан итке ұқсайды. Итті қуған сайын

қашса да, басқа жақтан қайта келеді. Ал нәпіс жолбарыс сияқты. Шабуылы тек қана өлтірумен бітеді. Адамдарға уәсуәсә беретін шайтанға осы себептен «**ханнас**» делінген. Адам, шайтанның бір уәсуәсәсына алданбаса, шайтан одан бас тартады. Басқа уәсуәсаға бастайды. Аммара (тәрбиеленбеген) нәпіс үнемі зиянды, жаман нәрселерді қалайды. Шайтан болса, көптеген қайырлы істерге кедергі болу үшін, қайыры аз істерді жасатуға уәсуәсә жасайды. Шайтанның уәсуәсәсымен ойға келген қайырлы іс, адамға ұнамды келеді және оны асығып істеуді қалайды. Сондықтан хадис шәрифте: «**Асығу – шайтаннан. Бес нәрсе бұдан бөлек: Қызын тұрмысқа беру, қарызын өтеу, жаназа қызметтерін тез атқару, қонақты тойдыру, күнә жасап қойса дереу тәубе ету**» деп бұйырылды. **"Әшиат-ул-ләмәат"** кітабында намазды кешіктірмеу бабындағы хадис шәрифте: «**Йа Әли! Үш нәрсені кешіктірме! Намазды алғашқы уақытында оқы! Дайын болған жаназа намазын дереу оқы! Тұл** (жесір немесе күйеуден келген әйелді) **немесе қызды теңі айттырып сұрағанда, дереу бер!**» Яғни, намазын оқитын және күнә жасамайтын және табысын халалдан табатын біреуді тапқанда дереу соған бер делінді. Илхаммен ойға келген қайырлы іс, Аллаһу та'аладан қорқылып асықпай жасалады және соңы ойланылады. Бір хадисте: «**Періштеден келетін илһам исламға сай болады. Шайтаннан келетін уәсуәсә исламнан айрылуға себепші болады**» делінген. Адам, илһам етілген нәрсені жасауы керек. Уәсуәсәны жасамау үшін күресуі, тырысуы керек. Нәпсіне ерген адам уәсуәсәларға мойынсұнады. Нәпсінің қалауын жасамаған адамның илһамға мойнсұнуы оңай болады. Бір хадис шәрифте: «**Шайтан жүрекке уәсуәсә береді. Аллаһтың есімі зікір етілгенде, айтылғанда қашады. Айтылмаса уәсуәсәларын жалғастырады**» делінді. [Зікір етудің қажеттілігі, осы хадис шәрифтен де аңғарылуда.] Көңілге (жүрекке) келген ойдың түрін анықтау үшін, исламға сай болып-болмағанына қаралады. Егер осы жолмен біле алмаса, онда салих болған ғалымнан сұралады. Салих емес, дінді дүние пайдасына құрал ететін жаман дін адамынан сұралмайды. Немесе, Расулуллаһқа "саллаллаһу алейһи уә сәлләм" дейінгі ұстаздарының шежіресі белгілі болған шынайы бір жол көрсетушіден сұралады. «**Құтб-ул-мәдар**» деп аталатын

әулиелер аз да болса қияметке дейін бар болады. «**Құтб-ул-иршад»** деп аталатын әһли сүннет ғалымдары әр уақытта және әр жерде табыла бермейді. Ұзақ уақыт аралығымен сирек кездеседі. Барлық жерде көптеп табылатын надан тариқатшыларды және жасанды шейхтарды шынайы жол көрсетуші - пір екен деп ойлап қалмау керек. Мұндайлардың тұзақтарына түсіп дүниеде және ахиретте бақыттан махрұм қалмау үшін өте сақ болу керек. Көңілге келген ой нәпіске ауыр келсе, бұл оның қайырлы екенін аңғартады. Нәпсіге ұнамды келіп, дереу жасауды қаласа, жаман болғаны аңғарылады.

Шайтанның айлалары көп. Бұлардың оны маңызды: Біріншісі, "Аллаһу та'ала сенің ғибадаттарыңа мұқтаж емес", дейді. Бұған қарсы: «**Салих амалдың пайдасы оны жасағанға»** деген мағынадағы Бақара сүресінің алпыс екінші аятын еске түсіру керек.

Шайтанның екінші айласы, "Аллаһу та'ала рахымды, кәрим, сені де кешіреді, жаннатқа кіргізеді" дейді. Бұған қарсы Лұқман сүресінің отызыншы аятындағы: «**Аллаһтың кәрим** (ұлы, кешірімді) **болуы, сендерді алдамасын»** және Мәриям сүресі, алпыс үшінші аятындағы **«Жаннатқа құлдарымыздан тақуа болғандарын мұрагер етеміз»** деген мағынасын еске түсіру керек.

Үшінші айласы, "Сенің ғибадаттарыңда әрқашан кемшілік бар. Рия араласқан. Мұндай ғибадаттармен тақуа бола алмайсың. Аллаһу та'ала Маида сүресінде: «**Аллаһ тек қана тақуалардың ғибадаттарын қабыл етеді»** делінген. Сенің ғибадаттарың қабыл болмайды. Мұның бәрі бос әурешілік. Босқа, себепсіз таяқ жеген хайуан сияқты өзіңді қинап жүрсің" дейді. Бұған қарсы, "Мен Аллаһу та'аланың азабынан құтылу және әмірін орындау үшін ғибадат жасап жатырмын. Менің міндетім, әмірді орындау. Қабыл ету етпеуін, Оның өзі біледі. Шарттары тура және парыздары толық орындалған ғибадаттың сахих болуы күмәнсіз", деу керек. Парыздарды тәрк ету үлкен күнә. Бұл күнәлардан құтылу үшін ғибадаттарды орындау керек. Ғибадат жасамастан жаннатқа кіру үшін дұға ету күнә. Хадис шәрифте: **«Ақылы бар адам нәпсіне ермейді және ғибадат етеді. Ал ақымақ адам нәпсіне еріп, сосын Аллаһтың рахымын күтеді»** делінген. Ахиретке қажетті нәрселерді, осы фәни дүинеде дайындау керек.

Шайтанның айлаларының төртіншісі, "Қазірше дүние-мүлік жинау үшін жұмыс істеп, жағдайыңды жасап, рахатқа қол жеткізіп ал, сол кезде емін еркін, алаңсыз ғибадат жасайсың", деп ғибадат жасауға тосқауыл болады. Бұған жауап ретінде: "Ажал менің қолымда емес. Әр адамның өмірін Аллаһу та'ала әзелде (шексіз бұрын) тағдырға жазған. Бәлкім жақында өлермін. Ғибадат міндеттерімді уақытында орындауға тиіспін", деу керек. Хадис шәрифте: «**Хәләкәл-мусаууифун**» деп бұйырылды, яғни бүгінгі міндеттерін ертеңге қалдырғандар зиянға ұшырады, делінген.

Шайтанның айласының бесіншісі, ғибаттарды тәрк еттіре алмаған соң "Тез оқы, уақытыңды жоғалтпа" деп намазды асығыстықпен оқытып, шарттарын, парыздарын толық орындатпауға тырысады. Бұған қарсы "Парыздар өте аз. Бұларды ақырын және шарттарына сай орындау керек. Парыз болмағандарды да шарттарына сай етіп аз орындау, шарттарын нұқсан қылып көп орындаудан жақсы", деу керек.

Шайтанның айлаларынан алтыншысы рияға ұрынуды кеңес береді. "Адамдар сені көрсін, ұнатсын", дейді. Бұған жауап ретінде, "Өз-өзіне пайда мен зиян келтіруі ешкімнің өз қолында емес. Осындай әлсіз адам өзгелерге қалай пайда келтірмек? Адамдардан бір нәрсе күту әбестік. Пайда мен зиян беретін тек қана Аллаһу та'ала. Ғибадаттарымды жалғыз Оның өзі көрсе, сол маған жеткілікті",- деу керек.

Жетінші айла ретінде, ғибадаттарға тосқауыл бола алмайтынын түсінгеннен кейін, адамға ужб, яғни ғибадаттарын жақсы көру уәсуәсәсін береді. "Сен сияқты ақылды, көңілі ояу адам бар ма? Қазіргі заманда адамдардың барлығы адасып, қараңғылық ұйқысында жатқанда сен ғибадат жасап жатырсың", дейді. Бұған қарсы "бұл ақыл мен сергектік менен емес. Раббымның маған берген сыйы. Оның сыйы болмаса, мен өз басыммен ғибадат жасай алмаймын", деп айту керек.

Сегізінші айла ретінде "ғибадаттарыңды жасырын жаса. Сонда Аллаһу та'ала, сенің сүйіспеншілігің мен абыройыңды адамдардың көңіліне орнықтырады", деп жасырын рияға түсіргісі келеді. Бұған қарсы "мен Аллаһу та'аланың құлымын. Ол менің қожайыным. Ғибадаттарымды қаласа қабыл етіп, қаламаса кері

қайтарады. Адамға білдіріп, білдірмеуіне мен араласа алмаймын", деп айту керек.

Тоғызыншы айла ретінде, "ғибадат жасаудың не қажеті бар? Адамдардың «саид» (жаннаттық) немесе «шақи» (жаһаннамдық) екендіктері әзелде (бастауы жоқ ертеде) тағдырларына жазылып қойған. Маңдайына саид деп жазылған адам ғибадаттарын тәрк етсе де кешіріліп, жаннатқа кіреді. Шақи деп жазылғаны қанша ғибадат жасаса да, пайдасы болмайды, сөзсіз тозаққа кетеді. Олай болса, өзіңді бос әуреге салма! Көңіл көтер, сайран сал", дейді. Бұған жауап ретінде "мен құлмын, құлдың міндеті, қожайынының әмірін орындау", деп айту керек. Ол бұған қарсы жауап ретінде "Әмірді орындамағанда азап қорқынышы пайда болса, әмірді орындау қажет болады. Әзелде саид деп жазылған адамда мұндай қорқыныш болмайды" десе, бұған жауап ретінде "Раббым барлық нәрсені біледі және қалағанын жасайды. Қалағанына жақсылық, қалағанына жамандық береді. Ешкімнің Одан есеп сұрауға ақысы жоқ", деп айту керек. Ібіліс, Иса алейһиссаламға көрініп: «Әзелде Аллаһу та'аланың маңдайға жазғандары болады» дейсің, солай ма? деді. Иса алейһиссалам «Иә, солай» деп жауап берді. «Олай болса, өзіңді таудың басынан төмен таста. Егер маңдайыңа тірі қалатының жазылған болса, ештеңе болмайды тірі қаласың», деді. Иса алейһиссалам: «Ей малғұн! Аллаһу та'ала құлдарын сынайды. Ал құлдың қожайынын сынауға ақысы жоқ», деп жауап берді. Шайтанның мұндай айласына қарсы «Ғибадат ету пайдалы. Өйткені, маңдайыма саид деп жазылған болса, сауаптардың көбейуі, дәрежелердің жоғарылауы үшін ғибадаттарды жасау керек. Шақи болсам, ғибадат жасамады деген азаптан құтылу үшін, ғибадат етемін» деп айту керек. Ғибадат етудің маған ешқандай зияны болмайды. Өйткені, Аллаһу та'ала хаким. Ғибадат еткендерді азапқа тарту, Оның хикметіне жараспайды. Ғибадатты тәрк етудің, маңдайына саид деп жазылғанға зияны болмаса да, пайдасы жоқ. Олай болса, ғибадатты неге тәрк етуім керек? Ақылы бар адам, пайдалы нәрсені жасайды. Пайдасыз нәрсені тәрк етеді. Маңдайыма шақи деп жазылған болса, жаһаннамға Раббыма дұшпан болып кіргенше, мойынсұнып кіргенді таңдаймын. Сондай-ақ Аллаһу та'ала ғибадат еткендерді жаннатқа кіргізіп, ғибадат етпегендерді

жаһаннамда азаптайтынын уәде еткен. Аллаһу та'ала уәдесіне берік. Уәдесінен қайтпайтыны ауыз бірлікпен айтылған.

Аллаһу та'ала барлық нәрсені себебімен жаратқан. Аллаһу та'аланың әдеті солай. Тек мұғжиза мен кереметте ғана әдетін бұзуда. Ғибадаттарды жаннатқа кіру үшін бір себеп еткенін білдіруде. Яғни жаннат ниғметтерін ғибадаттарға сияпат ретінде жаратқан. Хадис шәрифте: **«Ешкім жаннатқа ғибадаты себебінен кіре алмайды»** делінген. Сияпат басқа, себеп болу басқа.

Шайтан айлаларының оныншысы ретінде "ғибадат ету маңдайыңа жазылған болса, оны орындау мүмкіншілігің болады. Аллаһу та'аланың тағдырға жазғаны өзгермейді. Ғибадат жасауда және тәрк етуде адамдар мәжбүр болуда", дейді. Шайтанның бұл сөзі алдыңғы айтқан сөздерімен бірдей. Маңдайына саид деп жазылғандарға ғибадат ету нәсіп болады. Шақи делінгендердің тәрк етулері керек болады. Шайтанның бұл айласына қарсы, барлық нәрсені және адамның жақсы, жаман әр ісін Аллаһу та'ала жаратса да, адамдар мен жануарларға **«ирада-и жузийа»** (таңдау құқығы) берілген. Ирадаи жузийа адамның қалауымен іске асады. Бірақ, мұны адам жаратты делінбейді. Өйткені, ирада (қалау) сыртта пайда болатын, көзге көрінетін нәрсе емес. Ол адамның көңілінде пайда болады. Сыртта пайда болған нәрсенің ортаға шығуына **«халқ ету»**, жарату делінеді. Аллаһу та'аланың **«Ирадаи-куллийа»**-сы болса, сыртта бар болған бір қуат. Аллаһу та'ала адамның таңдаған нәрсесін жасауы үшін, адамның қалауын себеп қылған. Бұл шарт болмаса да жаратады. Бірақ бұл шартпен, бұл себеппен жаратуы Оның әдеті болып табылады. Пайғамбарларында "алейһимуссалауату уәттәслимат" және әулиелерінде "қаддәсаллаһу та'ала әсрарәһумул'азиз" бұл әдетін (тәртібін) бұзып, себепсіз де жаратқаны көп көрілген. Бұл **«Керемет»** деп аталады.

Адамдардың істері тек ирадаи жузийамен (өз қалауымен) іске аспайды. Яғни, адамның әр қалағаны бола бермейді. Сондай-ақ тек Өзінің қалауымен ғана жарату да Аллаһу та'аланың әдеті емес. Сол себепті, адамдар жасап жатқан істерін мәжбүрлікпен жасап жатқан жоқ. Адам қалайды, әрекет етуді қалайды, күшін қолданады, Аллаһу та'ала да қаласа, бұл іс-әрекет пайда болады.

Шайтан: «Аллаһу та'ала қаласа ғана адам ғибадат етеді, қаламаса етпейді. Онда адам, істі жасау жасамауда мәжбүр болуда. Адам еңбек етсе де, етпесе де маңдайына жазылғанын көреді» деп алдайды. Адамның іс-әрекеттері маңдайына жазылғаны бойынша орындалса да, орындалуы үшін адам әуелі ирадаи жузийасын қолдануда. Істің жасалуын немесе жасалмауын адам өзі қалауда. Адамның іс-ərекттерін Аллаһу та'аланың әзелде жазуы – адамның нені қалайтынын білуі және қалауы деген сөз. Бұларды Ләуһул махфузда жазып қойған. Сондықтан құлдың мәжбүр болуы қажет емес. Ислам ғұламаларының бірі Сәйид Абдулхаким хазреттері: «Әзелдегі қаза мен тағдыр – Аллаһу та'аланың құлдары не істейтінін, не қалайтынын білуі. Не істеу керектігін әзелде бұйыруы емес» деген. Яғни қаза мен тағдыр, әмри әзәли (әзелде бұйырылған әмір) емес, илми әзәли (әзелде білу) болып табылады. Яғни жәбри мутахакким емес (жәбір беруші емес), илми мутәқаддим (бұрыннан білуші) болып табылады.

Бір адам, басқа адамның күнделікті істейтін істерін білсе және бұларды істеуін қалап, барлығын бір қағазға жазса, бұл істерді істейтін адамды мәжбүрлеген болмайды. Істейтін нәрселерімді білетін едің және істеуімді қаладың және қағазға жаздың. Олай болса, бұларды сен істедің деп те айта алмайды. Өйткені, ол мұның барлығын өз қалауымен, өзі істеген. Не істейтіндерін білетін адамның білгені үшін және қалап, жазғаны үшін солай істеген жоқ. Аллаһу та'аланың әзелде білуі және қалауы және Ләуһул махфузға жазуы да, адамдарды мәжбүр ету болып саналмайды. Аллаһу та'ала әзелде қалағаны үшін, Ләуһул махфузға жазған. Құлдың не істейтінін білгендіктен, істелуін қалаған. Аллаһу та'аланың әзелдегі білуі, құлдың өз қалауымен жасайтын ісіне байланысты. Құлдың ісі де, Аллаһу та'аланың осы ілімі мен қалауымен және жаратуымен пайда болады. Құл, қалауын қолданбаса (қаламаса), Аллаһу та'ала құлдың қалауын қолданбайтынын (қаламайтынын) әзелде білгендіктен қаламайды және жаратпайды. Демек, ілім білгенге бағынышты. Адамдардың қалауы болмай, адамдардың істері тек Аллаһу та'аланың қалауымен жаратылғанда, адамдар мәжбүр деп айтуға болатын еді. Әһли сүннет сенімі бойынша адамдардың істері, адамдардың күші мен Аллаһу та'аланың құдіретінің біргігуінің әсерінен пайда болады.

[Адамның жүрегі яғни көңілі материя емес. Электр және магнит толқындарына ұқсайды. Орын алмайды. Бірақ, кеудеміздің сол жағында орналасқан, жүрек деп аталатын ет бөлшегінде қуаты, әсерлері (ықпалы) пайда болуда. Ақыл, нәпіс және рух та, көңіл сияқты бір жаратылыс. Бұл үшеуінің де көңілмен байланысы, қатысы бар. Адамның көзі, құлағы, мұрны, аузы және терісімен сезетін түс, дауыс, иіс, зауық және ыстық, қатты сияқты нәрселер, сезім жолдарымен миға келеді. Ми өз кезегінде бұларды дереу көңілге білдіреді. Ақылдың, нәпістің, рухтың және шайтанның қалаулары көңілге келеді. Көңіл не істеу керектігіне шешім қабылдайды, таңдайды, қалайды. Бұл нәрселерді не қабылдамай, бас тартады немесе ақылға білдіреді. Ақыл бұларды әрекет жүйелерімен дене мүшелеріне білдіреді. Дене мүшелері Аллаһу та'ала қаласа және қуат берсе, әрекет етіп, көңілдің қалап, таңдаған нәрсесі іске асады.]

Тәкаппарлық (кібір)

12- Көңіл (жүрек) ауруларының он екіншісі **«кібір»** (тәкаппарлық). Тәкаппарлық – өзін басқалардан үстем, жоғары көру дегенді білдіреді. Ондайлардың өзін жоғары көру арқылы жүректері рахаттанады. **«Ужб»** та өзін жоғары деп білу деген сөз. Ужбта басқаларды ойламайды, тек өзін және ғибадаттарын жақсы көреді. Тәкаппарлық – жаман мінез, харам болып табылады. Жаратушысын, Раббысын ұмытудың белгісі. Көптеген дін адамдары, осы жаман ауруға шалдыққан. Хадис шәрифте: **«Көңілінде** (жүрегінде) **түйірдей тәкаппарлығы болған адам жаннатқа кірмейді»** делінді. Тәкаппарлықтың терісіне «**тәуазу»** (қарапайымдылық) делінеді. Қарапайымдылық – өзін басқалармен бірдей көру, басқалардан бір саты жоғары немесе төмен көрмеу деген сөз. Қарапайымдылық – адам үшін ең жақсы мінездердің бірі. Хадис шәрифте: **«Қарапайым болғанға сүйінші болсын»** делінді. Қарапайым адам, өзін басқалардан төмен көрмейді. Төмен, масқара және қор болмайды. Мал-мүлкін (табысын) халалдан тауып, көп сыйлық береді. Дін ғалымдарымен және жаратылыстанушылармен (пән ғалымдарымен) танысады. Кедей-

лерге жәрдем береді. Хадис шәрифте: **«Қарапайым адам – табысын халалдан табатын, мінезі жақсы, адамдармен жұмсақ мәміледе болатын және ешкімге жамандық жасамайтын, өте жақсы адам»** және **«Аллаһу та'ала үшін қарапайымдылық еткенді, Аллаһу та'ала жоғарылатады»** делінген. Тәкаппар адамдарға қарсы, тәкаппарлық ету жаиз. Аллаһу та'ала құлдарына қарсы мүтәкәббир (тәкаппар). Аллаһу та'ала кибр иесі (ұлы). Тәкаппар адамға тәкаппарлық ету, садақа берудей сауап. Тәкәппарға қарсы қарапайымдылық еткен адам, өзіне зұлымдық еткен болады. Бидғатшыларға және байларға қарсы тәкаппарлық ету жаиз болады. Бұл тәкаппарлық өзін жоғары көрсету үшін емес. Оларға сабақ ретінде, ғафлеттен [қараңғылықтан, ықылассыздықтан] ояндыру үшін. Соғыста дұшпандарға қарсы тәкаппар болу сауап. Бұл тәкаппарлыққа **«хуала»** делінеді. Садақа бергенде қуанышпен бірге аздап тәкаппар көріну қажет. Садақа берушінің тәкаппарлығы, кедейге қарсы емес. Беріп жатқан малын кішірейту (кіші көру) үшін. Яғни малға көңіл байламағанын көрсетеді. Хадис шәрифте: **«Беретін қол, алатын қолдан абзал»** делінген. Рияшыларға, өзін көрсетіп мақтанатындарға қарсы тәкаппар болу жаиз. Өзінен төмен болғандарға қарапайымдылық ету жақсы болса да, шектен шықпауы, яғни артық кетпеуі қажет. Шектен шыққан қарапайымдылыққа **«тәмәллук»** делінеді. Тәмәллук, тек ұстаз бен ғылымға қарсы жаиз. Басқаларға қарсы жаиз емес. Хадис шәрифте: «**Тәмәллук, мұсылман ахлақынан емес»** делінген. Шумақ:

Ұстазбенен емшіге, ету керек тәмәллук,
Бірі пәнге, бірі тәнге, жаудырады игілік

Тәкаппарлықтың ең жаман түрі Аллаһу та'алаға қарсы тәкаппар болу. Нәмруд осындай еді. Ол өзінің тәңір екендігін жария етті. Аллаһу та'аланың насихат ету үшін жіберген пайғамбарын "алейһиссалату уәсәлләм" отқа тастады. Перғауын да осындай ақымақтардың бірі еді. Мысырда өзінің құдай екенін жариялады. Мен сендердің күшті тәңірлеріңмін деді. Аллаһу та'ала насихат айтуы үшін Мұса алейһиссаламды жіберді. Оған сенбеді. Аллаһу та'ала, оны Сувейш теңізіне батырды. Осылар сияқты, бұл дүниенің жаратушысына сенбегендерге **«дәһри»**, атеист делінеді. [Әр ғасырда осындай ақымақтар келген. Мао

сияқты, Сталин сияқты залымдар миллиондаған адамды өлтіріп, зорлық-зомбылық көрсетіп және дін адамдарын, ислам кітаптарын, ұлттардың құндылықтарын жойып, дір қақтырған. Ойларына келгенін қинап істетіп азғындықтың шырқау шегіне жеткен. Өздерінде Құдайға тән үстемдіктер бар екеніне сенген және айтқан. Ислам кітаптарының таралуына, оқылуына тыйым салып, дін туралы, Аллаһу та'ала туралы әңгіме айтқандарды өлтірген. Өздері Аллаһу та'аланың қаһарынан, ашуынан құтыла алмай жоқ болған. Аттары тарихта өткен барлық залымдар сияқты лағнет, жек көрушілікпен еске алынуда. Бүлік және қулықпен, кейбір араб мемлекеттерінің басына отырып алған улы пропагандалармен милары уланған залымдармен диктаторлар да, сол атеисттердің жолына еліктеп, исламға дұшпандық жасауда. Тарих кітаптарында жазылған залымдардың қорқынышты соңдарынан ғибрат алмауда. Дүниеде және ахиретте бастарына келетін азаптарды, пәлекеттерді еш ойламауда.]

Расулуллаһқа да "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" қарсы тәкаппарлық еткендер көп кездесті. "Аллаһтың жіберген пайғамбары осы ма?" деді. "Бұл Құран Мекке қаласының алдыңғы қатарлы адамдарына түсірілгенде жақсы болар еді" деді. Тарих бойынша, исламның ұлы тұлғаларына қарсы, осылай тәкаппарлық етіп, кемсіткендер аз болған жоқ. Бұл тәкаппарлық күшсіз, әлсіз, қолынан ештеңе келмейтін, тіпті өзінен және денесінің құрылысынан хабары болмаған құлдың өз қожайынына, иесіне, күш-қуаты шексіз болған Раббысына қарсы соғысы еді. Уақытында Ібіліс те, осылай тәкаппар болды. Періштелерге Адам алейһиссаламға сәжде етуін әмір еткенде, "топыраққа қарай не үшін сәжде жасаймын? Мен одан да абыройлымын. Мені оттан, оны балшықтан жараттың" деп, Раббысына қарсы шықты. Оттың алауын, сүйкімділігін және жарық беретінін көріп, оны су мен топырақтан жоғары деп ойлады. Ал негізінде абыроймен мәртебе өзін жоғары санауда емес, қарапайымдылықта. Жаннатта топырақ бар және иісі жұпардай әдемі болады. Жаннатта от жоқ. От, жаһаннамда азап құралы. От бұзуға, ал топырақ ғимарат тұрғызуға жарайды. Махлұқтар топырақ үстінде өмір сүруде. Қазыналар топырақта болады. Қағба топырақтан жасалған. Оттың жарығы қараңғылықты кетірсе де, топырақта гүлдер, жеміс-жидектер өсуде. Әлемнің,

жаратылыстардың ең үстемі болған Мұхаммед алейһиссаламның орны топырақ.

Хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала бұйырады: тәкаппарлық, үстемдік және ұлылық маған тән. Бұл екеуінде маған ортақ болуға тырысқан адамды жаһаннамға тастаймын, еш аяушылық етпеймін»** және **«Көңілінде** (жүрегінде) **түйірдей тәкаппарлығы болған адам жаннатқа кірмейді»** деп айтылғанда, "әдемі киім кию және таза аяқ киім қолдануды жақсы көретін адам, осындай ма?" делінді. Жауабында: **«Аллаһу та'аланың өзі жәмил** (әдемі)**. Ол жамал иелерін жақсы көреді»** деп бұйырды. [Ұсқынсыз, жиіркенішті болмау үшін, түрі жағымсыз деп аталмау үшін жасалатын тазалыққа, әдемілікке "жамал" делінеді. Қажет заттарын, хош және жақсы көрінетіндей қолдану жамал болады. Әдемі киініп, әдемі көрінгенсоң, басқалардан ерекше көріну мақсатымен денесінде, киімінде, бұйымдарында болған өзгерістерге әшекей (сән) делінеді. Денесін, денсаулығын, абыройын, қадірін қорғау үшін қажет болғаннан басқасы артық. Еркектердің барлық жерде, ал әйелдердің намахрем (бөтен) еркектердің жанында, әшекей бұйымдарын қолдануы жаиз емес.] Аллаһу та'аланың әрбір ісі әдемі. Ол мінезі әдемі болғандарды жақсы көреді. Бұл хадис шәрифтерде тәкаппарлардың басқа күнә істегендер сияқты азапсыз, дереу жаннатқа кірмейтіні айтылған. Жаннатқа кірмейтіндердің барар жері жаһаннам. Себебі, ахиретте бұл екеуінен басқа баратын жер жоқ. Түйірдей иманы болғандар жаһаннамда мәңгі қалмайды, жаннатқа кіреді. Үлкен күнә жасап тәубе етпеген, шапағатқа, кешірімге қауышпаған мүмин жаһаннамда, күнәсына сай азапталғаннан кейін шығарылады. Хадис шәрифте: **«Тәкаппарлығы, қиянаты және құл ақысынан қарызы болмаған мүмин, есепсіз жаннатқа кіреді»** және **«Құл ақысы мүминнің айыбы, кемшілігі»** делінді. Напақа үшін қарыз алу және малы болғанда дереу қайтару керек. Жоғарыдағы хадис шәрифте қажет болмаса да алынған қарыз және әйеліне болған мәһір қарызы және діни білімін үйрету қарызы туралы айтылған. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" қайтыс болар алдында: **«Йа Әли! Пәлен яһудиге қарызым бар. Оны өте!»** деді. Яһудиден қарызға арпа алған еді. Қайтару үшін өсиет етті. Яһуди ғалымдарының үлкендерінің бірі болған және расулуллаһпен

“саллаллаһу алейһи уәсәлләм” бір рет сөйлесу арқылы хақ пайғамбар екендігін түсініп иман келтірген Абдуллаһ бин Сәлам “радиаллаһу та’ала анһ” бір құшақ отынды арқалап, таситын еді. Бұны көргендер, “соншалықты көп малың, ақшаң бола тұрып, не үшін өзіңді осылай қинайсың” дегенде, “нәпсімді тәкаппарлықтан құтқару үшін” деп жауап берді. Байдың қызметшісінен ақшасын қызғанып, жүгін өзі тасуы, өзін қорлағаны, бұл төмендік болады. Алайда сүннетке мойынсұну және нәпсін сындыру үшін өзі тасуы жақсы әрі сауап болады. Хадис шәрифте: «**Қиямет күні Аллаһу та’ала үш адаммен сөйлеспейді. Барлығын өте қатты азаптайды. Зина жасаған кәрі шал, өтірік айтқан үкімет басшысы және тәкаппар болған кедей**» делінді. Омар “радиаллаһу анһ” Шам (Дамаск) қаласына келгенде, Әбу Убайда бин Жәррах “радиаллаһу та’ала анһ” қол астындағылармен бірге оны қарсы алды. Халифа түйесінен түсіп, орнына құлын отырғызды. Өйткені түйені құлымен кезектесіп мініп келе жатқан еді және түйеге міну кезегі құлға келген еді. Өзі түйенің тізгінін ұстап жүрді, судың жағасына келгенде мәсісін шешіп, суды кешіп өте бастады. Шам әскерінің қол басшысы болған Әбу Убайда “радиаллаһу та’ала анһ”: «Уа Халифа! Бұлай жасағаныңыз не? Барлық Шамдықтар, әсіресе византиялықтар мұсылмандардың халифасын көру үшін жиналды. Сізге қарап тұр. Бұл жасағаныңызды жақтырмайды» дегенде, «Йа Әбу Убайда! Сенің бұл сөзің, осы жерге жиналғандарға өте зиянды. Естігендер адамның қадірі (мәртебесі) бір нәрсеге мініп келу және әдемі киім киюде екен деп санайды. Нағыз қадірдің мұсылман болумен ғибадат жасауда екендігін түсінбейді. Біз төмен, надан адамдар едік. [Аджәм (иран) патшаларының қолында тұтқын едік] Аллаһу та’ала біздерді мұсылман етіп, мәртебелендірді. Аллаһу та’аланың берген бұл мәртебесінен, бұл үстемдігінен басқа абырой іздесек, Аллаһу та’ала бізді қайтадан төмен (қор) қылады. Барлық нәрседен төмен етеді. Үстемдік Исламда. Абырой Исламда. Исламның үкімімен жүрген адам қадірлі болады. Бұл үкімді қаламай абыройды, тыныштықпен бақытты басқа нәрселерден іздеген адам төмен (қор) болады» деді. Ислам бұйырған әмірлердің бірі қарапайым болу. Қарапайымдылық танытқан адам әрдәйім қадірлі болады, мәртебесі асады. Ал тәкаппар адам төмен (қор) болады.

Бір хадис шәрифте: **«Қиямет күні, дүниеде тәкаппар болғандар құмырсқа сияқты төмен (қор) және бейшара болып қабірлерінен шығарылады. Құмырсқадай, бірақ адам кейпінде болады. Барлығы бұларды төмен (қор) көреді. Ондайлар жаһаннамның ең терең және азабы ең ауыр болған Болис шұқырына тасталады. Ол жерге түскендер құтылудан үміт үзгендіктен ол жерге Болис делінген. От ішінде жоғалып кетеді. Су сұрағанда бұларға жаһаннамдағылардың іріңдері беріледі»** делінген. Мәдинаның әкімі болған Әбу Хурайра “радиаллаһу та’ала анһ” бір құшақ отын тасып жүр еді. Мұхаммед бин Зияд “рахимәһуллаһу та’ала” оны танып, жанындағыларға “жол беріңдер, әмір келе жатыр” деді. Жастар басшының мұндай қарапайымдылығына таң қалды. Хадис шәрифте: **«Алдыңғы үмметтердің ішінде тәкаппар бір адам, етектерін жерге сүйретіп жүретін еді. Бұл қылығы ғайрати иләһиәға тиіп, оны жер жұтты»** және **«Есекке міну, жүннен жасалған киім кию және қойдың сүтін сауу, қарапайымдылықтың белгісі»** делінді.

Кібірдің (тәкаппарлықтың) ең басты жеті себебі бар: Ілім, яғни діни ілімдер, ғибадат, текті болу, сұлулық, күш-қуат, байлық, мансап. Бұл сипаттар надандардың бойынан табылса, кібірге себеп болады.

Ілім кібірге себеп болумен қатар, кібірдің шарасы (емі) де ілім болып табылады. Кібірге себеп болған ілімнің емі өте қиын. Өйткені, ілім өте құнды нәрсе. Сондықтан ілім иесі өзін жоғары және құрметті, абыройлы деп санайды. Мұндай адамның менгергендеріне ілім емес, надандық деп айтқан дұрысырақ болады. Шынайы ілім адамға өз әлсіздігін, кемшілігін және Раббының үстемдігін, ұлылығын көрсетеді. Жаратушысына болған қорқынышын және құлдарға болған қарапайымдылығын арттырады. Құлдардың ақыларына мән беретін болады. Осындай ілімді үйрету және үйрену парыз. Бұған **«Илми нафи»** (пайдалы ілім) делінеді. Бұл ілім ықыласпен ғибадат жасауға себеп болады. Кібірге себеп болатын ілімнің емі екі нәрсені білумен іске асады. Біріншісі, ілімнің құнды, абыройлы болуы, салих ниетке байланысты. Ілімді надандықтан және нәпсінің қалауынан құтылу үшін үйрену керек. Имам болу, муфти болу, дін адамы ретінде

танылу үшін үйренбеу керек. Екіншісі, ілімімен амал ету керек және өзгелерге үйрету керек, бұл екі нәрсені ықыласпен жасау керек. Амал және ықыласпен болмаған ілім зиянды болады. Хадис шәрифте: **«Аллаһ үшін болмаған ілім иесі жаһаннамда оттың үстіне отырғызылады»** делінді. Мал-мүлік, атақ-абырой үшін ілім иесі болу осыған жатады. Дүниелік нәрселерге қол жеткізу мақсатымен ілім үйрену, яғни дінді дүниелік нәрсеге құрал ету, алтын қасықпен нәжіс жеуге ұқсайды. Дінді дүниелік табысқа құрал еткендер дін ұрылары болып табылады. Хадис шәрифте: «**Дін ілімдерін дүние табу үшін қолданғандар, жаннаттың иісін де сезіне алмайды»** деп бұйырылды. Жаратылыстану ғылымдарын дүние табу үшін үйрену жаиз болып табылады, тіпті қажет. Хадис шәрифте: **«Бұл үмметтің ғалымдары екі түрлі болады: Біріншілері, ілімдерімен адамдарға пайдалы болады. Олар адамдардан ешнәрсе күтпейді. Мұндай адамға теңіздегі балықтар мен жер бетіндегі жануарлар және аспандағы құстар да дұға етеді. Ілімі өзгелерге пайдасы болмаған, ілімін дүние табу үшін қолданғандардың бастарына қияметте жаһаннамдағы оттан жасалған жүген салынады»** делінді. Жер мен көктегі барлық махлұқтың тәсбих ететінін Құран кәрім хабар берген. **«Ғұламалар пайғамбарлардың мұрагерлері»** деп айтылған хадис шәрифтегі ғұлама – Расулуллаһтың “саллаллаһу та’ала алейһи уәсәлләм” жолында болған, Оның жолына мойынсұнған дін ғалымы деген сөз. Исламға мойынсұнған ғұлама айналасына нұр шашқан жарықтың көзіндей болады. **«Қиямет күні бір дін адамы әкелініп жаһаннамға тасталады. Жаһаннамдағы таныстары оның қасына жиналып, сен дүниеде Аллаһтың әмірлерін айтатын едің. Неге бұл азапқа душар болдың, дейді. Иә, бұл – күнә, мұны істемеңдер, дейтін едім, бірақ өзім істейтін едім. Істеңдер деген нәрселерімді өзім істемейтін едім. Сондықтан жазасын тартудамын, дейді»** және **«Миғраж түні көкке көтеріліп бара жатқанымда адамдарды көрдім. Олар оттан жасалған қайшылармен еріндерін кесіп жатыр еді. Бұл адамдардың кімдер екенін Жәбрейілден сұрадым. Үмметіңнің хатибтері, уағызшылары, өздерінің орындамаған нәрселерін орындаңдар дегендер, деді»** және **«Жаһаннам зәбанилері** (періштелері) **күнә**

істеген қарилерге, пұтқа табынғандардан бұрын азап береді. Өйткені біліп жасалған күнә білмей жасалғаннан да жаман.» деген хадис шәрифтер бар. Сахабалар үлкен ғұлама болғандықтан кішкентай күнәлардан құдды үлкен күнәдай қорқатын еді. Бұл жерде айтылған қарилер, Тәурат қарилері болса керек. Өйткені, күнә істеген мұсылмандар кәпірлерден ауыр азапқа тартылмайды. Немесе, осы үмметтен болып, күнәлардан, харамдардан тиылуға мән бермей, кәпір болған қарилер болуы мүмкін. Хадис шәрифте: **«Ғұламалар мемлекет адамдарына араласпағанша және дүниенің артынан қумағанша, пайғамбарлардың аманатшылары болып қала береді. Дүние жинай бастағанда және үкімет адамдарының арасына араласқанда, бұл аманатқа қиянат еткен болады»** делінді. Аманатшының өзіне аманат етілген дүниені қорғауы қажет болғаны сияқты, дін ғалымының да, ислам білімдерін бұзылудан қорғауы қажет. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уә сәлләм" Қағбаны тауаф жасап жатқанда, Одан қандай адам ең жаман? деп сұралды. **«Жаманын сұрама, жақсысын сұра. Ғұламалардың жаманы, адамдардың ең жаманы»** деді. Өйткені жаман ғұламалар біліп күнә істейді. Иса алейһиссалам: «Жаман ғалымдар, судың жолын жауып қалған бекет сияқты. Су бекеттен сыздап өте алмайды. Судың ағуына тосқауыл болады» деген. Жаман дін адамы канализацияға ұқсайды. Сырт көрінісі таза, көркем және мықты өнер туындысы. Іші болса ластанған, кірге толы. Хадис шәрифте: **«Қиямет күні азаптардың ең ауыры, ілімі өзіне пайдасы болмаған діндарларға беріледі»** делінген. Сондықтан мунафықтар, яғни мұсылман болып көрінетін кәпірлер, жаһаннамның түбіне кетеді. Өйткені олар естіп, біліп тұрып, қасарысып, кәпір болғандар. Ілім иесі, яғни дін ілімдерін үйренген адам мәңгі бақытқа қауышады немесе шексіз пәлекетке душар болады. Хадис шәрифте былай делінеді: **«Жаһаннамда азап тартып жатқандардың кейбіреулері жаман иіс шығарады. Бұл иіс өзгелерге оттан да ауыр азап береді. Сен мұнша саситындай қандай күнә істедің деп сұралғанда, мен дін адамы едім. Білгендерімді орындамайтын едім, дейді»**. Әбуддәрда "радиаллаһу та'ала анһ" былай дейді: «Ілімімен амал жасамайтын дін адамына ғұлама делінбейді.» Ібіліс барлық діндерді білетін

еді. Бірақ іліміне амал жасамады. Шөлде қалып қойған адамның қасында он түрлі қылыш және әр түрлі қарулар болса, бұларды қолдануды жақсы білсе және ер жүрек болса, өзіне шабуыл жасаған арыстанға қарсы қолданбаса, бұл қарулардың пайдасы бола ма? Әрине болмайды. Сол сияқты, кісі дін ілімдерінен жүз мың мәселе үйренсе, бұларды қолданбағасын пайдасын көрмейді. Ауру болған адам да, дертіне ең пайдалы дәріні тапса, бірақ, оны қолданбаса, пайдасын көрмейді.

«Ақыр заманда ғибадат ететіндердің көбісі діни сауатсыздар болады. Дін адамдарының көбі пасық болады» хадис шәрифінде білдірілген пасық дін адамдары дүние табу үшін үкімет адамдарының арасына араласады. Суфйан Сәури “рахимә һуллаһу та’ала” былай дейді: «Жаһаннамда оттан бір шұңқыр бар. Бұл шұңқырда үкімет адамдарының арасына араласқан риягер қарилер азап тартады.» Тағы бірде хазреті Суфйан былай дейді: «Ілімде жоғарылағаным соншалық, бір аятқа отыз үш түрлі мағына беретін едім. Бір күні сұлтанның шақыруына бардым. Жеген тағамдарымның әсерінен білгендерімнің барлығын ұмыттым.» Мұхаммед бин Сәләмә “рахимәһуллаһу та’ала” былай дейді: «Дүние пайдасы үшін үкімет адамдарының есігінде күткен бір қаридің (дін адамының) халі, лас нәрсенің (нәжістің) үстіне қонған шыбынның халінен де жаман.

«Аллаһу та’аланың ихсан еткен ілімін, адамдарға үйретпеген адамға, қиямет күні оттан арқан байланады» хадис шәрифі жоғарыда айтылған еді. Ілімді, ілім іздеген лайықты кісілерден аяған дін адамдары осылай болады. Ниса сүресінің: **«Мал-мүліктеріңді ақымақтарға бермеңдер!»** мағынасындағы бесінші аяты ақымақтарға, мүнафықтарға ілім үйретуге тиым салуда.

«Ислам барлық жерге жайылады, тіпті, ислам саудагерлері, сауда үшін үлкен теңіздерде сапар шегеді және ғазилердің (дін жолында соғысқандардың) **есімдері басқа мемлекеттерге жайылады. Кейін қарилер шыға бастайды, менен жақсы оқитын бар ма? Менен көп білетін бар ма? дейді. Жаһаннамның отындары осылар»** хадис шәрифінен түсінетініміз, риямен оқу және тәкаппарлық жасау адамның өзін жаһаннамға сүйрейді.

Хадис шәрифте: **«Ғалыммын деген адам – жаһил (надан)»** делінді. Әр сұралған нәрсеге жауап беретін, әр көргенінен мағына шығаратын және барлық жерде білгенін сататын адам надандығын көрсеткен болады. «Білмеймін, оқып, іздестіріп көрейін, сосын айтамын» дейтін адамның шынайы ғұлама екені белгілі болады. Расулуллаһтан "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" "ең құнды жер – қай жер?", деп сұралғанда: **«Білмеймін, Раббым білдірсе айтамын»** деген. Мұны Жәбрейіл алейһиссаламнан сұраған, одан да осындай жауап алған. Жәбірейіл алейһиссалам Аллаһу та'аладан сұрап, **«Мешіттер»** деген жауап алған. Араф сүресінің **«Кешірім жолын ұста! Дұрыстыққа бұйыр!»** деген 199-шы аяты түскен кезде пайғамбарымыз Жәбрейіл алейһиссаламнан бұл аятты ашықтап түсіндіруін сұраған. Жәбрейіл алейһиссалам Раббымнан сұрап білейін, деп кетеді. Қайтып келіп: «Аллаһу та'ала **«Сенен алыстағанға жақында! Сенен жәрдем сұрағанға жақсылық жаса! Саған зұлымдық жасағандарды кешір!»** деген әмірін берді» деді. Шаби «рахимәһуллаһу та'ала» өзінен сұралған сұрақтардың біреуіне «білмеймін» дегенінде, сен Ирак мемлекетінің муфтиісің. «Білмеймін» деп айту саған жараса ма? деді. Сонда Шаби хазреттері: «Періштелердің үстемдері білмейміз дегеннен кейін менің сөзімнен не пайда?» деді. Имам Әбу Юсуф «рахимәһуллаһу та'ала» бір сұрақтың жауабын білмеймін дегенінде, сұрақ қойғандар оған: «Бәйтул малдан (мемлекеттің қазынасынан) айлық аласың, бірақ сұраққа жауап бере алмайсың» деді. Сонда имам оларға: «Бәйтул малдан айлықты білгендерім үшін ғана алудамын, білмегендерім үшін де алғанымда бәйтул малдың қазынасы жетпес еді» деп жауап берді. Нәпсіне ермейтін надан адаммен дос болу, нәпсінің жетегінде кеткен дін адамымен дос болудан жақсы. Дін адамы болғанына сүйеніп тәкаппар болу – надандықтың белгісі. Өйткені, шынайы ілім қарапайымдылыққа себеп болады, кібірден алыстатады.

Тәкаппар болу харам болып табылады. Тәкаппарлық Аллаһу та'аланың сипаты. Кібір және кибрия сипаты, Оған тән. Адам нәпісін қанша төмен ұстаса, Аллаһу та'аланың дәргейінде қадірі соншалықты жоғарылайды. Өзін құрметті, қадірлі деп санаған адамның, Аллаһу та'аланың дәргейінде қадірі болмайды.

Тәкаппарлықтың зиянын білмейтін адамды ғалым деп атау өтірік болады. Адамның ілімі артқан сайын, Аллаһу та'аладан қорқуы артады. Күнә жасауға батылы бармайды. Сондықтан да пайғамбарлар «алейһимуссалам» өте қарапайым еді. Аллаһу та'аладан қатты қорқатын еді. Оларда тәкаппарлық және ужб сияқты жаман мінездер жоқ еді. Кішілерге, пасықтарға және күнәһарларға да қарсы тәкаппар болмау керек. Тек тәкаппарларға қарсы тәкаппар болу керек. Ғалым жаһилді (сауатсызды) көрген кезде, "бұл адам білмегендіктен күнә істеп жатыр. Мен болсам, біліп тұрып істеймін", деуі керек. Бір ғалымды көргенде, "ол менен көп біледі және ілімінің ақысын беруде. Ықыласпен амал жасайды. Мен мұндай емеспін", деу керек. Өзінен жасы үлкен біреуді көргенде, "ол менен көп ғибадат жасаған", деу керек. Жастарды көргенде, "олардың күнәсі аз, менің күнәларым көп" деу керек. Өзімен жастыларды көргенде, "мен өз күнәларымды білемін, бірақ олардың амалдарын білмеймін. Білініп тұрған қылмысқа жаза беріледі, білінбегеніне емес. Олай болса, оған қарағанда мен жазаға лайықтырақпын" деп, өзін төмен санау қажет. Бір бидғатшыны немесе кәпірді көргенде "адамның халі соңғы демінде белгілі болады. Менің халім не болады екен" деп, оларға да тәкаппарлық етпеу керек. Бірақ, оларды жақсы көрмеу керек. Күпірді, бидғатты таратуға тырысып жүрген **«Діндегі реформашылар»** Расулуллаһтың «саллаллаһу алейһи уәссәләм» сүннетіне дұшпан. Олар сүннеттің нұрын сөндіруге және бидғатты, адасушылықты жаюға және Әһли сүннет ғұламаларын «рахимәһумуллаһу та'ала» жамандауға, аят пен хадис шәрифтерге қате мағыналар беріп, исламды ішінен құлатуға тырысуда.

[Кітап үйімізден шығып жатқан барлық басылымдар, Әһли сүннет ғұламаларының "рахимәһумуллаһу та'ала" кітаптарынан аударылған. Өз ойымыз емес. Кітаптарымыздың барлығында Әһли сүннет ғұламаларының "рахимәһумуллаһу та'ала" үстемдіктерін жастарға жеткізуге тырысудамыз. Дүниеде және ахиретте бақытқа қауышудың жалғыз шарасы - Әһли сүннет ғұламаларының "рахимәһумуллаһу та'ала" кітаптарында көрсетілген жол екендігін білдірудеміз. Осы бақытты, осы құтылу жолын адамзатқа танытуға тырысудамыз. Бұл істеп жатқандарымыз үшін ешқандай пайда

табуды көздемейміз, ешкімнен ешнәрсе күтпейміз. Бидғатшылар, мазһабсыздар және әр түрлі ислам дұшпандары, кітаптарымыздың оқылуын, жайылуын қаламауы мүмкін. Кітаптарымызға шайтанша жала жабуы мүмкін. Олар ілім иесі болмағандықтан кітаптарымыздан ілімі тұрғыдан ешқандай кемшілік таба алмауда. Кітаптардан ақша тауып жатыр, табысқа кенелуде деп те айта алмайды. Бұл кітаптар қате, бұларды оқымаңдар дейтін дүмшелер де кездесіп тұр. “Қай жері қате? Көрсет” дегенімізде, «солай естідік, солай екен» дейді. Әлһамдулиллаһ! Көзі ашық жастар, мұндай бүлікшілерге алданбайды.]

Бұл реформашыларды, бүлікшілерді де жақсы көрмеу керек. Алайда, адамның өз күнәларын ұмытпауы және әзелде өзі туралы тағдырына жазылғанын және соңғы демінің қалай болатынын ойлауы қажет. Ахиретте кімнің кімнен үстем болатыны, дүниеде нақты білінбейді. Көптеген дін адамдары кәпір болып жан тапсырған. Көптеген кәпірлерге де иманмен жан тапсыру нәсіп болған. Қазір, кәпірге жаһаннамдық, өзіне жаннаттық деген адам, ғайыпты білгенін айтқан болады. Бұл – күпірлік болып табылады. Өйткені, жаннаттық болу мен жаһаннамдық болу соңғы демде белгілі болады. Соңғы демнің қалай болатынын айту, ғайыпты білу болады. Сондықтан кімге де болса тәкаппарлық көрсету жаиз емес.

Сұрақ: «Кәпірге және бидғатшыға нәхи-мункәр жасап, насихат айту керек. Өзін олардан төмен көрген адам, оларға қалай насихат айта алады? Сонымен қатар, адам қалай өмір сүрсе, солай жан тапсырады, «адети илаһиә» осылай. Бұның керісіншесі болса да, кем кездеседі. Сондай-ақ Аллаһу та’ала мұсылмандарды мадақтап, имансыздардан үстем екенін білдіруде» деп сұралса, бұған **«жауап»** ретінде былай дейміз: Оларды жақсы көрмеудің қажет болуы, Аллаһу та’аланың **«Жақсы көрмеңдер!»** дегені үшін. Олардан үстем болғанымыз үшін емес. Сұлтан (патша) кішкентай баласын, қызметшісімен бір жерге жібергенде, бала теріс қылық жасаса, ұрысуды, тіпті ұруды әмір етеді. Бала теріс қылық жасаса қызметші ұрсады, ұрады. Бірақ, ұрған кезде де өзінің баладан қадірлі, жоғары емес екенін біледі. Оған тәкаппарлық таныта алмайды. Мұсылманның кәпірді жақсы көрмеуі осыған ұқсайды. Аллаһу та’ала мұсылмандардың өздерінің емес, имандарының

үстем екенін білдірді. Кімде иман бар болса, сол үстем болады. Мәңгі үстемдік соңғы демде белгілі болады.

Бір ғибадаттың құнының артуы шартарға байланысты. Мұсылман **малаяни**мен, яғни пайдасыз нәрселермен уақыт өткізбейді. Хазреті Әбу Бәкір: «Біз, бір харам нәрсе істеп қоямыз ба деп қорқып, жетпіс халалды істеуден бас тартатын едік» деген. Сондықтан ешкім өз ғибадатына сенім артпауы керек. Көп ғибадат жасағанына тәкаппарланбауы керек. Ғибадаттың қабыл болуы үшін ниетінің халис (таза) болуы, яғни ғибадаттың тек Аллаһу та'аланың разылығы үшін ғана орындалуы қажет. Мұндай ықыласқа қол жеткізу оңай емес. Нәпісті тазалау тақуалықпен іске асады. Тақуалық – харамдардан сақтану деген сөз. Нәпісі тазаланбаған адамның ғибадаттарын ықыласпен жасауы өте қиын.

Әкелерімен, ата-бабаларымен мақтану және тәкаппарлану – надандық және ақымақтық болып табылады. Қабыл – Адам алейһиссаламның ұлы еді. Кенан – Нұх алейһиссаламның үш ұлының бірі еді. Ол Йам деп те аталған. Бауыры Йафес дін ғалымы еді. Кенан болса күпірден құтыла алмады. Әкесінің пайғамбар болуы оны күпірден құтқармады. Адамның мақтанатын бабалары, бір уыс топырақ болды. Топырақпен мақтану ақылға сия ма? Олардың салих болғандарын айтып мақтанбау керек. Солар сияқты салих болуға, солардың жолында болуға тырысу керек.

Әйелдердің көбі әдеміліктерімен, сұлулықтарымен тәкаппарланады. Алайда, сұлулық адамда қалушы емес, тез кетеді. Адамға мүлік болмайды. Уақытша болған нәрсемен тәкаппарлану ақымақтық. Сырт келбеттің әдемілігі, сұлулығы жүректің, көңілдің әдемілігімен, көркемдігімен, яғни жақсы мінезбен бірге болса жақсы, құнды болады. Көңілдің тазалығы Расулуллаһтың сүннетіне мойынсұнумен белгілі болады. Адамның жүрегіне, көңіліне, рухына, ахлағына көңіл бөлінбесе оның жануардан парқы болмайды. Тіпті жануардан да төмен болады. Ластықпен толған, әр уақыт қоректенуі, тазалануы, жөнделуі қажет болған қираған бір құралға ұқсайды. Мұндай адамға тәкаппарлық жараса ма? Оның тек қана қарапайымдылық танытуы қажет болады.

Жас және қуатты болумен тәкаппарлану да надандық. Физикалық тұрғыдан жануарлар адамдардан да сан есе күшті

болып келеді. Яғни, жануарлардың адамдарға тәкаппарлануы керек болады. Әрқашан күшті, қуатты болатынына, ауруға, қазаға ұшырамайтынына кім кепілдік бере алады? Жастық шағын, күш-қайратын, тіпті әрекетін, тыныс алуын жоғалтпаған адам болған ба? Осыншама өткінші, өмірі өте қысқа болған және жануарлармен ортақ болған нәрселерді көрсетіп тәкаппарлану ақылға сай келе ме? Мал-мүлкімен, балаларымен, атағымен, мансабымен және дәрежесімен тәкаппарлану адамға мүлдем жараспайды. Өйткені, мұның барлығы адамның өз еңбегімен тапқан жетістіктері емес. Бұлар – келіп-кететін, өзінде қалмайтын, адамды тез тастап кететін нәрселер. Бұлар ахлақсыздарда, жаман адамдарда да болады. Тіпті оларда өте көп. Бұлар үстемдік болғанда, бұларға қауыша алмағандардың және қауышып айрылғандардың өте төмен адам болуларын қажет етер еді. Мал-мүлік, абыройға себеп болғанда, ұрылардың, аз уақыт та болса, абыройлы болуы қажет болар еді.

«Хикд» та тәкаппарлыққа себеп болмауы керек. Хикд – сөзінің сөздіктегі мағынасы кек сақтау, жек көру дегенді білдіреді. Көңілінде дұшпандық сақтау деген сөз. Ондай адамдар өзімен бірдей немесе жоғары дәрежеде болған адамға ашуланады. Оған ешнәрсе істей алмағандықтан тәкаппарлық танытады. Керісінше қарапайымдылық көрсету керек болған адамға қарапаймыдылық таныта алмайды. Оның тура сөздерін, насихаттарын қабыл етпейді. Айналасындағы адамдарға олардан да жоғары, үстем екенін көрсеткісі келеді. Біреуге қиянат, опасыздық жасаса кешірім сұрамайды.

«Хасед» (көре алмаушылық) та тәкаппарлыққа себеп болады. Бұл ауруға шалдыққандар біреуде болған нығметтердің одан кетіп, өзіне келуін қалайды. Оның дұрыс сөздерін және насихаттарын қабылдамайды. Одан бір нәрсе сұрап үйренуді қаламайды. Өзінен жоғары екенін біле тұра, оған қарсы тәкаппарлық етеді.

«Рия» да тәкаппар болуға себеп болуда. Риягершілік жасап танымайтын адамдардың, өзгелердің жанында тәкаппарлық ететіндер болады. Жалғыз кезінде олай жасамайды. Мұндай адамдардың тәкаппарлығынан құтылу үшін, ғұламалардың уәқар иесі (келбетті, көрнекті) болулары және абыройына лайықты киім киюі қажет. Сондықтан Имам ағзам Әбу Ханифа “рахимәһуллаһу

та’ала”: «Сәлделерің үлкен болсын және шапандарыңның жеңі кең болсын» деген. Адамдарға уағыз насихат айтатын адамдардың жаңа, таза киім киіп өздерін көрікті кейіпте ұстауы ғибадат болып табылады. Құрметке ие болмаған адамның сөзі тыңдалмайды. Өйткені, надандар адамның сырт көрінісіне қарайды. Ілімін, ахлағын түсінбейді.

Көп адамдар өзінің тәкаппар екенін білмейді. Сондықтан тәкаппарлықтың белгілерін біліп алу керек. Тәкаппар адамдар бір жерге барғанда жұрттардың оны орындарынан тұрып күтіп алғанын қалайды. Өзіне құрмет көрсетілгенін түсініп, оларға насихат етуді қалаған ғалымның, өзі үшін түрегеп тұруын қалауы тәкаппарлық болмайды. Өзі отырып, өзгелердің тұрып тұруын қалауы тәкаппарлық болады. Хазреті Әли “радиаллаһу анһ” былай дейді: «Жаһаннамдық адамды көргісі келген адам, өзі отырып өзгелерді тұрғызған адамға қарасын!» Сахабалар “алейһимурридуан” Расулуллаһты “саллаллаһу алейһи уәссәлләм” барлық нәрседен артық жақсы көретін еді. Ол келгенде тұрмайтын еді. Өйткені, Расулуллаһтың олардың тұруын қаламайтынын білетін еді. Сонымен қатар ғұламалар келген кезде ілімнің абыройын көрсету үшін тұрып қарсы алу керек. Яхия бин Каттан “рахимәһуллаһу та’ала” аср намазын оқып болып мешіттің мұнарасына сүйеніп отырған еді. Қасына сол заманның атақты ғұламаларының бірнешеуі келді. Олардың ішінде Ахмед бин Ханбал “рахимәһуллаһу та’ала” да бар еді. Барлығы түрегеп тұрып хадис ілімінен сұрады. Яхия, барлығына жауап берді. Ешқайсысына отыр демеді. Ешқайсысының отыруға батылы жетпеді. Сөйлесулері ақшам намазына дейін созылды.

Жас ғұлама кәрі наданнан жоғары отырады. Шәкірт ұстазынан бұрын сөз бастамайды. Ұстазы жоқ кезде оның орнына отырмайды. Көшеде алдына түсіп жүрмейді. Бір адам өзін адамдардың тұрып қарсы алуын жақсы көріп, бірақ осыдан құтылуды қаласа, бұл жақсы көруі **«мәйли табии»**, яғни табиғи қажеттілік болады. Немесе шайтанның уәсуәсасынан болады. Екеуі де күнә емес. Өйткені бұл қолында емес, еркінен тыс болуда.

Жалғыз жүрмей, арқасынан басқалардың еруін қалап немесе өзі атқа мініп, шәкірттерінің жерде жүруін жақсы көру

де тәкаппарлықтың белгісі. Расулуллаһ “саллаллаһу алейһи уәссәлләм” Мәдинаның Бақи мазаратына бара жатыр еді. Бірнеше адам оны көріп, арқасынан ерді. Расулуллаһ тоқтап, олардың алға өтулерін әмір етті. Олардың артынан жүрді. Себебі сұралғанда, **«Аяқ дауысын естідім. Көңіліме тозаңдай тәкаппарлық келмеуі үшін осылай жасадым»** деп жауап берді. Әрине пайғамбарымызға ешқашан тәкаппарлық келмейді. Себебі Аллаһу та’ала Ол кісіні бүкіл харам және мәкрухтардан қорғаған. Сахабаларына үлгі көрсету үшін осылай жасады. Әбуддәрда “радиаллаһу та’ала анһ” былай дейді: «Тәкаппар адамның арқасынан жүрушілері артқан сайын, оның Аллаһу та’аладан ұзақтауы да артады.»

Мойнында ақысы барлардың, яғни жақындарының үйлеріне барып қал-жағдайын сұрамау да тәкаппарлықтың белгісі. Өзінен төмен болғандардың үйлеріне бару қарапайымдылықтың белгісі болып табылады.

Қасына біреудің отыруын қаламау және аурулармен бірге отырмау, үй тірлігін жасамау, үйіне қажет болған нәрселерді өзі сатып әкелмеу және бір киген киімін қайта киюді қаламау, бұлардың барлығы тәкаппарлықтың белгісі. Жұмыста жұмыс киімін кигісі келмеу де осыған жатады. Кедейлер қонаққа шақырса бармай, байлар шақырса бару да тәкаппарлыққа жатады. Туыстарының және балаларының мұқтаж болған нәрселерін қамтамасыз етпеу және дұрыс сөзді қабыл етпей таласып-тартысу, кемшілігін, айыбын айтқандарға рахмет айтпау, адамдардың жанында болса рия болады. Жалғыз кезде де, адамдардың жанында да істесе, тәкаппарлық болады.

Қарапайым бола алу үшін, дүниеге қайдан келгенін, қайда баратынын білу қажет. Адам басында мүлдем жоқ еді. Әуелі еш нәрсе істей алмайтын, әрекет ете алмайтын нәресте еді. Қазір де, кез келген сәтте ауруға шалдығу және өлім құшу қорқынышында. Соңында өледі, шіріп топырақ болады. Аңдарға, құрт-құмырсқаға жем болады. Жазалау бөлмесіне кіргізіліп, жазаға тартылатын уақытын күткен адамның, өлім бөлмесінде тартқан қиыншылықтары сияқты әрбір адам дүние зынданында да әр уақытта қашан азапқа жіберілетінін күтуде. Өледі, өлімтік болады, құрт-құмырсқаға жем болады, қабір азабын тартады, кейін

тірілтіліп, қияметтің зардабын шегеді. Жаһаннамда мәңгі жанудан қорқатын адамға тәкаппарлық жараса ма, әлде қарапайымдылық па? Адамдардың жаратушысы, жетілдірушісі, әр уақытта қауіптен қорғаушысы және қияметте есепке тартатын, шексіз азап беруші болған, шексіз қуат, құдірет иесі, ұқсасы, ортағы болмаған жалғыз басқарушы және құдіретті болған Аллаһу та'ала: **«Тәкаппарларды жақсы көрмеймін, қарапайым болғандарды жақсы көремін»** деп бұйырады. Әлсіз, қолынан еш нәрсе келмейтін, бейшара адамға осылардың қайсысын жасау жарасады? Ақылы бар, өзін және Раббысын таныған адам тәкаппар бола ала ма? Адам өзінің төмендігін, әлсіздігін Раббысына әр мезетте көрсетуге мәжбүр. Сондықтан барлық кезде, барлық жерде, әлсіздігін көрсетуі, қарапайым болуы тиіс. Әбу Сүлейман Дарани "рахимәһуллаһу та'ала" былай дейді: «Барлық адамдар, мені осы тұрысымнан да төмендеткісі, масқаралағысы келсе, мұны іске асыра алмайды. Себебі, өзімді адамдардың масқаралық, төмендік деп ойлаған дәрежелерінің ең төменгісінен де төмендемін деп білемін.» Адам өзін барлық адамдардан, тіпті Ібілістен, перғауыннан да төмен деп ойлай ала ма? Себебі бұл екеуі [және Сталин, Мао және бұлардың атшабарлары сияқты ислам және адамзаттың дұшпаны болған залымдар] кәпірлердің ең жамандары. Тәңірлік дауына түскен, қалағанын істеу үшін миллиондаған адамдарды қырып салған, жәбір көрсетіп қинағандар, кәпірлердің ең төмендері екендігі сөзсіз. Аллаһу та'ала оларға ашуын түсіріп, күпірліктің ең жаманын берген. Ал маған есіркеген, иман мен хидаят нәсіп еткен. Қаласа, мұның терісін жасайтын еді. Әлхамдулиллаһ, олай етпеді. Сондай-ақ, осы жасқа келгенше көп күнә істедім. Ешкім жасамаған жамандықтарды жасадым. Соңғы демім қалай болатынын да білмеймін, деп қарапайымдылық ету қажеттілігін, өз-өзіне түсіндіруі керек.

Хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала, маған қарапайым болуды әмір етті. Ешбірің ешбір адамға тәкаппарлық етпеңдер!»** делінген. Зымми делінген мұсылман емес отандастарға және рұқсатпен [паспортпен] келген жат елдік саудагерлерге, жұмысшыларға және туристерге де тәкаппар болмау қажеттілігі, осы хадистен де түсінілуде. Барлық адамдармен қарапайым

мәміледе болу қажет болғаны үшін оларға қиянат ету, ренжіту мүлдем жаиз емес.

[Дарул харбте (кәпір мемлекетінде) кәпірлердің мал-мүліктеріне, жандарына, абыройларына, намысына тию, ол жерде ұрлық, тонаушылық жасау, зұлымдық ету, ренжіту, кәпірлердің заңдарына қарсы шығып, басшыларын мазақ ету, бүлік шығару, адамдардың мазасын қашыру, салықтан жалтарып, қоғамдық көліктердің ақысын төлемей және исламның абыройын және әдемі ахлағына жараспаған қандайда бір жаман әрекетте болудың жаиз еместігі, осы хадис шәрифтен және жоғарыда жазылған анықтамалардан да түсінікті. Кәпір мемлекетіндегі христиан заңдарына қарсы келмеу, оларды улул-әмр деп білу емес. Аллаһу та’алаға қарсы шығуға себеп болатын әмірлерге қарсы шығуға болмайды. Улул-әмрдің де, кәпірлердің де мұндай әмірлеріне қарсы шығуға болмайды. Үкіметке, заңдарға қарсы шығу, қай жерде болса да фитна шығуына себеп болады. Фитнаға себепші болу харам. Фиқһ кітаптарында, икраһ (қорқытылу) бөлімінде және Мұхаммед Масум “рахметуллаһи алейһ”тің үшінші том, 55-ші хатында, мұның ашықтамасы бар. Бір адам ислам мемлекетінде немесе Дарул-харбте, яғни кәпірлердің мемлекеттерінде, пайғамбардың “саллаллаһу алейһи уәсәлләм” осы әміріне мойынсұнбай, кәпірлерге қарсы әдепсіздік, бұзықтық жасаса, олардың билігіне қарсы қылмыс жасаса, күнә істегенімен қоса, исламды және мұсылмандарды дүниежүзіне надан (артта қалған) деп танытқан болады. Исламға үлкен қиянат еткен болады.

Жиһад – **«Әмри маруф»** [діннің әмірлерін, жақсылықтарды үгіттеу] және **«Нәһи мүнкәр»** [күнәлардан, жамандықтардан тыйылуды насихаттау] деген сөз. Бұл жиһад екіге бөлінеді: Біріншісі, кәпірлерге исламды таныту, оларды күпір пәлекетінен құтқару деген сөз. Екіншісі, мұсылмандарға ғылымхалын үйрету, олардың харам істеуіне тосқауыл болу. Осының екеуі де үшке бөлінеді. Біріншісі, дене арқылы жасалады. Денемен яғни әртүрлі соғыс құралдарымен жиһад ету, исламнан хабары болмай, басқалардан көрумен немесе залымдардың, отарлаушы күштердің қысымы және жәбірімен және алдауымен күпірге итермеленген адамдарға исламды жаюға тосқауыл болған диктаторларға, империялистік

күштерге қарсы болады. Ең жаңа, заманауи соғыс құралдарымен шайқасып, осы залым диктаторлардың, империялистердің күш-қуаттарын жойып, олардың уысында, қысымында қаналып жатқан бейшара халықтар тұтқындықтан, құлдықтан құтқарылады. Оларға ислам ілімдері үйретіліп, өз еріктерімен мұсылмандыққа шақырылады. Қабыл етпесе, мұсылмандармен бірге ислам дінінің әділ, еркіндік пен теңдікті әмір еткен үкімдерінің астында, мұсылмандармен бірдей құқыққа ие болып және өз діндерінің қажеттіліктерін және ғибадаттарын еркін орындап өмір сүруіне рұқсат беріледі. Мұндай қарулы жиһадты, яғни соғысты тек қана мемлекеттің қарулы күштері жасайды. Яғни мемлекеттің әскері, қорғаныс күші жасайды. Мемлекеттің әмірінсіз, рұқсатынсыз ешбір мұсылманның кәпірлерге шабуыл жасауы, тонауы жаиз емес. Мемлекеттің қамқорлығында болған кәпірлердің біреуін өлтірген мұсылманды, ислам діні ең ауыр жазаға тартқан. Бұдан көргеніміздей ислам дініндегі жиһад - мемлекеттерді құлату, адамдарды өлтіру емес. Адамдарға исламды жеткізіп, өз қалауымен мұсылман болуларына тырысу деген сөз. Пайғамбарымыз "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" және Сахабалар "радиаллаһу та'ала анһум әжмаин" және шынайы мұсылман болған ислам мемлекеттері, мысалы Османдықтар, әрқашан осылай жиһад етті. Күшсіз, қорғансыз адамдарға шабуыл жасамады. Бұл адамдарға исламның жетуіне, танытылуына кедергі болған Ислам дұшпаны, кәпір диктаторлармен, империялистермен және мұсылман атын жамылған бидғатшылар, іріткі салушылармен соғысып, олардың қанаушы, отарлаушы күштерін жойды. Осындай қараңғы күштердің зұлымдығы астында езіліп, жәбір көрген адамдарды құтқарып, бостандыққа шығарды. Оларға исламды үйретіп, өз қалауымен, өз еріктерімен қуана-қуана шынайы мұсылман болуларына, мәңгі бақытқа жетуіне себепші болды.

Ислам мемлекетінің, ислам әскерінің, екінші міндеті мұсылмандарды және ислам дінін жою үшін, ислам мемлекеттеріне шабуыл жасаған кәпірлерге және қате түсінікті, іріткі салушыларға қарсы жиһад етіп, мұсылмандарды және ислам дінін қорғау. Аллаһу та'ала Әнфал сүресінде Ислам мемлекетінің, кәпір мемлекеттерінде жасалған соғыс құралдарын, каруларын іздестіріп,

үйреніп, олардың барлығын, бейбітшілік заманда жасауларын әмір етеді. Бұларды жасамаған үкімет, исламға бағынбаған болады. Дұшпандарының шабуылына тойтарыс бере алмай, мыңдаған мұсылманның шәһид болуына және исламның әлсіздеуіне себеп болады.

Ислам жиһадының екінші түрі, әр түрлі ақпарат құралдарымен исламды адамдарға жеткізу, естірту. Бұл жиһадты ислам ғалымдары істейді және ислам мемлекетінің жәрдемімен бақылауы арқылы жасалады. Ғасырымыздағы ислам дұшпаны болған кәпірлер, миссионерлер, масондар, коммунистер және мазһабсыздар әр түрлі ақпарат құралдарымен исламға шабуылдауда. Өтірікпен, жаламен адамдарды, тіпті жаһил мұсылмандарды алдау арқылы, ислам дінін жоюмен айналысуда. Кейбір шіркеу сектанттарыны он бір сұрақ ойлап шығарып, барлық ислам мемлекеттеріне алып барғанын 1992 жылында білдік. Бангладештегі ислам ғалымдары оларға жауап жазып, поптарды масқара қылған. Стамбулдағы **«Хақиқат баспаүйі»** тарапынан бұл жауаптар, **«Әл-Кәзибул-жәдидә-тул-христанийә»** атымен **«Әссират-ул-мустақим»** кітабына қосып жазылып дүние жүзіне жіберілуде. **«Қадияни»**, яғни «Ахмедилер» және **«Бәхаилер»** және **«Мәудудишілер»** және **«Таблиғи жамағат»** және **«Сәләфилер»**, **«Мазһабсыздар»** және **«Уаххабилер»**, Құран кәрім мен және хадис шәрифтерден қате және бұзық мағыналар шығарып, исламның тура жолынан тайып, адасуда. Бұл адасқандардың бұзық пікірлерінде шектен асқандары кәпір (Аллаһқа дұшпан) болуда. Бұлардың барлығы баспа құралдары арқылы, кітаптар, журналдар, кітапшалар шығарып және радио, үнтаспалар сияқты ақпарат құралдары арқылы қате сенімдерін әлемге жаюда. Миллиондап ақша жұмсап жатқан осы істері арқылы бір жағынан **«Әһли сүннет»** немесе **«Сунни»** деп аталатын шынайы мұсылмандарды алдап исламды іштей бұзуда. Басқа жағынан да исламды дүние жүзіне қате түсіндіріп, қате танытып жатыр. Мұсылман болғысы келетін шетелдіктер, осы әртүрлі пропагандалар алдында не істейтіндерін білмей жатыр. Не мұсылман болудан бас тартуда немесе қате, бұзылған бір жолға кіріп, мұсылман болдық деп ойлауда.

Исламның ішкі және сыртқы дұшпандарының сұмпайы, алдамшы пропагандаларына қарсы Әһли сүннет ғалымдарының

шынайы мұсылманшылықты, яғни Мұхаммед алейһиссаламның және сахабалардың "радиаллаһу та'ала анһум әжмаин" жолын, ақпарат құралдарымен дүние жүзіне жаю, күніміздегі ең маңызды жиһад.

Жиһадтың үшінші бөлімі, дұға арқылы жасалатын жиһад. Барлық мұсылмандарға осы жиһадты жасау парыз айн. Бұл жиһадты жасамау, үлкен күнә болады. Бұл жиһадты жасау, жиһадтың бірінші және екінші бөлімдерін жасап жатқандарға дұға етумен іске асады. Қарулы әскерлер дұға әскерінің жәрдеміне мұқтаж. Ықыласпен жасалған дұға сөзсіз қабыл болады.

Жиһадтың жоғарыда жазылған үш бөлімін де Аллаһу та'аланың жәрдеміне сеніп және дініне ұйып істегендерге, Аллаһу та'ала күмәнсіз жәрдем береді. Жиһадқа дайындалмай, қажет болған ең жаңа каруларды, қуат-күштерді алдын ала жабдықтамай, әрекет етпей, бір-бірімізді жақсы көрмей, отырған жерімізде жасаған дұғаларды Аллаһу та'ала қабыл етпейді. Дұғаның қабыл болуы үшін, алдымен себептерге жабысу керек. Тәуәккүл деп осыны айтады. Жиһадта Аллаһу та'аланың жәрдеміне қауышу үшін исламға ұю қажет екенін білдірдік. Ислам, жиһадқа алдын ала дайындалу керек екенін әмір етеді. Жиһадтың бірінші бөлімін жасай алу үшін, ең жаңа, заманауи соғыс құралдарының әр түрлісін мемлекет алдын ала дайындап, бұларды қолдануды әскеріне үйретеді және халық та қолбасшыға, мемлекетке бағынышты болуы, бөлінушілік жасамауы керек. Мемлекеттің қарулы күштерінің қорларына әр мұсылманның қолынан келгенше көп ақша сыйға беруі керек. Жиһадтың екінші бөлімін жасап жатқан Әһли сүннет ғалымдарына және оларға қарасты қорларға, мекемелерге де жәрдем беру, мал-мүлікпен жиһад ету болады. Денемен және мал-мүлікпен, ақшамен жиһад еткендерге, Аллаһу та'ала қияметте жаннатын уәде етеді. Әли Мұхаммед Бәлхи х. 1411 ж. басылған парсыша **«Муфтию Мужаһид»** кітабында жиһадты кеңінен түсіндірген.]

Хадис шәрифте: **«Ниғметке қауышқандардан, қарапайымдылық еткендерге және өздерін кем деп біліп және халалдан тауып, қайырлы жерге сарп еткендерге; фиқһ ілімімен хикметті, яғни тасауфты біріктіргендерге; халал мен харамға мән бергендерге; кедейлерге жақсылық жасағандарға; істерін**

Аллаһу та'аланың разылығы үшін жасағандарға; көркем мінезді болғандарға; ешкімге жамандық жасамағандарға, ілімімен амал еткендерге және мал-мүлкінің көбісін таратып, сөзінің көбісін тыйғандарға сүйіншілер (мақтаулар) **болсын»** деп бұйырылды.

Мазақ ету үшін және мұнафықтық етіп, рия жасап, мал-мүлікке, атаққа жету үшін немесе қорыққаны үшін жасалған қарапайымдылық та жаман мінез. Бұл жаман мінезден құтылу үшін, бұған себепші болатын жаман нәрселерден арылу қажет. Мұндай жаман себептерден арылған адамның қарапайымдылығы көркем мінез болады.

Ілімнің және ғалымдардың қадірі

«Риядун-насихин» кітабында 365-ші бетінен бастап былай делінеді[2]:

«Мирсадул-ибад минәл-мәбдә-и иләл-мә'ад»[3] кітабында жазылған хадис шәрифте: **«Ғалымдар арасында қадірлі болуды көздеп, сауатсыздармен сөз таластыру мақсатымен және барлық жерде атақты болу үшін дін білімін үйренген дін адамы, жаннаттың иісін де сезе алмайды»** делінген. Бұл хадистен түсінетініміз, мал жинау және бір лауазымға отыру үшін және хайуани қалауларына жету үшін ілім үйренген және ілімімен амал етпеген адам, ислам ғалымы емес. Басқа бір хадисте: **«Дүниелік жинау үшін ілім үйренген адам, дүниеде мал және мансапқа жетеді. Ал ахиреттегі табысы тек жаһаннам оты болады»** делінген. Мұндай ілімнің пайдасы жоқ. Мұндай ілімнен қашу керек. Өйткені хадис шәрифте: **«Йа Раббым! Мені пайдасыз ілімнен қорға!»** делінген. Мұсылманның үйренуі қажет болған ілімдерге **«Ислам ілімдері»** делінеді. Ислам ілімдері екі түрлі. **«Дін білімдері»** және **«Жаратылыстану** (дүниелік) **білімдері»**. Дін үкімдерін өзгертуге

2 Парсы тіліндегі **«Риядун-насихин»** кітабын Мұхаммед Рабхами хижри 835 жылы жазған. 1313 ж Бомбейде басылған, 1994 жылы Стамбұлда Хақиқат кітап үйі тарапынан 2-ші басылымы жарыққа шықты.

3 **«Мирсадул-ибад»** кітабын жазған Нәжмуддин Әбу Бәкір Рази, 654ж. қайтыс болған.

тырысып жүрген реформаторлармен мазһабсыздар дін білімдеріне **«Схоластик білімдер»**, жаратылыстану білімдеріне **«Рационал білімдер»** дейді. Пайдасыз ілім екі түрлі болады: Біріншісі, жоғарыда білдірілген жаһаннамдық болғандардың үйренген діни білімдері. [Ескі Римдіктердің яһудилерді арыстандар арасына тастап жасаған зұлымдығы және орта ғасырда христиандардың крестік жорықтар арқылы Палестина мұсылмандарына жасаған жантүршігерлік шабуылдары және Гитлердің Европадағы және Совет Ресейімен Қытай коммунистерінің Азиядағы миллиондаған адамдардың жанын қиған ядролық қарулары және британ империясының халықтарды алдап, бауырды бауырына айдап салған шабуылдары, бұлардың барлығы осы жаратылыстану білімдерінің көмегімен жасалды.] Аллаһу та'ала, жаратылыстану ғылымында ілгерілеген осындай қантөккіш адамзат дұшпандарын есектерге ұқсатып, **«Олар Тәурат,** [және Інжіл] **жүктелген есек сияқты»** деген. Ислам ахлағынан хабарлары болмай пәнді игерген осындай залым адамдар, Хақ жолында емес. Хақ та'ала бұлардан разы емес. [**«Кунуз-уд-дақаиқ»** кітабындағы хадис шәрифте **«Ең жақсыларың, Құранды үйреніп және үйреткендерің»** делінген.] **«Мишкат»** кітабында былай делінеді, **«Әрбір мұсылман еркек пен әйелдің, ислам білімдерін үйренуі парыз»**. Бұл хадис шәриф, Аллаһу та'аланың ризалығына сай ілімдерді үйренуді әмір етуде. Лайықты болмаған адамдарға ілім үйрету, доңыздарға алтын мен інжу моншақ тағумен бірдей.

[Бір хадис шәрифте: **«Қиямет жақындағанда шынайы дін білімі азаяды. Жаһил дін адамдары** (дүмшелер) **өз көз қарасымен фәтуа беріп, адамдарды тура жолдан адастырады»** делінген.] Бір хадисте былай делінеді: **«Бір заман келеді, адамдар дін адамынан көшеде кезіккен есек өлігінен қашқандай қашатын болады»**. Бұл жағдай, адамдардың жағдайының бұзық, жиіркенішті болатынын хабар беруде. Өйткені ілімді Аллаһу та'ала қадірлеуде. Бірақ дүниеге табынған ақымақтар, балалық шағында ата-анасының тәрбиесін алмаған, мектепке бармаған, есейгенде де шынайы дін ғалымының сұхбатында болумен немесе олардың кітаптарын оқумен абыройлана алмаған. Ондайлар (білімсіздіктен) ұстанған діндерінің қате болып қалуынан қорықпайды және

шынайы дін ғалымдарының кітаптарын оқып үйренбейді. Олардың ойы тек – ақша, мал-мүлік жинау және мансапқа қол жеткізу. Олар мүліктің халалдан немесе харамнан келгеніне мән бермейді, дұрысты бұрыстан ажыратпайды. Ілімнің және шынайы дін ғалымдарының қадірін білмейді. Шынайы дін адамдарының уағыздарымен кітаптары, бұлардың көзінде мал базарында әдемі иіс су сататын және соқырларға айна сататын адаммен тең. Әбу Ләһәб сияқты адамға **“Таhа”** сүресін оқу және көше қаңғыбасының қалтасына інжу-маржан толтыру және көр адамға сүрме сыйлау ақылды адамның ісі емес. Аллаһу та’ала мұндай адамдарға **«Олар жануар сияқты, тіпті одан да төмен»** деп бұйырды. Әнәс бин Мәликтің хабар берген хадис шәрифінде: **«Ғалымға орынсыз тіл тигізген адамды, Аллаһу та’ала барлық адамдардың арасында қорлап, масқара қылады. Ғалымды құрмет еткен адамды, Аллаһу та’ала пайғамбарлар сияқты азиз** (қадірлі) **етеді, абыройландырады»** делінген. Бір хадис шәрифте: **«Бір адам ғалымның дауысынан жоғары дауыспен сөйлесе, Аллаһу та’ала оны дүниеде және ахиретте қорлайды. Егер өкініп тәубе етсе кешіріледі»** делінген. Осыдан байқалатынындай шынайы ғалымдарға құрмет көрсету керек. Шумақ:

Бір тамшы судан жаратылдың, ұмытпа!
Байқа, өзіңді ғалымдармен бір тұтпа!
Тыңда, бұл жайлы не бұйырды Мұстафа:
«Мені құрметтегенің, құрмет етсең ғалымға!»

Адамды адасушылықтан, жаман жолдан ілім және ғалымдар құтқаратынын жақсылап біліп ал. Жол көрсетуші болмаса, тура жолға қауышу мүмкін емес. Сондықтан Әһли сүннет ғалымдарын және олардың жазған дұрыс діни кітаптарын іздеп табу керек. Мұса пайғамбар ілімнің ең жоғары дәрежесінде болса да, Аллаһу та’аламен сөйлесу құрметіне ие болып, Аллаһу та’аланың махаббат шәрбетінен ішсе де ілім алу үшін, Хызыр алейһиссаламның шәкірті болған Юша алейһиссаламға ілім іздеп келгені **«Кәһф»** сүресінде білдірілген. Мұса алейһиссалам мантық ілімінің ұстазы болса да Хызыр алейһиссаламнан ілім үйренуге келді. Бұхари

тәфсирінде, бұл туралы ұзақ баяндалған. Олай болса ей, бауырым! Бағалы өміріңді жайбарақат өткізетіндей ілімнен және ғалымнан қымбат не таптың? Дініміздің ілімге, ғұламаларға құрмет көрсетуді және Аллаһу та'ала жолында болғандармен бірге болуды әмір ететінін білмеймісің. Сондықтан бағалы (қадірлі) өміріңді пайдасыз нәрселермен өткізбе! Хадис шәрифте: **«Дұрыс ілім иесі болған және ілімімен амал еткен ғалым мен пайғамбарлар арасында бір дәрежелік айырмашылық бар. Бұл бір дәреже – пайғамбарлық мақамы»** делінді. Бұл бақытқа жету үшін, ілім үйренуге талпыну қажет.

Оқиға: Имам Әбу Юсуф қазының он бес жасар ұлы бар еді. Ұлын өте қатты жақсы көретін. Ұлы кенеттен қайтыс болды. Шәкіртіне: «Жерлеу ісін сендерге қалдырдым. Мен ұстазымның сабағына бара жатырмын. Бүгінгі сабақты өткізіп алмайын» деді. Имам өмірден өткен соң бір адам оны түсінде көрді. Жаннатта зәулім сарайдың алдында тұрған еді. Сарайдың биіктігі Аршқа дейін жетіп тұрды. Бұл сарай кімдікі делінгенде, менікі деді. Бұған қалай қол жеткіздіңіз делінгенде, «Ілімге және ілім үйренуге және үйретуге деген махаббатымның арқасында» деп жауап берді. Ей, бауырым! Дүниеде және ахиретте қадірлі болу үшін, ілім үйрен!

Оқиға: Бұл пақырдың ұстазының ұлдарының үлкені тақуа және кемеңгер ғалым еді.[4] Қайтыс боларында, әкесі төсегінің басында еді. Қайтыс болғаннан кейін үстін жапты. Медресеге барып, бір тарау хадис сабағын берді. Сосын медреседен шығып жерлеу ісін бастады. Таулардан, әр жерден келген бір дауыс: «Ұлымның ажалы келді. Қайтыс болды. Бұл іс Аллаһу та'аланың разылығымен болғандықтан мен де разы болдым. Басқа шара көріп тұрғам жоқ. Аллаһу та'аланың қазасы және әмірі осылай болды» деп жатыр еді. Хасан бин Атыйаның "радиаллаһу анһ" риуаят еткен хадис шәрифте: **«Ғалымның өліміне қайғырмаған адам – мұнафық. Адамдар үшін ғалымның өлімінен артық бақытсыздық жоқ. Бір ғалым өлгенде көктер және көктегілер жетпіс күн жылайды»** делінді. Шынайы ғалым қайтыс болғанда дінде бір жара пайда болады, ол жара қияметке дейін жазылмайды.

4 **«Риядун-Насихин»** кітабының авторы Мәулана Мұхаммед Рабхами. Оның ұстазы Алламе Мұхаммед Жалал Қаини Суммә Хирауи.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Адам не ғалым немесе ілім үйренуде болған шәкірт болады. Немесе бұларды жақсы көреді. Бұл үшеуінен басқалары мал қораларда ұшып жүрген шыбындар сияқты»** делінді. Осы төртінші дәрежедегілер қатарында болмауға тырысыңдар! Шумақ:

Адамды жаһаннамнан құтқаратын – ілім.
Ешкім тартып ала алмайтын мүлкің – ілім.
Ілімнен басқа еш нәрсеға көңіл берме!
Екі дүниеде мақсатқа қауыштыратын – ілім!

“Бәлдәші фәтуаларында” былай делінді: Имам Садруш-шәһид[5]былай дейді: **«Шынайы ғұламаны мазақ еткен кісінің некесі бұзылады»**. Бір ғалымға ақымақ, доңыз, есек деген адам жауапқа тартылады. Оны төмен көріп айтса кәпір болады, некесі бұзылып әйелінен ажыраған болады. Имам Мұхаммед былай дейді: «күпірге себеп болатын кез-келген сөзді айту да осылай! Ілімге және ғалымға тіл тигізген адам кәпір болады». Аллаһу та’ала барлығымызға пайдалы ілім нәсіп етсін. Пайдасы болмағаннан сақтасын. Пайдасы болған ілім – расулуллаһтан келетін ілім. Бұл ілімдер Әһли сүннет ғалымдарының кітаптарында жазулы.

Тәзәллул (Өзін қор көрсетіп, өте төмен санау)

13- Қарапайымдылықтың шамадан артығына, асыра сілтемесіне **«Тәзәллул»**, өзін өте төмен ұстау делінеді. Тәзәллул харам етілген. Басқа харамдардағы сияқты зарурат (мәжбүрлік) болған кезде тәзәллул жасау жаиз болады. Дінін, жанын, мүлкін, абыройын қорғау, залымнан құтылу заруратқа жатады. Машақат (қиыншылық) жағдайда, жеңілдік іздеу жаиз болады.

Тәзәллул жаман мінездердің бірі. Бір ғалымның жанына бір аяқ киім тігуші келгенде ғалымның орнынан тұрып, өзінің орнына аяқ киім тігушіні отырғызуы және кететін кезде есікке дейін шығарып салып, аяқ киімін алдына қоюы тәзәллулге бір мысал болып табылады. Тек орнынан тұрып, оған отыратын орнын көрсеткенде және келу мақсатын сұрап, сұрақтарына

5 Садруш-шәһид Хусамеддин Омар 536 ж Самарқандта шәһид болды.

жылы жүзбен жауап беріп және шақыруын қабыл етіп, мәселесін шешкенде қарапайымдылық көрсеткен болар еді. Хадис шәрифте: **«Дін бауырын қиыншылықтан құтқарғанға** [нәпіл] **қажылық пен умра сауабы беріледі»** делінді. Хазреті Хасан "радиаллаһу та'ала анһ" Сабит Бенаниге "рахимәһуллаһу та'ала" бір жұмысын істеуін өтінді. "Мешітте итикаф (ғибадат) жасаудамын, басқа уақытта істейін" дегенде, "дін бауырының бір қажеттілігіне көмектесудің [нәпіл] қажылықтан да қайырлы екенін білмейтін бе едің" деді. Мансаптылардың мұқтаж болғандарға және ұстаздың шәкірттеріне, қызметімен және мүлкімен көмектесуінің өте үлкен сауап екені осы хадиске сүйенуде. Напақасы, яғни бір күндік ішіп-жейтін нәрсесі бар адамның тіленуі, қайыр-садақа сұрауы тәзәллул болып, харам болады. Бұл адамның, бір күндік напақасы жоқ басқа біреу үшін немесе қарызға батқан адам үшін жәрдем жинауы тәзәллул болмайды. Көп сыйлық алу үшін, аз сыйлық беру тәзәллул болады. Аяти кәримада мұндай сыйлық беруге тыйым салынған. Алынған сыйлыққа жауап ретінде одан да көп қылып беру жақсы болады. Бірақ, көп қайтарып алу үшін сыйлық беру жаиз емес. Шақырмаған жерге бару да тәзәллул болады. Хадис шәрифте: **«Шақырылған жерге бармау күнә. Шақырылмаған жерге бару ұрлық жасау болады»** делінді. Неке рәсіміне шақырылғанда ол жерде харам нәрселер болмаса, ол жерге бару уәжіп болады. Басқа шақыруларға бару сүннет болады. Рия және мақтаныш үшін яғни өзін көрсету үшін және мақтану үшін жасалған жиындарға бару жаиз емес. Мансапқа, пайдаға қауышу мақсатымен мемлекет адамдарымен, басшылармен, байлармен дос болу тәзәллул болады. Зарураттың бұған кірмейтіні жоғарыда айтылды. Мұндай адамдармен кездескенде және олармен сәлемдескенде иілу және сәжде ету де тәзәллул болады. Бұл үлкен күнә. Ғибадат үшін оларға иілу күпірлік болады. Яһудилердің сәлемдесуіне ұқсаған болады. [фақир – мұқтаж деген сөз. Исламда қажеттілік заттарынан басқа, құрбандық нисабындай мүлкі болмаған адамға **«фақир»** (кедей) делінеді. Расулуллаһтың "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" Аллаһу та'аладан қалаған және мақтанған фақирлігі (кедейлігі) - әр уақытта, әр ісінде, Аллаһу та'алаға мұқтаж екенін білу болып табылады. Абдуллаһ Дәхләуи "рахимәһуллаһу та'ала", **"Дуррул-мәариф"**

кітабында былай дейді: «Тасауффта фақир деп – мұраты болмаған, яғни Аллаһу та'аланың разылығынан басқа тілегі болмаған адамға айтылады» Мұндай адам напақасы болмаған кезде сабыр және қанағат етеді. Аллаһу та'аланың жазғанына және қалауына разы болады. Аллаһу та'ала әмір еткендіктен ризығын табуға тырысады, еңбектенеді. Ризық табу үшін жұмыс істегенде ғибадаттарын тәрк етпейді және харам істемейді. Табыс табарда да, оны жұмсарда да исламға мойынсұнады. Мұндай адамға байлық та, кедейлік те пайдалы болып, дүние және ахирет бақытына қауышуға себеп болады. Бірақ нәпіске еріп, сабыр және қанағат етпеген адам Аллаһу та'аланың қаза және тағдырына разы болмайды. Кедей болса аз бердің деп, наразы болады. Бай болса тоймай, тағы да сұрайды. Табысын харамға жұмсайды. Мұндай адамның байлығы да, кедейлігі де, дүниеде және ахиретте пәлекетіне себеп болады.]

Кез-келген кәсіппен және саудамен айналысу, жалақы, өтемақы үшін мубах болған істерді жасау, мысалы мал бағу, бағбандық жасау, құрылыста және қазба жұмыстарында істеу және жүк тасу тәзәллул болмайды. Пайғамбарлар "алейһимуссалауату уәттәслимат" және әулиелер "рахимәһуллаһу та'ала" мұндай жұмыстармен айналысқан. Өзінің және бала-шағасының напақасын табу үшін жұмыс істеу парыз болып табылады. Өзгелерге жәрдем беру үшін әртүрлі жұмыстарды істеп көбірек табыс табу мубах болып табылады. Идрис алейһиссалам тігіншілікпен айналысатын еді. Дауд алейһиссалам темірші ұста еді. Ибраһим алейһиссалам егін шаруашылығымен және мата өңдеумен айналысатын. Алғашқы болып мата тоқыған Адам алейһиссалам болып табылады. [Дін дұшпандары алғашқы адамдардың өсімдік жапырақтарымен жабынып, үңгірде өмір сүргендіктерін жазуда. Олардың бұл жазғандарының ешқандай дәлелі жоқ.] Иса алейһиссалам аяқ киім тігуші еді. Нұх алейһиссалам ағаш шебері еді, Салих алейһиссалам қолөнермен айналысатын. Пайғамбарлардың көбі "алейһимуссалауату уәттәслимат" шопан болған. Хадис шәрифте: **«Үйінің қажеттіліктерін алып келу кібірсіздіктің белгісі»** делінген. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" мал сатқан және сатып алған. Сатып алған кезі көбірек болған. Өтемақыға жұмыс істеген және істеткен. Сауда істерінде адамдармен ортақ

болып серіктестік құрған. Басқаға уәкіл болған және уәкілдік берген. Сыйлық берген және алған. Қарыз алған және берген. Қор құрған. Дүниелік нәрсе үшін ешкімге ашуланбаған, ешкімді ренжітетін нәрсе айтпаған. Ант еткен және еттірген. Ант еткен нәрселерін орындаған, жасай алмай кәффарат берген кезі де болған. Әзілдескен және бұл әзілдері әрдайым тура айтылған және пайдалы болған. Жоғарыда айтылғандарды істеуден бас тарту, ұялу, тәкаппарлық болады. Көп адамдар осы жерде қателеседі. Қарапайымдылықпен тәзәллулді бір-бірімен шатастырып алады. Нәпсі, осы жерде көп адамдарды алдайды.

Кел, ей бес күндік өмірде тұтқын болып қалған адам,
Кел, ей дүние зынданында жатып, ғафил болған адам!
Көзіңді аш, бұл әлемге қанша байлар келіп кетті,
Қандай тентек, бұл жалғанға көңіл байлап алған адам!
Торда бұлбұлға бал беріп, бақсаң-дағы онда тұрмас,
Неге өзін байлап қояр, бұл зынданға кірген адам!
Өзіңе кел, қолдан кетпей тұрған кезде әлі заман.
Мәңгі азап тартқай, «маған ақыл берме» деген адам!

Ужб (өз-өзін ұнату)

14- Жаман мінездердің он төртіншісі ужб. Ужб – істеген ғибадаттарын, жақсылықтарын ұнатып, осылармен мақтану деген сөз. Істеген ғибадаттарының, жақсылықтарының құндылығын біліп, бұлардан айырылып қалуды ойлап қорқу, қайғыру ужб болмайды. Немесе бұлардың Аллаһу та’аладан келген ниғметтер екенін ойлап, қуану да, ужб емес. Бұлардың Аллаһу та’аладан келген ниғмет екенін ойламай, өзі жасағанын, өзі тапқанын ойлап қуану, өзін жақсы көру, ужб болады. Ужбтың терісіне **«миннет»** делінеді. Миннет, ниғметке өз күшімен, өзінің жұмысымен қауышпағанын, Аллаһу та’аланың мейірімі және жақсылығы екенін ойлау дегенді білдіреді. Бұлай ойлау, ужб қауіпі төнгенде парыз болады. Басқа уақыттарда мүстаһаб. Адамды ужбқа итермелейтін себептердің басында жаһилдік (сауатсыздық) және ғафлет (нәпсіне еріп, Аллаһу та’аланың әмірлерін ұмыту) тұрады. Бұл ужбтан құтылу үшін, барлық нәрсенің Аллаһу

та'аланың қалауымен және жаратуымен болатынын және ақыл, ілім, ғибадат ету, мал-мүлік, мансап сияқты құнды нығметтердің, Аллаһу та'аланың мейірімі және жақсылығы екенін ойлау қажет**.** **«Нығмет» -** адамдарға пайдалы, жағымды, ұнамды келетін нәрсе деген сөз. Барлық нығметтерді беретін Аллаһу та'ала. Одан басқа жаратушы және жіберуші жоқ. Сахабалардың кейбіреулері "радиаллаһу та'ала анһум әжмаин" Хунейн соғысында мұсылман әскердің көптігін көріп, енді біз ешқашан жеңілмейміз деді. Бұл сөздер Расулуллаһтың "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" құлағына жеткенде ренжіді. Сол себепті соғыс басталғанда нусрети илаһи (Құдайдың жәрдемі) жетпей, жеңіліс басталды. Кейін Хақ та'ала рақымдылық етіп, жеңіс нәсіп етті. Дауд алейһиссалам дұға жасап жатқанда «Йа Раббым! Балаларымның біразының намаз оқымаған ешбір түні жоқ және ораза ұстамаған ешбір күні өтпеген» деген еді. Бұған байланысты Аллаһу та'ала: **«Мен қаламағанда, қуат пен мүмкіншілік бермегенде, бұлардың еш қайсысы жасалмайтын еді»** деп бұйырды. Дауд алейһиссаламның бұл сөзі ғайрети-илаһиге (Аллаһтың ашуына) тиді, осылайша тарих кітаптарында жазылған қиыншылықтардың басына келуіне себеп болды. Тәкаппарлыққа себеп болатын нәрселерді алдыңғы бөлімдерде жазған едік. Бұлар ужбқа да себепші болады. Аллаһу та'аланың нығметтеріне шүкір ету де үлкен нығмет.

Ужбтың зияндары, апаттары көп: Тәкаппарлыққа себеп болады. Күнәларын ұмытуға себеп болады. Күнә көңілді (жүректі) қарайтады. Күнәларын ойлаған адам, ғибадаттарын үлкен деп санамайды. Ғибадат жасаудың да, Аллаһу та'аланың мейірімі, жақсылығы екенін ойлайды. Ужб иесі болған адам Аллаһу та'аланың мәкрін (жазасын) және азабын ұмытады. Басқалардан пайдаланудан махрұм қалады. Ешкіммен кеңеспейтін, ақылдаспайтын болады.

Хадис шәрифте: **«Үш нәрсе пәлекетке сүйрейді: Бухл** (сарандық)**, хауа** (нәпсіне берілу) **және ужб»**. Бухл иесі, яғни сараң адам, Аллаһу та'алаға және құлдарына болған ақыларын және міндеттерін өтеуден махрұм болады. Хауасына, яғни нәпсінің қалауына ерген және ужбқа тұтылып нәпісін жақсы көрген адам, апатқа, пәлекетке душар болады. Имам Мұхаммед Ғазали

“рахимәһуллаһу та’ала” былай дейді: «Барлық жамандықтардың басы, негізгілері үшеу: Хасад, рия және ужб. Көңілінді (жүрегіңді) осылардан тазартуға тырыс!» Ужб иесі болған адам, әрқашан «мен, мен» дейді. Жиналыстарда бас жақта болғанды қалайды. Әр сөзінің мақұлданғанын қалайды.

Хадис шәрифте: **«Күнә істемесеңдер, одан да үлкен күнәға тап болуларыңнан қорқамын. Ол – ужб»** делінді. Күнә істеген адамның басы иіледі. Өзін кінәлі санағандықтан тәубе ете алады. Ал ужбқа душар болған адам ілімімен, амалымен тәкаппарланады. Өзін аспанда деп біледі. Менменшіл, эгоист болады. Ондайлардың тәубе етуі қиын болады. Күнә істегендердің өкініп, ыңырсып тәубе етулері, Аллаһу та’алаға тәспі тартқандардың мақтануынан жақсырақ. Ужбтың ең жаманы қателерін, нәпісінің қалауларын ұнатуы. Ондайлар әрдайым нәпісіне ереді. Насихатты қабылдамайды. Басқаларды сауатсыз, надан деп санайды. Алайда, нағыз надан өзі. Бидғатшылар, мазһабсыздар осындай. Олар бұзылған, азғын ақидаларын және амалдарын, дұрыс және жақсы деп біліп, оларға байланып қалуда. Мұндай ужбтың емі өте қиын. Маида сүресіндегі: **«Өздеріңе қараңдар. Тура жолдан өздерің таймасаңдар, басқалардың адасуы сендерге зиян тигізе алмайды»** деген жүз бесінші аятының мағынасы Расулуллаһтан сұралғанда, жауабында: **«Исламның әмірін білдіріңдер және тыйым салғандарын түсіндіріңдер! Бір адам ужб етіп, сендерді тыңдамаса, өз халдеріңді жақсартыңдар»** деді. Ужб ауруларының шипасын дайындаған ғалымдар, Әһли сүннет ғалымдары. Бірақ науқастар өздерінің ауру екендіктерін білмегендіктен, өздерін сау деп санағандықтан, бұл дәрігерлердің насихаттарын, ілімдерін қабыл етпей пәлекет ішінде қалады. Ал негізінде бұл ғалымдар Расулуллаһтан “саллаллаһу алейһи уәсәлләм” алған шипаларды еш өзгертпей, бұзбай ұсынуда. Надандар, ақымақтар бұл шипаларды, солар жасады деп санайды. Хақ жолдамыз деп ойлап, өздерін ұнатады.

[Көбінесе бидғатшылар, адасқандар тәкаппар, менменшіл келеді. Хақты, насихатты қабылдамайды. Тез ашуланып, кез келген бүлікке, фитнаға дайын тұрады. Мәселенің анық-қанығын білмей тұрып, көрінген нәрсеге бидғат, ширк, күпір деп лай шапқылауды

әдеттенеді. Қазіргі таңда мұндай әрекеттер ең көп мазһабсыздардан (уаххаби, сәләфилерден) шығуда. Фитнаға себеп болуда. Ондай адамдардан аулақ болу керек.]

Хасед (көре алмаушылық)

15- Жаман мінездердің он бесіншісі хасед. Хасед – өзгелерді қызғану, көре алмаушылық ету деген сөз. Аллаһу та'аланың біреуге берген ниғметтің ол адамнан кетуін қалау хасед болады. Пайдасыз, зиян болған нәрсенің ол адамнан кетуін қалау, хасед болмайды, керісінше **«Ғайрат»** (жамандықтың кетуіне қайрат ету) болады. Ілімін мал-мүлік, атақ-даңққа қол жеткізу үшін, күнә істеу үшін қолданатын дін адамынан ілімінің кетуін қалау ғайрат болады. Мал-мүлкін харамға, зұлымдыққа, исламды құлатуға, бидғаттар мен күнәларды жаюда қолданатын адамның мүлкінің жоқ болуын қалау хасед болмайды, дін ғайраты болады. Бір адамның көңілінде хасед пайда болып, ол адам өзі бұған өкініп, мұны қаламаса бұл күнә болмайды. Көңілдегі ой, пікір күнә болып саналмайды. Ойдың көңілден өтуі адамның қолында емес. Көңілінде хасед бар екеніне өкінбейтін болса және өз қалауымен хасед ететін болса күнә болып, харам істеген болады. Бұл хаседін сөзімен, іс-әрекетімен білдіретін болса, күнәсі одан да көбейеді. Хадис шәрифте: **«Адам үш нәрседен құтыла алмайды: Суизан** (біреу туралы жаман ойлау)**, тайәрә** (сұмдану, бақытсыздық әкеледі деп ойлау) **және хасед. Суизан еткенде оған сай әрекет жасамаңдар. Бақытсыздық, пәлекет шақырады деп күмәнданған істеріңді Аллаһқа тәуекел етіп жасаңдар. Хасед еткен адамдарыңды еш ренжітпеңдер!»** делінді. Тайәрә - бір нәрсенің сұмдық, бақытсыздық шақыратынына (ырымға) сену, сұмдану деген сөз. Суизан – бір адам туралы жаман ойда болу. Осы хадистен түсінілетіні – көңілде хаседтің пайда болуы харам емес. Бұған разы болып, оны жалғастыру харам болады.

«Хадиқа» кітабында былай делінеді: «Көңілге келетін ойлар бес түрлі болады: Біріншісі, көңілде тұрмайды, дереу жоқ болып кетеді. Бұған «хажис» делінеді. Екіншісі, көңілде біраз уақыт қалады. Бұған «хатыр» делінеді. Үшіншісі, көңілге келгенде адам

оны істесем бе, істемесем бе деп екі ойлы болады. Бұған «хадисун-нәфс» делінеді. Төртіншісі, көңілге келгенде адам оны істеуге шешім қабылдайды. Бұған «Хәмм» делінеді. Бесіншісі, көңілге келгенде адам оны істеу үшін өзін мәжбүрлейді. Бұған «азм» және «жәзм» делінеді. Ойдың бірінші үш түрін періштелер амал дәптерімізге жазбайды. Хәмм, хасана (жақсы) болса жазылады. Сәйиә (жаман) болып, бірақ тәрк етілсе тағы сауап жазылады. Егер істесе бір күнә жазылады». Істемесе, бұл да кешіріледі. Хадис шәрифте: **«Көңілге келген жаман нәрсе айтылмайынша және оған сай әрекет жасалмайынша кешіріледі»** делінген. Адамның көңіліне күпір немесе бидғатқа байланысты бір ой келген кезде, ол ойға өкініп, одан дереу теріс айналса, бұл ой күпір болмайды. Бірақ, көп жылдан кейін кәпір болуға шешім қабылдаса, тіпті бұны бір шартқа байласа, бұған шешім қабылдаған сәттен бастап кәпір болады. Көп жылдан кейін бір кәпірге тұрмысқа шығамын деп ниет еткен әйел де осындай.

[Харам істеудің күнәсі, істеуге шешім қабылдаудан да үлкен. **«Харам»** Аллаһу та'аланың тыйым салған нәрсесі деген сөз. Күнә - харам істегенге берілетін жаза дегенді білдіреді. Күнә істеу - жаза және азап берілуіне себеп болатын бір нәрсе жасау, яғни харам істеу деген сөз. **«Сауап»** жақсылық пен ғибадат еткен адамға ахиретте берілетін сияпат, марапат дегенді білдіреді. Аллаһу та'ала, дүниеде жақсылық жасап, ғибадат еткендерге ахиретте сауап беретінін уәде еткен. Жақсылық пен ғибадат жасағандарға ахиретте сауаптың берілуі уәжіп және қажетті емес. Аллаһу та'ала мейірім етіп бұларға ахиретте сауап беретінін уәде еткен. Аллаһу та'ала уәдесінен қайтпайды, сөзсіз орындайды.]

Хадис шәрифте: **«Адам харам істеуді көңілінен өткізіп, Аллаһтан қорқып істемесе, еш күнә жазылмайды. Харамды істеген кезде бір күнә жазылады»** делінген.

Кәпір болуға және бидғатшы болуға ниет ету харам болады. Бұлай ниет еткен сәттен бастап сондай болады. Өйткені бұл екі ниеттің өзі жаман, өзі харам. Харам істеу ойы харамға себеп болатындықтан жаман болып табылады. Ойдың өзі жаман емес, оны істеу, іске асыру жаман. Бір мұсылман ойына келген жамандықты істемеген кезде харамның және күнәнің оған

жазылмауы Аллаһу та’аланың бұл үмбетке болған мейірімділігі және Мұхаммед алейһиссаламның құрметі. Бұл рахмети-илаһиә (Аллаһтың мейірімі) тек оның үмметіне тән.

Адам, басқа біреудің қолындағы ниғметтің одан кетуін қаламай, сондай ниғметтің өзінде де болуын қаласа, бұл хасед болмайды. Бұған «ғыбта» (қызығу, соған ұқсауға тырысу, әуестену) делінеді. Ғыбта жақсы мінезге жатады. Исламның үкіміне, яғни парыздарын орындауға және харамдардан тыйылуға мән беретін, мойынсұнатын салих адамға ғыбта ету уәжіп болады. Дүниелік табыстарда өзінен жоғары тұратындарға ғыбта ету тәнзиһан мәкрүһ болады.

Хадис шәрифте: **«Аллаһу та’ала мұсылман құлына ғайрат етеді** (оның жамандыққа берілуіне разы болмайды)**. Мұсылман да мұсылманға ғайрат етеді»** делінді. Аллаһу та’ала ғайратына орай арсыздықты, жезөкшелікті харам еткен. Аллаһу та’ала: **«Ей, Адам ұлдары! Сендерді өзім үшін жараттым. Қалған барлық нәрсені сендер үшін жараттым. Сен үшін жаратқан нәрселерім, сені өзім үшін жаратылған болуыңнан қайтармасын және қараңғылыққа түсіріп, уақытыңды алмасын»** деп бұйырды.

Тағы бір хадис құдсиде: **«Сені өзім үшін жараттым. Басқа нәрселермен алданып отырма! Ризығыңа кепілмін. Өзіңді ренжітпе!»** деп бұйырған. Юсуф алейһиссаламның «Сұлтанның қасында менің атымды айт!» деп айтуы ғайрати-илаһиеге тиіп, оның жылдар бойы зынданда жатуына себеп болды. Ибраһим алейһиссаламның ұлы Исмаилдың дүниеге келуіне қуануы ғайрати-илаһиеге тиіп, осы ұлын құрбан етуін әмір етті. Аллаһу та’ала сүйікті құлдарына, кейбір әулиелеріне осындай ғайрат еткені көрілген. **«Ғайрат» -** бір адамда болған ақысын, басқамен ортақ етуді қаламау деген сөз. Аллаһу та’аланың ғайрат етуі, құлының жаман, құсырлы, жиіркенішті нәрсе істеуіне разы болмауы. Құлдың міндеті қалағанын істеу емес. Оған құлшылық ету. Оның әмірлері мен тыйымдарына мойынсұну. Қалаған нәрсесін жасау тек Аллаһу та’алаға тән, тек Оның ғана ақысы. Құлдың өз қалауын жасауы, күнә істеуі Аллаһу та’аланың ақысына ортақ болған болады. Мұсылманның күнә істеуде өз-өзіне ғайрат етуі, яғни күнә істеуге разы болмауы, өзін сол күнәдан қызғануы керек. Бұл амал, күнә

істегенде қобалжуы, жүрегінің ұруы (дүрсілі), қысылуымен іске асады. Мұсылманның жүрегі (көңілі) Аллаһу та'аланың үйі және көркем мінездің мекені. Жүрегінде жаман, жиіркенішті нәрселерге орын беру, жиіркеніштілерді әдеміге ортақ ету болады. Жүректің бұған разы болмауы, қысылып, қарсы болуы ғайрат болады.

Ансарлардың басшысы болған Са'д бин Убадә "радиаллаһу та'ала анһ": «Йа Расулаллаһ! Әйелімді бөтен еркекпен бір төсекте көрсем, төрт куәгер көрмесе өлтіре алмаймын ба?» дегенде, **«Иә, өлтіре алмайсың»** деген жауап алды. Са'д бұған жауап ретінде, «төрт куәгер қажет болса да, бұған шыдай алмаймын, дереу өлтіремін,» дегенде Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм": **«Басшыларыңның сөзін естідіңдер! Ол өте ғайур (қызғаншақ). Мен одан да асқан ғайурмын. Ал Аллаһу та'ала менен де өткен ғайратты»** деді. Яғни ондай ғайрат болмайды. Мен одан асқан ғайратты болсам да Исламның сыртына шықпаймын. Аллаһу та'ала ең ғайратты болса да мұндай арсыздықтың (жезөкшеліктің) жазасын дереу бермейді, дегісі келді. Са'дтың жаза беруде құқылы болса да, асығуының дұрыс емес екендігіне ишара етті. Харам істеп жатқанда көрген әр мұсылманның дереу тазир (қайтару) жазасын қолдануы керек. Көргендердің, харам істелгеннен кейін қолдануы жаиз емес. Ол кезде, тек үкіметтің немесе қазының (соттың) тазир етуі қажет болады. Зина жасап жатқанды көріп өлтіргеннің, сотта төрт куәгер әкеліп көрсетуі керек. Тек ант етуі қабыл етілмейді. Төрт куәгер әкеле алмаса, өлтірген адам, қазы тарапынан жазаға тартылады.

Әйелдің ортағына ғайрат етуі жаиз емес. (Яғни әйелдің күйеуінің басқа әйелдеріне ғайрат етуі жаиз емес.) Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" бір түні хазреті Айшаның бөлмесінен шықты. Хазреті Айша "радиаллаһу та'ала анһа" оны әйелдерінің біріне кетті деп ойлап ғайрат етті. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" қайтып келгенінде хазреті Айшаның ренжігенін түсініп: **«Ғайрат еттің бе?»** деп сұрады? «Мен сияқты бір бейшара, сіз сияқты жаратылыстардың ең құрметтісі, жаратылғандардың ең қайырымдысы болған адамға ғайрат етпей ме», деді. Бұған жауап ретінде Расулуллаһ: **«Шайтанның уәсуәсасына еріпсің»** деді. «Менің жанымда шайтан бар ма, Йа Расулаллаһ?» дегенде, **«Иә,**

бар!» деді. «Ей, Аллаһтың Расулы! Шайтан сіздің қасыңызда да бар ма?» деп сұрағанында: **«Иә, менің жанымда да бар. Бірақ, Аллаһу та'ала, мені оның уәсуәсаларынан қорғауда»** деді. Яғни, менің шайтаным мұсылман болған. Маған жақсы нәрселерді еске түсіреді. Бір хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала ешкімге бермеген екі нығметті маған берді: Шайтаным кәпір еді. Оны мұсылман етті. Исламды жаюда барлық әйелдерімді маған көмекші етті»** делінген. Адам алейһиссаламның шайтаны кәпір еді. Әйелі хазреті Хауа, жаннатта шайтанның антына алданып, Адам алейһиссаламның қателік жасауына себепші болды.

Адамдардың Аллаһу та'алаға ғайрат етулері харам істелуін қаламаумен болады.

Хаседтің қарама қарсысы **«Насихат»** ету. Аллаһу та'аланың біреуге берген нығметінің сол адамда қалып, дініне және дүниесіне пайдалы болуын қалау деген сөз. Насихат ету барлық мұсылмандарға уәжіп болып табылады. Хадис шәрифте: **«Жақсы нәрсеге себепші болған адамға оны жасағанның сауабындай сауап беріледі»** және **«Өзіне қалаған нәрсесін дін бауыры үшін де қаламаған адам иман еткен болмайды»** және **«Діннің тірегі – насихат»** делінген. Насихат ету дегеніміз Аллаһу та'аланың бар екенін, бір екенін, барлық кемел және жамал қасиеттердің Аллаһта бар екенін, Оған лайық болмаған қасиеттердің, сипаттардың, кемшіліктердің жоқ екенін, шын ниетпен Оған ғибадат ету керек екенін, күші жеткенше Оның разылығына қауышуға тырысу керектігін, Оған қарсы шықпау керектігін, Оның достарын жақсы көріп, дұшпандарына дұшпандық ету керектігін, Оған мойынсұнғандарды жақсы көруді және қарсы шыққандарды жақсы көрмеуді, нығметтеріне разы болуды және бұл нығметтерге шүкіршілік етуді, барлық махлұқтарына мейірімділік пен аяушылық білдіруді, Онда болмаған сипаттарды Онда бар демеуді білдіру - насихат ету болады. Шүкір ету - Аллаһу та'аланың жіберген нығметтерін исламға сай қолдану деген сөз. Құран кәрімде білдірілгендерге сенуді, әмір етілгендерді орындауды, өз ақылымен, өз көзқарасымен қате аударма жасамауды, оны көп және дұрыс оқуды, оны дәретсіз ұстаудың жаиз еместігін адамдарға білдіру Құран кәрімді насихаттау болады. Мұхаммед алейһиссаламның білдіргендерінің барлығына сену керек екенін, Оған және есіміне

құрмет ету керектігін, Оның сүннеттерін орындауды және жаюды, Оның көркем ахлағымен мінезделуді, Оның отбасын, сахабаларын және үмметін жақсы көруді білдіру Расулуллаһты “саллаллаһу алейһи уәсәлләм” насихаттау болады. Оған құрмет көрсеткен, Оның дінін қорғаған, Оның дініне мойынсұнуда, ғибадат жасауда өздеріне бостандық берген үкіметтерге көмектесу, оларға дұрысты білдіру, мұсылмандардың хұқықтарын аяққа таптамауды білдіру, оларға қарсы шықпау, заңдарына қарсы келмеу, олардың исламға және адамдарға қызмет етуі үшін дұға ету, арқаларында намаз оқу, кәпірлермен жасайтын жиһадтарында мал-жанмен, дұғамен жәрдем ету, зекет және салықтарды төлеу, қарумен ешкімге шабуылдамау, зұлымдық жасап, адам құқығын аяққа таптаса да қарсы шықпай, жылы мәмілемен оларды тура жолға, әділеттікке шақыру, оларға жағымпазданбау, тура жолдан шығуына себепші болмау, үкімет адамдарына қарсы келмеу керектігін адамдарға білдіру және Әһли сүннет ғалымдарының “рахметуллаһи та’ала алейһим әжмаин” фиқһ кітаптарына, илмихал кітаптарына және ахлақ кітаптарына мойынсұну керектігін білдіру мемлекет үшін насихат ету болады. Адамдарға дүниеде және ахиретте пайдалы болатын нәрселерді істеу және зиянды нәрселерді істемеу керектігін және ешкімге жәбір көрсетпеуді, ешкімді ренжітпеуді, білмегендерін үйретуді, өзгенің айыптарын жасыруды, парыздарды әмір етуді, харамдардан қайтаруды, бұлардың барлығын жылы сөзбен, мейіріммен білдіруді, кішілерге ізет, үлкендерге құрмет ету керектігін, өздері үшін жасалуын қалаған нәрселерді өзгелер үшін жасауды, өздері үшін жасалуын қаламаған нәрселерді өзгелер үшін де жасамауды, адамдарға жан-тәнімен, мал-мүлкімен жәрдем беру керектігін білдіру бүкіл адамзат үшін насихат ету болады.

Хадис шәрифте: **«Мұсылмандарға көмектеспеген, олардың жақсылықтары мен тыныштықтары үшін әрекет етпегендер олардан емес. Күндіз-түні Аллаһу та’ала үшін және Құран кәрім үшін және Расулуллаһ үшін және мемлекет басшысы үшін және барлық мұсылмандар үшін насихат етпеген адам да олардан емес»** делінген.

Хасед ғибадаттардың сауабын кетіреді. Хадис шәрифте: **«Хасед етуден сақтаныңдар. Біліңдер, оттың отынды жағып жоқ еткені сияқты, хасед те жақсылықтарды жояды!»** делінді.

Хасед ететін адам көре алмай жүрген адамын ғайбат етіп, даттайды. Оның мал-жанына қол салады. Қиямет күні, осы зұлымдығына байланысты оның жақсы амалдары алынып, көре алмай жүрген адамына беріледі. Хаседші көре алмай жүрген адамындағы ниғметтерді көрген сайын түңіледі, өмірі азап ішінде өтеді. Ұйқысы қашады. Жақсылық жасағандарға он есе сауап беріледі. Хасед бұл сауаптардың тоғызын жояды, біреуі ғана қалады. Күпірден [Аллаһу та'алаға дұшпан болудан] басқа ешқандай күнә жақсылықтардың сауабының барлығын жоймайды. Күнә екеніне сенбей немесе исламға мән бермей харам істеу және күпірге, діннен шығуға себеп болатын нәрселерді істеу сауаптардың барлығын жояды. Өйткені бұлай жасағандар мүртәд болады (діннен шығады). Хадис шәрифте: **«Өткен үмметтерден екі жамандық сендерге жұқты: Хасед және қырып тастау. Бұл сөзіммен олардың бастарын қырғандарын айтқым келіп отырған жоқ. Діндерінің негізін** (түбірін) **қырып, жоқ еткендерін айтып отырмын. Ант етемін, иманы болмаған адам жаннатқа кірмейді. Бір-бірлеріңді жақсы көрмейінше иманға қауыша алмайсыңдар. Жақсы көру үшін, көп сәлемдесіңдер!»** делінді.

[Сәлемдесудің өте маңызды екенін осы хадис ашық көрсетуде. Сәлемдесуді әмір етуде. Екі мұсылман кездескен кезде біреуінің: **«Ассаламу алейкум»** деуі сүннет болып табылады. Екіншісінің жауап ретінде: **«Уа алейкум салам»** деп айтуы парыз болады. Кәпірлерге тән сөздермен сәлемдесу және қол, дене әрекетімен сәлемдесу жаиз емес. Кездескен екі мұсылман бір-бірінен алыста болса, дауысы жетпейтінін білсе, ауызбен айтумен қатар оң қолды қасының шетіне дейін көтерудің де жаиз екені білдірілген. Кәпірлермен де басқа сөздер арқылы сәлемдесіп, фитнаның шығуының алдын алу керек. Фитнаны ояту харам болып табылады. Бұл харамның алдын алу өте үлкен сауап болады.]

«Мұсылмандар қайырлы болады. Хасед еткен кезінде қайыры қалмайды» делінді. Тағы бір хадис шәрифте: **«Хасед, нәмимә және кәханат иелері менен емес»** деп бұйырылды. Нәмимә – фитна (бүлік) шығару үшін, шағыстыру үшін адамдардың арасында сөз тасу. Кәханат – білмеген нәрсесін айтып, одан үкім, мағына шығару. [Белгісіз нәрселерден хабар беретін палшыларға **«Кахин»** делінеді. Кахиндерге сенбеу керек.] Осы хадис шәрифтен

хасед ететіндердің шапағаттан махрұм қалатыны білінуде. Яғни, шапағат сұрауға құқығы болмайды.

Хадис шәрифте: **«Алты адам алты нәрседен сұраққа тартылып махшарда азап көргеннен кейін, жаһаннамға кіреді: Мемлекет басшылары зұлымдықтан, араптар рушылдық және нәсілшілдіктен, ауыл басшылары тәкаппарлықтан, саудагер қиянатынан, ауылдықтар жаһилдіктен, ғалымдар хаседтен»** делінді. Саудамен айналысқан адамның өтірік айту, пайыз, қулық және жаман оймен өзгенің мүлкін қымқырудың не екенін және осы харамдардан құтылудың шараларын үйренуі қажет. Ауылдықтардың, яғни әрбір мұсылманның әһли сүннет сенімін және илмихалын білуі қажет. Бұл хадис шәриф хаседтің дін адамдарында көбірек болатынын білдіруде. **«Тәфсири кәбир»**де былай делінеді: «Хасед он бөліктен тұрады. Бұлардың тоғызы дін адамдарында болады. Дүние қиыншылықтары он бөліктен тұрады. Бұлардың тоғызы салихтерде (жақсыларда) болады. Төмендік он бөліктен тұрады. Тоғызы яһудилерде. Қарапайымдылық он бөліктен тұрады. Тоғызы насранилерде (христиандарда). Шәһуат он бөліктен тұрады. Тоғызы әйелдерде, біреуі еркектерде. Ілім он бөліктен тұрады. Біреуі Иракта. Иман он бөліктен тұрады. Тоғызы Йеменде. Ақыл он бөліктен тұрады. Тоғызы еркектерде. Жер жүзінің берекесі он бөліктен тұрады. Тоғызы Шамда.» Фаһреддин Рази хазреттері бұл тәфсирінде өз заманында болғандарды айтқан. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" өмірге келмей тұрып, яһудилер соғысатын кездерінде: «Йа, Раббым! Жіберетініңді уәде еткен және өте жақсы көретініңді білдірген, сол мәртебелі пайғамбардың құрметіне» деп дұға ететін еді. Дұғалары қабыл болып, Аллаһу та'ала оларға көмектесетін. Расуллуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" адамдарды мұсылман болуға шақыра бастағанда, яһудилер уәде етілген пайғамбардың осы екенін түсінді. Бірақ хасед етіп, (өздерінің араларынан шықпағанына көре алмаушылық етіп) қызғанып оны мойындамады. Хаседтері өздерінің және келешек ұрпақтарының мәңгі пәлекетке, азапқа сүйрелуіне себеп болды.

Аллаһу та'ала шайтанның азғыруынан қорғануымызды әмір еткені сияқты, хасед етушінің де азғыруынан қорғануымызды әмір етті.

Хадис шәрифте: **«Нигмет иелерінен қажеттіліктеріңді жасырын сұраңдар. Себебі, нигмет иелеріне айналадан хасед ететіндер табылады»** делінді. Қажеттіліктеріңе қол жеткізгендерің білінсе, айналадағылар тарапынан хасед етілесіңдер. Құпиясын жасырған адам қаласа оны сыртқа шығарады, қаламаса шығармайды. Құпиясын ашып қойған адам, айтқанына көп өкінеді, ренжиді. Адам, айтпаған сөзінің қожайыны. Қаласа айтады, қаламаса айтпайды. Ал айтқан сөзінің тұтқыны. Әттең айтпағанымда ғой, дейді. Мал-мүлікке, бұйымдарына сенімді адамдардың көбісі құпияларына сенімді бола алмайды. «Зәһабыңды, зиһабыңды және мазһабыңды жасырын ұста!» деген сөз мәшһүр. [Зәһаб – алтын, зиһаб – сенім, мазһаб – амалда ұсталатын жол деген сөз.]

Хасед ету Аллаһу та’аланың жазмышын өзгертпейді. Босқа ренжіген, шаршаған болады. Бар тапқаны күналары болады. Муауийа “радиаллаһу анһ” ұлына насихат ретінде: «Хаседтен қатты сақтан! Хаседтың зияндары дұшпаныңның зиянынан да тез және көп болады» деген. Суфйан Сәури “рахметуллаһи та’ала алейһ” «Хасед етпейтін адамның зейіні ашық болады», деген. Ешқандай хаседші мақсатына жетпеген. Ешкімнен құрмет көрмеген. Хасед жүйкені тоздырады. Өмірінің қысқаруына себеп болады. Әсмаи былай дейді: «Ауылдық бір адамды кезіктірдім. Жасы жүз жиырмада еді. Көп өмір сүруінің құпиясын сұрағанымда: «Өйткені мен еш хасед етпедім» деді.» Әбулләйс Самарқанди “рахметуллаһи та’ала алейһ” былай дейді: «Үш адамның дұғасы қабыл болмайды: Харам жегеннің, ғайбат еткеннің және хасед еткеннің.»

Хасед етілген адам, хасед етілгенінен дүниеде және ахиретте еш зиян көрмейді. Тіпті пайда табады. Ал хасед еткен адамның өмірі қамығумен, күйінішпен өтеді. Көре алмай жүрген адамында нигметтердің азаймағандығын, тіпті көбейгенін көріп, жүйкесі тозады. Хаседтен құтылу үшін хасед ететін адамына сыйлық жіберу керек, насихат айту керек, оны мақтау керек. Оған қарапайымдылық көрсету керек. Оның нигметінің көбеюі үшін дұға ету керек.

Хиқд (кек сақтау)

16- Хиқд көңіл ауруларының он алтыншысы болып табылады. Хиқд - өзгені жек көрушілік, көңілінде өзге адамға деген кек сақтау, дұшпандық сезімі. Насихат айтқан адамға бұлай кек сақтау харам болып табылады. Ондай адамдарға хиқд емес, мойынсұну қажет. Ол Аллаһтың әмірін орындауда. Оны жақсы көріп, құрмет ету керек. Зұлымдық жасаған адамға хиқд ету харам емес. Біреуге қарыз болып, ол адам қайтыс болса, қарыз оның мұрагерлеріне өтелмесе, қияметте өтетіледі. Залымды кешіру жақсы. Ухуд соғысында Расулуллаһтың "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" мүбәрәк жүзі жараланып, мүбәрәк тісі сынғанда, сахабалар "радиаллаһу та'ала анһум әжмаин" қатты ренжіді. Расулуллаһқа «дұға етіңіз, Аллаһу та'ла жазаларын берсін», деді. Сонда пайғамбарымыз **«Лағнет ету үшін жіберілмедім. Қайыр (жақсы) дұға ету үшін, барлық махлұққа мейірімділік көрсету үшін жіберілдім»** және **«Йа, Раббым! Бұларға хидаят бер. Танымайды, білмейді»** деді. Дұшпандарын кешірді. Лағнет етпеді.

Хадис шәрифте: **«Садақа берумен мүлік азаймайды. Аллаһу та'ала кешіргендерді қадірлейді. Аллаһ разылығы үшін кешіргендерді, Аллаһу та'ала үстем етеді»** делінді. Гулабади былай дейді: «Бұл хадисте білдірілген садақа, парыз болған садақа. Яғни, зекет деген сөз. Қарапайымдылық еткен адамның ғибадаттарына көп сауап беріледі. Күнәлары тез кешіріледі. Адамның жаратылысында хайуани рухтың және нәпістің қалаулары бар. Мал-мүлікті, ақшаны жақсы көреді. Ашушаңдық, кекшілдік және тәкаппарлық белгілері байқала бастайды. Бұл хадис осы жаман мінездердің шарасын (шипасын) білдіруде. Садақаны, зекетті әмір етуде. Кешіру арқылы ашуды, кекті тазалауда. Хадис шәрифте кешіру, мутлақ, яғни шартсыз білдірілуде. Мутлақ болған әмір, мұқаййедті көрсетпейді, яғни бір шартқа байламайды. Мутлақ әмір жалпы болып, ешнәрсеге байланысты болмайды. Ақысын алу мүмкін болмаса да, кешіру жақсы болады. Мүмкін болса, кешіру одан да жақсы. Себебі, ақысын алуға күші жете тұрып кешіру, нәпсіге ауыр келеді. Зұлымдық еткенді кешіру, хилмнің (жұмсақтықтың), мейрімділіктің және ерліктің ең жоғарғы

дәрежесі. Өзіне жақсылық жасамаған адамға сыйлық беру де адамгершіліктің ең жоғары дәрежесі болып табылады. Жамандық жасағанға жақсылық жасау адамзаттың ең жоғары дәрежесі.

Бұл қасиеттер дұшпанды дос қылады. Иса алейһиссалам былай дейді: «Тіс сындырғанның, тісі сынады. Мұрын-құлақ кескеннің, құлақ-мұрны кесіледі деген едім. Қазір болса, жамандық жасағанға қарсы жамандық жасамаңдар. Оң жақ беттеріңе ұрғанға, сол жақ беттеріңді тосыңдар деймін». Шейх Ибнул Араби "қаддасаллаһу та'ала сиррә-һулазиз"[6] былай дейді: «Жамандық жасағанға жақсылық жасаған адам, нигметтердің шүкірін жасаған болады. Жақсылық жасағанға жамандық жасаған адам, күфрани нимет (шүкірсіздік) еткен болады.» Ақысын жегеннен тек ақысын кері алу, артығымен алмау, «Интисар» болады. Кешіру - әділдіктің жоғары дәрежесі, интисар болса, ең төмен дәрежесі. Әділеттілік салихтердің ең жоғары дәрежесі. Кешіру, кей кезде залымдарға қарсы әлсіздік болып көрінуі мүмкін. Зұлымдықтың артуына себеп болуы мүмкін. Интисар, әр уақытта зұлымдықтың азаюына, тіпті жоқ болуына себеп болады. Мұндай кездерде интисар ету кешіруден жақсы, тіпті сауап болады. Ақысын артығымен алу болса **«Жәур»**, зұлымдық болады. Жәур еткендерге азап бар екені білдірілген. Залымды кешірген, Аллаһу та'аланың сүйіспеншілігіне қауышады. Залымдағы ақысын, ақысы мөлшеріндей кері қайтару, әділдік болады. Кәпірлерге қарсы да әділ болу керек. Бірақ күші жете тұрып, кешіру жақсы мінезден болып саналады. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" бір адамның залымға беддұға (қарғыс) айтқанын көргенде, **«Интисар жасадың»** деді. Кешіргенінде, одан да жақсы болар еді. **«Бәриқа»** кітабының бірінші томының соңындағы хадис шәрифте: **«Бойынан үш нәрсе табылған адам, жаннатқа қалаған есігінен кіреді: Құл ақысын өтеген, әр намаздан кейін он бір рет Ихлас сүресін оқыған, өлтірушісін кешіріп өлген»** делінеді. Зұлқарнайын пайғамбар емес еді деген ғалымдар былай дейді: «Бірақ оған пайғамбарларға берілген қасиеттердің төртеуі берілген, бұлар мынадай: Күші жете тұра кешіретін еді. Уәдесін орындайтын еді, әр уақытта шындықты айтатын еді. Ризығын бір күн бұрын дайындамайтын еді. Зұлымдық неғұрылым көп болса, оны кешірудің сауабы да соғұрылым көп болады.

6 Мухиддин ибн Араби 638 (м 1240) жылы Шамда қайтыс болды.

Хиқдтан он бір жамандық пайда болады: Хасед, шаматат, хижр, истисар, өтірік, ғайбат, сыр сақтамау, мазақ қылу, жамандық жасау, ақыны өтемеу және кешірімге кедергі болу.

Хиқд ауруына шалдыққан адам жала жабу, өтірік айту, өтірік куәгерлік ету, ғайбат ету, сырды жаю, мазақ ету, ренжіту, өзгенің ақысын жеу және ара-қатынасты үзу күнәларына тұтылады. **«Үш нәрсе бойынан табылмаған адамның барлық күнәларының ғафу етілуі үміт етіледі: Ширкпен күпірлікке түспей өлу, сиқырлық жасамау және дін бауырына хиқд етпеу»** хадисі, сиқыр жасаудың исламда орны жоқ екенін көрсетеді.

Сиқыр, дуалау [магия] жасау харам. Сиқыр жасайтын адамға парсы тілінде «жаду» делінеді. Сиқырмен қалағанын жасайтынына сенсе, кәпір болады. Сиқырдың әсеріне сенбеген адам да кәпір болады. Сиқырдың, дәрілер сияқты, Аллаһу та’ала қаласа әсер ете алатынына сену керек. Сиқырмен әр қалауын, Аллаһу та’аланың жарататынына сену күпір болмаса да, үлкен күнә. Сиқырдың емі **«Садәти Әбәдийә»** кітабында кеңінен жазылған.

Хадис шәрифте: **«Аллаһу та’ала Шабан айының он бесінші түнінде барлық мұсылмандарды есіркейді. Тек мүшрикті және мушаһинді кешірмейді»** делінді. Мушаһин - бидғатшы, мазһабсыз дегенді білдіреді.

[Әһли сүннет уәл жамағат ақидасында болмаған адамға **«бидғатшы»** делінеді. Төрт мазһабтың бірінде болмаған адам, әһли сүннет жолынан айрылған (бөлінген) болады. Әһли сүннет ақидасында болмаған адам, не кәпір болады немесе бидғатшы болады. Кәпірлердің түрлері көп. Бұлардың ең жаманы, мүшрик. Мүшрик деп Аллаһу та’алаға және ахирет күніне сенбейтін адамға айтылады. Атеист, масон, коммунист те мүшрик дегенді білдіреді. Бидғатшылар кәпір емес. Бірақ бұзық ақидаларында шектен шыққандардың, Құран кәрімде және хадис шәрифтерде ашық білдірілген нәрсеге қарсы шыққанында кәпір болатынын Ислам ғалымдары айтқан. Құран кәрімде және хадис шәрифтерде мүшрик сөзі, кәпір сөзінің орнына қолданылған. Мысалы, мүшрикті кешірмеймін делінген, бұл кәпірлердің ешбір түрін кешірмеймін дегенді білдіреді. Бидғатшылардан шектен шықпағандары мұсылман, **«Әһли қыбла»** болады. Бірақ, бұлардың зияндары, кәпірлердің зиянынан да көп. Мазһабсыз дүмшелер, Мәудудишілер,

сәләфилер деп аталатын Ибн Тәймияшылар, Сәйд Құтбшылар осындай. Үндістан ғалымы мүфти Махмуд бин Абдулғайур Пишавари "рахимәһуллаһу та'ала" 1264 [м. 1848] жылында басып шығарған **«Хужжатул-ислам»** атты кітабында **«Туһфәт-ул-араби уәл-ажәм»** рисаласынан алып, парсы тілінде былай дейді: Мұсылмандардың мужтәһидтерді тақлид етуі (солардың жолымен жүруі) уәжіп. Себебі, Нахл сүресінің қырық үшінші және Әнбия сүресінің жетінші аяттарында **«Ғалымдардан сұрап үйреніңдер!»** және Тәубе сүресі жүзінші аятында **«Алғаш мұхажирлермен ансарлардан және бұларға мойынсұнғандардан Аллаһ разы»** деп бұйырылған. Бұл аяттар тақлид етуді бұйыруда. Муаз бин Жәбәл "радиаллаһу та'ала анһ" Йеменге әкім болғанда, «Кітаптан және хадистен таба алмаған кезде, ижтиһад етемін, түсінгеніме қарай әмір етемін» деді. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" бұл жауапты ұнатып, Аллаһу та'алаға хамд (мақтау) айтты. Мысырдағы Малики ғалымдарынан Ахмед Шихабуддин Қарафи "рахимәһуллаһу та'ала", 684 (м.1285) те қайтыс болған. Осы үлкен ғалымның «Жаңа мұсылман болған адамның, қалаған бір ғалымды тақлид етуі қажет болуы ижмамен білдірілген» дегенін, Жәлалуддин Суйути "рахимәһуллаһу та'ала" **«Жәзил-ул-Мәуахиб»** кітабында жазған. Хадис имамының сахих деген бір хадисіне мұсылмандардың сахих деуі жаиз болғанындай, фиқһ имамының сахих деген бір үкімге сахих деулері де жаиз болады. Ниса сүресінің елу сегізінші аятында: **«Келісе алмаған істерінде кітапқа және сүннетке жүгініңдер»** делінген. Бұл әмір, мужтәһид болған ғалымға айтылған әмір. Ибн Хаздың және дінде реформашылардың «Тірі және өлген, ешбір адамға тақлид халал емес. Әркімнің өзі ижтиһад етуі қажет» деген сөздерінің ешқандай маңызы жоқ. Себебі, бұлар Әһли сүннет емес. [Ибн Хаздың мазһабсыз екені, адасқан жолда екені **«Әшәддул-жиһад** кітабының соңында жазылған.] Муфтидің мужтәһид болуы уәжіп. Мутлақ мужтәһид болмаған мүфтидің өзінше жаңадан фәтуа беруі харам. Бірақ бұрынғы мужтәһидтердің фәтуаларын кітаптардан тауып айтуы жаиз. Мужтәһид болмаған мүфтиден фәтуа сұрау жаиз емес. **«Кифая»**да ораза бөлімінде былай делінеді: «Мужтәһид болмаған адамның, естіген кез келген бір хадисті ұстануы жаиз емес. Бұл

хадис, мәнсух немесе тәуил талап ететін болуы мүмкін. Ал фәтуа олай емес. **«Тақрир»**де де осылай жазылған. **«Тухфә»** кітабынан алынған аударма бітті.]

Хиқд себептерінің бірі ғадаб (ашу). Ғадаб еткен, ашуланған адам кегін ала алмағанда, ғадабы хиқд халіне айналады. Ғадаб, қан әрекетінің артуынан (Қан қысымының артуынан) пайда болады. Аллаһ үшін ғадапқа келу, жақсы. Бұл адамның дін үшін ғайрат етуінен (күйінгені) саналады.

Шаматат

17- Шаматат – өзгенің басына келген бәлеге, зиянға қуану деген сөз. Хадис шәрифте: **«Дін бауырларыңа шаматат етпеңдер! Шаматат етсеңдер, Аллаһу та'ала оның басына келген бәлені одан алып, сендерге береді»** деп бұйырылды. Залымның зұлымдығынан, жамандығынан құтылу үшін оның өліміне қуану шаматат болмайды. Дұшпанның басына келген өлімнен басқа бәлелерге қуану – шаматат болады. Ал бұл бәлелердің келуіне өзінің себепші болғанын ойлап қуану, мысалы: "қарғысының қабыл болғанына қуану" одан да жаман, бұл адамда "ужб" деп аталатын жаман мінездің пайда болуына алып келеді. Оған келген бақытсыздықтың, өзі үшін мәкір және истидраж болуы мүмкін екенін ойлау керек. Одан бақытсыздықтың кетуі үшін дұға ету керек. Хадис шәрифте: **«Мұсылманның дін бауырына жасаған игі (жақсы) дұғасы қабыл болады. Бір періште "Аллаһ осы жақсылықты саған да берсін, әмин" дейді. Періштенің дұғасы қайтарылмайды»** делінген. Залым дұшпанның басына келген бәле, оның зұлымдық жасауына тосқауыл болса, ол бәленің келуіне қуану – шаматат болмайды, яғни күнә болмайды. Дін қайраты (құлшыныс) болады. (Дін қайраты дегеніміз – дініне, діндес бауырына зиян келуін қаламау.) Дінге құлшыныс иманның қуаттылығын көрсетеді. Аллаһу та'ала үшін қайрат көрсету – жақсы нәрсе. Ал нәпсінің қалаулары үшін қайрат ету жақсы емес. Залымға да бәле келуіне қуану жақсы емес, бірақ басқаларға зұлымдық етуіне тосқауыл болатындықтан және бұдан басқа залымдар сабақ алатындықтан қуану – жаиз болады.

Хиджр (араздасу)

18- Хиджр – достықты тәрк ету, араздасу, ренжісу дегенді білдіреді. Хадис шәрифте: **«Мүминнің мүминге үш күннен көп хиджр етуі халал емес. Үш күннен кейін барып сәлем беруі уәжіп болады. Сәлеміне жауап берсе, сауапта ортақ болады. Жауап бермесе күнә оған болады»** делінді. Еркектің де, әйелдің де дүниелік іс үшін, мүминнің мүминге араздауы, яғни оны тәрк етуі, арадағы байланысты үзуі жаиз емес. Зимми, яғни мұсылман еместермен де, муамалаттағы (қарым-қатынастағы) үкімдер мұсылмандардікі сияқты. Ғибадаттардан және некеден басқа істерге **«Муамалат»** делінеді.

[Мұсылман емес отандастарымызбен де, дүние істері үшін араздау жаиз емес. Оларға да күлімдеген жүзбен, жылы сөзбен мәміле етіп, көңіліне қарау, ренжітпеу, ақыларын өтеу қажет. Мұсылман болсын, кәпір болсын, Ислам мемлекетінде болсын, дар-ул-һарбте (кәпір мемлекетінде) болсын, қайда болмасын, ешбір адамның малына, жанына және абыройына, ар-намысына тию жаиз емес. Ислам мемлекеттерінде өмір сүрген кәпірлер және басқа мемлекеттерден келген кәпір туристтер, кәпір саудагерлер, қарым-қатынаста, мұсылмандардың құқығына және еркіндігіне ие. Өз діндеріне қатысты қажеттіліктерін жасауда, ғибадаттарын жасауда еркін. Ислам кәпірлерге де, осы еркіндікті берген. Мұсылман Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнуы, күнә істемеуі тиіс. Үкіметтің заңдарына қарсы келмеуі, қылмыс істемеуі тиіс. Фитна шығуына себепші болмауы керек. Мұсылмандарға және кәпірлерге барлық жерде жақсылық жасауы керек, барлығының ақысына мән беруі керек. Ешкімге зұлым, жәбір көрсетпеуі тиіс. Ислам дінінің әдемі, көркем мінез-құлқын (ахлақын), абыройын барлық жерде барлық адамға көрсетіп жүруі керек. Әр ұлттың санасында ислам дініне деген сүйіспеншілікті оятып, ислам дініне құрмет көрсетуіне себепкер болуы керек.]

Араздасқан жағдайда, үш күн өтпей тұрып татуласу өте жақсы. Ауыр келмеуі үшін, үш күн рұқсат берілген. Одан кейін күнә жазыла бастайды және күн өткен сайын күнә арта береді. Күнәның артуы, татуласқанға дейін жалғасады. Хадис шәрифте: **«Саған араздаған адамға барып татулас! Зұлымдық жасағанға**

кешірім ет. Жамандық жасағанға жақсылық жаса!» делінді. «Ассаламу алейкум» дегенге он сауап беріледі. «Ассаламу алейкум уа рахматуллаһ» дегенге жиырма сауап беріледі. «Ассаламу алейкум уа рахматуллаһи уа бәракатуһ» дегенге отыз сауап беріледі. Жауап бергенге де осылай. Үш күннен көп араздаған адамға, шапағат етілмесе, кешірілмесе, жаһаннамда азап көреді. Күнә істеген адамға оған насихат болсын деген ниетпен хиджр ету жаиз, тіпті мүстаһаб. Бұл - Аллаһу та'ала үшін араздау болады. Хадис шәрифте: **«Амалдардың, ғибадаттардың ең құндысы, хубби филлаһ және буғди филлаһ»** делінді. Хубби филлаһ - Аллаһу та'ала үшін жақсы көру, Буғди филлаһ - Аллаһу та'ала үшін жақсы көрмеу, араздау дегенді білдіреді. Аллаһу та'ала Мұса алейһиссаламнан: Мен үшін не істедің?- деп сұрады. Мұса алейһиссалам: Сен үшін намаз оқыдым, ораза тұттым, зекет бердім, есіміңді көп зікір еттім,- дегенде, Аллаһу та'ала: Намаз - саған дәлел. Жаман қылық істеуден қорғайды. Ораза - қалқан. Жаһаннам отынан қорғайды. Зекет - махшарда көлеңке болады, саған рахаттық береді. Зікір, махшарда қараңғылықтан құтқарады, жарық береді. Ал Мен үшін не істедің?- деді. Мұса алейһиссалам: Йа, Раббым! Сен үшін болған істің не екенін маған білдір,- деп жалынғанда Аллаһу та'ала: «Ей, Мұса! Достарымды жақсы көрдің бе? Дұшпандарымды жаман көрдің бе?»- деп бұйырды. Мұса алейһиссалам, Аллаһу та'аланың ең көп жақсы көрген ғибадаттың, хубби филлаһ және буғди филлаһ екенін түсінді. Күнә істеген, жазықты болғанға ұзақ уақыт хиджр ету жаиз. Ахмед бин Ханбелдің "рахимәһуллаһу та'ала" харамнан келгені білінген сыйлықты қабыл еткені үшін көкесін және ұлдарын хиджр еткені мәшһүр. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" Тәбук соғысына келмеген үш кісіні және әйелдерін хиджр еткен.

Жубн (қорқақтық)

19- Жубн – қорқақтық дегенді білдіреді. Ашудың, қатал мәміленің қажетті мөлшеріне **«Шәжаат»** (батылдық) делінеді. Қажетінен аз болуына, әлсіз болуына **«Жубн»** (қорқақтық) делінеді. Жубн – жаман мінез. Имам Мұхаммед бин Идрис Шафии "рахимәһуллаһу та'ала" былай дейді: «Шәжаат ету қажет болған жерде, қорқақтық еткен адам, есекке ұқсайды. Шын ниетпен кешірім

сұрағанды кешірмеген адам, шайтанға ұқсайды». Қорқақ адам, әйеліне және туыстарына қамқор бола алмайды, оларды қорғай алмайды. Қорлыққа және зұлымдыққа мойын иеді. Харам істегенді көргенде үндемейді. Басқалардың малына тама (ашкөздік) етеді. Ісінде тұрақтылығы жоқ. Берілген міндеттің маңыздылығын түсінбейді. Аллаһу та’ала, Тәубе сүресінде шәжаатты (батылдықты) мақтайды. Нұр сүресінде, зина еткендерге хад жазасы берілгенде рақымдылық етпеуді әмір етеді.

Хадис шәрифте: **«Сүйікті қызым Фатима ұрлық істесе, қолын кесемін!»** делінген. Аллаһу та’ала Фәтх сүресінде, Сахабаларды “радиаллаһу та’ала анһум әжмаин” **«Кәпірлерге ғадаб етеді** (қаһарлы болады)**»**, соғыста қатаң мәміледе болады деп мақтайды. Тәубе сүресі жетпіс төртінші аятында: **«Кәпірлерге қарсы қатаң бол!»**, яғни олар шабуылдағанда қорықпа. Бір хадисте: **«Үмметімнің қайырлысы, темір сияқты төзімді болғандары»** делінді. Исламға және мұсылмандарға дұшпандық еткендерге, шабуылдағандарға қарсы қатаң болу керек. Оларға қарсы қорқақ болу жаиз емес. Қорқып қашу Аллаһу та’аланың тағдырын өзгертпейді. Ажал келгенде, Әзрейіл алейһиссалам, адамды қай жерде болса да табады. Өзін қауіпке ату да жаиз емес. Қауіпті жерде жалғыз қалу, жалғыз жүру, күнә болады.

Тәһәуур (ашушаңдық)

20- Ашудың, қатаңдықтың шамадан тым артық және зиянды болуына **«Тәһәуур»,** басқыншылық, қызбалық делінеді. Тәһәуур иесі қызба мінезді, қатал болады. Мұның терісіне казм, һилм, жұмсақтық делінеді. Жұмсақ адам, ашуға себеп болатын нәрселерге ашуланбайды, қызбалыққа түспейді. Қорқақ адам өзіне зиян тигізеді. Ал ашулы адам, өзіне де, басқаларға да зиянын тигізеді. Тәһәуур, адамды ақылынан адастырады, күпірге дейін апарады. Хадис шәрифте: **«Ашу иманды бұзады»** делінген. Расулуллаһтың “саллаллаһу алейһи уәсәлләм” дүние үшін ашуланғаны көрінген емес. Аллаһ үшін ашуланатын еді. Ашулы адам, қарсысындағының да өзіне қарсылық көрсететінін алдын ала ойлауы керек. Көп ашуланатын адамның жүйкесі бұзылады, көңілі ауру болады. Осы

келеңсіздіктер адамның сыртынан да көрініс тауып, жаман және қорқынышты халге енеді.

Ашуын жеңуге «**казм**» делінеді. Казм ету үлкен сауап. Казм иесіне, яғни ашуын жеңген адамға жаннат сүйіншіленген. Аллаһ разылығы үшін казм еткен, яғни қарсыласын кешіріп, оған жамандық жасамаған адамды Аллаһу та'ала қатты жақсы көреді. Жаннатты осындай адамдар үшін дайындағанын білдірген. Хадис шәрифте: **«Кімде-кім Аллаһу та'аланың разылығы үшін ашуын** (жеңетін) **алыстатататын болса, Аллаһу та'ала да одан азабын алыстатады»** делінген. Тағы бір хадис шәрифте: **«Бір мұсылманда үш нәрсе бар болса, Аллаһу та'ала оны сақтайды және қамқорлығына алады, оны жақсы көреді, мейірім етеді. Нығметке шүкір ету, залымды кешіру, ашуланғанда ашуын жеңу»** делінген. Нығметке шүкір ету, оны Исламға сай қолдану деген сөз. Хадис шәрифте: **«Ашуланған адам, қалағанын істеуге күші жете тұра жұмсақтық танытса, Аллаһу та'ала оның жүрегін амандық және иманмен толтырады»** және **«Кімде-кім ашуын жасырса, Аллаһу та'ала да оның айыптарын, қателіктерін жасырады»** делінген. Имам Ғазали "рахимәһуллаһу та'ала", «Жұмсақ мінезді болу, ашуын жеңуден үстем» деген. Хадис шәрифте: **«Йа, Раббым! Маған ілім бер, мені жұмсақтықпен безендір, тақуалық нәсіп ет! Амандықпен мені әдемі қыл!»** делінген. Абдуллаһ ибн Аббасқа "радиаллаһу та'ала анһума" бір адам жаман сөз айтты. Оған жауап ретінде бір қажеттілігің бол-са саған жәрдем берейін, деді. Әлгі адам басын алдына иіп, ұялып кешірім сұрады. Хазреті Хусейннің ұлы Зәйнәл Абидин Әлиге "радиаллаһу та'ала анһума" бір адам жаман сөз айтты. Киімін шешіп, оған сыйға берді. Иса алейһиссалам, яһудилердің жанынан өтіп бара жатқан кезінде оған өте жаман сөздер айтылды. Оларға жақсы, әрі жылы сөздермен жауап берді. Қасындағылар, «Яһудилер саған жамандық жасап жатыр, ал сен болсаң жақсы сөздер айтудасың» дегенде Иса алейһиссалам: «Әр адам өзінің бойындағы барын береді» деді. Жұмсақ мінезді, жақсы адам, әрдайым қуанышта, тыныштықта болады. Оны барлығы мақтап жүреді.

Хадис шәрифте: **«Ашу, шайтанның уәсуәсасынан пайда болады. Шайтан, оттан жаратылған. От, сумен өшіріледі. Ашуланған кездеріңде дәрет алыңдар!»** делінді. Осы себептен, ашуланғанда «аузу бисмиллаһ» пен екі «құл аузу»-ды айту керек. Адам ашуланған кезде ақылы тоқтайды. Исламның сыртына шығады. Ашуланған адам түрегеп тұрған болса, отыруы керек. Хадис шәрифте: **«Ашуланған адам, түрегеп тұрса отырсын. Ашуы басылмаса, жантайып жатсын!»** делінді. Түрегеп тұрған кезде өш алу оңайырақ болады. Отырған кезде азаяды. Жататын болса тіптен азаяды. Ашу тәкаппарлықтан туындайды. Жату тәкаппарлықтың азаюына себеп болады. Ашуланғанда, **«Аллаһуммағфир ли-зәнби уә әзһиб ғайза қалби уә әжирни минәшшайтан»** дұғасын оқу керектігі хадисте айтылған. Мағынасы: «Йа, Раббым! Күнәмді кешіре-гөр! Мені жүрегімдегі ашудан және шайтанның уәсуәсасынан құтқара-гөр!» дегенді білдіреді. Ашуға себеп болған адамға жылы мәміле көрсете алмайтын адам, оның жанынан кету керек, одан ұзақ болуға тырысу керек.

Дүние үшін де, ахирет үшін де ешкімге ашуланбау керек. **«Лә тағдаб»** (ашуланба!) хадис шәрифі, ашулануға тыйым салуда. Адам ашуланған кезде барлық жүйкесі бұзылады. Кейбір мүшелері ауруға шалдығады. Дәрігерлер де мұның емін таба алмайды. Мұның жалғыз емі – **«Ла тағдаб»** хадис шәрифі. Ашуланған адам сөзімен, әрекеттерімен жанындағыларды ренжітеді. Оларды да жүйке ауруына шалдықтырады. Үйдің тыныштығы қалмайды, берекесі кетеді. Отбасының бұзылуына, тіпті жанның қиылуына да себеп болуы мүмкін. Ашуланатын адам жоқ болса, ол үйде бақ-береке, тыныштықпен қуаныш бар деген сөз. Ашуланатын адам бар болса, ол жерде тыныштық, бақыттылық пен қуаныш болмайды. Мұндай үйдегі ерлі-зайыптылар арасында және ана мен бала арасында сыйыспаушылық, келіспеушілік тіпті дұшпандық та көп болмаса кем болмайды. Ислам үкімдеріне мойынсұнудың, бақыт пен шаттық, қуаныш әкелетінін осы жерден де байқауға болады. Ислам үкімдерімен жүрген кәпірлер де дүниеде бақытқа жетеді.

Надандар, сауатсыздар, ашу мен тәһәуурді шәжаат, еркектік, үстемдік, қайрат, жігер дейді. Осындай әдемі атаулармен ашуды,

жаман мінезді сәндеп, әдемі қылып көрсетеді. Ашуланудың жақсы екендігін айтады. Мұны мақтау үшін, үлкендердің ашуланғанын көрсететін оқиғаларды да айтады. Бұлай жасау – надандық. Ақылдың нұқсандығын көрсетеді. Осы себептерден ауру сау адамнан, әйел еркектен, қарт жас адамнан тезірек ашуланады. Отыз жастан кіші болғандарға жас, отыз бен елу арасындағы адамдарға ересек, елуден жоғары болғандарға қарт адам (жетпістен кейінгі адамдарға пирі фәни) делінеді.

Ислам дінінен, кітаптардан алмай, өз ойынан шығарып, қатаң, ашулы күйде уағыз айтқандарды тыңдамау да, оның ашуына себеп болады. Мұның шарасы, дұрыстықты жұмсақ және жылы сөзбен айту. Хазреті Хасан мен Хусейн "радиаллаһу та'ала анһума" шөлде кетіп бара жатқан еді. Бір қарт адамның дәрет алғанын көрді. Дәретін дұрыс алмаған еді, шарттарына сай емес еді. Қарт болғаны үшін, мұндай дәрет сахих болмайды деп айтуға қысылады. Жанына барып, «Құрметті ақсақал! Біз бір-бірімізбен кім жақсы, дұрыс дәрет ала алады деп жеңісе алмай жатырмыз. Біз дәрет алсақ. Ал сіз бізге төрешілік жасасаңыз» дейді. Бірінші Хасан, одан кейін Хусейн жақсылап дәрет алды. Қарт адам жақсылап қарап: «Балаларым! Дәрет алуды қазір сендерден үйрендім» деді. Ибраһим алейһиссалам екі жүз мәжусиге (отқа табынушыға) ас берді. Олар риза болып «Бізге не әмір етсең, жасайық» деді. «Сендерден бір тілегім бар,» деді. «Ол қандай тілек?» дегендерінде, «Менің Раббыма бір рет сәжде етулеріңді сұраймын» деді. Өзара сөйлесіп, «Бұл қарттың кеңпейілділігі, жомарттығы мәшһүр. Бұны ренжітпейік, бір рет сәжде етейік, одан кейін тәңірлерімізге барып табынамыз. Еш зияны болмас» деді. Олар сәждеде болғанда Ибраһим алейһиссалам «Йа Раббым! Күшімнің жеткені осы! Бұдан артығын жасату қолымнан келмейді. Бұларды хидаятқа, бақытқа қауыштыру тек қана сенің құдіретіңде. Бұларға мұсылмандықты нәсіп ет!» деді. Дұғасы қабыл болып, барлығы мұсылман болды.

Харам істейтін адамға жекеше отырып насихат етіледі. Харам істеп жатқан адамға жылы сөзбен сол жерде айтылады. Адамдарға алдымен жекеше түрде, жалғыз қалғанда насихат ету әсерлірек болады.

Біреудің сөзін дұрыс түсінбеу де, ашуға себеп болады. Осындай кездері қысқа әрі анық сөйлеу және күмәнді сөздер қолданбау керек. Бір нәрсені жасырып, астарлап айту тыңдаушыға қиындық береді. Оны ренжітеді. Әмри маруф (дінді насихат) жасаудың үш шарты бар. Біріншісі: Аллаһу та'аланың әмірі мен тыйымдарын білдіруге ниет ету. Екіншісі: Айтқанының дәлелін, қайдан алынғанын білу. Үшіншісі: Пайда болатын қиындықтарға сабыр ету. Жұмсақ сөйлеп, қатаң болмау керек. Қатты сөйлеген және сөз таластырған адам фитнаның шығуына себеп болады. Хазреті Омар халифа кезінде Абдуллаһ ибн Масудпен "радиаллаһу анһум" бірге бір түні Мадинаның ішін аралап жүреді. Бір есіктен әуеннің, ән айтып жатқан әйелдің даусы естіледі. Есіктің тесігінен ішіне қараған кезде, алдында шарап ыдысы, қарсы алдында әнші қыз тұрған қарт адамды көреді. Бірден терезеден ішке кіреді. Қарт кісі: «Йа, Әмирулмуминин! Аллаһу та'аланың разылығы үшін мені тыңдайсың ба?» дегенде, «Айт көрейік,» дейді. Әлгі қарт адам: «Ей Омар. Мен Аллаһу та'алаға бір рет бағынбадым. Ал сен оның үш әміріне бағынбадың,» дейді. «Олар не?» деп сұрағанда, «Аллаһу та'ала басқалардың үйін аңдымаңдар деген. Сен есіктен аңдыдың. Аллаһу та'ала, басқалардың үйіне рұқсатсыз кірмеңдер деген. Сен рұқсатсыз кірдің. Аллаһу та'ала үйге есіктен кіріңдер және сәлем беріңдер деді, ал сен терезеден кірдің және сәлем бермедің,» деді. Хазреті Омар "радиаллаһу та'ала анһ" әділдікпен, ынсаппен жауап беріп, «дұрыс айтасың» деді де, одан кешірім сұрады. Жылап сыртқа шықты.

Насихат берген адамға және барлық мұсылмандарға хусни зан ету (жақсы ойда болу), жақсы қарсы алу керек. Сөздерін, мүмкіндігінше жақсы мағынаға жору керек. Мұсылмандардың қайырымды және салих болғанына сену ғибадат болады. Мұсылманға суи зан етіп (жаман күмәнға барып) оған сенбеу - өзінің жаман мінезді екенін көрсетеді. Естілген сөзді түсінуге тырысу керек, түсінбегенін сұрау керек. Сөйлеген адамға бірден суи зан етпеу керек. Шайтанның жүрекке беретін уәсуәсаларының ең әсерлісі – суи зан уәсуәсасы. Суи зан ету харам. Бір сөзден жақсы мағына шығару мүмкін болмаса, мұның қателесіп, жаңылысып немесе ұмытып айтылуы мүмкін екенін ойлау керек.

Бір кедей, байдан бір нәрсе сұраса, бай бермесе, екеуі де ашуға келуі мүмкін.

Бір іспен айналысып жатқан адамға, ойланып отырғанға, қайғылы адамға, қиыншылық көріп жүрген адамға бір нәрсе айту, бір нәрсе сұрау оны ашуландыруға себеп болуы мүмкін. Баланың жылауы, айқайлауы, жануардың айқайлауы да осылай. Мұндай ашулану өте жаман. Жансыздардың әрекетінен ашуланатындар кездеседі. Бұл одан да жаман. Қойған жерінен тайып құласа, балтамен ұрған кезде сынбаса, ашуланып жаман сөз айтатын, қырып-жоятын, жағып жіберетін адамдар да кездеседі. Өзінің істегеніне ашуланатын, сол үшін өз-өзін балағаттайтын, өз-өзін ұратын адамдар да жоқ емес. Ғибадатта кемшілік жасағаны үшін өз-өзіне ашулану жақсы қасиет. Дін қайраты, сауап болады. Әмірлер мен тыйымдарының себебімен үкіметке, үкімет басшысына, Расулуллаһқа “саллаллаһу алейһи уәсәлләм”, тіпті Аллаһу та’алаға қарсы ашулану бәрінен де жаман. Күпірге себеп болады. **«Ашу, иманды бұзады»** хадис шәрифі, Аллаһу та’алаға, Расулуллаһқа қарсы ашуланудың күпірлік болатынын көрсетеді.

Харам істеп жатқан адамды көрген кезде ашулану жақсы. Дін қайраты болады. Бірақ, ашуланған кезде ақылдың және ислам дінінің сыртына шықпау керек. Оған кәпір, мұнафық және басқа да жаман сөздер айту харам болады. Айтқан адамды сұраққа тарту, жазалау қажет болады. Харам істеп жатқан адамды көрген кезде оған надан немесе ақымақ деп айтуға рұқсат берілген болса да, жұмсақ, жылы сөйлеп насихат айту жақсырақ болады. Хадис шәрифте: **«Аллаһу та’ала әр уақытта жұмсақ сөйлегенді жақсы көреді»** делінген. Харам істеген, заңға қарсы келген адамды үкімет қызметкері, тәртіп сақшыларының (полиция) күш қолданып тоқтатуы керек. Бірақ, қажетінен артық ұруы, жәбірлеуі зұлымдық болады, күнә болады. Мемлекет қызметкері жоқ болса, күші жететін адамның тоқтатуы, тәзірін беру керек. Өлім, үйін бұзу жазалары тек үкімет және сот тарапынан жасалады. Қажетінен көп жаза беру зұлымдық болады. Муһтасибтардың, яғни әмри маруф және нәхи мункар жасайтын үкімет қызметкерлерінің жәбір көрсетулері харам.

Ашудың терісі Хилм (жұмсақтық) деп аталады. Хилм ашуды жеңуден абзалырақ. Хилм – ашуланбау деген сөз. Ақылдың көптігінің белгісі. Хадис шәрифте: **«Ашуға себеп болатын бір нәрсеге тап болғанда хилм еткен адамды Аллаһу та'ала жақсы көреді»** және **«Аллаһу та'ала хайа** (ұятты)**, хилм** (жұмсақ мінезді) **және иффәт иесі** (арлы) **болған құлдарын жақсы көреді. Фухш** (ұятсыз сөз) **айтатындарды және жармасып тіленетіндерді жақсы көрмейді»** делінген. Иффәт – басқаның мүлкіне көз тікпеу деген сөз. Фухш – жаман, ұятсыз нәрселер. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" **«Йа Раббым! Маған ілім, хилм** (жұмсақтық)**, тақуалық және афиет** (амандық) **бер!»** деген дұғаны көп айтатын еді. Илми нафи (пайдалы ілімдер) – кәлам, фиқһ және ахлақ ілімдері. Афиет - дін мен ақиданың бидғаттардан, амал мен ғибадаттың апаттардан, нәпістің шаһуаттардан, көңілдің нәпістің қалауы мен уәсуәсадан және дененің аурулардан шипа табуы, құтылуы, амандықта болуы дегенді білдіреді. Расулуллаһтан "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" дұғалардың ең абзалы қайсысы деп сұралғанда, **«Аллаһу та'аладан афиет сұраңдар! Иманнан кейін, афиеттен асқан ниғмет жоқ»** деді. [Афиетке қол жеткізу үшін көп истиғфар айту керек.] Хадис шәрифте**: «Ілім және сәкинә иесі болыңдар! Үйрену және үйрету кезінде жылы сөйлеңдер! Ілімдеріңмен тәкаппарлық етпеңдер!»** делінген. Сәкинә - байсалды, салмақты болу дегенді білдіреді. Хадис шәрифте: **«Ислам дініне бағынған және жұмсақ болған адамды жаһаннам оты жақпайды»** және **«Жұмсақ болу береке әкеледі. Жұмысында шектен шығушылық пен босаңдық ғафлетке себеп болады»** делінген. Хадис шәрифте: **«Рифқ иесі** (жұмсақ мінезді) **болмаған адамнан қайыр келмейді»** және **«Рифқ** (жұмсақтық)**, адамға сән береді және кемшіліктерді кетіреді»** делінген.

Дұшпанға ашуланбау керек, жай дауыспен «Аллаһ жазаңды берсін» деу керек. Аллаһу та'ала ешқандай ақысы болмаса да, өзі кінәлі бола тұра дауласқанға өте ауыр жаза береді.

Хадис шәрифте: «**Ілім - үйрену арқылы, ал хилм болса, оған талпыну арқылы пайда болады. Аллаһу та'ала қайырлы нәрсе үшін тырысқан адамды мақсатына жеткізеді. Жамандықтан сақтанған адамды бұдан қорғайды»** делінген.

Ғадр (сөзінде тұрмау)

21- Ашуды келтіретін себептердің бірі «**Ғадр»**, яғни берген ахдында және мисақында (сөзінде) тұрмау. Бір жақтың сөз беруіне **«Уәде»** делінеді. Екі жақтың уәделесуіне **«Ахд»** (келісім) делінеді. Антпен қуатталған уәде **«Мисақ»** деп аталады. Екі жақтама келісіп, сөз берісіп, алдын ала хабарласпай сөзін бұзу «ғадр» болады. Мемлекет басшысы, кәпірлермен жасаған келісімді бұзу қажет екеніне көз жеткізсе, оларға хабарлауы уәжіп. Хабар бермей келісімді бұзуы жаиз емес. Хадис шәрифте: **«Ғадр еткен адам, қиямет күні ауыр түрде жазасын көреді»** делінді. Ғадр ету - харам. Кәпірлермен де жасасқан келісімді қорғау уәжіп.

Хадис шәрифте: **«Сенімді болмаған адамда иман жоқ. Уәдесін бұзған адамда дін жоқ»** делінген. Бұл хадис шәрифте аманатқа қиянат еткен адамның иманы кәміл болмайды, бұған мән беремесе, иманы қалмайды делінген.

Қиянат

22- Көңіл (жүрек) ауруларының жиырма екіншісі – қиянат. Қиянат ету де ашуға себеп болады. Қиянат та үлкен харам және мұнафықтықтың (екіжүзділіктің) белгісі. Қиянаттың терісі – аманат, адал, сенімді болу. Қиянат – біреуге өзін сенімді етіп көрсеткеннен кейін, сол сенімділікті бұзатын іс жасау деген сөз. Мүмин – сенімді адам, ешкімнің малына, жанына қиянат етпейтін адам. Аманат пен қиянат, мал-мүлікте болатынындай, сөзде де болады. Хадис шәрифте: **«Мешуерет етілетін** (ақыл, кеңес сұралатын) **адам сенімді»** делінген. Яғни оның дұрыс кеңес беретініне және сұраған мәселесін өзгелерден жасыратынына аманат етіледі, сеніледі. Оның дұрыс, тура сөйлеуі уәжіп. Адам, мүлкін сенімді адамға тапсыратынындай, тура сөйлейтініне сенімді болған адаммен мешуерет етеді, кеңеседі. Али Имран сүресінің жүз елу тоғызыншы аятында: **«Жасайтын істі алдымен мешуерет ет** (ақылдас)**!»** делінді.

Мешуерет, яғни кеңесу, адамды өкінуден қорғайтын сенімді қорған іспеттес. Мешуерет етілетін, яғни кеңес сұралатын кісі,

адамдардың жағдайын, заманның және Мемлекеттің шарттарын білуі қажет. Бұған саясат ілімі делінеді. Бұдан өзге ақылы, пікірі қуатты, алдын болжай білетін, тіпті денсаулығы жақсы болуы қажет. Мешуерет, яғни кеңес сұралатын адамның, білмегенін немесе білетінінің терісін айтуы күнә болады. Жоғарыдағы шарттарға сай келмейтін біреумен мешуерет етілсе (ақылдасса), екеуіне де күнә болады. Дін мен дүние істерінде білмей фәтуа бергенге, періштелер лағнет етеді. Бір адам зиянды екенін біле тұра бір әмір берсе, қиянат еткен болады.

[**«Хадиқа»** да былай делінген: Абдуллаһ бин Мәсуд “радиаллаһу та’ала анһ” былай деді: «Діндеріңде ең алғаш айрылатын, қолдарыңнан жіберіп алатын нәрсе, аманат болады. Қолдарыңнан ең соңғы кететін нәрсе намаз болады. Діні-иманы болмаса да, намаз оқитын адамдар шығады. Хадис шәрифте: **«Достық құрған адамын өлтірген адам менің үмметімнен емес. Өлтірілген кәпір де болса осылай»** делінді.]

Уәдені бұзу

23- Уәдеде тұрмау да ашуға себеп болады. Бір жақтың сөз беруіне **«Уәде»**, екі жақтың уәделесуіне **«Ахд»** (келісім) делінетінін, өткен бөлімде білдірген едік. Біреуге зиян беру, жапа шектіретініне сөз беруге **«Уаид»** делінеді. Уаидті орындамау **«Керем»**, мейірімділік болады. Өтірік уәде беру харам. Мұндай уәдені орындамау да бөлек тағы күнә болады. Орындау болса, әуелгі өтірікшілік күнәсін жояды. Фасид бәй (бұзық, дұрыс емес сауда) да осылай. Мұндай сауданы бұзу, бас тарту уәжіп болады. Бұзып, тәубе етсе, күнәлары қалмайды. Мұндай сауданы тоқтатпаса, күнә екі есе болады.

Уәдеде тұру керек. Хадис шәрифте: **«Мұнафықтың** (екіжүзділіктің) **белгісі үшеу: Уәдеде тұрмау, өтірік айту, аманатқа қиянат ету»** делінді. Уәдесін орындауға күші жетпесе, мұнафықтың белгісі болмайды. Өзіне мал-мүлік немесе сөз немесе сыр аманат етілген адамның бұларға қиянат етуі, мұнафықтық болады.

Бұхариде жазылған, Амр ибн Астың “радиаллаһу та’ала анһ” ұлының айтқан хадисінде: **«Төрт нәрсе мұнафықтықтың**

белгісі: Аманатқа қиянат ету, өтірік айту, уәдесін бұзу және ахдын ғадр ету (келісімді бұзу) **және сотта шындықты айтпау»** делінді. Ибн Хажар былай дейді: Нифақ яғни мұнафықтық, адамның сыртының ішіне сай болмауы дегенді білдіреді. Сөзі өзіне ұқсамайды. Ақидадағы сенілетін нәрселерде мұнафықтық ету, күпір болады. Ісінде және сөзінде мұнафықтық ету, харам болады. Ақидада, иманда мұнафықтық, басқа күпірлерден де жаман. Іске асыру, орындау ниетімен уәде беру жаиз, тіпті сауап. Мұндай уәдені іске асыру уәжіп емес, мүстаһаб. Іске асырмау тәнзиһан мәкрух болады. Хадис шәрифте: **«Бір адам, орындау ниетімен берген сөзінде тұра алмаса күнә болмайды»** делінді. Ханафи және Шафиии мазһабтарында ахдты (келісімді) бұзу, үзірсіз мәкрух, үзірлі болса жаиз. Бірақ бұзатынын алдын ала хабар беруі уәжіп. Ханбәли мазһабында уәдеде тұру уәжіп. Орындамау харам болады. Жасалуы төрт мазһабта да сахих болған бір нәрсені жасау тақуалық болады.

Әрбір мұсылманның төрт мазһабтағылардың барлығын жақсы көруі, барлығына игі, жақсы дұға етуі, мазһабта фанатизмге бармауы уәжіп. Төрт мазһабты **«тәлфиқ»** ету (біріктіру) ғалымдардың ауызбірлігімен жаиз емес. Тәлфиқ – бір істі, бір ғибадатты жасағанда, төрт мазһабтың рұхсаттарын, жеңілдіктерін жинап біріктіру деген сөз. Жасалған бұл іс, төрт мазһабтың еш бірінде сахих болмауда. Бір мазһабтың рұхсаттарын жинап амал ету, жаиз.

[Бір ғибадатты, бір істі жасау үшін, төрт мазһабтың бірін тақлид етуге ниет ету, сол мазһабқа сай жасау керек. Төрт мазһабтың әр бірінде, бір істің жасалуы үшін, бір оңай жолы, бір ауыр жолы бар. Бірінші жолға **«Рұхсат»**, екіншісіне **«Азимет»** жолы делінеді. Қуатты, жағдайы келетін адамның азиметпен амал етуі абзал. Қиын болған нәрсені істеу, нәпіске ауыр келеді, нәпісті қатты езеді, әлсіретеді. Ғибадаттар нәпісті әлсірету үшін, сындыру үшін әмір етілді. Себебі, нәпіс адамның да, Аллаһу та’аланың да дұшпаны. Оны әлсіретіп, азғыруының алдын алу қажет. Бірақ толығымен өлтірілмейді. Себебі, ол дененің қызметшісі. Ақымақ және жаһил қызметшісі. Әлсіз, ауру, келеңсіз (қиын) жағдайда болған адамның, ғибадаттарында, істерінде азимет (ауыр) жолды

тәрк етуі, рұхсат жолымен істеуі керек. Егер өз мазһабының рұхсат жолымен орындау да қиын болса, басқа үш мазһабтың бірін тақлид етіп орындауы жаиз болады.]

Су-и зан (жаман ойда болу)

24- Күнәларының кешірілмейтінін ойлау Аллаһу та'алаға су-и зан ету болады. Мүминдерді харам істеуші, яғни күнәһар, пасық деп ойлау су-и зан (жаман күмән, күдік) болады. Су-и зан ету харам. Бір кісінің харам істегенін көріп, біліп оны жақсы көрмеу су-и зан болмайды. Керісінше, буғди филлаһ (Аллаһ үшін жақтырмау) болып, сауап болады. Дін бауырының айыбын көрген кезде оған хусни зан ету (жақсы ойлау) керек, жақсыға жору керек. Оны түзету керек. Бір кісі жайлы өздігінен жаман ойлардың келуі, еске түсуі су-и зан болмайды. Егер сол ойына келген жаман нәрсеге қарай көңілі бейімделсе, көңілдің оған сене бастауы су-и зан болады. Хужурат сүресінің он екінші аятында: **«Ей иман келтіргендер! Су-и зан етуден сақтаныңдар! Ойға келетін нәрселердің кейбірлері күнә болады»** делінген. Хадис шәрифте: **«Су-и зан етпеңдер. Су-и занға берілу қате шешім қабылдауға себеп болады. Адамдардың жасырын нәрселерін іздемеңдер, кемшіліктеріне қарамаңдар, сөз таластырмаңдар, хасед** (көре алмаушылық) **етпеңдер, бір-бірлеріңе дұшпандық жасамаңдар, бір-бірлеріңді шағыстырмаңдар, бір-бірлеріңді бауырдай жақсы көріңдер. Мұсылман мұсылманның бауыры. Оған зұлымдық етпейді, жәрдем береді. Оны өзінен төмен көрмейді»** делінген. Мұсылманның мұсылманды өлтіруі харам. Бір хадис шәрифте: **«Мұсылман мұсылманның жанына, мал-мүлкіне және ар-намысына тиіспейді. Аллаһу та'ала денелеріңнің қуаттылығына, сұлулығына қарамайды. Амалдарыңа да қарамайды. Көңілдеріңе қарайды»** делінген. Аллаһу та'ала көңілде болған ықыласқа және Аллаһтан қорқуына қарайды. Амалдардың, ғибадаттардың қабыл болуы үшін, яғни сауап берілуі үшін, шарттарына сай болуы, әрі ықыласпен ниет етілуі қажет. «Ғибадат сахих болса, қабыл етіледі. Ниетке қаралмайды» деп айту дінсіздік болады. Аллаһ разылығы үшін жасалмаған жақсы

амалдар мен ғибадаттар қабыл етілмейді. «Аллаһу та’ала көңілге қарайды. Жақсы ниетпен жасалған бүкіл нәрсенің бәрін қабыл етеді» деп айту да жаһил шейхтардың, жаһил тариқатшылардың сөздері.

[Кейбіреулер біздің жүрегіміз таза деп харамдарды, жаман нәрселерді істеуден тиылмайды. Жақсы ниетпен жасалған барлық нәрсе жақсы амалға, құлшылықтың орнына өте береді деп айтып, өздері болса ашықша күнә істеп, мұсылмандарды алдап өздеріне шәкірт жинайтындарды жақсы көрмеу керек, оларға бағынбау керек. Бұлардың пасық екендігін айту су-и зан болмайды.]

Хадис шәрифте: **«Аллаһу та’алаға хусни зан етіңдер** (Аллаһ жайлы жақсы ойлаңдар)**»** делінген. Зүмәр сүресінің елу үшінші аятында **«Ей, күнәлары көп болған құлдарым! Аллаһтың мейірімінен үміттеріңді үзбеңдер! Аллаһ күнәлардың барлығын кешіреді. Ол шексіз кешірім және мейірім иесі»** делінген. Шарттарына сай тәубе етілген кезде, Раббымыз әртүрлі күпірлік пен әртүрлі күнәларды міндетті түрде кешіреді. Қаласа, күпірден басқа күнәларды тәубесіз де кешіреді. Хадис құдсиде: **«Құлым мен туралы қандай ойда болса, онымен ойлағанындай мәміледе боламын.»** делінген. Қабыл ететіндігін ойлап тәубе еткен адамды кешіреді.

[Аллаһу та’аланың пайғамбарларына “салауатуллаһи та’ала уәттәслиматуһу алейһим әжмаин” хабар беруіне, білдіруіне **«Уахи»** делінеді. Уахи екі түрлі болады: Жәбрейіл есімді періште Аллаһу та’аладан алған хабарларды пайғамбарға әкеліп оқиды. Бұған **«Уахи мәтлу»** делінеді. Бұл уахидың сөздері де, мағыналары да Аллаһтан болады. Құран кәрім – уахи мәтлу. Уахидің екінші түрі – **«Уахи ғайри мәтлу»**. Бұл уахи Аллаһу та’ала тарапынан пайғамбардың “алейһиссалату уәсәлләм” көңіліне аян беру арқылы білдіріледі. Пайғамбар бұл уахиды өз сөзімен жанындағыларға жеткізеді. Бұл сөздерге **«Хадис құдси»** делінеді. Хадис құдсидің сөздері пайғамбардан, мағынасы Аллаһтан. Пайғамбардың “алейһиссалату уәсәлләм” сөздері де, мағыналары да өзінен болған сөздеріне **«Хадис шәриф»** делінеді.]

Хадис шәрифте: **«Аллаһу та’алаға хусни зан ету** (жақсы ойлау) **– ғибадат»** және **«Өзінен басқа илаһ болмаған Аллаһу**

та'алаға ант етемін, Аллаһу та'ала өзіне хусни зан етіліп жасалған дұғаны әлбетте қабыл етеді» және **«Қиямет күні Аллаһу та'ала бір құлының жаһаннамға тасталуын әмір етеді. Жаһаннамға алып бара жатқанда артына қарап, Йа Раббым! Дүниеде саған әрқашан хусни зан еттім деген кезде, оны жаһаннамға апармаңдар! Құлымды, мені ойлағанындай қарсы аламын деп бұйырады»** делінген.

Салих (жақсы) немесе пасық (күнәһар) екендігі анық болмаған мүминге хусни зан ету керек. Пасық және салих болу ықтималы тең болса **«Шәк»**, шүбһә делінеді. Тең болмаса, көп болуына **«Зан»**, аз болуына **«Уәһм»** делінеді.

Дүниелікке деген махаббат

25- Харам жолмен табылған табыс мүлік болмайды. Қолданылуы харам болады.

Халал мүлікті қажетті мөлшерінен артық жинау мәкрух. Зекеті берілмесе азапқа себеп болады. Хадис шәрифте: **«Алтын мен күміске құл болған адамға лағнет болсын!»** делінген. Құл әрдайым қожайынының көңілінен шығуға тырысады. Дүниелік мүліктің соңынан жүгіру, нәпістің шаһуаттарының (қалауларының) соңынан жүгіруден де жаман. Мал-мүліктің, ақшаның артынан жүгіру, Аллаһу та'аланың әмірлерін ұмытуға себеп болса, бұған **«Дүние махаббаты»** делінеді. Аллаһты зікір (ойлау) болмаған көңілге (жүрекке) шайтан орналасады. Шайтанның ең үлкен айласы – адамға қайырлы істер жасату арқылы өзін салих (діндар), жақсы деп ойлатқызуы. Мұндай адам өз-өзінің құлы болады. Хадис шәрифте: **«Өткен үмметтердің әр қайсысына фитналар берілген. Менің үмметімнің фитнасы – мал, ақша жинау болады»** делінген. Дүниеліктің соңына түсіп, ахиретті ұмытады.

Хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала адамдарды жаратқан кезде ажалдарын, өмірлерін және ризықтарын тағдырға жазған»** делінген. Адамның ризығы өзгермейді, азаймайды, көбеймейді және уақытынан кері қалмайды. Адам ризығын іздегені сияқты, ризық та иесін іздейді. Көп кедейлер бар, байлардан да жақсы, әрі бақытты өмір сүреді. Аллаһу та'ала өзінен қорыққандарға,

дініне мойынсұнғандарға күтпеген жерден ризық жібереді. Хадис құдсиде: **«Ей, дүние! Маған қызмет еткенге қызметші бол! Саған қызмет еткенге қиыншылық көрсет!»** делінген. Бір хадис шәрифте, **«Йа Раббым! Мені сүйгендерге қайырлы мүлік бер. Маған дұшпандық еткендерге өте көп мал-мүлік және бала-шаға бер!»** делінген. Бір яһуди өлді. Бір үйі мен екі баласы қалды. Үйді бөлісе алмады. Қабырғадан бір дауыс шықты. Мен үшін бір-біріңе дұшпандық етпеңдер. Мен патша едім. Ұзақ өмір сүрдім. Мазарда жүз отыз жыл болдым. Кейін топырағымнан ыдыс, құмыра жасалды. Қырық жыл үйлерде қолданылдым. Сындым. Көшеге лақтырылдым. Одан кейін менен кірпіш жасалды. Осы дуалдың құрылысында қолданды. Бір-біріңмен ұрыспаңдар. Сендер де мен сияқты боласыңдар, деді.

Хасан Челеби "рахимәһуллаһу та'ала", **«Мәуақиф»** кітабының түсініктемесінде былай деген: Хазреті Хасан мен Хазреті Хусейн ауырып қалды. Хазреті Әли мен Хазреті Фатима "радиаллаһу та'ала алейһим әжмаин" және қыз қызметшілері, балалар жазылса, үш күн ораза ұстайтындарын нәзір етті (атады). Балалар жазылды. Ауызашарға жейтін ештеңе жоқ еді. Бір яһудиден үш са [1 са – 3,5 кг] арпа қарызға алды. Хазреті Фатима бір са арпадан ұн жасады. Мұнымен бес нан пісірді. Бір кедей келіп, «Маған жейтін бір нәрсе беріңізші» деді. Нандарды соған беріп, аш жатты. Ертеңіне бір жетім келді. Бұларды да соған беріп, тағы да аш жатты. Үшінші күні де, бір құл келіп тамақ сұрады. Мұны да соған берді. Аллаһу та'ала Расулуллаһқа "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" аяти кәрима жіберіп, бұлардың нәзірлерін және исарларын (жомарттықтарын) мақтады. Ризықты (яғни ақшаны, мүлікті) өзіне қажет мөлшерін алып, артығын таратуға **«Зуһд»** делінеді.

[Бір адамның ақысын қайтару, оған болған қарызды өтеу, **«Әділеттік»** жасау болады. Ақысынан артық беру**, «Ихсан»** ету болады. Ризығының, яғни өзіне қажетті мүліктің барлығын басқаға беру **«Исар»** болады.]

Заһид (діндар) болған ғалымның екі рәкат намазы, заһид болмаған адамның өмір бойы оқыған намазынан қайырлы. Сахабалардың кейбірлері "радиаллаһу та'ала анһум әжмаин", табииндердің кейбірлеріне, сендер Расулуллаһ "саллаллаһу

алейһи уәсәлләм” сахабаларынан көбірек амал (ғибадат) жасап жатырсыңдар. Бірақ, олардың зухдтері сендерден артық болғаны үшін, сендерден қайырлы еді, деген. Дүние махаббаты, яғни дүниелікке берілгендік – нәпістің қалауларын, нәпсіге жағымды нәрселерді және бұларға қол жеткізуге себеп болған ақшаны харам жолмен іздеу деген сөз. Дүниелікке берілу – қиялдың соңынан жүгіру деген сөз. Себебі, дүниелік ләззаттардың зияндары, пайдаларына қарағанда көбірек. Қолда қалмайды, тез кетеді. Ал бұларға қол жеткізу болса, өте қиын. Еш пайдасы болмағандарға **«Ла’б»**, яғни ойын және **«Ләһу»**, яғни көңіл көтеру делінеді.

[Адамды өлуден, бір мүшесінің жоқ болуынан және қатты аурудан құтқаратын нәрсеге «**Зәрурет**» делінеді. Рухани және тәндік саулық үшін садақа беру, жақсылық жасау, зекет, қажылық, құрбандық, қарыз беру үшін қажет болған нәрселерге **«Қажеттелік»** делінеді. Қажеттілігінен артық болып, жағымды, ұнамды болған нәрсеге «**Зинет»** делінеді. Қажеттілігінен артық болған мүлікті, **«тәкәппарлану»** үшін, адамдарға көрсету (мақтану) үшін қолдану зинет емес, харам болады. Зәрурет мөлшерде ақша табу үшін жұмыс істеу парыз. Қажеттілік мөлшерде жұмыс істеу сүннет. Бұған **«Қанағат»** делінеді. Зинет болған нәрселерді табу мубах. Қажеттілік және зинет заттарды ислам дініне сай жолмен табу ғибадат болады. Бұларды табу үшін ислам дінінің сыртына шығу харам болады. Осындай харам жолмен табылғандар дүниелік болады. **«Ахками исламийа»** – Аллаһу та’аланың әмірлері мен тыйымдары деген сөз.]

Хадис шәрифте: **«Дүниелік болған нәрселер малғұн. Аллаһ үшін болған нәрселер, Аллаһу та’ала разы болған нәрселер малғұн емес»** делінген. Дүниелік нәрселердің Аллаһу та’аланың алдында еш қадірі жоқ. **Ахками исламийаға** (Ислам дінінің үкімдеріне) сай жолмен табылған және қолданылған ризық дүниелік болмайды. Дүние нығметі болады. Дүние нығметтерінің ең қадірлісі – салиха әйел. Иманды және ислам дініне мойынсұнған адамға **«Салих»** (жақсы адам) делінеді. Салиха әйел күйеуін харам істеуден қорғайды. Жақсылық жасауына және ғибадат етуіне жәрдемші болады. Салиха болмаған әйел зиянды болады. Дүниелік болады. Хадис шәрифте: **«Дүниелік нығметтерінен**

маған әйелдерім және әдемі иіс ұнатылды» делінген. Хадис шәрифте, **«Дүниелік болған нәрселердің Аллаһтың дәргейінде масаның қанатындай қадірі болғанда кәпірге бір жұтым да су бермейтін еді»** делінген. Кәпірлерге дүниелікті көп беріп, оларды пәлекетке жеткізуде. Хадис шәрифте: **«Мүминнің Аллаһ алдындағы қадірі, жинаған дүниелігі мөлшеріндей азаяды»** және **«Дүниелікке деген махаббат артқан сайын, ахиретте болатын зияны да арта береді. Ахирет махаббаты артқан кезде, дүниеліктің оған тигізетін зияны азаяды»** делінген. Хазреті Әли “радиаллаһу та’ала анһ” былай деген: Дүниелік пен ахирет шығыс пен батыс сияқты. Біреуіне жақындаған адам, екіншісінен ұзақтайды. Хадис шәрифте: **«Дүниенің соңынан жүгіру, су үстінде жүруге ұқсайды. Оның аяқтарының суланбауы мүмкін бе? Ислам дініне мойынсұнуға бөгет болған нәрселерге дүниелік делінеді»** және **«Аллаһу та’ала бір құлын жақсы көрсе, оны дүниеде заһид** (діндар) **және ахиретке әуес қылады. Айыптарын оған білдіреді»** және **«Дүниеге берілу – қателіктердің басы»** делінген. Яғни, әртүрлі қателікке, күнәға себеп болады. Дүниенің артынан жүгірген адам, күмәнді нәрселерге, одан кейін мәкрухтарға, одан кейін харамдарға, тіпті күпірге түседі. Өткен үмметтердің пайғамбарларына “алейһимуссалауату уәттәслимат” сенбеулерінің себебі – дүниелікке берілгендігі еді. Дүниелікке деген махаббат шарапқа ұқсайды. Оны ішкен адам тек өлер кезде ғана есін жияды. Мұса алейһиссалам Тур тауына бара жатқанда бір адамның қатты жылағанын көрді. Йа Раббым! Құлың сенен қорқып жылап жатыр, деді. Аллаһу та’ала, қан жыласа да, оны кешірмеймін, деді. Өйткені, ол дүниеге берілген, деді. Хадис шәрифте: **«Дүниелікті халалдан тапқан адамға ахиретте есеп бар. Харамнан тапқанға, азап бар»** және **«Аллаһу та’ала бір құлын жақсы көрмесе, мүлкін харамдарға жұмсатқызады»** делінген. Тәкаппарлану үшін ғимарат соғу осыған жатады. Бір хадис шәрифте: **«Бір адам, халалдан келген ақшасымен ғимарат соғатын болса, адамдардың бұдан пайдаланған мерзіміндей оған сауап беріледі»** делінген. Дымқылдан құтылу үшін, таза ауа алу ниетімен биік ғимарат салу жаиз. Тәкаппарлану үшін, мақтану үшін, үлкен ғимарат салу харам. Имам Ағзам Әбу Ханифа былай

деген: «Надандардың масқараламауы үшін және дұшпандарға қуатты, күшті болып көріну үшін ғалымдардың, әміршілердің киімдері мен үйлері сәнді болуы керек.»

Тәсуиф

26- Тәсуиф – қайырлы іс жасауды кейінге қалдыру деген сөз. Ғибадаттарды, қайырлы істерді жасауда асығу **«Мусара'ат»** болады. Хадис шәрифте: **«Өлуден бұрын тәубе етіңдер. Қайырлы істерді жасауға кедергі шығудан бұрын асығыңдар. Аллаһу та'аланы көп еске алыңдар. Зекет пен садақа беруге асығыңдар. Осылайша Раббыларыңның ризықтарына және жәрдеміне қол жеткізіңдер!»** және **«Бес нәрсе келмей тұрып, бес нәрсенің қадірін біліңдер! Өлімнен бұрын өмірдің қадірін, аурудан бұрын денсаулықтың қадірін, дүниеде ахирет үшін еңбектенудің қадірін, қартаймай тұрып жастық шақтың қадірін, кедейліктен бұрын байлықтың қадірін»** делінген. Зекетін бермеген және мүлкін ахирет жолында жұмсамаған адам, кедей болған кезде қатты өкінеді. Хадис шәрифте: **«Тәсуиф еткен** (кейінге қалдырған) **адам құриды»** делінген.

[Имам Раббани "рахметуллаһи алейһ" дәретханаға кіргеннен біраз уақыттан кейін есікті ұрып қызметшісін шақырады. Қызметші дәрет суын немесе орамалын дайындамағандығын ойлап, жүгіріп келеді. Есіктің арасынан көйлегін ұзатып, «Мынаны ал, пәлен кедейге сыйлық ретінде бер» деген кезде, «ұстаз, бұны дәретханадан шыққаннан кейін берсеңіз болмас па еді? Неліктен өзіңізге қиындық тудырдыңыз?» - дейді. Көйлегімді сол кедейге сыйлау дәретханада ойыма келді. Сыртқа шыққанға дейін кейінге қалдырғанымда, шайтан уәсуәса (жаман ой) беріп, осы қайырлы істі орындаудан мені қайтаруынан қорқтым,- деді.]

Пасықтарды жақсы көру

27– Харам істейтін адамға **«пасық»** (күнәһар, жаман адам) делінеді. Пасықтықтың ең жаманы, зұлымдық жасау. Себебі, зұлымдық жұрттың көзінше ашық жасалуда және бұған құл ақысы

да араласуда. Али Имран сүресінің 57-ші және 140-шы аяттарында **«Аллаһу та'ала залымдарды жақсы көрмейді»** делінген. Хадис шәрифте **«Залымға ұзақ өмір тілеп дұға ету, оның Аллаһу та'алаға қарсы шығуын қалау болып табылады»** делінді. Суфйан Сәуриге "рахимәһуллаһу та'ала" «Шөлде бір залым шөлдеп өлейін деп жатқан болса, оған су беруге бола ма?» делінгенде, «жоқ, беруге болмайды»,- деді. Залым, тұрған үйін өзгелерден тартып алған болса, ол үйге кіру харам болады. Пасық адамның алдында оған қарапайымдылық еткен кісінің дінінің үштен екісі кетеді. Залымға қарапайымдылық еткеннің халі қандай болатынын осыдан да түсіну керек. Залымның қолын сүю, алдында иілу, күнә. Әділге болса жаиз. Әбу Убайда бин Жәррах, хазреті Омардың қолын сүйген "радиаллаһу анһума". Табысының көбісі харамнан болған адамның үйіне бару, оған қонақ болу жаиз емес. Оны сөзбен немесе басқа да бір әрекетпен мақтау харам. Тек, өзін немесе өзгені оның зұлымдығынан құтқару мақсатымен залымның жанына, үйіне бару жаиз болады. Қасына барған кезде өтірік сөйлемеу және оны мақтап, мадақтамау керек. Егер құлақ салады-ау деген үміт болса, насихат айтылады. Залым саған келген кезде оны орнынан тұрып қарсы алу жаиз болады. Діннің ұлылығын және залымның жаман екенін байқату үшін тұрмау жақсы болады. Мүмкіншілік болса, насихат етіледі. Залымның қасынан әрқашан да ұзақ тұрған жақсы. Хадис шәрифте: **«Мұнафықпен сөйлескенде мырзам, демеңдер!»** делінген. Залымға, кәпірге құрмет ету, сыйлап сәлем беру, ұстазым деу, күпір болады.

Аллаһу та'алаға мойынсұнбағанға **«пасық»** (жаман адам) делінеді. Басқалардың мойынсұнбауына, пасықтықтың жайылуына себепші болғанға **«фажир»** делінеді. Харам істеп жүргені елге мәлім болған пасықты жақсы көрмеу керек. Бидғатты, яғни қате сенімдерді халық арасына жаюға тырысатындармен дінді үйренуге кедергі болатындарды жақсы көру, күнә болады. Хадис шәрифте: **«Пасықтың пасықтығына тосқауыл болуға шамасы жете тұра, ешкім тосқауыл болмаса, тоқтатпаса, Аллаһу та'ала бұлардың барлығын, дүниеде және ахиретте азаптайды»** делінді. Омар бин Абдулазиз "рахимәһуллаһу та'ала" былай дейді: «Аллаһу та'ала бір адам күнә істегені үшін, басқаларды азаптамаса да, ашық

күнә істегенді көргендер оны тоқтатпаса, барлығын азаптайды». Аллаһу та'ала, Юша пайғамбарға "алейһиссалату уәсәлләм": «Қауымыңнан қырық мың салих адамды және алпыс мың пасық адамды азаптаймын!» деп уахи етті. «Йа Раббым! Пасықтарды азаптауыңды түсінемін. Салихтерді азаптауыңның себебі не?» дегенде. «Менің ашуланғандарыма, олар ашуланбады. Олармен араласып, бірге ішіп-жеді» деп бұйырды. Малына, жанына, балаларына және мұсылмандарға зиян келетін, яғни фитнаға себеп болатын уақытта, бидғатшыларға және залымдарға әмри маруф айту қажет болмайды. Ашық күнә істейтін пасықтарды тек жүрекпен жаман көру жеткілікті. Жылы және жұмсақ сөздермен насихат айту қажет болады.

Бір адам, әрі ғибадат жасап, әрі пасықтық жасаса, ол кісіге көбірек істеген ісінің есімі беріледі. Екеуі бірдей болса, ғибадаты жағынан жақсы көріледі. Пасықтығы жағынан жақсы көрілмейді. Басқалардың да пасықтық жасауына себеп болған адам, үкімет қызметкерлері тарапынан тоқтатылады.

[Аллаһу та'аланың сүйікті құлы болу мақсатында исламға сай өмір сүретін және бір мүршидті жақсы көретін кісіге **«Салих»** (жақсы адам) делінеді. Осындай Аллаһу та'аланың сүйікті құлы бола алған адамға **«әулие»** делінеді. Басқалардың да осыған жетуі үшін еңбектенген әулиеге **«мүршид»** делінеді. **«Исламның негізгі тірегі үшеу: ілім, амал, ықылас.»** Ислам ілімдері екіге бөлінеді. Діни білімдер және жаратылыстану (дүниелік) білімдер. Дін бұзушы реформисттер дін білімдеріне **«схоластикалық білімдер»**, жаратылыстану білімдеріне **«рационалды білімдер»** дейді. Діни білімдер, ағаштан алмұрт түскені сияқты, адамның басына бір жерден түсе қалмайды. Шынайы мүршидтің сөздерінен, халдерінен, әрекеттерінен және әһли сүннет ғалымдарының **«илмихал»** кітаптарынан үйреніледі. Қиямет жақындағанда, ешбір жерде шынайы мүршид қалмайды, жаһил, өтірікші, пасық дін адамдары көбейеді. Олар Аллаһу та'аланың разылығы үшін емес, ақша, мансап және атақ үшін жұмыс істейді. Бұл дін ұрыларына алданбау, бақытқа жету үшін мәшһүр әһли сүннет ғалымдарының кітаптарын оқу керек. Заманымызда және әр уақытта күнәлардың ең зияндысы, діни білімдерді үйренуге тосқауыл болу. Зиянды

ойындарға қарау, діни кітапты оқуға тосқауыл болады. Жастар дін кітабын оқымай діни сауатсызға айналуда. Дінсіз және имансыз болып өсуде. Мұсылман ата-аналар, балаларын осы пәлекеттен құтқаруы қажет. Сондықтан әһли сүннет ғалымдарының дұрыс кітаптарын үйіне әкеліп, балаларына оқытуы қажет. Ата-аналар балаларының алдындағы осы міндеттерін орындамаса, балалары кәпір болады, жаһаннамға түседі.]

Ғалымдарға дұшпандық

28- Ислами ілімдерді және ислам ғалымдарын "рахимәһумуллаһу та'ала" мазақ ету күпір болады. Ислам ғалымын келемеждеген, жамандаған адам кәпір болады, мүртәд болады. Алайда адасқан секталарды таратуға тырысып жүрген ғалымсымақтарды пасықтықтарымен бидғаттары себепті жақсы көрмеу қажет. Ғалымдарды дүниелік істерінің себебімен жақсы көрмеу күнә болады. Салихтерді де жақсы көрмеу осылай. Хадис шәрифте: **«Үш нәрсе иманның ләззатын күшейтеді: Аллаһу та'аланы және пайғамбарын барлық нәрседен қатты жақсы көру, өзін жақсы көрмеген мұсылманды Аллаһу та'аланың разылығы үшін жақсы көру, Аллаһу та'аланың дұшпандарын жаман көру»** және **«Ғибадаттардың ең құндысы, Хубби филлаһ пен Буғди филлаһ»** делінді. Ғибадаты көп болған мүминді, аз болғанынан көбірек жақсы көру керек. Мойынсұнбаушылықтары көп болғандарды, күпірді және арсыздықты жайған кәпірлерді көбірек жақсы көрмеу керек. Аллаһ үшін дұшпандық етуіміз қажет болғандардың басында, адамның өз нәпісі келеді. Жақсы көру дегеніміз, солардың жолында болу деген сөз. Иманның белгісі де, **«Хубби филлаһ пен Буғди филлаһ»**. Бір хадисте: **«Аллаһу та'аланың кейбір құлдары бар. Бұлар, пайғамбар емес. Пайғамбарлар мен шәһидтер, қиямет күні бұларға қызыға қарайды. Олар, бір-бірлерін танымаған, ұзақ жерлерде өмір сүрген, Аллаһ үшін бір-бірлерін жақсы көрген мүминдер»** делінді.

Бір хадисте: **«Адам, дүниеде кімді жақсы көрсе, ахиретте соның қасында болады»** делінді. Оның жолында болмаса, жақсы

көргені шын, яғни сахих емес. Адам, дініне және аманатына сенген салих адамдармен дос болуы керек. **«Зийа-ул Қулуб»** кітабында былай делінген: «Яһудилер және насранилер өз пайғамбарларын жақсы көретіндіктерін айтады. Алайда, олардың жолында емес, раввиндардың, поптардың ойдан шығарған қате жолында болғандары үшін, ахиретте өз пайғамбарларының қасында бола алмайды. Тіпті, жаһаннамға кетеді.» Жоғары рухтар, жақсы көрген рухтарын жоғары тартады. Ал төмен рухтар төменге тартады. Адам өлгеннен кейін, рухының қайда кететінін, дүниеде жақсы көргендерінің халінен түсінуі керек. Адам адамды мінез-құлқы себепті немесе ақылдылығын көріп немесе өзіне жасаған жақсылығы үшін немесе Аллаһу та'аланың разылығы үшін жақсы көреді. Дүниеде жақсы көрген адамдардың рухтары бір-біріне жақын болғаны сияқты, қияметте де бір-біріне жақын болады. Әнәс бин Малик "радиаллаһу анһ" былай дейді: «Мұсылмандарды жоғарыдағы хадис шәриф қуантқанындай еш нәрсе қуантпаған.» Кәпірлерді жақсы көрген адам олармен бірге жаһаннамға кетеді. Сүйгеніне мойынсұнбау, адамның қолында емес. Жақсы көрудің ең күшті белгісі, жақсы көрген адамының сүйгендерін, достарын жақсы көру, оның сүймегендерін, дұшпандарын жақсы көрмеу.

Фитна (бүлік)

29- Адамдарды қиыншылыққа, бәлеге түсіру, бүлік шығару, төңкеріске себепші болу, фитна шығару болады. Хадис шәрифте **«Фитна, ұйқыда. Оны оятқанға Аллаһ лағнет етсін!»** делінді. Адамдарды, үкіметке қарсы, заңдарға қарсы бүлікке, көтеріліске ынталандыру фитна болады. Фитна шығару харам. Ол адам өлтіруден де үлкен күнә. Залым болған үкіметке қарсы көтеріліс жасау да харам. Зұлымдыққа ұшырағандар билікке қарсы көтеріліс жасаса, бұларға жәрдем беру де харам. Бүлік шығарудың күнәсы, зұлымның зиянынан және күнәсынан да көп.

Имамның намазда аяттарды сүннет болған мөлшерден көп оқып намазды созып жіберуі де, фитна шығару болады. Уағызшылардың, дін адамдарының жамағат түсінбейтін нәрселерді айтуы және жазуы да фитна болады. Уағыз беретін адам барлығының түсіне

алатынындай жеңіл тілде айтуы керек. Мұсылмандарға жасай алмайтын ғибадаттарды әмір етпеуі керек. Зайыф қаулы болса да, жасай алатындарын айту керек. Әмри маруф (уағыз) айтқанда да фитна шығармауға көп көңіл бөлу керек. Әмри маруф, уағыз айтқанда өзін қауіп-қатерге тастау, әмір етілмеген. Дінге және басқаларға зиян келтіріп, дүниелік бүлікке де себеп болмау керек. Өзіне тек дүнияуи зияны тиетін әмри маруф жасау жаиз болады, жиһад болады. Сабыр ете алмаса, мұны да жасамау керек. Фитна заманында үйінен шықпау керек, ешкіммен кездеспеу керек. Фитнаға тап болғанда сабыр ету керек.

Имам Раббани "рахимәһуллаһу та'ала" екінші том, алпыс сегізінші хатында былай деген: «Сүйікті ұлым! Қайта-қайта жазып жатырмын, қазір, күнәларымызға тәубе ететін, Аллаһу та'аладан кешірім тілейтін замандамыз. Фитналар көбейген осы заманда, үйден шықпау, ешкіммен кездеспеу керек. Фитналар жақын арада, жаңбыр сияқты жауып, барлық жерге тарайды. Хадис шәрифте: **«Қиямет қайым болмастан бұрын барлық жерді фитналар қаптайды. Фитналардың зұлымдығы айналаны қараңғы түндей етеді. Сол заманда үйінен мұсылман болып шыққан адам кешке кәпір болып оралады. Кешке мұсылман болып үйіне келген адам азанда кәпір болып шығады. Ол заманда отыру түрегеп тұрудан да қайырлы. Жай жүру жүгіргеннен абзал болады. Ол уақытта оқтарыңды сындырыңдар! Садақтарыңды кесіңдер. Қылыштарыңды тасқа ұрыңдар. Ол уақытта үйлеріңе біреу келгенде, Адам нәбидің екі ұлынан жақсысы сияқты болсын!»** Сахабалар "радиаллаһу та'ала анһум әжмаин" мұны естігенде, ол уақытта болатын мұсылмандарға не істеуді әмір етесіз деді. Жауабында **«Үйлеріңнің заты болыңдар!»** Бір риуаятта: **«Ондай фитна уақытында, үйлеріңнен сыртқа шықпаңдар!»** делінген. [Бұл хадис шәриф Әбу Даудта және Тирмизиде бар.] Осы күндері, Дарул-харб (мұсылман емес мемлекет) кәпірлерінің Негрекут қаласында мұсылмандарға, ислам мемлекеттерінде жасаған зұлымдықтарын, қорлықтарын естіген шығарсың. Мұсылмандарға жан-түршігерлік әрекеттер жасады. Осындай озбыр істер ақырзаманда көп болады. Алпыс сегізінші хаттан аударма бітті.

«Тәзкирә-и Құртуби» мұхтасарында былай делінеді: Хадис шәрифте: **«Фитна шығармаңдар! Сөзбен шығарылған фитна, қылышпен шығарылған фитна сияқты. Залымдарға, күнәһарларға елді өсектеп шағыстырудан, өтірікпен жаладан пайда болған фитна, қылышпен жасалған фитнадан да зиянды»** делінді. Малын, жанын құтқару қиыншылығына түскен адамның да, бүлік шығармауы, үкіметке, заңдарға қарсы келмеуі қажет екендігін ғалымдардың барлығы дерлік ауызбірлігімен білдірген. Себебі, залым болған үкіметке қарсы сабыр етуді хадис шәрифтер әмір етуде. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" **«Аллаһуммә инни әсәлукә филәл хайрат уә тәркәлмункәрат уә хуббәл-мәсакин уә иза әрадта фитнатан фи қауми фәтәуәффәни ғайрә мәфтун»** дұғасын оқығанын Имам Мұхаммед "раһимәһуллаһу та'ала" айтады. Бұл дұғаның мағынасы: «Йа Раббым! Маған қайырлы істерді жасауды, жаман нәрселерді тәрк етуді және кедейлерді жақсы көруді нәсіп ет! Қауымымның арасында фитна шығаруды қалаған кезіңде, фитнаға араласпай тұрып жанымды ал!» Имам Құртуби "рахимәһуллаһу та'ала" былай дейді: Бұл хадис шәриф, фитнадан сақтану, оған араласпау керектігін, фитнаға араласқаннан гөрі, өлудің қайырлы екенін ашық көрсетуде.

«**Мишкат**»-тағы хадис шәрифтерде былай делінеді: **«Фитна заманында мұсылмандарға және олардың басшыларына мойынсұныңдар. Хақ жолда болған адам жоқ болса, фитнашыларға, бүлікшілерге араласпаңдар! Өлгенге дейін, фитнаға қатыспаңдар!» «Фитна заманында, үкіметке бағыныңдар. Сендерге зұлымдық етсе, малдарыңды алса да, оған мойынсұныңдар!» «Фитна заманында, исламға жабысыңдар. Өздеріңді құтқарыңдар. Басқаларға ақыл үйретпеңдер! Үйлеріңнен сыртқа шықпаңдар. Тілдеріңе ие болыңдар!» «Фитна заманында, көп адам өлтіріледі. Олардың арасына араласпаған құтылады.» «Фитнашылармен араласпаған адам, бақытқа жетеді. Фитнаға тұтылып, сабыр еткен де, бақытқа жетеді.» «Аллаһу та'ала, қиямет күні бір құлынан: «күнә істеген адамды көргеніңде не үшін тосқауыл болмадың» деп сұрайды. Ол құл: «оның зиянынан, дұшпандық етуінен**

қорықтым және сенің мейіріміңмен кешіріміңе сендім» дей-ді.» Осы хадис шәриф, дұшпан күшті болған уақыттарда, әмри ма-руф-ты және нәхи мункарды тәрк ету жаиз болатынын көрсетеді.

«Ширатул-ислам» шархында былай делінеді: Парызды орындауды, харамнан тыйылуды әмір ету, уағыздау парыз кифая. Сүннеттің орындалуын әмір ету, мәкруһтан тоқтатып, қайтару, сүннет. Харам істеуде болған адам, қолмен тоқтатылмайды. Сөзбен тоқтатылады. Яғни, жаман екені, зияндылығы түсіндіріледі. Харам істеуге дайындалғанда, қолмен тоқтатылады. Сөзбен, қолмен қайтарғанда, фитна шығармау, зиян тигізбеу керек. Қайтарудың пайдалы болатынын алдын ала білу қажет. Болжамының басым болуы, пайдалы болатынына ойы, сенімі көп болуы білуге жатады делінген. Хубби филлаһ, Буғди филлаһ болмайынша, істелген ғибадаттардың пайдасы болмайды. Әмри маруф үзірсіз тәрк етілсе, дұғалар қабыл болмайды. Қайыр береке қалмайды. Жиһадта және мүшкіл істерде жеңіс нәсіп болмайды. Жасырын істелген күнә, оны істегенге зиян береді. Ашық істелсе, зияны барлығына тиеді. Бір адамның жамандауымен, біреуді жаман деп білмеу керек. Бір адамның өзгені жамандауы ғайбат болады. Оны тыңдау да харам болады. Бір адамның пасық екендігі, екі әділ куәгердің, оның бір күнә істегенін көргендерін білдіруімен немесе өз тәжірибесімен түсініледі. Күнә істеліп жатқанын көріп, шамасы, күш қуаты жете тұрып тоқтатпау **«мудахане»** болады. Мудахане еткендердің, қабірден маймыл және доңыз келбетінде тұратындары, хадис шәрифте айтылған. Әмри маруф айтқанда, достары жақсы көрмейді. Мудахане еткенді жақсы көреді. Залым болған үкімет адамдарына сөзбен әмри маруф жасау, жиһадтың ең қадірлісі. Насихат етуге шамасы жетпесе, көңілімен (жүрегімен) қайтару, ұнатпау жиһад болады. Мемлекет адамдары қолмен (күшпен), ғалымдар сөзбен, басқа мұсылмандар көңілмен (жүрекпен) әмри маруф жасайды. Әмри маруфты Аллаһ разылығы үшін жасау және айтқандарының кітаптан дәлелдерін білу және фитнаға себеп болмау керек. Сөзінің пайдасы болмайтынын және фитнаға себеп болатынын білген адамның әмри маруф жасауы уәжіп болмайды. Тіпті, кейде харам болады. Осындай уақытта фитнаға себеп болмау үшін, үйінен шықпау керек. [Яғни фитнашылардың арасына

араласпау керек]. Фитна шықса немесе үкімет зұлымдық жасап, бүлік шығып жатса, ол қаладан, аймақтан хижрет ету (көшу) қажет болады. Хижрет ету мүмкін кезде, үкіметтің қорқытуы, зорлауы, күнә істеу үшін үзір болмайды. Хижрет ету мүмкін болмаса, бір шетте қалу керек, ешкімге араласпау керек. Сөзінің пайдасы болмайтынын және фитна шығатынын білсе, әмри маруф жасау уәжіп болмайды, мүстаһаб болады. Сөзінің пайдалы болатынын, бірақ фитнаға себеп болатынын білгенде де уәжіп болмайды. Фитна, соққы сияқты кішкентай болса, мүстаһаб болады. Фитна үлкен және қауіпті болса, әмри маруф жасауы харам болады. Әмри маруфты жұмсақ, жылы сөзбен айту уәжіп. Қатаңдық фитнаға себеп болады. Мұсылманға және зимми кәпірге қарай қару бағыттамау керек, бұларға да зұлым, жәбір көрсетпеу керек. «**Шира**»-дан аударма бітті.

Мудахана және мудара

30- Құдіреті, шамасы жете тұрып, харам істеген кісіні тоқтатпауды мудахана дейді. Бұл іс - харамды істегенге немесе оның жанындағыларға деген құрметтен немесе дінге болған байланысының әлсіздігінен туындайды. Фитна болмайтын, яғни дініне, дүниесіне немесе басқаларға зияны тимейтін кезде, харам мен мәкрух істеген адамға кедергі болу керек. Ондай кездерде күнә істелінуіне бөгет болмау, үндемей тұру харам болады. Мудахана ету, харам істелуіне разы болуды көрсетеді. Үндемеу көп жерде жақсы. Бірақ, хақты, ақиқатты, қайырды айтатын кезде үндемеу жарамайды. «Йа Расулаллаһ! Өткен үмметтердің бір бөлігіне зілзаламен азап жасалып, жер жұтты. Олардың арасында салихтар [жақсы адамдар] да бар еді» делінгенде, **«Иә, салихтар да бірге опат болды. Себебі, Аллаһу та'алаға мойынсұнбаушылық болған кезде олар үндемеген** (қой демеген) **еді. Күнәһарлардан бөлінбеген еді»** деді. Хадис шәрифте, **«Үмметімнен бір бөлігі, қабірлерінен маймыл немесе доңыз кейпінде тұрады. Бұлар Аллаһу та'алаға бағынбағандардың арасында болғандар, олармен бірге жеп ішкендер»** және **«Аллаһу та'ала бір ғалымға ілім бергенде, пайғамбарлардан алған сияқты, одан**

да уәдесін алады» делінді. Ілімін қажет болған кезде айтуға тартынбайтынына, жасырмайтынына уәде береді. **«Бір адам, Аллаһу та'аланың берген ілімін, қажет болған кезде айтпаса, қиямет күні мойнына оттан жіп тағылады»** хадис шәрифі және Ниса сүресінің, **«Өздеріне ілім және хидаят берілген адамдар, ілімдерін адамдардан жасырса, Аллаһу та'аланың және лағнет етушілердің лағнеттері, осыларға болсын!»** деген мағынадағы 36-шы аяти кәримасы мудахана етудің харам болатынын көрсетуде. Мудахананың терісі, қарама-қайшысы «Ғайрат» және беріктік. Маида сүресінің елу төртінші аятында **«Аллаһ жолында күреседі, жамандалудан қорқпайды»** делінді. Дінде, ғайрат және бекем болғандардың мал-жандары, сөздері және қаламдары арқылы Аллаһ разылығы үшін жиһад етулері қажет екені, осы аяти кәримада білдірілуде. Хадис шәрифте: **«Өте ащы болса да, хақты айтыңдар!»** делінді. Бір заһид Әмәуи халифаларының төртіншісі, Мәруанның қасында музыкалық аспапты тартқандарды көргенде, аспаптарын сындырды. Мәруан оны арыстандардың арасына тастаңдар деп әмір етті. Арыстандардың қасында, әлгі кісі дереу намаз оқи бастады. Арыстандар, оны өлтірудің орнына үсті-басын жалай бастады. Бір күн өткен соң әскерлер оны арыстандардың арасынан шығарып, халифаға апарды. Халифа: «Арыстандардан қорықпадың ба?» деді. «Жоқ, олардан қорқу, ойыма да келмеді. Бір түнді ойланумен өткіздім» деді. «Не ойландың?» «Арыстандар мені жалағанда, сілекейі нәжіс бола ма, болмай ма соны ойландым. Аллаһу та'ала, намазымды қабыл етті ме? етпеді ме? деп ойландым» деді.<?>[1]

Өзіне немесе басқаларға зиян тию қауіпі болғандықтан жақсылықты әмір ету және харамнан қайтару мүмкін болмаса, мұндай фитнаға бөгет болу үшін үндемеуге, сабыр сақтауға **«Мудара ету»** делінеді. Көңілі (жүрегі) харамды қайтаруды қалап, мудара ету жаиз. Бұған тіпті садақа сауабы беріледі. Мудара еткенде жылы сөзбен және күлімдеген жүзді болу қажет. Шәкіртке сабақ бергенде де, мудара жасалады. Имам Ғазали "рахимәһуллаһу та'ала" былай дейді: «Адамдар үшке бөлінеді: Біріншісі, азық сияқты. Әркімге, әр уақытта қажет. Екіншісі, дәрі сияқты. Қажеттілік кезінде керек болады. Үшіншісі, ауру сияқты. Бұлар қажет болмайды. Бірақ,

өздері адамдарға келіп жабысады, жұғады. Бұлардан құтылу үшін, мудара ету қажет.» Мудара жаиз. Кейде мүстаһаб болады. Үйінде, әйеліне мудара етпеген, сабыр сақтап, кемшіліктерін көрмеген сыңай танытпаған адамның рахаты, тыныштығы қалмайды. Расулуллаһқа "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" бір қонақ келгенінде. **«Ішке кіргізіңдер оны! Ол жаман адам»** деді. Ішке кіргесін, онымен жылы және көңілді сөйлесті. Кеткесін, жұмсақ сөйлеуінің себебі сұралғанда, **«Қияметте, ең жаман жерде болатын адам, дүниеде зиянынан қорғану үшін қонақ етілгендер»** деді. Хадис шәрифте: **«Қысылмай ашық түрде харам істейтін адамды ғайбат ету жаиз болғанындай, жамандығынан қорғану үшін бұларға мудара ету де жаиз. Бірақ, мудара мудаханаға айналып кетпеуі керек»** делінді. Мудара - мұсылмандығына немесе мал-мүлікіне зиянын тигізіп алмау үшін, дүниеліктен бір шама беру дегенді білдіреді. Ал мудахана болса - дүниелікке қол жеткізу үшін мұсылмандығын беру деген сөз. Залымға мудара етіп жатқанда өзін және зұлымдығын мақтауға болмайды.

Инад және мукабара
(қырсықтық)

31- Қырсықтық және өзін жоғары санау, хақты, туралықты естігенде қабылдамау дегенді білдіреді. Әбу Жаһил және Әбу Талиб, қырсықтығынан Расулуллаһтың "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" пайғамбар екендігіне сенбеді, қабылдамады. Қырсықтық – риядан (өзін көрсетуден), хикдтан (кек сақтаудан), хаседтен (көре алмаушылықтан) немесе тамадан (ашкөздіктен) пайда болады. Хадис шәрифте: **«Аллаһу та'аланың ең жаман көретін адамы, хақты қабыл етуде қырсыққандар!»** делінді. Тағы бір хадисте: **«Мүмин салмақты болады, жұмсақ болады»** делінді. Салмақты кісі дүние істерінде жеңілдік көрсетеді. Ал дін істерінде таудай берік болады. Тау-тастар уақыты келгенде тозуы мүмкін. Алайда мүминнің діні еш тозбайды.

Нифақ (екі жүзділік)

32- Нифақ – мұнафықтық (екі жүзділік), ішінің сыртына сай болмауы дегенді білдіреді. Көңілінде (жүрегінде) күпір болған адамның өзінің мүмин екенін айтуы, дінде нифақ болады. Жүрегінде дұшпандық, кек сақтап, көріністе дос болу дүние нифақы болады. Күпірдің ең жаманы, дінде нифақ жасау. Мәдина қаласындағы мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ бин Убей бин Салул еді. Мұсылмандардың Бәдір соғысындағы жеңісін көргенде, мұсылман болғандарын айтты, бірақ жүректерімен сенбеді. Хадис шәрифте: **«Мұсылмандарға сөзімен дос көрініп, әрекеттерімен дұшпандық еткендерге, Аллаһу та'ала және періштелер лағынет етсін»** және **«Мұнафықтың үш белгісі бар: Өтірік айтады, сөзінде тұрмайды және аманатқа қиянат етеді»** делінді. Мұндай адам, мұсылман екендігін айтса да, намаз оқыса да, мұнафық.

Тәфәккур етпеу – ойланбау

33- Адамның өз күнәларын ойлап, бұларға тәубе етуі керек, ғибадаттарын, жақсылықтарын ойлап, бұларға шүкір етуі керек. Жаратылыстардағы және өз денесіндегі сан-алуан түрлі өнерді, жүйелілікті, тәртіптерді, бұлардағы бір-бірлеріне болған байланыстарды ойлап, Аллаһу та'аланың бар екендігін, ұлылығын түсінуі қажет. Махлұқтардың, жаратылыстардың барлығына **«Әлем»** делінеді.

[Әлем үшке бөлінеді: **«Әлем-и әжсад»** (денелер әлемі)**,** **«Әлем-и әруах»** (рухтар әлемі) және **«Әлем-и мисал»**. Әлем-и мисал, болмыс әлемі емес, көрініс әлемі. Әр болмыстың осы әлемде бір көрінісі, бір мысалы болады. Алем-и әруах, Арштың сыртындағы нәрселер. Бұлар материя емес. Бұларға **«Әлем-и әмр»** деп те айтылады. Алем-и әжсад, материя әлемі. Бұған «Алем-и халқ» деп те айтылады. Бұл да екіге бөлінеді: Адамға **«Әлем-и сағир»** (кіші әлем) делінеді. Адамнан басқа жаратылыстың барлығына **«Әлем-и кәбир»** (үлкен әлем) делінеді. Алем-и кәбирде болған барлық нәрсенің, алем-и сағирде бір үлгісі, ұқсасы бар. Адамның

көңілі (жүрегі), рух әлеміне ашылған бір есік. Кәпірлерде бұл есік жабылған, қираған. Сол себепті, кәпірлердің рух әлемінен хабарлары жоқ және бола алмайды. Көңілдің (жүректің) өмір сүруіне, рух әлеміне ашылуына жалғыз шара, жалғыз ем - иман келтіру, мұсылман болу. Мүминнің көңіл есігінен Алем-и әмрге кіруі және осы әлемде шексіз, мәңгі өмірге ілгерілеуі үшін, еңбек етуі керек. Исламның сегіз негізгі ілімінен бірі болған **«Тасаууф»** ілімі осы еңбектерді үйрететін, күрделі ғылым. Бұл ілімнің мамандарына **«әулие»** және **«мүршид»** делінеді. Мүршидтердің ең мәшһүрі Имам Раббани Ахмет Фаруқи. 1034 хижри және 1624 миладие жылында Үндістанда қайтыс болған.

Медициналық және жаратылыстану (дүниелік) ілімдерді оқып, меңгеріп махлұқтардағы өнердің өткірлігін, арасындағы есепті, жүйелі байланыстарды көрген және түсіне білген ақылды адамның, Аллаһу та'аланың бар және бір екендігіне, ұлылығына, ілiміне, құдіретіне сенбеуі мүмкін емес. Сенбегеннің ессіз, ақылсыз, жаһил болуы, немесе қырсық, шаһуатына берілген ақымақ болуы немесе нәпсіне құл болған, жәбірлеуден зауқ алатын, залым, садист болуы қажет. Кәпірлердің өмірдегі хикаяларына қарайтын болсақ, осы үш бөлімнің бірінде болғандықтары аңғарылады.]

Хадис шәрифте: **«Жаратылыстардағы низамды** (заңдылықты, жүйені) **ойлап Аллаһу та'алаға иман келтіріңдер!»** делінді. Астрономияны оқып, жер шарының, айдың, күннің және барлық жұлдыздардың кеңістіктегі қозғалысына және бір-бірлерінің ара-қашықтығындағы жүйені, реттілікті, есептерді түсінген адамның, иманы күшейеді. Таулардың, кендердің, өзендердің, теңіздердің, жануарлардың, өсімдіктердің, тіпті микроптардың жаратылуында, әртүрлі пайдалар бар. Ешбірі босқа, қажетсіз жаратылмаған. Бұлттар, жаңбырлар, күннің күркіреуі және найзағайлар, жер асты сулары және энергия көздері және ауа, қысқасы барлық жаратылыс белгілі қызметтер, белгілі міндеттер атқаруда. Адамдар осы сансыз махлұқтардың, сансыз қызметтерінен бүгінге дейін өте азын түсіне білген. Махлұқтарды ұға алмаған адамның ақылы, бұлардың жаратушысын қалай ұғып біледі? Оның ұлылығын, сипаттарын біраз түсіне алған ислам ғалымдары, таң қалған. «Оны түсіну, түсіне алмайтыныңды

түсіну» деген. Мұса алейһиссаламның үмметінен біреу, отыз жыл ғибадат етеді. Бір бұлт оған көлеңке жасап, күннен қорғап жүреді. Бір күні бұлт келмейді, күннің астында қалады. Анасынан себебін сұрайды. Анасы, «Мүмкін бір күнә жасаған шығарсың», дейді. «Жоқ, күнә істемедім» дегенінде, «Көкке, гүлдерге қарамадың ба? Оларды көргенде жаратқанның ұлылығын ойламадың ба?» дейді. «Иә, қарадым. Бірақ тәфәккурде кемшілік еттім» дегенде, «Бұдан үлкен күнә бола ма? Дереу, тәубе ет», дейді. Ақылды адамның тәфәккур міндетін еш қолдан жібермеуі, немқұрайлы қарамауы керек. Ертең өлмейтініне сенімді болған адам бар ма? Аллаһу та'ала ешбір нәрсені негізсіз, пайдасыз жаратпаған. Жаратылыстардағы адамзаттың біле алмаған, көре алмаған пайдалары, білгендерінен қаншама еселеген көп. Тәфәккур ету – төрт түрлі болады. Аллаһу та'аланың жаратқан махлұқтарындағы көркем өнерлерді, пайдаларды ойлау, Оған сенуге және Оны жақсы көруге себеп болады. Оның уәде берген сауаптарын ойлау, Оған ғибадат жасауға себеп болады. Оның білдірген азаптарын ойлау, Одан қорқуға, ешкімге жамандық жасамауға себеп болады. Оның берген нығметтеріне, ихсандарына қарсы нәпсіге еріп күнә істегенін, ғафлет ішінде (ықыласcыз) өмір сүргенін ойлау, Аллаһу та'аладан жасқануға, ұялуға себеп болады. Аллаһу та'ала, жермен көкте болған махлұқтарды ойланып, ғибрат алғандарды жақсы көреді. Хадис шәрифте: **«Тәфәккур етудей құнды ғибадат жоқ»** және **«Бір сәт тәфәккур алпыс жылдық ғибадаттан қайырлы»** делінді. Имам Ғазалидің **«Кимйа-и Саадәт»** кітабында тәфәккур жайлы өте кең жазылған.

Мұсылманға бет дұға

(қарғыс)

34- Хадис шәрифте: **«Өздеріңе, бала-шағаларыңа жаман дұға етпеңдер. Аллаһу та'аланың тағдырына разы болыңдар. Нығметтерін көбейтуін сұраңдар»** және **«Әке-шешенің баласына жасаған және зұлымдыққа ұшыраған адамның, залымға жасаған бет дұғалары** (қарғыстары) **қайтарылмайды»** делінді. Бір мұсылманның кәпір болуы үшін дұға еткен адамның

өзі кәпір болады. Залымның, кәпір болып өлуін, шексіз азап тартуын қалаған адам кәпір болмайды. Мұса алейһиссаламның осылай дұға еткені Құран кәрімде білдірілген. Имам Ағзам әбу Ханифа “рахимәһуллаһу та’ала” басқа біреудің кәпір болуын қалау, күпір болады деді. Залымнан басқаға бет дұға ету харам. Залымға, зұлымдығы мөлшеріндей бет дұға ету жаиз болады. Жаиз болған нәрсенің көлемі, зиянның көлеміндей болады. Залымға да бет дұға етпеу, сабыр ету тіпті, кешіру жақсырақ. Зиммиге және кәпірге, «Аллаһу та’ала өмір берсін» деп тілеу, дұға ету жаиз емес. Мұсылман болуы үшін немесе салық беріп, мұсылмандардың күшеюі үшін бұлай дұға ету жаиз болады. Кәпірге құрметпен сәлем берген кісі кәпір болады. Кәпірге құрмет ретінде бір сөз айту, мысалы ұстазым деу, күпір болады.

Мұсылманға жаман есім тағу

35- Мұсылманға жаман есім тағу немесе басқаның таққан жаман есіммен атау жаиз емес. Тегі (фамилия) және нами муста’ар (лақап ат) қою жаиз. Мысалы; «Сыддық Гумуш» - Хусейн Хилми Ышык хазреттерінің нами муста’ар аты. Хадис шәрифте: **«Есімі жаман болған мұсылман оны әдемі есімге ауыстырсын!»** делінді. Мысалы, Асия есімін Жәмилә деп ауыстыру керек. Мұсылманға әдемі есім тағу жаиз. Баласына мадақтаушы есім қоймау керек. Мысалы: Рашид, Әмин есімін қоймау керек. Мухиддин, Нуриддин сияқты есімдер де, өтірік және бидғат болады. Пасықтарды, жаһилдерді, мүртәдтерді мұндай есіммен шақыру мәкрух болады. Себебі, бұлар, мақтаушы, мадақтаушы есімдер. Бұларды ауыспалы мағынада да адамға айту дұрыс болмайды. Өз балаларына бұл есімдерді жақсылыққа жорып, бақытты болуы үшін қою, жаиз болады делінген. Салих болған атақты ғалымдарды осы есімдермен атау жаиз және пайдалы.

[Ибн Абидин “рахимәһуллаһу та’ала” бесінші томда былай дейді: Балаға қойылатын есімдер арасында ең жақсысы Абдуллаһ, кейін Абдуррахман, кейін Мұхаммед, кейін Ахмед, одан кейін Ибраһим. Аллаһу та’аланың есімдерінен болған Али, Рашид, Азиз сияқты есімдерді қою жаиз. Бірақ, бұл есімдерді айтқанда құрмет

ету қажет. Біле тұра құрметсізік жасаған кәпір болады. Мысалы; есімі – Абдулқадир болғанға «Абдулқойдыр» деу. Хасан есімінің орнына «Хасо», Ибраһим орнына «Ибо» деу, бұл есімдерді мазақ ету болады. Бұл есімдерді мазақ ету ниеті болмаса, күпір болмағанымен де, күпірге ұқсаған нәрсені айтудан сақтану қажет. Бала өмірге келіп, дереу өлсе, есім қоймай жерленбейді. Абдуннәби есімі жаиз болса да, қоймау ықтиатты болады. Сәйид Абдулхаким Аруаси хазрет хижри қамари 1362 [м.1943] жылында қайтыс болғанға дейін, Стамбулда, Баязид мешітінде сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері, екінді намазынан кейін, жиырма бес жыл уағыз, насихат жүргізді. Бір уағызында «Ата-ананың мойнында баласына болған үш ақысы бар: Туылғанда мұсылманның есімін қою. Ақылы кіргенде жазу, оқу, ілім және кәсіп үйрету. Балиғатқа толғанда, діндар және көркем мінезді бір мұсылманды тауып, онымен дереу үйлендіру» деді. Қыздарды осылай үйлендірген ата-ана, тіпті барлық туыс, достары және көршілер үлкен сауапқа ие болады. Европада, Америкада дін және ар-намыс дұшпаны ретінде тәрбиеленген тексіздер доктор, профессор деген атау және этикеткалармен ислам мемлекеттеріне жіберіліп жатыр. Осындай жаһил кәпірлер лицейлерге, университеттерге мұғалім және профессор болып жатыр. Бұлардың тұзақтарына түскен мұсылман балалары дінсіз, мазһабсыз не болмаса жауыз, қанішер болуда.]

Кешірімді қабылдамау

36- Мұсылманның кешірімін қабылдамау мәкрух. Хадис шәрифте: **«Мұсылман бауырының кешірімін қабыл етпеу күнә болады»** делінген. Кешірімді қабыл ету және құсыр, кемшіліктерді кешіру – Аллаһу та'аланың сипаттарынан. Мұндай болмаған адамға Аллаһу та'ала ашуланады және азап етеді. Кешірім сұрау үш түрлі болады: Не үшін жасадым? Немесе мына нәрсе үшін жасадым. Әттең жасамағанымда ғой деу. Немесе жасадым, енді қайталамаймын деу. Немесе жасамадым деп мойындамау. Жасадым, енді қайталамаймын деу, тәубе болады. Мүмин кешіруі үшін кешірім сұрауын күтеді. Мұнафиқ болса айыптарының, кемшіліктерінің айқындалуын, жариялануын қалайды.

Хадис шәрифте: **«Пәк болыңдар. Жаман нәрселер жасамаңдар. Әйелдерің де таза болсын»** және **«Пәк болсаңдар, әйелдерің де пәк болады. Ата-аналарыңа жақсылық жасасаңдар, балаларың да сендерге жақсылық жасайды. Дін бауырының кешірімін қабыл етпеген адам, кәусар хауызынан ішпейді»** делінген. Бұл хадис шәриф, дін бауырының жамандық жасағанын және кешірімінің өтірік екенін білмеген адам үшін. Себебі, оның кешірімін қайтару мұсылманға су-и зан ету болады. Өтірік екенін біліп кешірімін қабыл ету, кешіріледі. Кешіру, кешірім беру уәжіп емес, мүстаһаб.

Құран кәрімді қате тәфсирлеу

37- Тәфсир – баяндау, айқындау, ашықтап түсіндіру, білдіру, мағынасын ашу дегенді білдіреді. **«Тәуил» -** ружу ету дегенді білдіреді. Тәфсир – мағына беру, ал тәуил - әртүрлі мағыналар арасынан біреуін таңдау деген сөз. Аяттарды өз пікірімен, өз көзқарасымен тәфсирлеу жаиз емес. Тәфсир риуаятпен жасалады. Тәуил дираятпен (қабілетпен) жасалады. Хадис шәрифте**: «Құран кәрімді, өз көзқарасымен ашықтаған адам мағынасын дұрыс тапса да қателескен болады»** делінген. Расулуллаһтан “саллаллаһу алейһи уәсәлләм” және сахабалардан “радиаллаһу анһум” келген хабарлар мен ғалымдардың тәфсирлеріне және тәфсир ілімінің усулына қарамай және мужмәл, муфассал және умуми және хусуси болғандарды бір-бірінен ажыратпай және аяттардың түсу себептерін және насих яки мәнсух болғандарын іздестірмей берілген мағынаны, Аллаһу та’аланың сөзі ретінде айту дұрыс емес. **«Тәфсир»** – кәлам-и илаһиден (Аллаһу та’аланың сөзінен) мурад-и илаһиді (Аллаһу та’аланың мақсатын) түсіну деген сөз. Адамның өз ақыл-ойымен берген мағынасы дұрыс болса да, мәшру (шариғи) жолмен шығарылмағандықтан қате болады. Ал егер берген мағынасы қате болса, кәпір болады. Хадис шәрифтерді де, сахих немесе қате екендігін білмей тұрып айту, сахих болса да, күнә болады. Мұндай адамның хадис шәриф оқуы жаиз емес. Хадис кітаптарынан хадис нақл ету (жеткізу) үшін хадис ғалымдарынан ижазат (бата-диплом) алған болу керек. Хадис шәрифте: **«Ойдан**

шығарылған бір сөзді, хадис ретінде айтқан адам, жаһаннамда азап көреді» делінген. Құран кәрімді, тәфсир ғалымдарынан ижазаты болмағанның да, тәфсир кітаптарынан алып айтуы және жазуы, жаиз. Жоғарыда білдірілген, тәфсир ету шарттарына ие болған адам, жазылған ижазаты болмай тәфсир және хадис нақл ете (жеткізе) алады. Ижазат беру үшін ақша алу жаиз емес. Құқығы бар адамға ижазат беру уәжіп. Құқығы болмағанға ижазат беру харам.

Хадис шәрифте: **«Құран кәрімге, құқығы** (маманы) **болмай мағына берген адам жаһаннамда азап көреді»** және **«Білмегенін хадис ретінде айтқан адам жаһаннамда азап көреді»** және «**Құран кәрімге өз көзқарасымен мағына берген адам жаһаннамда азап көреді»** делінген. Бидғатшылардың, өздерінің қате сенімдерін дәлелдеу үшін, аят пен хадис оқулары, осындай. [Шииттер, Уаххабилер, Тәблиғ-и жамағат, Мәудудишілер және Сейид Құтбшылар осындай. Юсуф Нәбхани "рахметуллаһи алейһ" осындай қате тәфсирлерді **«Шәуаһид-ул хақ»** кітабында кеңінен түсіндірген. Құран кәрімнің сыртқы мағынасы болғанындай, ішкі мағынасы да бар деп, аяттарды өз ойларынша бұрмалайтын [зындықтар] да осындай. Аятта өткен сөздердің, өз замандарында, өз араларында қолданылған мағыналарына қарай, тәфсир жасағандар да осындай.

Османлы мемлекетінің ғалымдарынан Нух бин Мустафа Конеуи "рахимәһуллаһу та'ала" 1070 [м.1660] жылы Каирде қайтыс болған. Мұхаммед Шихристанидің "рахимәһуллаһу та'ала" **«Миләл уә Нихал»** кітабына жасаған аудармасында былай дейді: **«Исмаилийә»** ағымында болғандар Имам Жафар Садықтың үлкен ұлы Исмаилдың жолындамыз дейтіндіктен осылай аталған. Бұларға **«Батиния»** ағымы деп те айтылады. Себебі, Құранның заһир (сыртқы) мағынасы болғаны сияқты, батин (ішкі) мағынасы да бар. Заһир мағынасы, фиқһшылар қалыптастырған белгілі және шектеулі нәрселер. Ал батин мағынасы болса, Құранның ішкі мағынасы болып, ұшы-қиыры жоқ теңіз деді. Заһир мағыналарды тәрк етіп, батин деп атап, өздері ойдан шығарған нәрселерге сенді. Ал негізінде пайғамбарымыз "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" Құран кәрімнің заһир, ашық мағынасын білдірді. Заһир мағынасын тәрк

етіп, ішкі мағыналар ойдан шығару күпір болады, зындықтық болады. Олар осындай қулықпен исламды жоюға тырысты. Өйткені **«мәжусилер»,** яғни отқа табынатындар, Исламның жайылуын тоқтату үшін, басшылары Хамдан Құрмут, осы арандатушылықты ортаға шығарып, **«Қарамита»** мемлекетін құрды. Қажыларды өлтіріп, Хажари Әсуадты Қағбадан шығарып Басраға алып келді. «Жаннат, дүние ләззаттары, ал жаһаннам болса діннің үкіміне ұю» деді. Харамдарға көркем өнер деп есім берді. Ислам дінінің жаман мінез, арсыздық деп білдірген әдепсіздіктерге мораль тәртібі деп жастарды азғындыққа итермеледі. Мемлекеттері Исламға көптеген зиян келтірді. 372 жылы [м. 983] Аллаһтың азабына ұшырап жоқ болды.]

Тәфсирді нақл жолымен жасау қажет. Тәфсир жасай алу үшін, мына он бес ілімді білу қажет: Лұғат, нахв, сарф, иштикак, мә'ани, бәйан, бәди, қираат, усули дин, фиқһ, әсбабы нузул, насих уә мәнсух, усули фиқһ, хадис, илми қалб. Осы ілімдерді білмеген адамның тәфсирге кірісуі жаиз емес. Ислам үкімдеріне мойынсұнған, расиһ ілімді ғалымдарға Аллаһу та'аланың тікелей берген іліміне **«Мәуһибе»** немесе **«Көңіл ілімі»** делінеді. Хадис шәрифте: **«Ілімімен амал еткен адамға Аллаһу та'ала білмегендерін білдіреді»** делінген. Жоғарыдағы он бес ілімге ие болмаған адамның, тәфсир етуі жаиз емес. Жасаса, өз көзқарасымен жасаған болады. Жаһаннамда жануға лайықты болады. Хадис шәрифте: **«Қырық күн ықыласпен Ислам дініне бағынған адамның жүрегін, Аллаһу та'ала хикметпен толтырады. Хикмет айтатын болады»** делінген. Муташабиһ аяттарға мағына берген адам, өз көзқарасымен тәфсир жасаған болады. Бидғатшылардың тәфсирі осындай.

Құран кәрімдегі мәліметтер үш бөлімнен тұрады: Бір бөлімін Аллаһу та'ала ешбір құлына білдірмеген; Затының және сипаттарының ақиқаты және ғайыптан хабар беру осындай. Екінші бөлім тек пайғамбарына ғана білдірген сырлары. Бұларды, пайғамбары "алейһиссалам" тек Аллаһу та'аланың рұқсат берген адамдарына білдірді. Үшінші бөлімдегі ілімдерді пайғамбарына "алейһиссалату уәсәлләм" білдірген және барлық үмметіне білдіруін әмір еткен. Бұл үшінші бөлім де екіге бөлінеді: Біріншісі,

тек естумен үйреніледі. Қияметтің халі осылай. Екіншісі, көріп зерттеумен және оқып мағынасын түсіну арқылы үйреніледі. Иман мен ислам білімдері осындай. Мұжтәһид имамдар да, Насстарда (аяттар мен хадис шәрифтерде) ашық білдірілмеген Ислам ілімдерін нақты түсіне алмаған, ихтилафқа түскен (әртүрлі үкімдер шығарған). Осылайша амал етуде әр түрлі мазһабтар шыққан. Жоғарыда білдірілген он бес ілімге ие болған адамның шығаратын мағыналарына тәфсир делінбейді, **«Тә'уил»** делінеді. Өйткені, бұл мағыналар да өз көзқарасы болады. Яғни түсінген әр түрлі мағыналарының бірін таңдауда өз көзқарасын қолданады. Таңдалған мағына аяттардың және хадистердің ашық мағыналарына немесе ижмаға сай болмаса, фасид болады (қабылданбайды). **«Бәриқа»** кітабының соңында, билеудің харам екендігі түсіндірілген бөлімде былай делінеді: «Бізге тәфсир кітаптарында жазылғандарға қарап амал ету әмір етілмеді. Фиқһ кітаптарына бағынуымыз әмір етілді.»

Харам істеуде табан тіреу
(қайтпау)

38- Күнә істеуге қасд ету (бел байлау), оны аз істесе де, сол күнәда табан тіреп одан қайтпағандық болады. Қасд ету (бел байлау) – ниет етумен, қалаумен және шешім қабылдаумен іске асады. Шешім қабылдап күнәны бір рет жасаса да сол күнәда исрар ету (табан тірегендік) болады. Еш жасамаса, бірақ әрқашан жасауға бел байласа, істеймін деп шешім қабылдауы табан тірегендік болмайды. Әрдайым істеуге шешім қабылдап және істеп өкінсе, тәрк етсе, бұл күнәда исрар болмайды. Қайтадан істеп тағы тәубе етсе, тағы исрар болмайды. Күнде көп рет жасап, әрбірінен кейін тәубе ету де күнәдан қайтпау болмайды. Тәубе еткенде, күнә істегеніне өкініп қайғыру және күнәдан дереу бас тарту және бұдан былай қайталамауға шешім қабылдау шарт. Бұл үш шартты жасамай, тек қана тілмен тәубе ету, өтірікшілік болады. Кіші күнәларда табан тіреу (қайтпау), үлкен күнә болады. Бұл – бір үлкен күнәны бір рет жасаудан да үлкен күнә. Тәубе еткенде үлкен күнә да кешіріледі. Кішкентай күнәні кіші көру үлкен күнә

болады. Кішкентай күнә істегенін мақтанып айту, үлкен күнә болады. Кішкентай күнә істеген адамды ғалым және салих деп санау да үлкен күнә. Кіші күнә жасағанда да, Аллаһу та'аладан және Оның азабынан қорқу қажет. Аллаһу та'аладан ұялмаса және азапқа ұшырайтынын ойламаса үлкен күнә болады.

Ғайбат ету

39- Белгілі (танитын) бір мүминнің немесе зиммидің (мұсылман емес отандастың) айыбын, кемшілігін оны жамандау үшін арқасынан сөйлеу ғайбат болады. [Жамандаған сөздері дұрыс болса да, «**ғайбат**» болады. Өтірік болса, «**жала**» болады. Ғайбат пен жала жабу, үлкен күнә болғанындай, бұларды тыңдау да харам. Бұларды айтқан және тыңдаған адам жаһаннам отында жанады. Айтқан адамды тоқтату керек, тоқтата алмаса, ол жерден тұрып кету керек. Және олар үшін жақсы дұға ету керек. Достарының, туыстарының есімдерін жазып, қабырғаға ілу керек, бұл есімдерді әр көргенде, оларға жақсы дұға ету керек. Қабірдің үстіне тас қойылып, оған мәйіттің есімі жазылады, өткен-кеткендер, көргендер бұл мәйіт үшін рахым (мейірім) сұрайды және истиғфар етеді (кешірілуін сұрайды). Көп жыл бойы осындай дұғаларға қауышқан мәйіттер қабір азабынан құтылады.] Ғайбат ету – харам. Тыңдап отырған адам, ол адамды танымайтын болса, ғайбат болмайды. Ғайбатталған адам мұны еситітін болса, ренжиді. Денесінде, тегінде, ахлағында, жұмысында, сөзінде, дінінде, дүниесінде тіпті киімінде, үйінде, малында болған бір кемшілік, арқасынан айтылған кезде, иесі бұны естігенде ренжитін болса, ғайбат болады. Астарлап айту, ишаремен, әрекетпен білдіру, жазумен білдіру де айтқан сияқты ғайбат болады. Бір мұсылманның күнәсы немесе кемшілігі айтылғанда, қарилардың, дін адамдарының, «әлхамдулиллаһ біз ондай емеспіз» деулері ғайбаттың ең жаманы. Біреу туралы айтылып жатқанда, «әлхамдулиллаһ, Аллаһ бізді олай опасыз етпеді» деген сияқты сөздермен оны жамандау, өте жиркеніштi ғайбат болады. «Пәленше өте жақсы кісі, бірақ ғибадаттағы мына кемшілігі болмаса, тіптен жақсы болар еді» деу де ғайбат болады. Хужурат сүресінің он екінші аятында **«Бір-**

бірлеріңді ғайбат етпеңдер!» деп бұйырылды. Ғайбат – адамның сыртынан жамандау, өсектеу деген сөз. Біреуді ғайбат ету өлген адамның етін жеумен бірдей екендігі білдірілген. Хадис шәрифте былай делінеді: **«Қиямет күні бір адамның сауап дәптері ашылады. "Йа Раббым! Дүниеде мына ғибадаттарды жасаған едім. Парақта бұлар жазылмапты", дейді. "Олар дәптеріңнен өшірілді, ғайбат еткен адамдарыңның дәптерлеріне жазылды", делінеді»** және **«Қиямет күні бір адамның жақсылық дәптері ашылады. Жасамаған ғибадаттарын сол жерде көреді. "Бұлар сені ғайбат еткендердің сауаптары", делінеді».** Әбу Хурайра "радиаллаһу анһ" былай дейді: Расулуллаһпен "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" отырған едік. Арамыздан біреу тұрып кетті. Йа Расулаллаһ! Мазасызданып кетті, делінді. Пайғамбарымыз **«Бауырларыңды ғайбат еттіңдер, етін жедіңдер»** деді. Айша "радиаллаһу анһа" былай дейді: Расулуллаһтың "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" жанында бір әйелдің ұзақ болғанын айттым. **«Аузыңдағыны шығар!»** деді. Түкірдім, аузымнан ет паршасы шықты. Аллаһу та'ала сипаттарды, ерекшеліктерді, зат түрінде көрсетуге құдіретті. Ғайбат – дін бауырының немесе зимми кәпірдің естігенде ренжитін бір кемшілігін арқасынан айту деген сөз. Аллаһу та'ала, Мұса алейһиссаламға: «Ғайбат етіп, тәубе еткен адам, жаннатқа ең соңынан кіреді. Ғайбат етіп, тәубе етпеген адам, жаһаннамға ең бірінші кіреді» деп уахи етті. Ибраһим Әдһәм "рахимәһуллаһу та'ала" бір асқа шақырылады. Дастархан басында шақырылған қонақтардан бірі келмегені айтылғанда, біреу "ол өзі ауыр жүрісті адам" деді. Ибраһим Әдһәм "рахимәһуллаһу та'ала" "ғайбат етілді", деді және шығып кетті. Хадис шәрифте: **«Бір адам үшін айтылған кемшілік, ол адамда бар болса, бұл сөз ғайбат болады. Жоқ болса нахақ сөз, яғни жала болады»** делінді. Діндегі кемшіліктерді айту, мысалы: намаз оқымайды немесе арақ ішеді немесе ұрлық жасайды немесе сөз тасушы деу және дүниедегі кемшіліктерін айту, мысалы: саңырау, көзі қыли деу ғайбат болады. Діндегі кемшіліктері, оны жамандау үшін айтылса, ғайбат болады. Оның жағдайын (жақсылығын) ойлап айтылса, ғайбат болмайды. Жаны ашып айтылса да ғайбат болмайды делінді. Бұл ауылда намаз оқымайтын адам бар немесе коммунист бар, ұры бар деп

айту ғайбат болмайды. Өйткені, белгілі бір жеке тұлға айтылмауда.

Бір адам намаз оқып, ораза ұстап, сонымен қатар адамдарға қолымен зиян береді. Мысалы: ұрады, мал-мүлкін тартып алады, ұрлық жасайды. Немесе тілімен зиян береді. Мысалы: жамандайды, жала жабады, ғайбат етеді, сөз тасиды. Ашықша, адамдардың көзінше жасалған арсыздықтарды, харамдарды және бидғаттарды айту ғайбат болмайды. Бұларды тоқтату үшін үкіметке хабар беру, күнә емес. Бір адам, әкесінен жасырынып харам істеп жүрсе, әкесінің тоқтататынын білгеннің, әкесіне айтуы немесе жазып болсын білдіруі қажет. Тоқтата алмайтынын білсе, хабар беруі жаиз болмайды. Себебі, дұшпандыққа себеп болады. Біреудің зияндарын, оған жаны ашығаны үшін немесе басқалардың одан сақтануы үшін айтса, ғайбат емес. Оны жамандау үшін айтса, ғайбат болады. Алты адамның кемшіліктерін, айыптарын арқасынан айту, ғайбат болмайды: Оған жаны ашығандықтан, оны тоқтату үшін айту, фәтуа алу үшін айту, мұсылмандарды оның жамандығынан қорғау үшін айту. Ол кемшілік, оған есім болған болса, оны осы есіммен танытуға мәжбүр болғанда. Ашықша жасалған, бәрінің білетін арсыздықты, бидғатты және зұлымдықты айту. Ашуланып, оны жамандау ниетімен айту ғайбат болады. Сатылып жатқан мүліктің кемшілігін алушыға білдіру, сатушыға ғайбат болып саналмайды. Үйленетін жігітке, некелесетін қыздың айыбын, кемшілігін айту, ғайбат емес, насихат болады. Бір нәрсені білмегенге насихат айту уәжіп. Ашықша харам істегеннің және зұлымдық еткеннің, ашық болмаған (білінбеген) басқа айыптарын айту, ғайбат болады. Хадис шәрифте: **«Ұят жилбабын шешкен адамды айту ғайбат болмайды»** делінді. Жилбаб, әйелдердің кең орамалы. Бұл жерде, ұят жилбабын шешу, ашықша, адамдардың көзінше харам істеу деген сөз. Хадис шәрифте мұндай адамның ұяты жоқтығына ишарат етілуде. Имам Ғазали және кейбір ғалымдар "рахимәһумуллаһу та'ала" ашықша күнә істегеннің және басқалардың кемшілігін айтудың ғайбат болуында, оны жамандау шарт емес, деді. Осы себептен ғайбат етуден қатты сақтану керек.

Адамды ғайбат етуге итермелейтін себептер көп. Бұл жерде он бірі айтылады: Оған қарсы дұшпандық, кек сақтау, қасында болғандардың пікірлеріне қосылу, жақсы көрмейтін бір адамды жамандау, өзінің ол күнәні істемегенін білдіру, өзінің одан

жоғары, үстем екенін білдіру, хасед ету (көре алмаушылық ету), қасындағыларды күлдіру, қалжыңдау, оны мазақ ету, ойламаған адамның харам істеуіне таң қалғанын білдіру, оған ренжігенін, оған жаны ашығанын білдіру, харам істегені үшін жақсы көрмегенін білдіру.

Ғайбат ету – адамның сауаптарының азаюына, басқалардың күнәлары өзіне берілуіне себеп болады. Бұларды, әр уақытта ойлап жүру, адамның ғайбат етуіне тосқауыл болады.

Ғайбат, үш түрлі: Біріншісі, мен ғайбат етпедім, онда болған нәрсені айттым, дейді. Бұлай айту, күпір болады. Себебі, харамға халал деген болады. Екіншісі, ғайбат етілген адамға естірту. Үлкен харам болады. Тәубе етумен кешірілмейді. Ол адаммен халалдасу (кешірім сұрау, разылығын алу) қажет болады. Үшіншісі, ғайбат етілген адамның бұдан хабары болмайды. Тәубе және истиғфар етумен және оған қайыр (игілік, жақсылық тілеп) дұға етумен кешіріледі.

Қасында ғайбат жасалғанын естіген адам, бұны дереу тоқтатуға тырысуы керек. Хадис шәрифте: **«Дін бауырына, оның хабары болмай жәрдем еткен адамға, Аллаһу та’ала дүниеде және ахиретте жәрдем етеді»** және **«Қасында дін бауырына ғайбат етілгенде, күші жете тұра оған жәрдем етпеген адамның күнәсі, дүниеде және ахиретте өзіне жеткілікті болады»** және **«Бір адам, дүниеде дін бауырының абыройын** (намысын) **қорғаса, Аллаһу та’ала, бір періште жіберіп, оны жаһаннам азабынан қорғайды»** және **«Бір адам, дін бауырының абыройынан бір нәрсені қорғаса, Аллаһу та’ала, оны жаһаннам азабынан қорғайды»** делінді. Ғайбат жасалғанда, сол жерде болған адам, қорықпаса, сөзімен тосқауыл болуға қорыққан жағдайда, жүрегімен қайтармаса (іштей жаман көрмесе), ғайбат күнәсына ортақ болады. Сөзін бөлуі немесе тұрып кетуі мүмкін болса, осыны жасауы керек. Қолымен, басымен, көзімен қайтаруы саналмайды. Ашықша қой (доғар) деуі қажет.

Ғайбат етудің кәффараты – өкіну, тәубе ету және онымен халалдасу. Өкінбей тұрып кешірім сұрау, рия болады, бөлек бір күнә жасаған болады. [Өліні және зимми кәпірді ғайбат етудің харам екендігі Ибн Абидинде 5-ші том, 263-ші бетінде жазылған.]

Тәубе етпеу

40- Тәубе – харам істегеннен кейін өкініп, Аллаһу та'аладан қорқу, бұдан былай қайталамауға бел байлау, шешім қабылдау деген сөз. Дүниеде зияны тиетінінен қорқып өкіну, тәубе болмайды. Әр түрлі күнә істеп жүрген адамның бұлардың кейбіреуінде исрар етсе де (тастай алмай жүрсе де), кейбіреулеріне тәубе етуі, сахих болады. Тәубеден кейін, күнәні қайта істеген кісінің, қайта тәубе етуі де сахих болады. Осылайша, бірнеше рет қайта тәубе етуі сахих болады. Үлкен күнәнің кешірілуі үшін тәубе ету шарт. Бес уақыт намаз және жұма намазы, Рамазан оразасы, қажылық жасау, истиғфар ету, үлкен күнә жасаудан сақтану сияқты ғибадаттар, кіші күнәлардың кешірілуіне себеп болады. Шарттарына сай тәубе жасалғанда, күпір мен күнәлар күмәнсіз кешіріледі. Шарттарына сай болған және ықыласпен жасалған қажылыққа, **«Хажжи мәбрур»** делінеді. Хажжи мәбрур қаза болған парыздардан және құл ақыларынан басқа күнәлардың кешірілуіне себеп болады. Бұл екеуінің кешірілуі үшін, қазалар және құл ақыларының өтелуі де қажет. Қажылық пен парызды жасамаудың күнәсі кешірілмесе де, уақытында жасамаудың, уақытынан кейінге қалдырудың күнәсі кешіріледі. Қажылықтан кейін парыздардың қазасын орындауды дереу бастамаса, кешіктіру күнәсі қайта басталады және уақыт өткен сайын арта береді. Сондықтан қазаға қалған ғибадаттардың қазасын өтеуді кешіктіру, үлкен күнә болады. Бұны жақсы түсіну қажет. **«Хажжи мәбрур жасағанның күнәлары кешіріледі. Дүниеге жаңа келгендей болады»** хадис шәрифі, қаза және құл ақыларынан басқа күнәлардың кешірілетінін көрсетеді. Расулуллаһтың "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" арафа кешінде және Муздалифада, қажылардың күнәларының кешірілуі үшін жасаған дұғалары да, осылай екендігі білдірілген. Қаза және құл ақыларының да, кешірілуі мүмкін деген ғалымдар болған болса да, бұлар, тәубе етіп қазаны өтеуде әлсіз болғандар үшін делінген. Худ сүресінің жүз он бесінші аятында **«Жақсылықтар, күнәларды жояды»** делінген. Бұл аятқа, "қазасы жасалғанда, кешіріледі" деген мағына берілген. Ғайбат етілген адамның естігеннен кейін ренжуі де, осы ғайбатты жасағанға, айрықша үлкен күнә болады.

Бұл күнәнің кешірілуіне себеп болатын жақсылық - онымен халалдасу (кешірім сұрау) болып табылады.

Күнәдан кейін дереу тәубе ету парыз. Тәубені кешіктіру бұл күнәні істеуден де үлкен күнә. Бұл күнә, әр күні бір есеге артады. Сол себепті айрықша тағы тәубе ету қажет. Бір күнәнің тәубесі жасалғанда, бұның тәубесін кешіктіру күнәларының барлығы кешіріледі. Парызды жасамаудың тәубесі, тек қазасын өтеу арқылы сахих болады. Әр күнәнің кешірілуі үшін, көңілмен (жүрекпен) тәубе ету және тілмен истиғфар ету (кешірім тілеу) және денемен қазасын өтеу қажет. Жүз рет тәспі тарту, яғни **«Субханналлаһи уә бихамдиһи субханаллаһил азыйм»** деу және садақа беру және бір күн ораза ұстау, өте жақсы болады.

Нұр сүресінің отыз бірінші аятында: **«Ей, Мүминдер! Аллаһу та'алаға тәубе етіңдер!»** делінген. Тахрим сүресінде, сегізінші аятта **«Аллаһу та'алаға тәубе-и насух жасаңдар!»** делінді. Насух сөзіне жиырма үш мағына берілген. Бұлардың ең мәшһүрі, өкініп, тілмен истиғфар ету және енді қайталамауға шешім қабылдау. Бақара сүресінің екі жүз жиырма екінші аятында **«Аллаһу та'ала, тәубе еткендерді жақсы көреді»** делінді.

Хадис шәрифте: **«Ең жақсыларың, күнәдан кейін дереу тәубе еткендерің»** делінді. Күнәлардың ең үлкені - күпір және мұнафықтық және иртидад (діннен шығу).

[Мұсылман емес және иманға келмеген адамға **«кәпір»** делінеді. Мұсылмандарды алдау үшін мұсылман болып көрінетін кәпірге **«мұнафық»** және **«зындық»** делінеді. Мұсылман бола тұрып кейін кәпір болған адамға, иртидад жасады делінеді. Иртидад еткенге **«мүртәд»** делінеді. Бұл үшеуі, жүрегімен сеніп, шынайы иман келтірсе, сөзсіз мұсылман болады.

«Бәриқа» және **«Хадиқа»** кітаптарында тіл апаттары бөлімінде және **«Мәжмаул әнһур»** кітабында былай делінеді: «Еркек немесе әйел мұсылман, ғалымдардың ауыз бірлігімен күпірге себеп болатындығы білдірілген бір сөздің немесе істің күпірге себеп болатынын біле тұра, яғни қорқытылмай, өз қалауымен немесе басқаларды күлдіру үшін айтып, жасаса, мағынасын түсінбесе де, иманы кетеді, **«мүртәд»** болады. Бұған **«куфри инади»** делінеді. Мұның күпірге себеп болатынын білмей, өз қалауымен

айтса, жасаса да мүртәд болады. Бұған **«Куфри жаһли»** делінеді. Себебі, әрбір мұсылманның, білуі қажетті нәрселерді үйренуі парыз. Білмеуі үзір емес, үлкен күнә. Куфри инади және куфри жаһли арқылы мүртәд болған кісінің некесі бұзылады. Әйелінен өкілеттік алып, екі куәгер қасында немесе мешітте жамағатпен «**Тәждиди никаһ»** (неке жаңарту) жасауы қажет. Екіден көп тәждид үшін **«Хулле»** қажет болмайды. Күпірге себеп болатын сөзді, қателесіп [яғни әдейі емес, жаңылысып] немесе тәуил түрінде (басқа мағынада) немесе икраһпен (қорқытылумен) айтса, мүртәд болмайды және некесі бұзылмайды. Күпірге себеп болуы, ғалымдардың арасында тартысты болған бір сөзді біліп айтқан адам мүртәд болмаса да, оның тәубе және истиғфар етуі және тәждиди никаһ жасауы ықтиятты болады.»

Мешітке барып жүретін мұсылмандардың куфри инади және куфри жаһлимен мүртәд болуына ықтимал беру қиын. Бірақ осы соңғы түрімен мүртәд болу - иманын жоғалту ықтималы болғандықтан, имамдар жамағатқа **«тәждиди иман»** дұғасын, яғни **«Аллаһумма инни уриду ән ужаддидәл имана уәнникаһа тәждидән би-қаули лә илаһә иллаллаһ Мухаммәддун расулуллаһ»** деп оқытып, тәубе және тәждиди никаһ жасалуда. Осылайша **«Лә илаһә иллаллаһ деп, тәждиди иман етіңдер** (имандарыңды жаңартыңдар)**!»** деген хадис шәрифтегі әмір орындалуда. [Әр уақытта, әрбір әйел, күйеуіне “арамыздағы некені жаңалау үшін сені уәкіл еттім” деуі керек, күйеуі “бұл уәкілдікті қабыл еттім” деуі керек. Имам әр жұма намазында дұғадан кейін тәждиди иман дұғасын оқуы қажет, жамағатта бірге айтуы керек. Сонда барлығының имандары және некелері жаңаланған болады.]

Әһли сүннет ғалымдарының “рахимәһумуллаһу та’ала” ауыз бірлігімен айтылмаған, олардың білдіргендеріне сай болмаған сенімге **«бидғат»** және **«адасушылық»** делінеді. Күпірден кейін ең үлкен күнә - бидғатшы болу. Бұлардан бидғатын жаю үшін, мұсылмандарға жұқтыру үшін жұмыс істейтін зындықтардың күнәсі әлденеше есе, өте көп болады. Үкіметтің бұларды ауыр жазалауы, ғалымдардың сөзбен және жазу арқылы оларға насихат берулері, жаһилдердің бұлармен кездеспеулері, кітаптарын және журналдарын оқымауы керек. Олардың өтіріктеріне, жалаларына,

толқулы және өрекпіген сөздеріне алданбау үшін өте ояу және мұқият болу керек. Қазір мазһабсыздар, Мәудудишілер, Сәйд Кутубшылар және таблиғи жамағат деп аталатын жаһилдер және Уаххабилер, Шиилер, Нусайрилер және әр түрлі есімдермен пайда болып жатқан жасанды тариқатшылар, өтірікші шейхтар, қате ақидаларын, адасқан сенімдерін жаю үшін, әр түрлі амалдар қолдануда. Мұсылмандарды алдау және Әһли сүннетті езу, жою үшін, нәпсілерінің және шайтанның және ағылшындардың жәрдемімен ақылға және ойға келмейтін тұзақтар, ойындар дайындауда. Малдарын, миллиондарын сарп етіп, әһли сүннетке қарсы суық соғыстарын жалғастыруда. Жастардың ислам дінін, хақ жолды Әһли сүннет ғалымдарының кітаптарынан оқып, үйренулері қажет. Бұлардан үйренбегендер күпір, бидғат, және адасу селіне түсіп тұншығады, дүние және ахирет пәлекеттеріне тұтығады. [“Түркістан кітапүйі” тек әһли сүннет кітаптарын басып шығаруда. Бұл кітаптарды оқығандарға мақтаулар болсын!] Бидғатшылардың көсемдері Құран кәрімге қате, бұзылған, бұрмаланған мағыналар беруде. Осындай мағыналарды айтып, қате ойларын аятпен, хадиспен дәлелдегендерін айтуда. Тек қана, әһли сүннет кітаптарын оқып, хақты түсінгендер бұларға алданудан құтылады. Хақты білмегендердің бұлардың адасқан сөздеріне, тұзақтарына түспеуі мүмкін еместей. Бұлардың қате сенімдері Құран кәрімде және хадис шәрифте ашық білдірілген және мұжтәһид имамдардың ауыз бірлігімен және мұсылмандар арасында жайылған иман білімдеріне сай болмаса, кәпір болады. Күпірдің бұл түріне **«Илһад»** және өздеріне **«Мүлһид»** делінеді. Мүлһидтердің мүшрик екендігі, яғни кітапсыз кәпір саналатындары ақаид кітаптарында жазылған.]

Бидғатшылардың да, мүртәдтардың да, тәубесі қабыл болады. Бұлардың тәубе етулері үшін, Әһли сүннет ақидасын қысқаша үйреніп, сенулері, қате ақидаларына өкінулері қажет.

Парыздарға мән беріп, жалқаулықпен орындамаған адам мүртәд болмайды, иманы кетпейді. Бірақ, бір парызды орындамаған мұсылман екі үлкен күнә жасаған болады. Біріншісі, сол парыздың уақытын ғибадатсыз өткізу, яғни парызды кешіктіру күнәсы. Бұның кешірілуі үшін **«Тәубе ету»**, яғни өкініп-қайғыру, енді

кешіктірмейтініне шешім қабылдау қажет. Екіншісі, бұл парызды тәрк ету, орындамау күнәсі. Осы үлкен күнәнің кешірілуі үшін, бұл парыздың дереу қазасын орындау керек. Қазаны кешіктіру де, айрықша бір күнә болады.

[Ұлы ислам ғалымы, он төртінші ғасырдың мүжәддиді, заһири және батини ілімдердің маманы, мәдрәсәт-ул-мутахассисин мұғалімі, тасауфта жетік ғұлама Сәйид Абдулхаким Аруаси "рахимәһуллаһу та'ала" сабақтарында, мешіттерде және сұхбаттарында жиі-жиі былай деп айтатын: «Бір парызды үзірсіз (себепсіз) уақытында орындамау – үлкен күнә». Уақытынан кейін дереу қазасын орындамаудың одан да үлкен күнә екені кітаптарда жазылған. **«Парыздың уақыты өткеннен кейін, сол парызды оқитындай уақыт ішінде мұның қазасы үзірсіз оқылмаса, кешіктіру күнәсі** [6 минутта] **бір есеге артады. Бұдан кейін, және осындай уақыт ішінде оқымаса, бір есеге тағы артады. Осылайша, парызды оқитындай уақыттардың әрбірі** [яғни әр 6 минут] **өткен сайын, күнәлар, қат-қат көбейіп, есепке және ойға симайтын дәрежеде көбейеді».** Бір парыздың қазасы үзірсіз оқылмаса, күнәсі осылайша көбейе береді. Бес уақыт намаздың әрбірі күнде парыз болатындықтан, әр қазаның күнәсі күнде жаңадан басталады. Бес уақыт намаз оқымаудың күнәсі бір күнде, жоғарыда бір парыз үшін білдіргеннің бес есесі көбейеді. Көп жыл оқылмаған намаздардың күнәларының қаншалықты көп болатынын осыдан да түсінуге болады. Бұл қорқынышты күнәлардан құтылу үшін, барлық шараны қолдану қажет. Иманды және ақылды адамның күндіз-түні қаза намазын оқып, жаһаннамдағы намаз оқымау азабынан құтылуға тырысуы қажет. Себебі, үзірсіз, жалқаулықпен, ерініп оқылмаған әрбір намаз үшін, жетпіс мың жыл жаһаннамда азап көретіні білдірілген. Жоғарыда айтылған сансыз намаз күнәлары үшін жаһаннамда қаншама көп азап көретінін ойлап көрген мұсылманның ұйқысы қашады, ішіп-жеуден тыйылады. Дүниесі зындан болады. Иә, намазға мән бермеген, міндет деп санамаған адам кәпір болады, мүртәд болады. Мүртәд, жаһаннамда шексіз азап тартады. Ол онсызда жаһаннамға да, азапқа да, намаздың маңыздылығына да сенбейтін еді. Дүниеде жануар сияқты өмір сүру, рахатымен зауқына құрал

болған ақшамен, мал жинаудан басқа еш нәрсе ойламайтын еді. «Не болса да, кімге зияны тисе де маған бәрібір, байлық-шаттық тек маған келсе болды» деу оның принципі еді. Оның рахаты мен зауқы үшін барлық нәрсенің, адамдардың құрбан болуы, ойына да кірмейді. Ондайлардың иманы, ақылы және мейірімі болмайды. Сондықтан ондайлар қоғамға жануардан, ең қауіпті жыртқыш аңнан да зиянды болады. Оның адамгершілікпен мейірімділік, жақсылық туралы сөз қозғауы ауаға жазу жазғандай. Өз пайдасы үшін, хайуани, шәһуани армандарына жету үшін құрылған бір тұзақтан өзге ешнәрсе емес.

Жылдар бойы оқылмаған намаздардың қазасын өтеу мүмкін емес сияқты көрінеді. Адамдар Ислам дінін тәрк еткендері үшін, яғни Аллаһу та'аланың әмірлері мен тыйымдарына мойынсұнбағаны үшін, Ислам діні көрсеткен шаттық пен бақыт жолынан айырылғаны үшін дүниеде берекет қалмады. Ризықтар азайды. Таһа сүресінің жүз жиырма төртінші аятында: **«Мені ұмытсаңдар ризықтарыңды азайтамын»** делінген. Осы себептен, иман ризығы, денсаулық ризығы, азық ризығы, адамгершілік пен мейірім ризығы және басқа да түрлі ризықтар азайды. «Ешкімге етпейді зұлымдық Хұдасы, әркімнің тартқаны өз ісінің жазасы» деген сөз Нахл сүресінің отыз үшінші аятынан алынған. Бүгінгі күпірдің қараңғылығы және Аллаһу та'аланы, Пайғамбарды "алейһиссалам", Исламды ұмытудың берекетсіздіктері мен қиындықтары ішінде адам күндіз-түні, еркек пен әйел аралас жұмыс істеп, бір жанұяның напақасын, рахат өмір сүруін қамтамасыз ете алмайтындай жағдайға келген. Аллаһу та'алаға сенбейінше, Ол білдірген Ислам дініне мойынсұнбайынша, Оның пайғамбарының жақсы мінезімен безенбейінше, бес уақыт намазды уақытылы оқымайынша, адасушылық, пәлекет ағымын тоқтату мүмкін емес.

Намаздардың қазаларын өтеу үшін, әр күні таң намазынан басқа төрт уақыт намаздың сүннеттерін оқитын кезде, алғашқы қазаға қалған намазды қаза етуге деп ниет ету керек. Осылайша әр күні бір күндік намаздың қазасы өтелген болады. Әрі сүннет те оқылған болады. Қазалардың осы ниетпен қалай оқылатындығы және оқылуы керек екендігі **«Сәадати Әбәдийа»** кітабында егжей-тегжейлі айтылған. Күнәларға бір рет тәубе ету арқылы олардың

барлығының кешірілетіндігі білдірілген. Намаз тәубесінің сахих болуы үшін, тәрк етілген әр намаздың қаза етілуі де керек. Тәубе етіп, қазаларын өтей бастаған адам өмір бойы, яғни қазаларды бітіргенге дейін қазаларын өтеуге ниет етті деген сөз. Егер бұған өмірі жетпесе, Аллаһу та’ала бұндай мәйіттің осы ниеті үшін барлық қазаларын кешіреді. Осы сияқты, истиғфар айтып жүрген адамның барлық күнәлары және кәпірлер иман келтірген кезде бүкіл өткен күнәлары кешіріледі. Ал иман келтірмегендер жаһаннамда шексіз азапқа тартылады.

Жүздеген жылдар бұрын фиқһ кітаптары жазылған замандарда мұсылмандардың имандарының күштілігі және Аллаһу та’ала мен жаһаннам азабынан қорқулары көп еді. Намазды үзірсіз тәрк ету ойға да келмейтін. Олар намазды тәрк ете алатын адамның бар екенін де ойлай алмайтын. Ол уақыттарда намаз үзірмен және өте аз мөлшерде **«Фәут»** етілетін, яғни уақытынан өткізіп алатын. Бұл да, мұсылман үшін үлкен аза, қайғы болатын. Намаздың қазаға қалуы үшін үзірлер – ұйықтап қалу, ұмыту, соғыста және сапарда отырып оқуға да мүмкіндіктің болмауы. Осы үзірлердің бірінің себебінен намаздың фәут етілуі (өткізіп алуы) күнә болмайды. Бірақ, үзір біткеннен кейін дереу бұл намаздың қазасын өтеу парыз болады. Үзірмен өткізілген намаздардың қазаларын бала-шағасының қажеттілігін табуға кететіндей уақыт кешіктіру жаиз болады. Үзірмен жіберілген намаздардың қазаларын муаккад сүннеттің орнына қойып оқу қажет болмайды. Фиқһ кітаптарында: «муаккад сүннеттің орнына қойып оқымау жақсырақ болады» делінгені, үзірмен оқылмай қалған намаздар үшін айтылған. Үзірсіз тәрк етілген парыздардың дереу қазасын өтеу парыз. Бұларды сүннеттің орнына да қойып оқу қажет. Имам Раббани 123-ші хатта былай деген: «Нәпіл ғибадат бір парызды тәрк етуге себеп болса, ол ғибадат болмайды. Малаяни (бекер, бос тірлік) болып, зиянды болады.»]

[Үлкен ғалым Ибн Абидин “рахметуллаһи алейһ” былай деген: «Мешітке кіргенде екі рәкат намаз оқу сүннет. Бұған **«Тахийатул мәсжид»** делінеді. Мешітке кіргенде парыз, сүннет, қаза сияқты қандай-да бір намаз оқу, Тахийатул мәсжидтің орнына өтеді. Бұларға бөлек Тахийатул мәсжид деп ниет ету қажет емес.

Алайда, бір уақыттың парызы және сүннеті деп екі бөлек ниет етілетін намаз мұндай емес. Бұл жерде жалғыз парыз намаз сахих болады. Мешітке кіргеннен кейін қандай-да бір намаз оқылса, бөлек ниет етілмесе де Тахийатул мәсжид намазы да оқылған болады. Бірақ, сауап пайда болуы үшін бұған да ниет етіледі. Өйткені, ниет етілмеген ғибадатқа сауап берілмейді.» Хазреті Абдулхаким Аруаси "рахметуллаһи алейһ" былай деген: «Сүннет намаз дегеніміз – парыздан басқа оқылатын намаз деген сөз. Парыздың алдындағы немесе кейінгі сүннет орнына қаза қойып оқыған адамның осы қаза намазы, сүннет намазының кейіпіне сай болғаны үшін, сүннетті де оқыған болады.» Демек, сүннет орнына қаза оқылған кезде, сүннет тәрк етілген болмайды. Әрі қазаға, әрі сүннетке ниет етілген кезде, сүннеттің сауабы да пайда болады.]

Қазаларды жоғарыда білдірілгендей өтеуге ниет еткен және өтей бастаған адам, қатты ауырып қалса, өлгеннен кейін намазының кәффаратының жасалуы үшін **«Өсиет»** етуі, уәлиінің де бұл өсиетті орындауы қажет. Уәли – өсиет етілген адам немесе мұрагерлерінің бірі деген сөз. Намаз оқыған кезде уәжіптерінің бірі тәрк етілсе немесе мәкрух істелген болса, ол намазды уақытының ішінде қайта оқып алу уәжіп болады. Нәпіл намаз оқығанда да, фасид болса, яғни намазды бұзатын бір нәрсе орын алса, қайта оқу уәжіп болады. Зекетті, пітір садақасын, нәзірді және құрбандықты да, әр уақытта қазасын өтеу қажет болады. Кейіннен кедей болған адамның **«Хиләи шәрийа»** деп аталатын жеңілдікпен бұлардың қазасын өтеуі керек. Кедей болмаса, **Хиләи шәрийа** істеуі мәкрух болады.

Аллаһу та'ала мен құл арасында болған, яғни құл ақысы араласпаған күнәлардың кешірілуі үшін жасырын тәубе ету жеткілікті. Басқаларға хабар беру, имамға айту қажет емес. Ақша беріп попқа күнәні кешкізу христиандықта жасалады. Ислам дінінде ондай нәрсе жоқ. Жүніп күйде Құран кәрім оқу, мешітте отыру, мешітте дүние сөздерін айту, жеу, ішу, ұйықтау, Құран кәрімді дәретсіз ұстау, сазды аспап шалу, шарап ішу, зина жасау, әйелдердің бастары, қолдары, аяқтары, шаштары ашық күйде сыртқа шығулары құл ақысы болмаған күнәлар. Жануар ақысы араласқан күнәларды кешкізу өте қиын. Жануарды жазықсыз

өлтіру, ұру, тұмсығынан ұру, шамасынан артық жүргізу, ауыр жүк арту, шөбін, суын уақытылы бермеу күнә болады. Бұл күнәға әрі тәубе ету керек, әрі истиғфар етіп жалбарыну қажет.

Құл ақылары бес түрлі болады: Мүліктік ақылар, нәпістік ақылар, намыстық ақылар, махремдік ақылар және діни ақылар. Ұрлық, тонау, тартып алу, алдап өтірік айтып тауар сату, жасанды ақша беру, біреудің мүлкіне зиян тигізу, жалған куәгерлікпен, залымға хабар берумен немесе пара беру арқылы біреудің мүлкіне зиян тигізу – мүліктік құл ақыларына жатады. Мұндай жолдармен арттырған бір тиын, бір дәндей мүлік үшін тәубе ету және иесінің кешірімін алу қажет. Мүліктік ақылар үшін балалардың да кешірім алуы және өтеулері керек. Егер мұндай кісі ақылары үшін бұл дүниеде кешірімін алмаса, ахиретте сауаптары соған беріліп кешіріледі. Мүлік иесі өлген болса, мұрагерлеріне өтеледі. Мұрагері жоқ болса немесе мүлк иесі белгісіз болса, кедейге сыйлық ретінде беріліп, сауабы ақы иесіне бағышталады. Салих болған мұсылман кедей жоқ болса, Ислам дініне және мұсылмандарға қызмет ететін қайырымдылық ұйымдарына, қорларға беріледі. Өзінің салих туыстарына, кедей болған анасына, әкесіне, балаларына сыйлық ретінде беруі де жаиз болады. Кедейге сыйлық ретінде берілген нәрсе садақа болады және бұдан садақа сауабы пайда болады. Осындай жолдармен құтылуға мүмкіншілік таба алмаса, мүлік иесінің және өзінің кешірілуі үшін дұға етеді. Кәпір ақысының өтелуінде де оның кешірімін алу қажет. Көңілін аулай алмаса, ахиретте кешірілуі өте қиын болады.

Нәпістік ақыларға адам өлтіру, өзгелерге күнә істеткізу, өзгелердің дене мүшелеріне зақым келтіру сияқты қылмыстар кіреді. Мұндай күнәсын жуу үшін алдымен тәубе ету, кейін өзін жәбірленушінің уәлиіне, өкіліне тапсыру қажет. Уәлиі қаласа кешіреді. Қаласа белгілі соммада ақша талап етіп кешіреді. Қаласа, сотқа беріп, қазыдан жазаландырылуын талап етеді. Бірақ тікелей өзінің кек қайтаруы жаиз емес. (Ислам дінінде қанды кек деген нәрсе жоқ.) Намысқа қатысты құл ақыларына – ғайбат, жала жабу, мазақ ету, жамандау сияқты нәрселер жатады. Осылай кісі ақылары тапталғанда да қылмысына тәубе ету және иесінің кешірімін алу қажет. Бұл жағдайларда мұрагерден кешірім алынбайды.

Махремдік болған ақы – біреудің әйеліне, қызына, баласына қиянат ету, зина жасау. Бұл қылмысқа қол ұрғандар тәубе және истиғфар етеді. Фитна шығу ықтималы жоқ болса, қылмысын мойындап иесінің кешірімін алады. Егер болған тірлікті айтқанда одан да үлкен бүлікке себеп болатын болса, онда мәселені ашып кешірімін алудың орнына артынан оған дұға етеді және ол үшін садақа береді. Діни ақыларға туыстарына және қол астында болғандарға діни білім беруді тәрк ету, қарамағындағы кісілердің діни қажеттіліктерін орындауларына, ғибадаттарын үйренулеріне, діни сенімдері бойынша өмір сүрулеріне тосқауыл болу секілді қылмыстар жатады. Бұлардың және барлық адамдардың діни білім үйренуі мен ғибадат етулеріне кедергі болу және басқаларды кәпір, пасық деп жамандау да осы түрдегі кісі ақыларына кіреді. Адамдардың махремдік және діни ақыларын аяқ асты ету қылмыстарының кешірімін сұрағанда жасаған күнәсін ашып айтып отырмай, мендегі ақыңды кешір (ақыңды халал ет) деп айту да жаиз (рұқсат) болады.

Өзі кедей болған, төлеуге шамасы жетпейтін қарызы бар адамды кешіру де үлкен сауап.

Хадис шәрифте: **«Тәубе еткен адам мүлдем күнә істемегендей тап-таза болады»** және **«Күнәсына өкінбей, тілімен ғана истиғфар еткен адам күнәсін жалғастырушы адам. Ол Раббысын мазақ етуде»** делінген. Истиғфар ету **«Әстағфируллаһ»** деп айту деген сөз. Бұның мағынасы: «Мені кешір Аллаһым» деген сөз. Мұхаммед Осман Хинди “қуддиса сирруһ”<?>[1] **«Фәуаиди Османийа»** кітабында, парсы тілінде былай деген: «Шипа үшін оқылатын дұғаны жазып беруімді сұраған екенсіңдер. Шипа үшін, [Тәубе етіңдер және] истиғфар дұғасын көп оқыңдар.» [Яғни, **Әстағфируллалаһәл азыйм әлләзи лә илаһә илла һу әл хаййул қаййума уә әтубу илайһ** деңдер!] Бұл дұға өлімнен басқа барлық дерттерге, ауруларға қарсы пайдалы. Тіпті өлім халіндегі адамның ауруын, шаншуын тоқтатып, қиналмай жан тапсыруын қамтамасыз етеді. Бұл дұға **«Хақ сөздің дәлелдері»** кітабының 344-ші бетінде ұзақ жазылған. Худ сүресінің елу екінші аятында: **«Истиғфар айтыңдар! Сонда көмекке келемін»** делінген. Хадис шәрифте: **«Үздіксіз истиғфар айтып жүрген адамды Аллаһу та’ала**

дерттерден құтқарады» делінген. Әр уақытта, әр жерде, намаздан кейін және жатарда, мағынасын ойлап, көп рет **«Әстағфируллаһ мин кулли ма карихаллаһ»** немесе қысқаша **«Әстағфируллаһ»** деу керек. Аллаһу та'ала, шипаны, дерттен құтылуды ихсан етеді және тілектерді орындайды. Мұхаммед Масум хазреттерінің 6-шы том, 121-ші хатындағы хадис шәрифте: **«Көңілімде шаң басқандай бір перде пайда болуда. Одан құтылу үшін күнде жетпіс рет истиғфар етемін!»** делінген. Халид бин Зәйд мешітінің азаншылары әр намаздан кейін мына дұғаны оқитын еді: **«Раббана амәнна бима әнзәлтә уәттәба' нәррасулә фәктубнә ма'ашшаһидин».**

Әрбір ер адам әрдайым мына мағфирет дұғасын оқуы керек: **«Аллаһуммағфирли уә ли-әбаи уә уммәхати уә ли әбнаи уә бәнати уә ли ихуәти уә әхауати уә ли әждади уә жәддәти уә ли а'мами уә аммати уә ли әхуали уә халати уә ли зәужәти уә әбәуәйһа уә ли әсәтизәти уә лил му'минина уәлхамду лиллаһи Раббил аламин!»**. Әйел оқыса, "зәужәти" сөзінің орнына "зәужи" және "әбәуәйһа"ның орнына "әбәуәйһи" деуі керек.

Хадис шәрифтерде: **«Аллаһу та'ала, күнә істеп, кейіннен өкінген құлын әлі истиғфарын айтып болмас бұрын кешіреді»** және **«Күнәларың көп болып көкке дейін жетсе де, тәубе еткен кезде Аллаһу та'ала тәубелеріңді қабыл етеді»** делінген. Бұл хадис шәрифтер құл ақысына жатпайтын күнәлар үшін айтылған. Хадис шәрифте: **«Күнә үш түрлі болады: Қияметте кешірілмейтін, тәрк етілмейтін және Аллаһу та'ала қаласа кешіретін күнә»**. Қиямет күні міндетті түрде кешірілмейтін күнә, бұл ширк. Бұл жерде айтылған "ширк" әр түрлі күпірлік деген сөз. Тәубесіз, яғни кешірімін алмайынша кешірілмейтін күнә болса, құл ақысы және намаз қарыздары. Ал, Аллаһу та'ала қаласа кешіретін күнәлар, бұл - құл ақысы араласпаған күнәлар.

Маңызды ескерту

Еркек-әйел, әрбір мұсылманның әр сөзінде, әр ісінде Аллаһу та'аланың әмірлеріне, яғни парыздар мен тыйымдарына (харамдарға) мойынсұнуы қажет. Бір парыздың орындалуына,

бір харамнан сақтануға мән бермейтін адамның иманы кетеді, кәпір (Аллаһу та'аланың дұшпаны) болады. Кәпір болып өлген адам, қабірде азап шегеді. Ахиретте жаһаннамға түседі. Сол тозақта мәңгілік жанады. Ондайлардың бір күн келіп кешірілуінің, жаһаннамнан шығуының ықтималы жоқ. Сондықтан имансыздықтан, күпіршілікке түсіп қалып өмірден озудан қатты қорқу керек. Күпіршілікке түсу өте оңай. Әр сөзде, әр істе кәпір болу ықтималы көп. Күпірден құтылу да өте оңай. Күпірдің себебі білінбесе де, күнде бір рет, «Йа Раббым! Біліп немесе білмей күпірге себеп болатын бір сөз айтқан немесе бір іс жасаған болсам өкіндім. Мені кешір» деп тәубе етсе, Аллаһу та'алаға жалбарынса, міндетті түрде кешіріледі. Жаһаннамға түсуден құтылады. Жаһаннамда мәңгі жанбау үшін, күнде міндетті түрде тәубе ету керек. Бұл тәубеден маңызды ешқандай міндет жоқ. Қорыта айтқанда, құл ақысы араласқан күнәларға тәубе еткенде бұл ақыларды өтеу және тәрк етілген намаздар үшін тәубе еткенде де олардың қазасын оқу керек. Бұл тақырыпта **Садәти әбәдийә** кітабының 276-шы бетінен 287-ші бетке дейінгі аралықта кеңірек мәлімет бар.

ИСЛАМ АХЛАҚЫ

Екінші бөлім

Ислам ахлақы үш бөлім болып қарастырылады. Бірақ бұл үшеуін түсіне алу үшін алдымен қосымша мәліметтерді үйрену қажет. Сондықтан жазғандарымызды бір алғы сөз және үш тарау қылып реттедік. Бұл кітабымызда тек бірінші тарауды ғана білдіреміз.

Алғы сөз

Ахлақ ілімдерін үйрену қалаумен және өз еркімен ұмтылу арқылы іске асады. Өз-өзін мәжбүрлеумен оған қол жеткізу мүмкін емес. Ал өз қалауыңмен істейтін жұмыстар да екі нәрсені білу арқылы іске асады. Алдымен ол жұмыстың не екенін жақсылап түсіну керек. Одан кейін сол жұмыстың нәтижесінде келетін пайдаларын білу қажет болады. Сонымен қатар, әр ілімді оңай түсіне алу үшін, алдымен кейбір қосымша ілімдерді үйрену қалыпты әдіс күйіне енген. Біз де алғы сөзде осы үш мақсатты, үш тармаққа тізіп баяндаймыз. Алғы сөзге бөлек екі қосымша (толықтыру) да жасаймыз.

Бірінші тармақ: Ислам ахлақы үшке бөлінеді:

1 – Адамға жалғыз қалып басқаларды ойламаған кезінде өз амалдарының жақсы немесе жаман болатынын түсіндіретін ілімге **«Ахлақ ілімі»** делінеді. Адам жалғыз болған кезде де бұл істерді білгені бойынша жасайды. Мысалы, жұмсақ мінезді, жомарт, ұятты адам, жалғыз қалған кезде де, басқалардың жанында да, әрдайым сондай. **«Ахлақ ілімі»** адамның осындай өзгермейтін іс-әрекеттерін үйретеді.

2 – Екіншісі, адамның үй ішіндегі, бала-шағасының алдындағы іс-әрекеттерін үйретеді. Бұған **«Тәдбир-и мәнзил»** және **«Отбасын басқару әдебі»** делінеді.

3 – Үшіншісі, адамның қоғамдағы міндеттерін, жүріс-тұрысын, баршаға пайдалы болуын үйретеді. Бұған **«Сиясети Мәдина»**, яғни **«қоғамдық»** немесе **«әлеуметтік»** тәрбие делінеді.

«Ахлақи Насири» кітабында былай делінген: "Адам, жақсы-жаман әр ісін бір себеппен жасайды. Бұл себеп табиғи немесе бір әмір, бір заң болу мүмкін. Табиғаттың қажеттілігі болған нәрселер – ақылы, жеке ойы және тәжірибелерінің нәтижесінде жасаған істері. Мұндай істер, уақыт өтуімен және қоғамның әсерімен өзгермейді. Екінші себеп болған әмір, заң болса, не бір жамағаттың, бір ұлттың біріккен ойынан туындайды. Бұған **«Әдет-ғұрып»** делінеді. Немесе бір атақты ғалым, тәжірибелі, абыройлы адам тарапынан ортаға шығарылады. Пайғамбарлар, әулиелер, патшалар және диктаторлар осындай. Пайғамбарлар "алейһимуссалауату уәттәслимат", әулиелер және ғалымдар тарапынан білдірілген Аллаһу та'аланың әмірлері де үшке бөлінеді: Біріншісі, әрбір адамның жеке-жеке, жалғыз түрде мойынсұнуы қажет болғандары. Бұларға **«Ахкам»** немесе **«Ғибадаттар»** делінеді. Екіншісі, адамдар арасында екі жақты мойынсұнуы қажет болған әмірлер. **«Мунакахат»**, яғни үйлену рәсімдері және **«Муамалат»**, яғни сауда-саттық істері осындай. Үшіншісі, мемлекеттерді, қоғамдарды қамтыған әмірлер. Бұлар **«Худуд»**, яғни **«Заңды»** және **«Саяси»** істер. Осы үш ілімнің барлығына **«Фиқһ»** ілімі делінеді. Фиқһ ілімдері және осы істерді реттейтін әмірлер немесе жүзеге асырылуы мен орындалуы, мемлекетке, халыққа қарай және уақыт өте өзгереді. Бұл өзгерістер де тек Аллаһу та'аланың білдіруімен болады. Аллаһу та'аланың діндерде жасаған нәсһтері, өзгертулері, осындай әмірлерде болған. Мысалы, Адам алейһиссаламның заманында адамдардың көбеюі керек еді. Сол себепті бір ер адамның өзінің қарындасымен үйленуі халал еді, жаиз еді. Адамдар көбейгеннен кейін бұған қажеттілік қалмады. Харам болды.

Екінші тармақ: Ахлақ ілімінің пайдаларын білдірейік:

Адам айналасындағыларды, мысалы жерді, көкті және жұлдыздар деп аталатын миллиардтаған аспан денелерінің кеңістіктегі қозғалыстарын, ғасырлар бойы қақтығыспағанын, жер жүзіндегі температураның, қысымның, ауа мен су мөлшерінің, құрылыстарының, әрекеттерінің өмірге сай реттелгенін, адамдардың, жануарлардың, өсімдіктердің, жансыз заттардың, атомдардың, жасушалардың, қысқаша мектеп пен университеттерде оқылатын, зерттелген шексіз болмыстардың құрылысы мен әрекеттеріндегі заңдылықты, жүйелілікті, реттілікті көріп, бұларды

жасаған, жаратқан, қуатты, білімді бір Құдіреттің бар екендігін қаласа да, қаламаса да қабыл етуге, сенуге мәжбүр болады. Ақылды адам, әлемдегі және денесіндегі осынау үйлесімділікті, осы жүйені көріп, бірден Аллаһу та'аланың бар екеніне сенеді, **мұсылман** болады. Бұған мысал ретінде 1966 жылында мұсылман болған Швейцариялық философия пәнінің профессоры, журналистердің сұрақтарына берген жауабында: «Ислам кітаптарын зерттеп, хақ жолды түсіндім. Ислам ғалымдарының ұлылығын түсіндім. Ислам діні, өз бойынша бұрмаланбай түсіндірілсе, дүние жүзінде ақылды болғандардың барлығы қуана-қуана мұсылман болар еді» деген.

Бір адам, табиғатты және өзін зерттеп, бірден мұсылман болағаннан кейін Әһли сүннет ғалымдарының "рахимәһумуллаһу та'ала" кітаптарынан Мұхаммед алейһиссаламның өмірі мен көркем мінезін (ахлақын) де үйренсе, иманы күшейеді. Ахлақ ілімін үйреніп, жақсы және жаман мінездерді, пайдалы мен зиянды істерді түсінеді. Жақсы амалдарды істеп, дүниеде кәміл, құрметті адам болады. Істері ретімен және оңайлықпен жүзеге асады. Дүниеде рахаттық, бақыт ішінде өмір сүреді. Айналасындағы адамдар оны жақсы көреді. Аллаһу та'ала одан разы болады. Ахиретте де Аллаһу та'аланың мейіріміне, сыйына қол жеткізеді. Қайталап айтамыз, бақытқа қол жеткізу үшін екі нәрсе қажет: Бақытты адам – осы екі нәрсеге қауышқан адам. Бұл екі нәрсенің біріншісі, дұрыс ілім мен дұрыс иман иесі болу. Бұған жаратылыстану (пән) дәрістері мен Мұхаммед алейһиссаламның өмірін, ахлақын үйрену арқылы қол жеткізіледі. Екіншісі, жақсы мінезді, жақсы амалды адам болу. Ал бұл нәрсе фиқһ пен ахлақ ілімдерін үйрену және оларға мойынсұну арқылы іске асады. Бұл екеуіне қол жеткізген адам, Аллаһу та'аланың разылығына, махаббатына қауышады. Өйткені, Аллаһу та'ала, шексіз ілімімен барлық нәрсені біледі. Ол періштелер мен пайғамбарларға көп ілім берген. Оларда ешқандай айып, кемшілік және жаман қасиеттер жоқ. Ал адамдардың ілімі болса, өте аз және имандары, не бұзылған, не жаман мінездермен ластанған және жаман істермен кірленген. Сондықтан адамдар Аллаһу та'аладан, періштелерден және пайғамбарлардан өте ұзақ, оларға қауышу абыройынан мақрұм. Адам, жаратылыстану ғылымдарында, табиғатты зерт-

теуде жалқау және надан болып, шынайы иманға, сенімге қол жеткізбесе және Мұхаммед алейһиссаламды дұрыс танып иманын күшейтпесе, шексіз пәлекет пен қиындықта қалғандардан болады. Егер, шынайы иманға қол жеткізсе және нәпсіне бағынбай, Ахками исламийаға (Ислам үкімдеріне), яғни Аллаһу та'аланың әмірлері мен тыйымдарына мойынсұнса, бақытқа қауышудан және Аллаһу та'аланың мейірімінен, кешірімінен мақрұм қалмайды. Бірақ, жасаған жамандықтарының мөлшеріндей азап көреді, отта жанады және Аллаһу та'аланың мейіріміне қауышуы қиын болады. Иманы болғаны үшін, соңында мейірімге, рахметке қауышады. Жаһаннам оты жамандықтардың кірін тазалап, оны жаннатқа кіруге лайықты болатындай түрге келтіреді.

Көрініп тұрғанындай, бүкіл бақыттылықтың, рахаттықтың басы, кәміл иман иесі болу. Барлық адам жүрегін қате сенімдерден, күмәндардан құтқаруға тырысуы керек. Бір адам дұрыс иманға қауышып, жақсы мінезді және амалдары жақсы болса, ұлы рухтарға, яғни пайғамбарларға, әулиелерге және періштелерге ұқсай бастайды және оларға жақындайды. Заттың тартылыс заңы сияқты, олар тарапынан тартылады. Тау сияқты үлкен магниттің немесе жоғары қуатты электромагниттік өрістің бір инені тартқанындай, оны жоғарыға тартады. Сырат көпірінен найзағайдай жылдамдықпен өтеді. Жаннат бақшаларында, өзіне лайық болған, жүрегі мен рухына лайық болған ниғметтер арасында, шексіз рахатқа бөленушілерден болады.

Ахлақ ілімі – көңіл (жүрек) мен рух тазалығын үйрететін ілім. Бұл, медицинаның ішіндегі денсаулықты қорғау іліміне ұқсайды. Өйткені, жаман мінездер көңіл мен рухтың аурулары болып табылады. Ал зиянды істер болса, осы аурулардың белгілері, симптомдары. Ахлақ ілімі – өте құнды, өте қадірлі, ең қажетті ілім. Өйткені, көңіл мен рухтың жамандықтары тек қана осы ілім арқылы тазалана алады. Көңіл мен рухтың жақсы мінездермен безенуі сау және қуатты болуы, осы ілімнің арқасында қамтамасыз етіледі. Қуаттанған көңілдер мен рухтар да осы ілімнің жәрдемімен тазаланады, жақсы ахлаққа қол жеткізеді. Жақсы, таза көңілдер мен рухтар да осы ілімнің берекетімен тазалығын арттырады, жақсы мінездерді өзіне орналастырады.

[Көңіл мен рух, екі бөлек нәрсе. Бір-біріне өте ұқсайды. Бұл кітапта "рух" деген кезде екеуі бірге түсінілуі керек.]

Мінез өзгере ме? Адамның мінезін өзгертіп басқа мінезді болуы мүмкін бе? Бұл мәселеде әртүрлі сөздер, бір-біріне қарама-қарсы пікірлер бар болса да, барлығын үш топқа жинауға болады:

1 – Адамның ахлақы мүлдем өзгермейді. Өйткені мінез – өзгертуге адамның күші жетпейтін бір болмыс.

2 – Мінез екі түрлі болады: Біреуі адаммен бірге жаратылған. Бұл мінез өзгермейді. Екіншісі, кейіннен пайда болған машықтар. Бұған әдет делінеді. Бұл мінез өзгеруі мүмкін.

3 – Ахлақтың барлығы кейіннен пайда болады және өзгереді. Сыртқы әсерлермен өзгеруі мүмкін.

Ислам ғалымдарының көбі осы үшінші пікірде біріккен. Пайғамбарлардың "алейһимуссалам" діндері осы сөздің дұрыстығына сүйенуде. Тасаууф ұлыларының, дін ғалымдарының шәкірттеріне тәрбие беру үшін тапқан әдістері, осы сөзден пайдаланып орындалуда.

Адамдар қандай мінезге бейім болып дүниеге келеді? Бұл да әлі жауабы табылмаған сұрақ. Ғалымдардың көбінің үкімі бойынша, адамдар жақсылыққа, жоғары болуға бейім болып туылады. Кейіннен нәпсінің жаман қалаулары мен жақсы ахлақты үйренбеу және жаман достармен бірге болу жаман мінезді адам болып қалыптасуына себеп болады. Хадис шәрифте: **"Адамдар мұсылмандыққа бейім болып дүниеге келеді. Оларды кейін ата-анасы яһуди, христиан және имансыз етеді"** делінген.

Кейбіреулердің айтуы бойынша, адамның рухы лас болып дүниеге келді. Рухтың өзі таза болған болса да, денемен қосылғанда, дененің қажеттіліктері оны жолдан адастырған. Аллаһу та'аланың имандылықты, дұрыс жолды, жақсылықты нәсіп еткен адамдары туылған кездегідей лас болып қалмай, жақсылыққа бет бұрады.

Ал кейбіреулер рух жаратылысында жақсы да, жаман да емес. Кейіннен екі күйге де айнала алатындай жағдайда дейді. Жақсы мінездерді, жақсы істерді үйренген адам бақытқа, кәмілдікке қол жеткізеді. Жаман адамдардың арасында қалып, жаман мінез, жаман істерді үйренген адам шақи (имансыз), жаман адам болады деді.

Ескі грек емшілерінен болған Галинустың айтуынша, адам рухы үш түрлі болады: Бір бөлігі жақсы, екіншісі жаман болып жаратылған. Үшіншісі, жақсы да, жаман да емес. Бірақ, кейіннен екі жаққа да кетуі мүмкін. Жаратылысы жақсы болған адамдар аз. Жаратылысы жаман болып, әрдайым жамандық істегісі келетіндер көбірек. Жамандар арасында жаман, жақсылар арасында жақсы бола алған адамдардың саны, алдыңғы екеуінің арасында болады деді. Оның айтуынша, кейбір адамдардың мінезі өзгере алады. Ал көп адамның мінезі өзгермейді. [Грек философтарының, адамның көңіл дүниесінен хабарлары болмағандықтан, тек рухты ғана түсіндірген, ахлақ кітаптарын жазған мұсылмандардың да бір бөлігі бұлардың көзқарасын ұстанған.]

Ғалымдардың көпшілігінің пікірлері бойынша, барлық адамның мінезі өзгере алады. Ешбір адамның мінезі, жаратылсындағы бастапқы күйінде қалмайды. Кейіннен өзгере алады. Ахлақ өзгермейтін болғанда, Пайғамбарлар “алейһимуссалам” алып келген діндер пайдасыз, қажетсіз болар еді. Ғалымдардың ауызбіршілігімен қойған тәрбие және жаза әдістері бекер болар еді. Барлық ілім адамдары бала-шағаларына ілім мен әдеп үйреткен және тәрбиенің пайда келтіретіні әр уақытта байқалған. Сондықтан кез келген адамның мінезінің өзгеретіндігі айдан анық. Кейбір мінездер көңілге қатты орныққандықтан рухтың ерекшелігі сияқты болып қалғандай көрінеді. Мұндай мінездерді өзгерту, жою өте қиын. Мұндай ахлақ көбінесе надандарда, жаман адамдарда болады. Бұны өзгерту үшін, өте ауыр риязат және көп мужаһада қажет. Нәпістің зиянды, жаман қалауларын істемеуге тырысу **«Риязат»** деп аталады. Нәпіс қаламайтын пайдалы, жақсы нәрселерді істеуге **«Мужаһада»** делінеді. Надандар, ақымақтар мінез өзгермейді деп нәпсімен мужаһада және риязат етуден бас тартады. Жаман мінездерін тазаламайды. Бұлай ойлап, әркім өз бетімен жіберілсе, қылмыс істегендерге жаза берілмесе, адамдар шектен шығады, жамандыққа булығады. Сол себепті Аллаһу та’ала құлдарына мейірім етіп, оларды тәрбиелеу, жақсы және жаман мінездерді үйрету үшін жер бетіне Пайғамбарлар “алейһимуссалам” жіберген. Осы үйретушілердің ең үстемі қылып, сүйіктісі болған **Мұхаммед** “алейһиссаламды” таңдады. Оның діні

арқылы бұрын жіберген бүкіл діндерін өзгертті. Оның діні барлық діндердің соңғысы болды. Осылайша, бүкіл жақсылықтар, тәрбие әдістерінің барлығы, Оның нұр шашқан дінінен орын алды. Ақылды болғандардың, жақсыны жаманнан ажырата алатындардың, осы діннен алып жазылған ахлақ кітаптарын оқып-үйреніп және істерін осыған сай дұрыстап, дүние мен ахиретте бақыт пен шаттыққа, берекеге қауышуы, азаптардан құтылуы, осылайша жанұя мен қоғамдағы тәртіптің гүлденуіне үлес қосуы, жәрдем берулері керек. Адамның бірінші міндеті де осы. **«Ислам ахлақы»** деп атаған бұл кітабымызды Аллаһу та'аланың ихсанымен бұған қосымша мәліметтер жинақталғаны үшін, әркімнің мән беріп оқуы, үйренуі қажет.

Үшінші тармақ: Ислам ахлақын үшке бөлген едік. Бұларды жақсы түсіну үшін, қосымша мәліметтерді айтып өтейік. Әр ілімнің, әр ғылымның тармақтары бар. Тармақтардың бірігетін нүктелері болады, осы нүктелерде сол ілімнің барлық салалары бір тұтас болып бірлеседі. Міне, осы жалғыз нүкте сол ілімнің маңызы, түп-негізі. Мысалы, медицина ілімінің әр түрлі тармақтары бар. Бірақ барлық салалары адам денесіндегі аурулармен сауығуларда бірлеседі. Бұл да осы ілімнің маңызы деген сөз. Бір ілімді оңай үйрену үшін, маңызын түсіну қажет. Ахлақ ілімінің маңызы – адамның рухы. Олай болса бұл ілім рухты (көңілді) жаман мінездерден тазартуды және жақсы мінездермен безендіруді үйретеді. Сондықтан, алдымен рухтың не екенін, одан кейін жақсы және жаман мінездерді үйрену қажет.

Көңіл мен рухты барынша таныта алу үшін, көзге көрінетін және көрінбейтін қуаттарды түсіндіре алу үшін, оның бақыты мен пәлекетінің нелерде болатынын анықтап алу үшін үш дәрежеге назар аударайық:

Бірінші дәреже: Көңіл (жүрек) және рух дегеніміз не? Бұл екі болмысқа ескі грек философтары және олардың ізбасарлары **«Нәфси натиқа»** немесе қысқаша нәпіс деген. (Алайда, тасаууф және ахлақ ілімдерінің маманы **Имам Раббани** "рахимәһуллаһу та'ала" нәпістің, көңілдің және рухтың бір-бірінен бөлек үш дара болмыс екенін және **«Нәфси натиқа»** – нәпістің есімі екенін айтады.) Исра сүресінің сексен бесінші аятының мағынасында:

«Сенен олар рух жайында сұрауда. Рух – Раббым жаратқан болмыстардың бірі деп жауап бер» делінген. Бұл аят рухтың не екенін түсіндіруге тыйым салуда. Сондықтан, тариқат шәйхтарымен ислам ғалымдарының көбі рухтың не екенін айтудан сақтанған. Бірақ, Құран кәрімнен түсінікті болғаны, рухтың тек ақиқатын, не екенін айтуға ғана тыйым салынған. Өзгешеліктерін, ерекшеліктерін, сипаттарын түсіндіруге тыйым салынбаған. Сондықтан, ғалымдардың көбі шәкірттеріне және сұрағандарға көңіл мен рухтың дене еместігін, **«жәуһәри басит»** (бөлініп-ажырамайтын бір тұтас материя) екенін айтты. Ақыл жететін ілімдерді түсінетін, сезім мүшелері арқылы миға келетін сезімдерді қабылдап алатын, денедегі барлық қуаттарды, әрекеттерді басқарып тұратын күш - рух және көңіл деп аталатын осы екі қуат. Тасаууф ұлылары мен кәлам ғалымдары осылай айтқан. [Көңіл (жүрек) мен рух туралы кеңірек мәлімет алғысы келетіндерге Шафии мазһабының ғалымдарынан болған шәйх Шихабуддин Омар Сухрәуәрдидің **«Ауариф-ул мә'ариф»** кітабын және Имам Раббани Ахмед Фаруқи Сәрһәндидің **«Мәктубат»** кітабын оқуға кеңес беріледі. Сухрәуәрди, хижри қамари 539 (м.1145) жылында туылып, 632 (м.1234) жылы Бағдатта қайтыс болған. Абдулқадир Гейланиден фәйз алған. Имам Раббани хижри қамари 971 (м.1563) жылында Үндістанның Сәрһәнд қаласында туылып, 1034 (м.1624) жылы сол жерде қайтыс болды. Абдулқадір Гейлани хижри қамари 561 жылы Бағдадта қайтыс болды.]

Көңіл мен рухтың сипаттамасын алты бөлім ішінде түсіндіреміз:

1 – Алдымен көңіл мен рухтың бар екенін білдірейік. Рухтың бар екені белгілі. Белгілі болған нәрсені дәлелдеуге қажеттілік жоқ. Адамға ең айқын болған нәрсе – өзінің бар екендігі. Адам бір сәтке де өзін ұмытпайды. Ұйықтап жатқанда да, мас күйде де рух өзін ұмытпайды. Адамның өз-өзін тануы үшін оған ешнәрсені дәлелдеу қажет емес. Бірақ, рух зат па, зат емес пе? Ол өздігінен бар ма, әлде басқа бір нәрсеге сүйенген халде бар болып тұр ма, деген сияқты және басқа да сипаттарын дәлелдеу жаиз. Көпшілікке бұлардың көбісі белгілі болса да, бір қайтара еске түсірудің зияны жоқ. Осы себептен төмендегі бес бөлім баяндалуда.

2 – Көңіл (жүрек) мен рух – жауһар (болмыс). Яғни әлемде нақты өздері бар. Рухқа парсы тілінде **«жан»** делінеді. Жануар өлген кезде жаны шықты делінеді. Бұл рухы денесінен айырылды деген сөз. Әрбір жаратылыс болмыс немесе сипат (араз) болады. Егер оның өмірде бар болып қала алуы үшін басқа жаратылысқа мұқтаждығы болмай, өздігінен бар болса, бұған **«жауһар»** (болмыс) делінеді. Бар болуында басқа бір нәрсеге мұқтаж болса, онда **«араз»** немесе **«сипат»** делінеді. Зат пен дене, жеке-жеке екі жауһар саналады. Бір дененің түсі, иісі, түрі болса, олар сипат (араз), ерекшелік болады. Түс, денемен бірге бар. Дене болмаса, түс бар бола алмайды. Жауһар екі түрлі болады. Біріншісі **«мужәррад»,** яғни заттық болмаған рухани болмыс. Рухани болмыстардың салмағы, түрі, түсі болмайды және олар сезім мүшелеріне әсер етпейді. Екіншісі, заттық-материалдық болмыс. Мужәррад болған рухани болмыстар сезім мүшелерімен сезілмейді, бөлшектенбейді. Ақыл мен рух осындай. Ал зат болса, сезіледі және бөлшектене алады. Дене – заттың кейіпке енген халі. Рухтың жауһар екендігі көптеген жолдармен дәлелденген. Мұның ең оңай жолы: кез келген сипат белгілі бір жауһардың (болмыстың) үстінде болады. Басқаша айтқанда, әрбір болмыс өзімен бірге бірнеше сипаттарды алып жүреді. Сол сипаттарымен ерекшеленеді. Бізге сезілетін, ойымызға келетін барлық нәрсені рухымыз өзінің қасында ерекшелік ретінде алып жүреді. Сондықтан көңіл мен рух араз-сипат емес, жауһар болып табылады. Бір сипат басқа сипаттың үстінде де бола алады деп, мысалы жылдамдық әрекетте болады деп, бұл дәлелді қабыл етпейтіндер де бар.

3 – Көңіл мен рух – жай болмыс. **«жай болмыс»** дегеніміз бөлшектенбейді деген сөз. Бұның қарама-қарсысы – күрделі, яғни **«құралушы»** болмыс. Химияның жай зат деп атайтын элементтері осы анықтама бойынша күрделіге жатады. Өйткені, олар атомдарға немесе газ молекулаларына бөлшектене алады. Рухтың жай болмыс екенін, оның басқа жай болмыс болған нәрселерді танып білуінен түсінуге болады. Көңіл мен рух құралушы, яғни күрделі болғанда, бөлшектене алғанда, жай болмыс болған нәрсе мұнда орналаса алмайтын еді. Өйткені, рух бөлінсе, бұл жерде орналасқан жай нәрсенің де бөлінуі керек болар еді. Ал жай болған нәрсе бөлшектенбейді.

4 – Көңіл мен рух дене емес. Ені, ұзындығы және биіктігі бар болған жауһарға, яғни бір кейіпке енген затқа **«дене»** делінеді. Денеде орналасқан нәрселерге тәндік заттар делінеді. Араз-сипат, яғни ерекшеліктер, сол денелерде болатындықтан, тәндік заттар болады.

5 – Көңіл мен рух түсінуші және басқарушы қасиеттерге ие. Олар өздерін біледі. Өзін білетінін де біледі. Көзбен түстерді, құлақпен дауыстарды қабылдайды. Жүйке жүйесін жұмыс істетеді. Бұлшықеттерді әрекет еткізеді. Осылайша, денеге жұмыс істетеді. Мұндай істерге **«иради»**, яғни қалаумен жасалатын істер делінеді.

6 – Рух, сезім мүшелері арқылы сезілмейді. Сезім мүшелері арқылы тек қана дене және тәндік зат болған нәрселер сезіледі. Рух, дене немесе тәндік зат болмағандықтан сезілмейді.

Екінші дәреже: Адам өлген кезде рухы не болады? Адам өлгенде, дене шірігенде, көңіл мен рух жоқ болмайды. Өлу – бұлардың денеден айрылуы деген сөз. Денеден айырылғаннан кейін мужәррад, яғни заттық болмаған әлемге араласады. [Қияметке дейін] жоқ болмайды. Дін ғалымдары, философтар және дін бұзушы болмаған ғылым адамдары осылай деген. Табиғатшылардың аздаған бір бөлігі бұл ауызбіршіліктен айрылған, дұрыс жолдан тайған. Олар адамды шөлдегі шөптерге ұқсатады. Адам шөп сияқты шығады, өседі, жоқ болады. Рухы қалмайды деді. Осылай айтқандары үшін олар **«Хашхашилер»**, яғни **«Шөпшілер»** атымен аталды. Дін ғалымдары мен философтар, осы шөпшілердің көзқарастарын сан түрлі дәлелдермен жоққа шығарды.

[Аллаһу та’ала, бүгінде белгілі болған 105 элементті жаратқан, бұлардың әрқайсысына бөлек-бөлек ерекшеліктер берген. Әр элемент атомдардан құралған. Әр атомды микродинамо сияқты үлкен энергия қоймасы қылған. Атомдардың бір-бірімен бірігуінен молекулаларды немесе ион желілерін, осылайша органикалық немесе бейорганикалық күрделі заттар мен жасушаларды, әртүрлі тіндерді және жүйелерді жаратқан. Бұлардың әрқайсысында таң қалдыратын нәзіктіктер, заңдылықтар, тәртіптер бар. Мысалы, тек микроскоппен ғана көрінетін бір жасуша, әр түрлі шеберханалармен жабдықталған үлкен зауыт-фабрика іспеттес. Адам ақылы осы күнге дейін бұл фабриканың тек бірнеше механизмін ғана көре алған. Адамдағы миллиондаған

жасушалардың жұмыс істей алуы, ол адамның ағзасында бола ма не сыртқы әлемде бола ма, мыңдаған лайықты шарттардың бір араға келуіне байланысты. Осы мыңдаған шарттар мен тәртіптің біреуі бұзылатын болса, адамның денесі жұмыс істей алмайды, тоқтайды. Ұлы, құдіретті, ғалым болған **Аллаһу та'ала**, осы таусылмайтын тәртіпті жаратып, дене механизмін автоматты түрде жұмыс істетуде. Көңіл мен рух, осы механизмнің электр қуаты сияқты. Бір моторда аздаған ақау пайда болғанда дереу істен шығатыны сияқты, адам денесінің іші мен сыртындағы құрылымдармен тәртіптерде пайда болатын бір ақау да, көңіл мен рухтың денеден айрылуына себеп болады және адам өледі. Әлемде ешбір механизм, ешбір мотор тоқтаусыз жұмыс істей алмайды. Ескіріп, тозып, шіри бастайды. Бұл жалпыға ортақ заңдылық. Дене механизмі де ескіреді, шіриді. Адам қабірде шіріген кезде, ешбір бөлшегі, ешбір элементі жоқ болып кетпейді. Шіру – денені ұстап тұрған органикалық молекулалардың анаэроб микроптар және топырақтың әсерімен бөлшектеніп, көміртек диоксиді, аммиак, су сияқты майда молекулаларға және бос азотқа дейін ыдырауы деген сөз. Бұл бөлшектену – физикалық және химиялық құбылыстар болып табылады. Физикалық және химиялық реакцияларда заттың жоқ болмайтындығы бүгінде накты анықталған. Лауазье есімді француз химигі **«Химиялық реакцияларда элемент жоқ болмайды және жоқтан пайда болмайды»** деген ақиқатты тәжірибемен дәлелдеген болса да, әлемдегі барлық нәрсе тек химиялық реакциялар және химия заңдары арқылы пайда болған деп ойлап, «табиғатта ешнәрсе жаратылмайды және ешбір нәрсе жоқ бола алмайды» деген. Бүгінде жаңадан ойлап табылған ядро құбылыстары, ядролық реакциялар, заттың энергияға айналып жоқ болатынын, Лауазьенің қателескенін көрсетуде. Бүгін ғылым адамдарының ашық түрде байқап отырған бір ақиқаты - ғылымның ілгерілеуі, жаратылыстану ғылымында ілгері басылған әрбір қадам Ислам дінін күшейтуде, Ислам дұшпандарының жалаларын жоқ қылуда, материяға табынатын атеисттерді масқара қылуда. Бірақ өкініштісі, ғылым адамы кейпіне енген, университетте оқыған кейбір дін надандары ғылымда кері қалуды сылтау етіп, Исламға дұшпандық етуде. Осы дипломы бар кәпірлер, таза жастарды алдау

мақсатында «Ислам діні артта қалушылық. Ол дамуға кедергі болуда. Христиандар ілгерілеуде. Олар әртүрлі жолмен ғылымды дамытуда. Медицинада, соғыста, коммуникацияда қолданған ғылыми құралдары таңқалдыруда. Ғылымдағы жаңалықтардан мұсылмандардың хабары да жоқ. Біз христиандарға ұқсауға тырысуымыз керек» деген сияқты өтіріктерді айтып, Ислам дініндегі жақсы ахлақты, бауырмашылдықты тастауды және Еуропалықтарға, Америкалықтарға еліктеуді ілгерілеу дейді. Ондайлар жастарды, өздері сияқты Ислам дұшпаны етуге, пәлекетке итермелеуге тырысуда. Алайда, Ислам діні ғылымда, өнерде ілгерілеуді әмір етеді. Христиандар және бүкіл кәпірлер әкелерінен, ұстаздарынан үйренгендерін істеп жатыр. Алдыңғы нәсілдің жасағандарын майда-шүйде қосымшаларымен қайтадан істеп жатыр. Бұрынғылар жасамағанда, бұлар да ешқайсысын істей алмайтын еді. **«Тәкмили сина'ат тәлахуқи әфкар менен іске асады»** (Өнеркәсіптің дамуы пікірлердің бір-біріне жалғануының нәтижесінде іске асады) деген сөз қаншама ғасыр бұрын айтылған. Тарих көрсеткеніндей, ғылымдағы жаңалықтардың барлығын мұсылмандар тапты. Жаратылыстану ғылымдарын, ғылым құралдарын жүз жыл бұрынғы халге дейін көтерді. Осы өркендеуге тек Ислам діні және осы дінді ұстанған Ислам мемлекеттері себеп болды. Еуропалықтар крестік жорықтарымен Ислам мемлекеттерін құлата алмағандықтан, саяси ойындармен, өтіріктермен, қулықпен ішінен құлатты. Бұл жерлерде әртүрлі сатқын, масон (дінсіз) адамдармен үкіметтер құрды. Бірақ бәрібір олар Ислам дінін жоқ қыла алмайды. Отаршыл европа елдері мұсылмандардан алған ғылымдағы жаңалықтардың үстінде азғана қосымшалар жасап, бүгінгі ойлап-жасап шығарылғандарды енді толығымен өз идеяларындай қылып көрсетуге тырысып жатыр. Тек өз рахатын, ләззатын, жеке пайдасын ойлайтындар, жамандықтарын әшкерелегендіктен, ғылым мен өнерді әмір ететін Ислам дініне артта қалушылық дейді. Барлық яһудилер, христиандар, тіпті пұтқа табынушылар да, бүкіл дүние жүзі жаннатқа, жаһаннамға, қысқасы ана дүниеге сенеді, шіркеулер, ғибадатханалар толып жатыр. Ислам да дәл осы нәрселерге сенуді бұйырады. Өзге діндегілердің пайғамбарға, періштеге, ахиретке сенулері оларды

"артта қалғандар" деп айыптауға негіз болмайтын болса, Исламға сенгендерді айыптауға да негіз болмауы тиіс. Олай болса, өздері заманауисымақ көрініп дінге сенгендер дамымайды деп Исламға күйе жағып жүргендердің "даму-ілгерілеу" дегендері ғылымдағы, өнеркәсіптегі жетістіктер емес, керісінше әртүрлі харамдар арқылы ләззаттану, әдепсіз-ұятсыз тұрмыс кешуге даму, заманауи болу деп жүргендері белгілі болады. Осындай негізсіз және өтірік сылтауларымен Ислам дініне бетпақтықпен ең алғаш шабуыл жасағандар – британдықтар болды. Бұл жөнінде **«Ағылшын тыңшысының мойындаулары»** атты кітапты оқыңыздар! Бүгінгі күні мұсылмандар бірігіп, ата-бабалары сияқты Ислам діні әмір еткен дін және жаратылыстану ғылымдарын терең менгеруі және үлкен өнеркәсіп құрып, жаңа құрал-саймандар шығаруы, европадан үстем болып, барлық адамзатты бақытқа қауыштыруы қажет.

Адам денесіндегі элементтер топырақтан, судан және ауадан келеді. Бүкіл жандылардың қажеттіліктері осы үш қайнардан пайда болады. Адам шіріген кезде элементтер қайтадан осы үш жерге таралады. Қияметте қайта тірілу, осы элементтердің немесе ұқсастарының қайтадан бір араға жиналуы арқылы жүзеге асады.

Көңіл, рух және періштелер егер өз халдерінде жалғыз қалатын болса, мүлдем дамымайды, дәрежелері өспейді. Қай дәрежеде жаратылған болса, сол күйінде қалады. Көңіл мен рух адам денесімен біріккен кезде ілгерілеу, дәрежесін көтеру қасиетіне қол жеткізеді. Немесе кәпір болу, күнә істеу себептерімен төмендейді, опат болады.

Бұл дүниеде әр дене өзіне сай болған сипаттармен танылуда. Әр дене элементтердің жиынтығы. Элементтер, күрделіден күрделіге өтіп орын ауыстыруда, әр дененің құрамы бұзылып, сипаттары жоқ болуда, басқа сипатқа, басқа дене күйіне айналуда. Бұл үздіксіз өзгерулерде элемент жоқ болып кетпесе де, дене уақыт өткен сайын өзгереді, жоқ болып басқа дене пайда болады. Бұрында затқа **«Көрініс»** дейтін еді. Денеге, яғни заттың түрге енуіне **«Бейне»** дейтін еді.

Көңіл мен рух бөлшектенбегендіктен және бөлшектерден құралмағандықтан, яғни мужәррад болғаны үшін, еш өзгермейді,

бұзылмайды, жойылмайды. Физикада денелердің түрі мен жағдайы өзгереді. Мысалы, су қайнағанда бу болады. Сұйық бола тұра газ күйіне енеді. Су денесі жойылып, бу денесі бар болады. Ал химиялық реакцияларда дененің құрамы өзгереді. Сол дененің заты жойылып, басқа зат пайда болады. Физикада дене өзгереді, зат өзгермейді. Химиялық өзгерістерде дене жойылып, зат өзгереді. Екеуінде де зат жоқ болып кетпейді. Ал ядролық өзгерістерде болса, зат та жоқ болып, энергияға айналады.]

Үшінші дәреже: Көңіл мен рухтың қуаты бар. Бұл қуат өсімдік пен жануарлардың қуаты сияқты емес. Өсімдіктер мен жануарлардың да өздеріне тән рухтары бар. Көңіл тек адамда ғана бар. Әр жандыда **«Нәбати (Өсімдік) рух»** бар. Туылу, өсу, азықтану, зиянды заттарды сыртқа шығару, көбею және өлу сияқты жандылыққа тән істерді **«Нәбати рух»** атқарады. Бұл істер адамдарда, жануарларда және өсімдіктерде де орындалады. Бұлардың қалай жүзеге асатындығы табиғаттану сабақтарында үйретілуде. Бұларда өсу процесі бүкіл өмір бойы жалғаспайды. Белгілі бір шамаға жеткеннен кейін, бұл іс тоқтайды. Бұл шама, адамдарда орташа есеппен жиырма төрт жасына келген уақыттағы шама. Май жинау, семіру өсіп-өнуге жатпайды. Азықтану процессі өлгенге дейін жалғасады. Өйткені, азықсыз өмір сүру мүмкін емес.

Жануарлар мен адамдарда **«хайуани рух»** деген қуат та бар. Бұның орны – кеуде тұсы. Қалауымызға байланысты әрекеттерімізді жасатқызатын осы хайуани рух болып табылады. Адамдарда бұл қуат көңілдің бұйрығымен әрекет етеді.

Адамдарда одан бөлек тағы бір рух бар, рух деген кезде көңілмен бірге осы рух түсініледі. Ақылды қолдану, ойлану және күлу сияқты әрекеттерді атқаратын осы рух. Хайуани рухта екі қуат бар. Біріншісі, ұғыну қуаты, екіншісі әрекет қуаты. Ұғыну қуаты - түсінуші, аңғарушы қуат. Бұл түсіну де екі жол арқылы жүзеге асады: Захири (сыртқы) – көрінетін, сезім мүшелері арқылы келетін түсіну. Батыни (ішкі) – көрінбейтін, сезім мүшелері арқылы келетін түсіну. Көрінетін сезім мүшелері бес дана. Бірінші сезім мүшесі – тері. Тері арқылы ыстық-суық, ылғал-құрғақ, жұмсақ-қатты сияқты нәрселер сезіледі. Бір дене теріге тиген кезде, хайуани рух бұл нәрсенің ыстық немесе суықтығын түсінеді. Бұл сезім алақан

ішінде көбірек болады. Екіншісі, иіс сезу. Мұрын арқылы болады. Үшіншісі, дәм сезу. Тілдегі жүйкелер арқылы болады. Төртіншісі, есту. Құлақтағы жүйкелер арқылы сезіледі. Бесіншісі, көру. Көздегі жүйкелер арқылы көріледі.

Көзге көрінбейтін сезім мүшелері де бес дана: Біріншісі, **«Жалпы сезім»**. Бұл сезімнің орны – мидың алдыңғы жағында. Сезім мүшелерінен мидағы сезім орталықтарына келетін сыртқы әсерлердің барлығы осы жерде жиналады. Екіншісі, **«Қиял»**. Бұның орны – мидың бірінші қуысының алдында. Жалпы сезімде жиналып түсінілген, сезілгендер осы жерде сақталады. Бір денеге қараған кезде, бұл дене жалпы сезімде сезіледі. Бұл дене көзден таса болғанда, жалпы сезімде сезілу қалмайды. Бірақ, қиялға (елеске) келген әсері ұзақ уақыт бойы қалады. Егер қиял (елес) болмағанда, бәрі бір-бірін ұмытып, ешкім ешкімді танымайтын еді. Үшіншісі, **«Уаһима»** (уайым). Сезім мүшелерімен сезілмейтін, бірақ сезілгендерден шығатын мағыналарды түсінеді. Мысалы, дұшпандық, шындық, дұрыстық белгілі бір мүшемен сезілмейді. Бірақ адамның достығы немесе дұшпандығы сырттарынан уайым жолымен көрінеді, сезіледі. Бұл адамдардағы достықты, дұшпандықты түсінетін ішкі қуатқа уаһима, яғни уайым делінеді. Егер осы уайымдау қуаты болмағанда, қой қасқырдың дұшпан екенін түсінбейтін еді, одан қашпайтын еді. Қозысын да қорғамайтын еді. Төртінші қуат, **«Ес»**. Ол уаһиманың түсінген мағыналарын сақтайды. Бесінші қуатқа **«Мутасаррифа»** делінеді. Оның міндеті: түсінілген сезімдер мен мағыналарды салыстырып жаңа мағыналар шығару. Мысалы, жақұттан құралған бір тауды елестете алады. Ақындарда бұл қуат көбірек болады.

Хайуани рухтың екінші қуаты болған әрекет қуаты да екі түрлі болады: Біріншісі **«шәһәуи»** қуат. Адамдар мен жануарлар, шаһуат қуатымен өздеріне жағымды келетін және мұқтаж болған нәрселерді қалайды. Бұларды **«хайуани»** қуат деп те атайды. Екіншісі **«ғадаби»** қуат. Бұл қуатпен өздеріне зиянды, жаман болған нәрселерді ұзақтатады, қуады. Бұларға **«жануарлық»** қуат деп те айтады.

Әрекет қуаттары ұғыну қуатына мұқтаж. Өйткені, бір нәрсені алу немесе тастау үшін алдымен сезім мүшелерімен оның жақсы

немесе жаман екенін түсіну керек. Бұл сезімдер мен әрекеттердің барлығы жүйке арқылы орындалады. Адамның көңілі мен рухы тек адамдарда ғана болады. Бұл рухтың да екі қуаты бар. Адам, осы екі қуат арқылы хайуандардан бөлінеді. Осы екі қуаттың бірі, түсінуші болған **«Қуат-и алима»** және **«Ұғыну»** деп аталатын аңғарушы қуат. Екіншісі, **«Қуат-и амила»,** атқарушы қуат. Білуші қуатқа **«Нутқ»** және **«Ақыл»** делінеді. Бұл қуат екіге бөлінеді: Бірі **«Хикмети назари»** болып, **Тәжриби** (тәжірибеге сүйенетін) ілімдерді, яғни жаратылыстану ілімдерін үйренуге жарайтын қуат. Екіншісі **«Хикмети амели»** болып, **Ахлақ** ілімдерін үйренетін қуат. Тәжіриби, яғни жаратылыстану ілімдеріне ие болатын қуат, заттың ақиқатын түсінуді қамтамасыз етеді. Ахлақ ілімдеріне ие болатын қуат, жақсы мінездер мен пайдалы істерді, жаман мінездер мен зиянды істерден бөледі.

Рухтың атқарушы қуаты пайдалы, нәтижелі істердің жасалуын қамтамасыз етеді. Білуші қуаттар арқылы алынған мәліметтер бойынша жұмыс істейді. Хайуани рухтағы әрекет қуаттары, уаһима қуатының жақсы деп тапқандарын дұрыс деп қабылдайды. Жаман деп тапқандарынан ұзақ тұруға тырысады. Адам рухының атқарушы қуаты ақылға сүйенеді. Егер ол бір істе жақсылықтың, пайданың бар екенін **ақыл**мен түсінсе, соны істейді. Соңында зиян көретінін түсінсе, ол істі жасамайды немесе одан ұзақ болады. Бұларды және хайуани рухтың шәһәуи мен ғадаби қуаттары көңіл арқылы басқарылады.

Көптеген адамдар бар, көптеген істерін нәпсінің немесе хайуани рухтың қуаттарына бағынып істейді. Яғни уайым және қиялға сүйеніп істейді.

Имам Мұхаммед Ғазали және тасаууф ұлыларының бір бөлігі былай деген: «Рухтың бұл қуаттары – періштелерден тұрады. Аллаһу та'ала ихсан және мейірім етіп, періштелерді рухтың әміріне берді. Кіші қиямет басталғанға дейін, яғни рух денеден шыққанға дейін олар рухтың әмірінде болады. Хадис шәрифтерде де бұған ишаралар бар. Кейбір адамдардан күтпеген жерден тәжірибелі адамдарды да таң қалдыратын шеберліктің шығуы осыны көрсетеді.» Адамның кәмілдікке жетуі рухтың екі қуаты арқылы жүзеге асады.

Ескерту: Мұхаммед Масум хазреттері **«Мәктубат»-**тың екінші томы, 80-ші хатында былай деген: «Пәлекеттерден, қиыншылықтардан ұзақ болу үшін, **«Истиғфар»** айту өте пайдалы және тәжірибе де етілген. Бұны хадис шәрифтер де білдірген. Бұл пақыр, әр парыз намазынан кейін үш рет истиғфар дұғасын, яғни **«Әстағфируллаһәл азыйм әлләзи лә илаһә иллә һуәл хаййул қаййума уә әтубу иләйһ»** оқимын. Одан кейін, 67 рет тек **«Әстағфируллаһ»** оқимын.»

Алғы сөздің бірінші қосымшасы

Бұл қосымшада адамның махлұқтар арасында ең үстем және ең мәртебелі екендігі баяндалады.

Бүкіл денелердің заттық тұрғыдан қарағанда бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Барлығының салмағы мен көлемі бар. Адам және жануар да осы тұрғыдан жансыздармен бірдей. Бірақ, денелер өздеріне тән ерекшеліктерімен бір-бірінен ажыралып тұрады.

[Әр дене **«атом»-**нан құралған. Бір шаң түйірі миллиондаған атомның жиынтығы. Аз және белгілі мөлшердегі атом, бір-бірімен біріккен кезде бір **«молекула»** пайда болады. Заттар негізінде екіге бөлінеді: таза және аралас зат. Белгілі мөлшердегі ерекшелігі болған затқа **«таза зат»** делінеді. Мысалы, мыстан жасалған электр сымы және жаңбыр суы таза. Өйткені дүниенің әр жерінде әр уақытта бірдей ерекшеліктерді көрсетеді. Қайнау, балқу дәрежелері белгілі және мүлдем өзгермейді. Белгілі ерекшеліктері болмаған заттарға **«аралас»** делінеді. Сүт, ағаш, жанармай, теңіз суы сияқты. Өйткені бұлар әртүрлі сипаттарда болады. Белгілі бір қайнау, балқу дәрежелері жоқ. Сиырдың сүті басқа, қойдың сүті басқа. Бір теңіздің суы тұздырақ болса, екіншісінің тұздылығы аздау болады.

Таза заттар да екіге бөлінеді. Басқа сипаттағы бөлшектерге бөлінбейтін болса, **«жай зат»** немесе **«элемент»** делінеді. Алтын, күкірт, йод және оттегі газы жеке-жеке элементтер. Бүгінгі күні адам баласына жүз бес элемент белгілі. Басқа-басқа сипаттары болған бөлшектерге бөліне алатын таза заттарға **«мурәккаб»** немесе **«күрделі зат»** делінеді. Мысалы шекер, жаңбыр суы,

спирт – күрделі заттарға жатады. Өйткені шекер отқа қыздырылса, көміртегі, су және басқа да бөлшектерге айрылады. Ал су болса, электр қуаты әсерімен оттегі және сутегі деп аталатын екі түрлі газға айрылады. Бүгінде миллиондаған күрделі заттарды танимыз. Күрделі зат екі немесе одан да көп элемент атомдарының бір-бірімен бірігуінен пайда болады.

Бір зат, қатты, сұйық немесе газ күйінде болуы мүмкін. Мысалы су, мұз күйінде қатты, су күйінде сұйық. Ал бу күйінде газ. Газ дегеніміз – ауа сияқты, ұшатын деген сөз. Белгілі бір көлемі мен түрі жоқ.

Жай зат, яғни элемент үшке бөлінеді:

1 – Таза металдар.

2 – Металл болмағандар. Бұларды бейметал деп те атайды.

3 – Жартылай металдар.

Таза металдар 78 дана. 77 түрі қалыпты жағдайда қатты, тек сынап қана сұйық. 357,3 градуста қайнайды, -39,4 градуста қатады. Қатты металдарды балғамен ұрған кезде езіледі, шашылып, ұнтақталмайды. Металл атомы басқа атоммен бірігетін кезде оң (+) зарядта болады. Теріс зарядта бола алмайды. Сондықтан екі металл бір-бірімен біріге алмайды. Өйткені, оң зарядталған екі атом бір-бірін тартпайды, тебеді.

Бейметалдар он жеті дана. Бірі сұйық, бесі қатты, он бір данасы газ күйінде. Қатты болғандары келімен ұрылғанда ұнтақ болады, езілмейді. Таза отын көмірі бейметалл. Бұған химия тілінде көміртегі делінеді. Бейметалл атомдары күрделі жағдайға өткен кезде оң заряд та, теріс заряд та болуы мүмкін. Сондықтан, бірнеше бейметалл атомы бір-бірімен бірігіп бір молекула пайда болады.

Күрделі заттар екіге бөлінеді. Құрамында көміртегі мен сутегі атомы бірге болған күрделілерге **«органикалық»** зат делінеді. Бұлар жана алады және жандыларда пайда болады. Қазіргі таңда фабрикаларда да кейбірлерінің синтездері жасалуда. Май, шекер, ацетон, хинин органикалық заттар. Құрамында көміртегінің де, сутегінің де атомдары бірге болмаған күрделі заттарға **«бейорганикалық»** заттар делінеді. Бұлар жер қыртыстарында және еріген күйде теңіздерде де кездеседі. Ас тұзы, су, әктас, ашутас, құм осыған жатады.

Бұл жансыз денелердің барлығы лайықты түрде бірігіп және араласып, жанды махлұқтардың іргетасы болған **«жасуша»** пайда болады. Жасуша жанды. Өсімдік жасушасы жануар жасушасына ұқсамайды. Адамның жасушасы жануардың жасушасына ұқсайды. Жасушалар бір-бірімен араласып, **тін** пайда болады. Әртүрлі жыныстан тіндер араласқан кезде мүшелер **(органдар)** пайда болады. Мүшелердің бір араға жиналуынан **«құралдар»**, яғни «**жүйелер»** пайда болады. Жасуша, тін, мүше және жүйелердің жиынтығы **«өсімдік», «жануар»** немесе **«адам»** қалыптастыруда.]

Бүкіл болмыстар – **жансыздар**, **өсімдіктер** және **хайуанат** болып үш топқа бөлінеді. Хайуанат тобының ең қадірлісі, ең абыройлысы – адамзат. Әр топтың түрлері арасында үстемдік дәрежесі болады. Яғни, бір түр басқа түрден үстем. Бір топтың ең үстем түрі, одан үстем болған топтың ең төмен түріне жақын ерекшеліктер көрсетеді. Тіпті, көптеген сипаттары бірдей болады. Мысалы, маржан жансыз нәрселерден тасқа ұқсайды. Бірақ, жандылар сияқты көбейеді, өседі. Құрма ағашы және шыбынжек өсімдігі жануарлар сияқты сезіп, әрекет етеді. Құрма ағашының бір бөлігі еркек, бір бөлігі ұрғашы. Еркек ағаш, ұрғашы жаққа қарай иіледі. Еркек ағаштан бір зат ұрғашыға өтпегенше, ұрғашыда жеміс пайда болмайды. Шынында барлық өсімдіктерде осы екі мүше бар, ұрықтану жүзеге асуда. Бірақ, құрма ағашында жануарлардағыдай екені байқалуда. Тіпті, құрма ағашының басында ақ бір нәрсе бар. Жануарлардың жүрегі сияқты іс атқарады. Бұл нәрсе зақымданса немесе суда қалса ағаш қурайды. Хадис шәрифте **«Әпкелерің болған құрма ағашын құрметтеңдер! Өйткені, алғашқы құрма ағашы, Адам алейһиссаламның топырағының артығынан жаратылды»** делінген. Бәлкім, бұл ағаш өсімдіктердің ең үстемі екендігіне ишара етілген болуы мүмкін.

Хайуанат тобының ең төмен түрі губка *(теңіздегі омыртқасыз жануарлардың бір түрі)*. Ақ түсті болады. Теңізде өмір сүреді. Қалаулы әрекеттері бар. Суда өмір сүретін мыңдаған алғашқы хайуан түрі бар. Әр түрден жетілген, үстемірек болған басқа бір түр жаратылған. Табиғаттану кітаптарында үстемдік реттері білдірілген. Әр типте басқа басқа қоректену және қорғану мүшелері бар. Кейбіріне оқ, біріне тіс, біріне тырнақ, біреуіне мүйіз, біріне

қанат, біріне жылдамдық, түлкі сияқтыларға қулық берілген. Әр типтегі түрдің қорғанысы қамтамасыз етілген. Өмір сүруі үшін таң қаларлық нәрселер берілген. Бал арасы архитектор сияқты, алты бұрышты ұя жасайды. Цилиндр түрінде жасағанда араларында бос орын қалар еді. Алты бұрышты призмалар арасында бос орын қалмайды. Төртбұрышты болғанда, көлемі азырақ болар еді. Адамдар бұны оқумен, зерттеумен үйренеді. Үйренбегендер түсінбейді. Араға бұны кім үйретті? Оларға Аллаһу та'ала **«илһам»** етуде. Илһамға қазір **«түйсік»** (инстинкт) делінеді.

Жануарлардың дәреже-дәреже үстемдерін ойлайтын болсақ, ең үстемдері, адамға ең жақын болғандары – ат, маймыл, піл және құстардан тотықұс. Маймыл мен пілдің зеректігі адамдардың көбінен төмен емес. Дарвин есімді бір биолог жануарлардың үстемдік дәрежесін жазып, ең үстемі маймыл екенін білдірген болатын. Бұны оқыған Ислам дұшпандары, өздерін озық деп санаған ақымақтардан бірнеше дін бұзушылары Дарвиннің «Жануарлардың бір-бірлеріне айналатынын, дамып-дамып соңында адам болатынын» жазды дейді. Бұл сөзді айтып Адам алейһиссаламның топырақтан жаратылғанын жоққа шығаруда және мұсылман балаларын алдауда. Алайда Дарвин өз кітабында жануарлар бір-біріне айналады демеген. «Жаратылыстарында бір эволюция, бір үстемдік реті бар» деген. Төмен дәрежелілердің жоғары дәрежелілерге азық, жем болатынын жазған. Бұл жағдайды Ислам ғұламалары одан бұрын көрген, түсінген және жазып білдірген. Дарвин 1224 (м.1809) жылы туылып, 1299 (м.1882) жылы қайтыс болды. Жануарлардың үстемдік дәрежелерін және ең үстемдерін жоғарыда жазғанымыздай білдірген Әли бин Әмруллаһ "рахимәһуллаһу та'ала" бұдан көп уақыт бұрын, яғни хижри 916 жылы туылып, 979 (м.1570) жылы қайтыс болған. Дарвиннің бұл жазбаларын Ислам кітаптарынан алып жазғаны мәлім болуда.

Жануарлардың үстінде адам типінің ең төмені келеді. Олар шөлдерде, ормандарда, полюстарда өмір сүретін тайпалар. Адамдардың ең үстемі – орта климаттарда, яғни 23 градус пен 66 градус ендік шеңберлері арасында, қалаларда өмір сүретіндер.

Жаратылыс тұрғысынан болған бұл үстемдік ерекшеліктерінен басқа, адамдар арасында жұмыс істеп материалдық және ахлақта

жоғарылау ерекшеліктері де бар. Кейбір адамдар зеректігімен жұмыс істеп көптеген құралдар ойлап шығарған, ал кейбірлері сонымен қоса ғылымда, жаратылыстануда, техникада ілгерілеген. Ең үстемдерін айтатын болсақ, олар техникада, ілімде, жаратылыстану ғылымында жоғарылауымен бірге ахлақта да ілгерілеген, уилаят және Аллаһу та’алаға жақындық деп аталатын адамзаттың ең жоғары дәрежесіне жеткен. Олар төмендегі адамдарды дұрыс жолды көрсету арқылы жоғарылатады. Бұлардың ең үстемі пайғамбарлар “алейһимуссалауату уэттэслимат”. Олар Жәбрейіл (алейһиссалам) есімді періште арқылы Аллаһу та’аладан әмір мен хабар алу құрметіне ие болған. Бұл періштенің әкелген әмірлер мен хабарларға **«Уахи»** делінеді. Пайғамбарлар “алейһимуссалауату уэттэслимат” өздеріне келген уахиларды адамдарға білдірген, адамдарға дамудың, жоғарылаудың жолын үйреткен. Пайғамбарлар көрсеткен бұл жоғарылау және ілгерілеу жолына **«Дін»** делінеді. Адамдардың көтеріліп жоғарылайтын дәрежелері періштелердің дәрежелерінен де жоғары. Пайғамбарлық мақамында да төрт дәреже бар. Біріншісі **Нәбилер**, екіншісі **Расулдар**, үшіншісі **Улул’азм** пайғамбарлар: **Адам, Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса** және **Мұхаммед** “алейһимуссалам” осы дәрежеде. Төртінші дәреже **Һатәм-ул әнбия** болу, яғни соңғы болып келу дәрежесі. Бұл ең жоғары дәреже Мұхаммед алейһиссаламға тән. **«Сен болмағанда, сен болмағанда, ешбір нәрсені жаратпайтын едім!»** iлтипатымен адамдардың періштелерден де үстем бола алатындығына дәлел болған.

Адамдардың дәрежелері бүкіл махлұқтардың дәл ортасында. Ислам дініне мойынсұнғандар жоғарылайды, періштелерден үстем болады. Нәпсілеріне және жаман достарына еріп, Ислам дінінен алыстағандар төмендейді. Өйткені, рухтың мужәррад екендігін, ал дененің болса, ерекшеліктері бір-біріне ұқсамайтын заттардың жиынтығы екендігін жазған едік. Адам, рухы тұрғысынан періштелерге, дененің құрылысы тұрғысынан жануарларға ұқсайды. Рухани жағын күшейткен адам періштелерден де үстем болады. Өйткені дене адамды періштеліктен ұзақтатып, жануарларға жақындатып жатқанда, бұл төмендеуге қарсы тұрған және осылайша жоғарылаған болады. Періштеде жануарлыққа тартатын

ешқандай дене жоқ. Олардың жақсылықтары періштеліктерімен бірге жаратылған.

Бір адам денені қолдап нәпісін күшейтетін болса, жануарлардан төмен болады. Аллаһу та'ала Араф сүресінің 178-ші аятында және Фурқан сүресінің 44-ші аятында: **«Тіпті, олар жануарлардан да төмен»-** деп, мұндай адамдардың жамандықтарын білдіруде. Өйткені, жануарларда ақыл жоқ. Періштелерге ұқсайтын рухтары да жоқ. Сол себепті жануарлардың шаһуеттеріне еруі кемшілік емес. Адамдарға ақыл нұры берілгені үшін нәпістеріне еруі, дұрыс жолдан адасулары өте жаман болады.

Жануарлардың өмір сүре алулары үшін өздеріне қажет болған демалатын ауа, жейтін, ішетін, жан сақтайтын, паналанатын, жұп болатын нәрселердің барлығы дайын күйінде жаратылған.

[Бұлардың арасынан өмір сүруге ең қажет болғаны ауа. Ешкім ауасыз бірнеше минуттан артық шыдай алмайды. Бірден өледі. Егер табиғаттағы ауа да іздеп табу, қиындық шегу арқылы қол жеткізілетін бір нәрсе болғанда, ешбір жанды оны іздеуге кететіндей уақыт та өмір сүре алмайтын еді. Осыншама шұғыл, зәру дәрежеде, өте қажетті болған бұл затты Аллаһу та'ала әр жерде табылатын және махлұқтардың өкпелеріне дейін өздігінен оңай кіретін күйде жаратқан. Өмір сүре алу үшін су осыншалықты шұғыл қажет емес. Адам мен жануарлар суды іздеп таба алатындай уақыт өмір сүре алады. Сондықтан суды табу қажет болады. Жануарларда ақыл болмағандықтан және олар бір-біріне жәрдемші болмағандары үшін, жейтін азықтары мен киетін киімдерін дайындай алмайды. Сол себепті азықтарын пісіру, дайындау қажет емес. Шөппен, өлексемен қоректенеді. Түк, жүн, қылмен жылынады. Қорғану құралдары өздерінде жаратылған. Бір-біріне мұқтаж емес.

Ал адамдар болса, бұлардың бәрін дайындауға, ойлануға мәжбүр. Егіп ормайынша, нан жасамайынша тоймайды. Жіп иіру, тоқыма және тігіншілікті дамытпайынша киіне алмайды. Қорғануы үшін де ақылдарын, зеректігін қолдануы, пән ғылымын үйренуі, индустрия құруы қажет. Әр жануарға тән бір түр үстемдік адамда бір араға келтірілген. Адамның өзінде жаратылған бұл үстемдіктерін ортаға шығаруы үшін ақылын қолдануы, басын қатыруы, еңбектенуі қажет. Бақыт пен пәлекет есіктерінің кілті

адамның қолына берілген. Жоғарылау немесе төмендеуі, күш-қуатын жұмсауына және еңбектенуіне қалдырылған. Егер адам ақыл-ойын істетіп, бақыт жолын тауып, осы жолда жүруге тырысатын болса, ішінде жаратылған жоғарылықты, қадірлілікті иемденеді. Ақырындап жоғарылап, періштелермен араласады. Аллаһу та'аланың разылығына, махаббатына қауышады. Ал егер нәпсінің зиянды болған қалауларына еріп, жаратылғаны бойынша жануарлық дәрежесінде қалатын болса, керісінше жағдайы жаман болып, төмендеп-төмендеп әсфәл-ус-сафилинге түседі. Пәлекеттен пәлекетке, жаһаннамға дейін жетеді.

Адам жаратылысында екі тарапты болады. Оған хидаят, үстемдік тарапын таныта алу және оны күшейтуге талаптандыру үшін бір үйретуші, ұстаз қажет. Кейбір балалар насихатпен, жылы сөзбен және марапаттаумен жолға келеді. Ал кейбірлері болса қатты, ащы сөзбен және жаза беру арқылы тәрбиені қабылдайды. Ұстаздың қабілетті болып, баланың жаратылысы қандай екенін түсінуі керек, оны мейіріммен, жылы немесе қатты сөздермен әсер етіп тәрбие беруі керек, яғни жетілдіруі қажет. Осындай қабілетті және мейірімді жол көрсететін ұстаз болмағанша бала ілім мен ахлақты үйрене алмайды, жоғарылай алмайды. Жол көрсетуші ұстаз, яғни ілім мен ахлақты ұсынатын адам баланы пәлекеттен құтқарып, бақытқа қауыштырады.]

Алғы сөздің екінші қосымшасы

Бұл қосымшада рухтың жоғарылауы мен төмендеуінің не екендігі баяндалады:

Рухтың жоғарылауына және пәлекетке түсуіне себеп болатын нәрселерді жоғарыда айтып өткен едік. Бұл тақырыпта тағы да біраз осы мәселені ашамыз. Әр затта салмақ пен көлем сияқты ортақ ерекшеліктердің болатыныңдай, сол затқа тән болған, оны танытатын ерекшеліктер де болады. Мысалы, әр заттың өзіне тән белгілі бір салмағы бар. Әр сұйықтықтың қайнау және қату температурасы, қатты заттардың белгілі бір балқу температурасы, сәулелердің белгілі бір толқын бойлары бар. Сол сияқты жандылардың да өзіне тән белгілі сипаттары, өзгешеліктері, ерекшеліктері бар. Мысалы,

Digitalis purpurea (Наперстянка пурпурная) деп аталатын оймақ шөбі жүрекке әсер ете алу ерекшелігімен танымал. Аттың мінген адамға бағынушылығы, шабу ерекшелігі бәріне белгілі. Аттың бұл ерекшеліктері болмағанда, оған есек секілді жүк артылатын еді.

Адам көп тұрғыдан басқа жануарларға, тіпті кейбір сипаттары өсімдіктер мен жансыз заттарға ұқсап кететін болса да, адамды жануарлардан айыратын белгілі өзіне тән адамдық сипаттары бар. Адамдық қадірі оған осы қасиетінен келеді. Бұл ерекшелік – **«Нутқ»**, яғни рухтың ұғыну (білу, ойлау) қуаты. Сөз сөйлеуге де «Нутқ беру» делінгенімен, бұл жерде бұл мағынаны ойламаймыз. Мылқау адам сөйлей алмайды. Бірақ, ол да адам. Өйткені, нутқ иесі. Яғни түсіне алады және ойланады. Тотықұс сөйлей алады. Бірақ адам емес. Өйткені оның нутқы, түсіну қабілеті, ақылы, санасы, ойлану қабілеті жоқ. Жақсы мінезді жаманнан, жақсы істерді жаман істерден айыратын осы нутқ қуаты болып табылады. Аллаһу та'ала бұл ерекшелікті адамға бұнымен жаратушысын білсін деп берді. Көңіл мен рух осы қуатымен, яғни нутқ, ақыл ниғметімен жерді, көкті (материя әлемін, физика, химия заңдарын, өмірдегі жаратылыстарды) зерттеп, Аллаһу та'аланың бар екендігін және ұлы сипаттарын түсінеді. Содан кейін әмірлері мен тыйымдарына, яғни Ислам дініне мойынсұнып дүние мен ахирет бақытына қол жекізеді. Пәлекеттерден құтылады. Зариат сүресінің 56-шы аятында: **«Адамдар мен жындарды маған ғибадат етулері үшін жараттым»** делінген. Бұл аяттағы «ғибадат етулері үшін» тіркесі, «Мені танулары үшін» деген сөз. Яғни, Аллаһу та'аланы тану, Оған сену үшін жаратылдық. Адамдардың жануарларға ұқсаған жақтары, хайуани рухтан шығатын шәһуани және ашулану қуаттары. Бұлардың екеуі де адам рухы үшін қадірлі емес. Бұл қуаттар жануарларда да бар. Тіпті жануарларда адамнан күштірек. Мысалы, өгіз бен есек адамнан көбірек ішіп-жейді. Шошқа мен құстар адамға қарағанда шәһуеттірек. Арыстан, буйвол және піл адамнан әлдеқайда күшті. Қасқыр мен жолбарыс адамдардан көбірек төбелеседі, қиратады. Тышқан, мысық, ит қараңғыда да көре алады. Ұзақтан, иіс сезеді. Бұл қуаттардың барлығы адам үшін қадірлі бола алмайды. Бұлар қадірлі болып саналғанда, аталған жануарлар адамнан да қадірлі, үстем болар

еді. Адамның қадірі рухтың екі қуатынан туындайды. Көңілмен рух ілім, нутқ қуатымен құндылықтарды, үстемділіктерді түсінеді, амалдық қуатымен бұларды ұстанып, жамандықтардан сақтанады.

Аллаһу та'алаға деген марифат (Аллаһу та'аланы тану), сену тек сөзбен ғана болмайды. Иманның алты шарты болған **«Әмәнту»-**дің мағынасына жүрекпен сену арқылы болады. Осы алты шарттың бесіншісі **Қиямет күні**не, яғни өлгеннен кейін қайта тірілуге сену.

Ислам дұшпандары былай дейді: «Жәннат нығметтерінің, құс еті, жеміс-жидектер, сүт, таза бал, зәулім үйлер, хури (хор) қыздары сияқты денеге ләззатты келетін нәрселердің болатындығы білдірілген. Ал бұлар болса шаһуетті, хайуани қалауларды қандыратын нәрселер. Рухтың бақыты – адамның жоғарылығы, марифат және ақыл ұнататын нәрселер болғандығына қарағанда, жәннатта бұлар ұмытылады, хайуани ләззаттар рухтың ләззаттарын жабады. Бұл жағдай әлемдегі ұлы адамдардың, пайғамбарлардың "алейһимуссалауату уәттәслимат", әулиелердің, ғалымдардың "рахимәһумуллаһу та'ала" жәннатта ең төмен дәрежелі адам, тіпті жануар дәрежесіне түсетіндігін көрсетіп тұрған жоқ па? Одан басқа, дененің рахаттық, ләззат ала білуі үшін, алдымен қайғы-қасірет тартуы қажет. Дене қиналмағанша ештеңе талап етпейді. Мысалы, аштық сезімі болмағанша жеудің, ішудің ләззаты білінбейді. Шаршау, ұйқысыздық қиындығы болмастан рахаттық және ұйқының ләззаты білінбейді. Жәннатта ешқандай қиыншылық болмайтындықтан, дененің бұл ләззаттарды сезінуі мүмкін емес деген сөз». Тіпті Ибн Сина **«Шифа»** және **«Нәжат»** кітаптарында, Қиямет күнін түсіндірген болса да, **«Муад»** атты кітабында сенбейтіндігін мәлімдеген. Насируддин Туси де **«Тәжрид»** кітабының кейбір жерлерінде қайта тірілу жайында жазған болса да, басқа жерлерінде керісінше айтқан.

Әһли сүннет ғалымдарының бір ауыздан білдіргендері бойын-ша, қиямет күні осы дене қайтадан бар болады. Бірақ, жәннат нығметтерін, ләззаттарын тек дененің ләззаты деп ойлау қате. Дүниеде жоғарылай бастаған бір рух, денеден айырылғаннан кейін, қияметке дейін әр сәтте жоғарылауын жалғастыра береді. Жәннатта дене мәңгі қала алу қасиетімен дүниедегіден мүлдем басқа

ерекшелікте бар болады. Жоғарылаған рух осы денемен бірігіп қиямет өмірін бастайды. Жәннатта, дене мен рухтың бөлек-бөлек нығметтері, ләззаттары болады. Дәрежесі жоғары болған кісілер жәннатта да рухтың ләззаттарына мән береді. Рухтың ләззаты дененің ләззаттарынан өзгеше және қаншама есе көбірек болады. Рух ләззаттарының ең тәттісі, ең жоғарысы – Аллаһу та'аланы көру болады. Ұлы адамдардың, тақуалардың, ариф-әулиелердің осы дүниеде рух жәннатына кіруі, ахиреттегі рух ләззаттарынан бір бөлігіне қауышуы жаиз делінді. Дененің жәннатына дүниеде қауышу мүмкін емес. Жәннат ләззаттары дүние ләззаттары сияқты емес. Тіпті, дүние ләззаттарына мүлдем ұқсамайды. Аллаһу та'ала жәннаттағы ләззаттарды дүниеде естіп түсіне алуымыз үшін, дүниеде соларға ұқсайтын ләззаттар жаратты. Осылайша, сол ләззаттарға қол жеткізуге тырысуымызды әмір етті. Жәннат ләззаттарының дәмін сезе алу үшін, алдымен қайғы-қасірет шегу қажет емес. Өйткені, жәннаттағы дененің құрылысы дүниедегідей емес. Дүниедегі дене жоқ болуға бейімделіп жаратылды. Шамамен жүз жыл шыдай алатындай төзімі бар. Ал жәннаттағы дене болса мәңгі қалады, еш тозбайды. Араларындағы ұқсастық, адам мен айнадағы көрінісі арасындағы ұқсастық сияқты. Адамның ақылы қияметтегі болмыстарды түсіне алмайды. Ақыл, сезім мүшелерімен сезілетіндерді және соларға ұқсайтындарды ғана түсіне алады. Жәннат нығметтерін, ләззаттарын, дүниедегілерге ұқсату, сол туралы ой, пікір шығару, адамды шіріген, қате нәтижелерге жеткізеді. Білмейтін нәрселерін білетін нәрселеріне ұқсату, салыстыру арқылы нәтиже шығару дұрыс емес.

Тасаууф ұлыларының және көптеген ғалымдардың айтуынша "рахимәһумуллаһу та'ала" дүниеде **«Әлеми мисал»** деп аталатын үшінші әлем бар. Бұл әлем, біз көріп жүрген **«Денелер әлемі»** сияқты заттан жасалмаған. **«Рух әлемі»** сияқты мужәррад та емес. Яғни затсыз да емес, екеуінің арасында. Ол жақтағы махлұқтар бөлшектене алғандықтан заттық әлемге ұқсайды. Ал салмағының болмауы, жер қаптамауы тұрғысынан ұқсамайды. Дүниедегі әр заттың және әр мағынаның сол әлемдегі бір мысалы, түрі бар. Судың мысалы ол жерде де су. Ілімнің мысалы ол жерде сүт. Көркем мінездердің, жақсы амалдардың ол жердегі көрінісі –

бақша, гүл, жеміс-жидек сияқты рахаттық беретін нәрселер. Жаман мінездердің, жаман істердің ол әлемдегі көрінісі – қараңғылық, жылан, шаян сияқты қиындық беретін нәрселер. Адамдар көретін түстердің бәрі сол әлемнен. Тасаууф ұлыларының айтуынша әлеми мисал да екіге бөлінеді. Тасаууфшылар бұл әлемге қиял қуатымен кірсе, **«Қиялға байланысты»** болған әлеми мисал делінеді. Қиял және басқа да ішкі сезім мүшелерінің қатысы болмай пайда болса, **«Мутлақ»** болған (абсолютті) әлеми мисал делінеді. [**«Мәктубат»** кітабының екінші томы, елу сегізінші хатында әлеми мисал туралы кеңірек мәлімет бар. Бұл ұзақ хаттың аудармасы **«Сә'адәти Әбәдийа»** кітабы, бірінші бөлім, 39-шы бабында бар.] Тасаууфшылардың кейбірі **«Риязат»** етіп (нәпістің қалауларын орындамай) және **«Мужаһада»** жасап (нәпістің істегісі келмеген нәрсесін істеп) әлеми мисалға кіргенін айтқан және ол жақта көргендері туралы хабар берген. Дін ғалымдары да, бұл әлемнің бар екенін және кейбір сырларын білдірген. Абдуллаһ ибн Аббас "радиаллаһу анһума" былай деген: «Осы көріп тұрған әлемімізден басқа тағы бір әлем бар. Бұл әлемдегі бүкіл нәрселердің ол жақта бір ұқсасы бар. Тіпті, ол жерде мен сияқты бір Ибн Аббас та бар».

Тасаууф мамандарының "рахимәһумуллаһу та'ала" айтуынша, адам өлген кезде рухы денеден шығады. Адамның дүниеде істеген жақсы амалдары, иманы және көркем мінезі нұр, сәулелер, бау-бақшалар, гүлдер, хурилер, зәулім сарайлар, інжу-маржан кейіпін алады. Ал надандығы, адасқандығы, жаман мінездері от, қараңғылық, шаяндар, жыландар түрінде көрінеді. Иманды және жақсы мінезді рух, нығметтерді жәннатқа өзі алып барады. Кәпір және пасық рухтар да отты, азаптарды өзімен бірге алып барады. Рух, бұл денелер әлемінде қалған мерзім бойынша, жүктелген осы нәрселерді түсіне алмайды. Денеге деген құштарлығы және денелер әлеміне берілуі оларды түсінуге кедергі болады. Рух денеден айырылған кезде бұл кедергілер қалмайды. Сол уақытта өзіндегі жақсы және жаман жүктерді өздеріне сай кейіпте көре бастайды. Адамның дүниедегі жағдайы мастыққа ұқсайды. Өлу – мастықтан айығу, есін жинау сияқты. Мас адамның жанына жақсы көрген адамдары жиналса, сүйікті сыйлықтарын әкелсе немесе қойнына шаяндар, жыландар кіретін болса, ешбірін сезбейді. Бұларды есін

жинағаннан кейін көреді, түсінеді. Бұл «Ахирет жағдайлары» әлеми мисал жағдайлары сияқты. Са’дәддин Тәфтазани “рахимәһумуллаһу та’ала” **«Шәрхи Мәқасид»** кітабында әлеми мисалды түсіндіргеннен кейін, бұларды анықтайтын дәлел болмағандықтан, шынайы ғалымдар бұған мән бермеген деді. Шынайы ғалым деп, ақыл түсіне алатын әр нәрсені ақылмен қабылдауға тырысатын ғалымдарды ишаралайды. Алайда, ақылға ерген адамның өзі бұл әлемге қол жеткізе алмаса да, ең болмағанда мұны мүмкін емес нәрсе деп жоққа шығармауы керек. Ақылға ергендердің алдыңғы сапында болған Ибн Сина: «Болуы мүмкін емес екені анықталмаған, дәлелденбеген бір нәрсеге, болуы мүмкін емес деп айтпау керек. Өйткені, анықтамай тұрып болмайды деу, түсінбегеніне сенбегеніндей болып, айып және кемшілік» – деген.

Шихабуддин Сухрәуәрди “рахметуллаһи алейһ” былай деген: «Миллиондаған жұлдыздардың бір араға жиналып жүйе құрғанын және әр жүйенің кеңістікте бұзылмастан әрекет ететінін айтқан астрономия ғалымдарының сөздеріне көрмей сенгені сияқты, тасауфшылар тапқан, білдірген әлеми мисал және рух әлеміне де сену қажет.» Қарсы шыққандардың сөздеріне емес, хабар бергендердің сөздеріне сену ақиқатқа жеткізеді. [Ақылды болған, жаратылыстану ғылымынан хабары болған адам Аллаһу та’аланың бар екенін, әрі бір екенін бірден түсінеді және дәлелдейді. Ал ахиретке сену бұлай емес. Бұған Аллаһу та’ала хабар бергені үшін сену керек.]

Адамдар төртке бөлінеді:

1 – Пайғамбарға сенеді және оған мойынсұнады. Бұлар дүниеде рахаттық пен бақыт ішінде өмір сүреді. Ахиретте тікелей жәннатқа кіреді. Нәпсіне еру арқылы арттырған күнәлары көңілімен тәубе ету, тілімен истиғфар жасау арқылы және дүниеде қиыншылықтар көріп кешіріледі, тікелей жәннатқа кіреді, ниғметтер ішінде мәңгі өмір сүреді. Бұларға **«Салих құл»** делінеді.

2 – Пайғамбарға сенеді және оған мойынсұнады. Өмірін дерт, қиыншылық және ауру-сырқаумен өткізеді. Дерттеріне сабыр және шүкір етеді. Еткен сабырлары дәрежелерінің, шексіз ниғметтердің артуына себеп болады. Олар нәпістеріне бағынбайды. Оларға **«Әулие»** делінеді. Мұндай адамдар аз кездеседі.

3 – Пайғамбарға сенеді. Бірақ іс жүзінде пайғамбарға емес, нәпістеріне мойынсұнады. Өмірде қиыншылық көреді. Бұлар нәпістеріне еріп істеген күнәларының мөлшеріндей жаһаннамда жанғаннан кейін жәннатқа кіреді. Бұларға **«Пасық** (күнәһар) **құл»** делінеді. Өте жаман адамдардың одан сайын азғындап тозаққа батулары үшін бұларға істерінде сәттілік, оңайлық және рахаттық та беріледі. Ислам дінінің бір әмірін ұнатпаған адам кәпір болады. Кәпірлер жәннатқа кірмейді, жаһаннамда мәңгі жанады.

4 – Пайғамбарға сенбейді. Сенбегенімен Ислам үкімдерінің әмір еткен және тыйым салған нәрселерін ақылмен тауып, бұларға мойынсұнған және мұсылмандарға ұйыған кәпірлер, дүниеде бақытқа жетеді.

Ахлақ ілімі және Ислам дінінде ахлақ тәрбиесі

Көңіл мен рухтың жағдайларын және істерін зерттейтін ілімге **«Ахлақ ілімі»** делінеді. Адамның жалғыз кезіндегі бұл жағдайлар мен істер тоғыз бап ретінде білдірілген. (Біз кітабымызға бұлардың тек алты бабын енгіздік.)

Бірінші бап

Бұл жерде мінездердің түрлері, жақсы және жаман нәрселер баяндалады. Мінез – көңіл мен рухтың әдеті, яғни үйреншікті, дағдыға айналған нәрсесі деген сөз. Осы әдетімен, ойлануды қажет етпей әрекет етеді. Орныққан мінезге **«әдет»** делінеді. Өткінші болған мінезге **«жағдай»** делінеді. Мысалы күлу, ұялу – бұлар жағдай. Жомарттық, батылдық – бұлар әдет. Ахлақ, яғни мінез деген кезде әдет түсініледі. Кейде жақсылық жасау мінезден болмайды. Әрдайым қайырымдылық істеп жүрсе, жомарт мінезді делінеді. Әрдайым, бірақ өзін қинап істейтін болса, жомарт мінезді болмайды. Оңайлықпен, қуана-қуана істесе мінез делінеді.

Мінез – жақсы және жаман амал істеуге себеп болады. Немесе жақсы және жаман болмаған нәрсеге себеп болады. Біріншісіне **«Ізгілік»** немесе жақсы мінез делінеді. Жомарттық, шәжаат, яғни батылдық, жұмсақтық осыған жатады. Екіншісіне

«Рәзалат» (масқаралық) немесе жаман мінез делінеді. Сараңдық және еркектерде қорқақтық осыған жатады. Үшіншісіне ізгілік те, рәзалат те делінбейді. **«Өнер»** делінеді. Тігіншілік, егіншілік осыған жатады. Бұл кітапта біріншісі мен екіншісі баяндалады.

Көңіл (жүрек) мен рухтың екі қуаты болатынын алғы сөздің соңғы бетінде айтқан едік. Біріншісі, **«Қууа-и алима»** және **«Мудрика»** деп аталатын «ұғыну қуаты» еді. Бұл қуатқа **«Нутқ»** және **«Ақыл»** деген едік. Бұл қуатпен ақыл қабыл ете алатын нәрселерін түсінеді. Екіншісі, әрекет еткізетін **«Қууа-и амилә»** (іс атқарушы қуаты) еді. Екі қуаттың әрбірі екіге бөлінеді. Ақылдың бірінші бөлігіне **«Хикмети назари»**, екінші бөлігіне **«Хикмети амали»** делінеді. Іс атқарушы қуаттың бірінші бөлігіне **«Шәһует»** делінеді, бұл ләззатты, зауықты нәрселерге қауышуды қалайтын қуат. Екінші бөлігіне **«Ашу»** делінеді, бұл ұнатпайтын нәрселерден ұзақ тұруды қалайтын қуат. Осы төрт қуаттан әртүрлі амалдар пайда болады. Бұл амалдар ақылға сай, жақсы, нұқсан болудан және тым асырып жіберуден құтылған болса, бұларды істеген мінез ізгілік (жақсы мінез) болады. Нормасына жетпейтін нұқсан немесе нормасынан асып кететін артық істерді жасайтын мінез рәзалат (шәрменделік) болады. Ақылдың назари қуаты жақсы дамыған болса, ол мінезге **«Хикмет»** делінеді. Екінші қуаты болған **«Хикмети амали»** қуаты жақсы қалыптасқан болса, ол мінезге **«Әділет»** делінеді. Көңіл мен рухтың іс атқарушы қуаттарының шәһуани қуаты жақсы болса, ол мінезге **«Ұят»** делінеді. Ашулық бөлігі қажетті деңгейінде болса, ол мінезге **«Батылдық»** делінеді. Жақсылықтардың басы – осы төрт мінез. Әділеттің азы-көбі болмайды. Қалған үшеуінің асып кетуі және нормаға жетпей қалуы адам үшін рәзалат (масқаралық) болады. Хикмет қуатының керегінен асып кетуі **«Жәрбәза»,** яғни білгішсіну болады. Ал нұқсан болуы **«Бәладат»**, яғни ақымақтық болады. Әділеттің артығы мен нұқсаны болмайды. Бірақ терісі болады, ол **«Зұлымдық»** болады. Ұят қуатының нормадан асып шектен шығып кетуі «бұзылғандық» (ұятсыздық) болады. Ал нұқсан болып нормасына жетпей қалса **«Хумуд»,** яғни аса ұялшаңдықпен табиғи қажеттіліктерінің алдында осал болып тоқтап тұру болады. Батылдық қуатының шектен тыс болуы **«Тәһәуур»,** яғни құтырғандық болады. Кем болуы – қорқақтық. Ахлақтың бұл

түрлері Имам Ғазали хазреттерінің **«Ихйа»** кітабында осылай баяндалған. Абдулғани Наблусидің<?>[1] **«Хадиқат-ун Нәдийа»** кітабында да жазылған. Бұл кітап арап тілінде, Стамбулда «Хақиқат кітап үйі» тарапынан офсеттік жолмен басылған. Кейбір ғалымдардың айтуынша хикмет, ұят және батылдық қуаттары бір араға жиналса, сонда адамда **«әділет»** қуаты пайда болады.

Жәрбәза (білгіш) мінезді адам рухтың түсіну қуаты болған ақылын дәйім қулық жасау, өсек айту, масқаралау үшін қолданады. Бәладат (ақымақ) мінезді адам ақиқаттарды ұқпайтын түсінігі бір түрлі болады. Ондайлар жақсы-жаман нәрселерді бір-бірінен ажырата алмайды. [Мысалыға әһли бидғат болған мазһабсыздар осы тайпаға жатады.] Тәһәуур (психопат, құтырған) мінезді адам өзін отқа-суға ұра беретін, ойламай қауіпке тастайтын болады. Әліне қарамай өзінен күшті дұшпанмен төбелесуге шығады. Қорқақ болған адам сабыр ете алмайды. Шыдамсыз, төзімсіз жылауық болады. Ондайлар ақысын ажыратып ала алмайды. Осындай рухани қуаттарын нормадан төмен немесе асқан халде ұстайтын бұзық мінезді адамдар, тамақтануда және үйленуде мәкруһтар мен харамдарға беріледі. Ондайлар жаман істерден зауық алғыш боп келеді. Хумуд мінезді (жасқаншақ, тым ұялшақ) адам болса халал болған ләззаттарды, заңды болған қалауларды, табиғи қажеттіліктерді істеуге ұялып-қысылып тәрк етеді. Нәтижеде не өзі құриды, не нәсілі тоқтайды.

Адамдардың бүкіл жақсы мінездері жоғарыда айтылған төрт мінезден туындайды. Адамның бойында осы төрт мінез бар болса, сонымен абырой табады, ел ішінде мақталып-мадақталады. Тіпті өз тегімен, туыстарымен мақтанатын адамдар, оларда дәл осы мінездер болғаны үшін мақтанады.

Екінші бап

Бұл жерде төрт негізгі жақсы мінездің бөлімдері жайлы айтылады. Осы негізгі төрт мінезден тарайтын жақсы мінездер, санай алмайтындай дәрежеде көп. Бұлардың әрбірін түсіндіруге адамның күші жетпейді. Бұл бөлімде ислам ахлақымен айналысқан ғалымдардың тоқталып өткен мәселелері баяндалады.

Хикметтен жеті жақсы мінез туындайды:

1) Біріншісі «**Зеректік»**. Қабілет, икем, әдет, дағдылық. Мұның көмегімен адам мәлім нәрселерден беймәлімдерін шығарады. Дәлелдерді бір араға жинап, іздеген нәрселерін табады. Бұған қол жеткізу үшін, белгілі нәрселердің көмегімен белгісіз нәрселерді табуға талпыну, математикалық және геометриялық есептерді шешу қажет.

Адамдардың зеректігі әр түрлі дәрежеде болады. Зеректіктің ең жоғары дәрежесіне **«Даха»** (Данышпан, кемеңгер) делінеді. Зеректік «тест» әдісімен өлшенеді. Жиырмасыншы ғасырдың атақты психологтарынан америкалық Терман[1] былай дейді: «Зеректікті тест әдісімен өлшеу, алғаш Османдықтарда жасалды. Осман әскерлері Европада ілгеріледі. Вена қолдан кетіп жатыр еді. Вена берілсе, бүкіл Европаның мұсылмандардың қолына өтуі өте оңай болатын. Османдықтар, Европаға Ислам мәдениетін алып келді. Исламның ілім, жаратылыстану, ахлақ нұрлары, христиандықтың қараңғылатқан, тұмшалаған жерлерінің орнына, әділдік, адамгершілік, тыныштық пен бақыт шашты. Ғасырлар бойы, диктаторлардың, капиталистердің, поптардың зұлымдығы астында езілген, варварланған Европа ислам әділдігімен, Ислам ілімдерімен, ислам ахлағымен, адами құқықтарына қауышып жатыр еді. Европа диктаторлары және ең алдымен христиан шіркеулері, Осман әскерлеріне қарсы соңғы күштерін жұмсап жатты. Бір түнде Стамбулдағы ағылшын елшісі Лондонға тарихи хатын жолдады. «**Таптым... Таптым!..** Осман әскерінің ілгерілеу, жеңістен-жеңіске ұластыратын сырын-себебін таптым. Оларды тоқтатудың жолын таптым» дейді. Былай жазады:

Османдықтар жеңіске жеткен барлық жерлерінде дініне, ұлтына, нәсіліне қарамай балалардың зеректігін, зейінін өлшейді. Зейіні жақсыларды бөліп, медреселерде оқытып, ислам тәрбиесімен жетілдіреді. Олардың арасынан жақсы деп шешкендерін, сарайдағы **Андарун** деп аталатын жоғары оқу орнында, сол заманның ең озық білімдерін береді. Міне, Османдық саясат адамдары, басқарушылары, осылай іріктеліп, дайындалған өткір зейінді тұлғалардан тұрады. Соколлу паша *[Бойко Соколович]* және Көпрулу сияқты іріктелген саясат және әкімшілік адамдары

осылай шығуда. Османдықтар ағымын тоқтатып, христиандықты құтқарып қалудың жалғыз бір ғана шарасы - Андарун мектептері мен медреселерін таратып жіберу, оларды іштей құлату». Осы хаттан кейін, Англияда «Отарлау министрлігі» құрылды. Ол жерде дайындалған тыңшылармен миссионерлер және масондар, өтірік пропагандалары мен алтынмен апталған уәделері арқылы тұзақтарына түсірген сауатсыз және тексіздерді Осман мемлекетінің [және барлық мұсылман елдерінің] маңызды лауазымдарына отырғызуды және осы куклалардың қолымен, медреселерден жаратылыстану, ахлақ сабақтарын, тіпті, жоғары діни білімдерді алып тастап, мұсылмандарды сауатсыз қалдыруға тырысты. Осы зымиян жоспарларын, 18 ғасырда жүргізілген саяси реформалар арқылы жүзеге асырды. Соңында Ислам мемлекеті құлады. Исламның дүниеге жайған бақыт, тыныштық нұрлары сөнді.

2) Сурат-и Фәһм. Бұған **«Сурат-и интиқал»** да делінеді. Керек кезде, қажетті нәрсені дереу, дер кезінде түсіне білетін қабілет. Бір нәрсе естігенде, оның терісін, қарама-қайшылығын да дереу түсінеді. Зеректік - ойлауда және зерттеуде, яғни пікірде және назарда болады. Білінген нәрселерді зерттеп, олардан білінбеген бір нәтиже шығарады. Сурат-и Фәһм болса, пікірден және назардан басқа нәрселерде болады.

3) Зейіннің ашықтығы. Қалаған нәрселерді дереу түсіну, қолға түсіру.

4) Мұқият болу. Ойлар кедергі болмай, қалаған нәрсеге бет бұру, жылы шырай таныту.

5) Тә’аққул. Қажет нәрселерді үйреніп жатқанда, барлық нәрсенің шегінен аспау, шамадан тыс кетпеу. Яғни ондай қабілет иелері қажет болғанды тәрк етпейді, қажетсіз болғандармен де айналыспайды, уақытын өлтірмейді.

6) Тахаффуз, яғни ұмытпау. Рухтың, ақыл жеткізген, түсінген білімдерді ұмытпауы.

7) Тәзәккур. Мидағы білімдерді, қалаған уақытында еске түсіру.

Шәжааттан (батылдықтан) пайда болатын жақсы мінездер он бір:

1) Салмақты болу. Мақтағанда қуанбайтын, жамандағанда ренжімейтін болу. Ондайлар Кедейлер мен байларды бір тұтады. Тәттінің, ащының парқын бөлмейді. Оқиғалардың өзгеруі және қорқынышты, қайғылы жағдайлар алдында абдырамайды.

2) Неждет, яғни жігіттік. Қорқынышты жағдайларда, қиыншылықта, сабыр мен табандылық таныту. Мұндай уақытта байбалам шығармайды. Орынсыз іс жасамайды.

3) Химмет иесі болу, қайырымды, қайратты болу. Осы дүниенің мансабымен атағына, жоғарылауына, төмендеуіне, дүние жинауға мән бермейді.

4) Сәбат (қажырлылық, табандылық). Мақсатқа жету үшін жұмыс істегенде, алдынан шыққан қиыншылықтарға төзіп, шыдай білу.

5) Хилм (жұмсақтық). Рухтың тыныш болуы, ашуланбауы. Жұмсақ мінезді болу.

6) Сукун. Отанын, діні мен халқын қорғау үшін жасалған жиһадтарда, соғыстарда қайрат пен тойтарыс беру, дұшпанына мазақ еттірмеу.

7) Шахамат. Жақсы істер жасауды, жоғары мәртебелерге жетуді қалау. Жақсылықпен еске алынып, сауап жинауды қалайды.

8) Тахаммул. Көркем мінездермен жақсы істерге қол жеткізу үшін талпынудан жалықпау.

9) Тәуаду (қарапайымдылық). Дүниелік (жағдайы) дәрежесі өзінен төмен болғандарға менмендік етпеу, тәкаппарланбау. Өйткені қолына түскендер Аллаһу та'аланың сыйы, ихсаны болып табылады. Өзінікі емес, өзінде ешнәрсе жоқ. Мансапты, бай адамдардың қарапайым болулары өте жақсы. Сауабы көп болады. Бір мүддеге, пайдаға қол жеткізу немесе бір зияннан қорғану үшін қарапайымдылық көрсетуге «Табасбус», яғни жалтақтау делінеді. Қайыршылардың тәуадулары осындай. Күнә болады.

10) Хамиет (Отан сүйгіштік, патриоттық). Дінді, халықты қорғауда, абыройын қорғауда, жалқаулық етпей, барлық күш-жігерімен қайратын жұмсау.

11) Риққат. Адамдардан келетін зияндарға ренжімеу. Бұған байланысты істерімен әрекеттерінде өзгеріс болмау керек. Жақсылық жасауын тоқтатпау керек.

Ар-намыстан он ек жақсы мінез шығады:

1) Ұяттылық. Жаман іс жасағанда ұялу.

2) Рифқ. Рифқ – исламға мойынсұну деген сөз. Сөздің мағынасы, аяушылық ету, мүсіркеу, жақсылық жасау дегенді білдіреді.

3) Хидаят. Жақсы мінезді болуға талпыну.

4) Мусәләмәт. Пікір келіспеушіліктерінде, сөз көбейген кезде, сөз таластырмау, айтыспау, қаттылықпен арандатушылықты, бөлушілікті қаламай, түсінісумен табысуды, татулықты қалау.

5) Нәпсіге ие болу. Шәхуат кезінде нәпсіге ермеу, өзіне ие болу.

6) Сабыр. Харамнан сақтанып, нәпсінің жаман қалауларын жасамау. Осылайша, соңы өкінішпен аяқталатын ләззаттардан теріс бұрылу. Сабыр екіге бөлінеді: Біріншісі, күнә істемеу үшін сабыр ету. Шайтан мен нәпіс және жаман достар, адамға күнә істетуді қалайды. Оларды тыңдамай сабыр ету өте үлкен сауап. Бұл жерде айтылған сабыр, міне осы сабыр болады. Екіншісі, дертпен қиыншылықтардың, бәлелердің қасіреттеріне сабыр етіп, бақырып-шақырмау. Көп адам, сабыр дегенде, тек осы сабырды түсінеді. Бұл сабыр да сауап. Яғни сабырдың екеуі де парыз.

7) Қанағат. Напақада, яғни тамақтану, киіну және баспана тұрғысында заруратқа разы болып, одан көбін іздемеу. Әйтпесе, берген нәрсені алмау емес. Бұл нәрсеге тақтир делінеді, жаман мінез болып табылады. Ақылдың да, исламның да ұнатпаған нәрсесі. Қанағат болса, өте жақсы мінез. [Өлмеу, бір мүшені құртып алмау үшін қажет болған нәрсеге **«зарурат»** делінеді. Напақа үшін және денені қиыншылықтан қорғау үшін, қажет болған нәрсеге **«қажеттілік»** делінеді. Қажеттіліктен көп болып, ұнамды, жағымды болған және адамның қадірін, абыройын қорғауға керек нәрселерге **«Зинет»** делінеді. Зинет заттарды, мақтану, басқаларға көрсету, жоғары көріну, тәкаппарлану үшін қолдануға **«тәфахур»** делінеді. Зарурат және напақа заттарын қамтамасыз ету парыз. Напақадан көп болған қажеттілік мөлшерін мысалы дәрі мен дәрігер ақысын қамтамасыз ету сүннет. Зинет жаиз. Тәфахур харам.]

8) Уақар. Қажеттілік және құнды нәрселерді қамтамасыз ету жолында сасқалақтамай, асықпай, жай әрекет ету. Уақар, салмақты

болу деген сөз. Әйтпесе мүмкіндікті қолдан жіберіп алатындай, табысынан айырылатындай былжырақ, жалқау болу емес.

9) Уәра. Исламның харам еткен нәрселерінен және харам болу күмәні бар нәрселерден сақтану және дініміздің әмірлерін орындау, адамдарға пайдалы істерді жасау. Құсырлы және селқос болудан сақтану.

10) Интизам. Істерді бір ретпен, жүйеге, тәртіпке қойып жасау.

11) Хурриет. Мал-мүлікті, ақшаны халалдан табу және жақсы жерлерге жұмсау, адамдардың ақысын жеуден абай болу. Хурриет – басын бос қою, білгенін істеу, әр қалағанын жасау деген сөз емес.

12) Сәхауат. Ақшаны, мал-мүлікті қайырлы, жақсы жерлерге таратудан ләззат алу. Исламның әмір еткен жерлерге қуан-қуана беру. Сәхауат – жомарт болу деген сөз. Әдемі мінездердің ең жоғарыларынан. Аят пен хадистерде мақталған. Сәхадан көптеген жақсы мінездер туады. Бұлардың сегізі мәшһүр:

1) Керем. Адамдарға пайдалы істерді жасауды, ақшамен жәрдем беруді жақсы көру.

2) Исар. Өзі мұқтаж болған малды, мұқтаж болған басқаға беріп, өзі жоқтыққа сабыр ету. Жақсы мінездердің ең қадірлісі. Аяттармен мақталған.

3) Кешірім. Дұшпанынан немесе кінәліден кегін алуға күші жете тұрып, бұдан бас тарту. Жамандыққа жақсылықпен жауап беру, кешірімнен де жақсы болады.

4) Мурууәт. Мұқтаж адамдарға, қажетті нәрселерді беру. Басқаларға жақсылық жасауды жақсы көру.

5) Уәфа. Таныстарға, дос-жарандарға күнкөріс істерінде жәрдемші болу.

6) Мууасат. Таныстарын, достарын нығметтеріне ортақ ету, олармен жақсы мәміледе болу.

7) Сәмахат. Беруі қажет және уәжіп болмаған нәрселерді, қуана-қуана беру.

8) Мусамаха ету. Тәрк етуі қажет болмаған нәрселерді, басқаға пайдалы болу үшін тәрк ету. Басқаның айыбын көрмегенге алу.

Әділеттен он екі мінез туындайды:

1) Садақат (адалдық, сенімділік, беріктік). Досын жақсы көру. Оның жақсылығын, рахатын қалау. Оны зияннан қорғау. Оны қуантуға тырысу.

2) Улфәт. Бір қоғамның дін мен дүние түсінігі, сенімдері бір-біріне сай болуы.

3) Уәфа. Жақсы қарым-қатынаста болу, жәрдемдесу. Сөзінде тұру, құл ақысына мән беру деп те айтылады.

4) Шафқат. Басқаларға дерт, пәлекет келгенінде мұңаю, ренжу. Барлығының қиыншылықтан құтылуы үшін ат салысу, тырысу.

5) Сила-и рахм. Туыстарға, жақындарға қамқорлық жасау, олардан хабар алып тұру, хал-жағдайын сұрау, араласу және жәрдем беру. Расулуллаһ "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" бір хадисте: **«Пұттарды, табынылатын мүсіндерді сындыру үшін және туыстарға жақсылық жасау үшін жіберілдім»** деді.

6) Мукафат. Жақсылық жасағанға жақсылық жасау.

7) Хусн-и ширкет. Құл ақысына мән беру, әділ болу.

8) Хусн-и қаза. Барлық адамның, барлық нәрседе ақыларына мән беру, істегенін міндетсінбеу және кейін өкінетін іс жасамау.

9) Тәуаддуд. Тәуаддуд – махаббат деген сөз. Достарын жақсы көріп, сыйлық беру, өзін жақсы көргізу.

10) Тәслим. Исламның әмірлері мен тыйымдарын және ислам ахлағын, тәтті келмесе де, қабыл етіп разы болу.

11) Тәуәккул. Адамның қолынан келмейтін және өзгерте алмайтын қайғылы (реніште) уақиғаларды, болған нәрселерді, бұрын тағдырына жазылғанын біліп, қамықпау, Аллаһу та'аладан келгенін ойлап, қуана қарсы алу.

12) Ғибадат. Ғибадат – барлық нәрсені жоқтан бар еткен әрбір жандыны әрқашан көрінетін-көрінбейтін қазалардан, бәлелерден қорғайтын және әр сәтте түрлі нығметтер мен жақсылықтар жіберіп, жетілдірген Аллаһу та'аланың әмірі мен тыйымдарын бұлжытпай орындау. Оған қызмет еткенде кемшілік жасамауға тырысу. Аллаһу та'аланың сүйіспеншілігіне қауышқан расулдарға, нәбилерге "алейһимуссалауату уәттәслимат", әулиелерге, ғұламаларға "рахимәһумуллаһу та'ала" ұқсауға тырысу керек.

[Мұсылмандар екі түрлі: Хауас [ғалымдар] және ауам [сауатсыздар]. **«Дурр-и йәкта»** кітабында былай делінеді: «Ауам – сарф пен наһу және әдебиет білімдерінің әдісін, қағидаларын білмейтін адамдар. Олар фәтуа кітаптарын түсінбейді. Олардың **«иман»** мен **«ғибадат»** білімдерін іздеп, сұрап, үйренулері парыз.

Ғалымдар болса, сөздерімен, уағыздары және жазуларымен әуелі иман, кейін діннің тірегі болған бес ғибадатты үйретулері парыз. **«Заһирә»** және **«Татарханийә»** кітаптарында иманның шарттарын және **«Әһли сүннет сенімін»** үйрету барлық нәрседен бұрын қажет екені айтылады. Сол себептен, үлкен ғалым, заһир мен батин білімдерінің маманы Сәйид Абдулхаким Аруаси "рахметуллаһи алейһ" қайтыс болардан алдын: «Стамбул мешіттерінде отыз жыл тек Әһли сүннет ғалымдарының кітаптарында жазылған иманды, яғни Әһли сүннет ақидасын және исламның көркем ахлағын түсіндіруге тырыстым. Әһли сүннет ғалымдары, бұл мағлұматтарды сахабалардан, ал олар болса, Расулуллаһтан үйренді»,- деген. Иман білімдеріне **«Ақаид»** және **«Итиқад»** (ақида) делінеді. Сол себепті біз де бүкіл кітаптарымызда Әһли сүннет ақидасын, исламның көркем ахлағын түсіндіруге тырысып, адамдарға жақсылық жасау және өз елінің үкіметін қолдап, оларға мойынсұну арқылы көмек беру қажет екенін білдіріп жатырмыз. Сәйид Құтб және Мәудуди сияқты дін жаһилдерінің және «тәблиғи жамағат, уаххаби, сәләфи» сияқты бидғатшылардың, яғни мазһабсыздардың үкіметке қарсы арандатушы, бауырды бауырға дұшпан қылушы, айдап салушылардың жазғандарын құптамаймыз. Пайғамбарымыз "саллаллаһу алейһи уәсәлләм" **«Дін, қылыштардың көлеңкелері астында»** деп айтып, мұсылмандардың үкімет пен заңның қамқорлығы аясында тыныш өмір сүретіндерін білдірді. Үкімет күшіне енген сайын рахаттық және тыныштық артады. Еуропа, Америка сияқты кәпір мемлекеттерде де рахат өмір сүрген, діннің міндеттерін еркін орындап жүрген мұсылмандар да, өздеріне еркіндік берген үкіметке, заңдарға қарсы келмеуі керек, фитнаға, анархияға құрал болмауы керек. Әһли сүннет ғалымдары "рахимәһумуллаһу та'ала" мұндай болмауымызды әмір етеді. Ғибадаттардың ең үстемі, ең қадірлісі, фитна-бүлікшілік отымен ойнамау және қарсы шыққандарға, фитна, анархия шығарғандарға құрал болмау, **«Әһли сүннәт ақидасын»** үйреніп, иманының осыған сай болуына тырысу. Иманын осылай түзетіп, **«бидғатшылар»** деп аталатын жетпіс екі түрлі бұзық, іріткі салушы, қате сенімдерден құтылғаннан кейін, ғибадаттарда да бидғат істеуден сақтану керек. Исламның әмір етпеген нәрселерін ғибадат деп ойлап жасауға

«ғибадатта бидғат» делінеді. Аллаһу та'аланың әмірлері мен тыйымдарына **«Ахками Исламийә»** (Ислам үкімдері) делінеді. Ислам үкімдеріне ұюға **«ғибадат ету»** делінеді. Ғибадаттардың дұрыс орындалуын үйретіп білдірген **«төрт мазһаб»** бар. Бұлардың төртеуі де хақ, дұрыс. Бұл төрт мазһаб, Ханафи, Шафии, Малики, Ханбали мазһабтары. Әрбір мұсылманның осы төрт мазһабтың біреуінің **«Ғылымхал»** (кәлам, фиқһ, ахлақ) кітабын оқып, ғибадаттарын осы кітапқа сай орындауы қажет. Осылайша, сол мазһабқа кірген болады. Бұл төрт мазһабтың біріне кірмеген адамға **«мазһабсыз»** делінеді. Мазһабсыздар Әһли сүннет емес. Ал Әһли сүннет болмағандар не **бидғатшы** немесе **кәпір** болады.

Хазреті Әли "кәрималлаһу уәжһәһ" былай деген: «Өлгеннен кейін қайта тірілуге сенбейтін біреуді көрсең оған былай де: Мен сенемін, иман келтіргенмін. Сенің айтқаның дұрыс болса, мен бұдан еш зиян көрмеймін. Менің айтқаным дұрыс шықса, сен мәңгілікке отта жанасың!» Еуропада, Америкада бүкіл жаратылыстанушылар, үкімет адамдары, профессорлар, қол басшылар ахирет өміріне сенеді. Барлығы шіркеулеріне барып табынады. Яһудилер, Буддистер, Брахмандар, отқа табынушалыр, пұтқа табынушылар, мәдени өркендегендер де, өркениеттен тыс (жабайы) қалғандар да барлығы Құдайдың бар екеніне сенеді. Тек бірнеше коммунист мемлекетті басқарған, өтірікші, азғын диктаторлар және солардың жанындағылар және басқа мемлекеттердегі ақшаға сатылған солардың қызметкерлері ғана ешнәрсеге сенбейді. Өмір сүрулері үшін және ләззәті үшін дінге дұшпандық жасап жүрген бірнеше жаһилдің (наданның), ақымақтың, дүние жүзіндегі халықтың тоқсан пайызын құраған сенушілер арасында хақ болатындығы ақылға сыйа ма? Сенбейтін имансыз бір адам өлсе, өзінің сенімі бойынша жоқ болады. Ал сенетін иманды адамның көзқарасы бойынша, ол жаһаннамда мәңгі азап шегеді. Сенетін иманы бар бір адам өлсе имансыздардың көзқарасы бойынша жоқ болады, ал өз сенімі бойынша шексіз ләззаттар, бақ-береке, ниғметтер ішінде өмір сүреді. Ақылы, білімі бар адам осы екеуінің қайсысын таңдайды? Әлбетте екіншісін емес пе? Дүние істеріндегі және әлемдегі жүйелілік пен заңдылық, ақыл иелеріне Аллаһу та'аланың бар екенін хабар беріп көрсетіп тұр. Ал ахиреттің бар екенін Аллаһу та'ала хабар беріп тұр. Олай болса,

ақылы, ілімі бар адамның Аллаһу та’аланың бар екеніне және бір екеніне сенуі қажет. Сенбеу, ақымақтық және надандық болады. Аллаһу та’алаға иман келтіру – Оның **«Улуһият сипаттарына»** яғни Оның **«Заттық сипаттарына»** және **«Субути сипаттарына»** және жіберген хабарларына сену және Оның дініне мойынсұнудан тұрады. Исламға мойынсұнған адам дүниеде рахат және бақытты өмір сүреді. Барлық адамдарға жақсылық жасайды. Аллаһу та’ала құлдарына көп мейірім еткені үшін, пайдалы нәрсені жасауды әмір еткен. Бұл әмірлерге **«парыз»** делінеді. Зиянды нәрселерге тыйым салған. Оған **«харам»** делінеді. Парыздар мен харамдардың барлығына **«Ислам үкімдері»** делінеді. Діндер, Аллаһу та’аланың құлдарына рахымы, жақсылығы. Дінге сенген және мойынсұнған адам дүниеде және ахиретте Аллаһу та’аланың жақсылығына қауышады, бақытты болады. Сенбеген адам ақылы мен дүниеде пайдалы болған үкімдеріне ұйыса, тек дүниеде бақытты, рахат өмір сүреді. Қазір еуропалықтардың бір бөлігі сол себептен рахат және бақытты өмір сүруде, исламға ұйымаған мұсылмандар төмен, қор күйде өмір сүруде.]

Үшінші бап

Бұл жерде жаман мінездер баяндалады. Жақсы мінездердің негізі, тірегі төрт мінез еді. Жаман мінездердің де басы төртеу:

1) Рәзалат – хикметтің терісі.

2) Жубн – қорқақтық, жүрексіз болу, шәжааттың терісі.

3) Фужур – нәпсіге бағыну, күнә істеу, ар-намыстың терісі.

4) Жәур – зұлымдық. Әділеттің терісі.

Әр жақсы мінездің терісі, қарама-қарсылығы болған сансыз жаман мінездер бар. Өйткені, жақсылық дегеніміз – орта жол деген сөз. Орта жолдың оңында, сол жағында болу – жақсылықтан айрылу болады. Кісі орта жолдан қаншалықты ұзақ болса, жақсылығы соншалықты азаяды. Хақ жол тек біреу ғана. Ал адасқан, бұзылған жолдар көп. Тіпті шексіз. Дұрыс жолға қол жеткізгеннен кейін сол жолда қалу, сол жолдан мүлдем шықпау өте қиын. Худ сүресінің 113-ші аятында: **«Әмір етілген дұрыс жолда бол!»** делінген. Бұл аяти кәрима түскен кезде Расулуллаһ «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» **«Худ сүресі сақалыма ақ түсірді»** деген. Аят кәримада әмір

етілген бағытты орындау үшін пайғамбарлар “алейһимуссалауату уәттәслимат”, әулиелер, сыддықтар “рахимәһумуллаһу та’ала” абдырап қалған. Осы қорқыныштан Расулуллаһтың “саллаллаһу алейһи уә сәлләм” мүбәрәк сақалына ақ түскен. Дұрыс жолда бола алу өте қиын болғандықтан, **«Сырат көпірі қылдан жіңішке, қылыштан өткір»** делінген. Фатиха сүресіндегі аят кәриманың мағынасы: **«Дұрыс жолға қауышуды Аллаһу та’аладан сұраңдар!»** Мүминнің бұл дүниеде дұрыс жолға жармасуы керек. Қиямет күні Сырат көпірінен өте алу үшін дүниеде дұрыс жолда болу керек.

Әулиелердің ұлылары “рахимәһумуллаһу та’ала” былай дейді: Мухбири садық (яғни әрдайым дұрыс айтушы) “саллаллаһу алейһи уә сәллам” қияметтегі нығметтер мен азаптар жайлы нелер айтқан, қандай хабарлар жеткізген болса, олардың барлығы адамның осы дүниеде қолжеткізген мінездердің, ахлақтың және амалдардың көрінісі. Сол жақтағы бейнесі. Ахлақта және амалда дұрыс жолда болудың ол жақтағы көрінісі, бейнесі – сырат көпірі делінді. Дүниеде дұрыс жолда болғандар, Ислам дінінен айрылмағандар, ол жерде сырат көпірінен тез өтеді, марифеттер мен жетістіктер жаннаттарына және жақсы амалдардың бақшаларына қауышады. Бұл жерде дін жолында жүруге мән бермей, немқұрайлы қарағандар ол жақта сырат көпірінен құлай-сүрініп, әрең өтеді. Ислам діні көрсеткен дұрыс сенім мен амалдардан айрылғандар, оңға-солға адасқандар сыраттан өте алмай жаһаннам отына түседі.

Зуһруф сүресінің 36-шы аятының мағынасында: **«Нәпсіне бағынып, Аллаһу та’аланың дінінен бет бұрғандарға дүниеде бір шайтан жіберіп беймаза қыламыз»** делінген. Бұл аят кәримаға қарап, кейбір ғалымдардың айтқаны: жақсы және кәміл істерді жасататын әдетті бір періште шығарады. Адастыратын, жамандық істететін әдетті бір шайтан шығарады. Сол екеуінің бірі қиyметте ол адамға дос болады. Сондықтан әр адам өз мінезі мен амалына қарап, ахиреттегі досының кім болатынын біле алады.

Орта жол деген кезде екі нәрсе түсініледі: Бірі – бәрінің түсінетініндей бір нәрсенің дәл ортасы. Мысалы, шеңбердің ортасы осы мағынада. Екіншісі, салыстырмалы түрде ортада болу. Яғни белгілі бір нәрсенің ортасы. Сол нәрсенің ортасы болғаны

үшін, барлық нәрсенің ортасы болуы қажет емес. Ахлақ ілімінде қолданылатыны – осы екінші орта. Осы себептен, жақсы мінез деген дүние әркім үшін әр түрлі болады. Тіпті, заман мен мекенге қарай да өзгереді. Бірінде жақсы болған бір мінез, басқасында жақсы болмауы мүмкін. Сондықтан жақсы мінез дәл ортада емес, орта шамада болу деген сөз. Жаман мінез де осы орта шаманың екі жағына ауып кету деген сөз. **«Істердің ең жақсысы – олардың ортасы»** деген хадис шәриф те осыны білдіруде. Осыған байланысты әр жақсы мінезге қарсы екі жаман мінез болады. Негізгі төрт жақсы мінезге қарама-қайшы сегіз негізгі жаман мінез болады:

1) Жәрбаза (білгіштік) хикметтің шамадан тым артық болуына айтылады. Бұл ахлақты және амалдарды түсіну қуатын қажетсіз жерлерде қолдану деген сөз. Қулық жасау, алдау, харам істерді жаю сияқты. Рухтың жаратылыстану қуатын (яғни ақылды) шамадан артық қолдану жәрбаза болмайды. Жаман болмайды. Діни ілімдерді, жаратылыстану ғылымдарын және математиканы дамыту үшін қаншалықты көп зерттесе, ізденсе, соншалықты жақсы болады.

2) Бәладат – жетесіздік. Ақылды қолданбау. Бұған ақымақтық та делінеді. Тоңмойындылық деген сөз. Ондайлардың үйренуі мен істері кемшілікпен болады. Жақсыны жаманнан ажырата алмайды. Аят кәрималар мен хадис шәрифтерде «ғылым, білім» санауға келмейтіндей өте көп мақталған.

3) Тәһәуур (ашушаң, жауыз). Тез ашулану деген сөз. Шәжаат деген жақсы мінездің шамадан артық болуы. Бұл ақылды адамдар ұнатпайтын істерді жасауға кірісу деген сөз. Мұндай мінез кісінің рухы мен денесін босқа, керексіз жерлерде шаршатады.

4) Жубн. Қорқақтық деген сөз. Шәжааттың қажетінен аз болуы. Мұндай мінезге ие болғандар қорқу жаиз болмаған жерде қорқақтық танытады.

5) Фужур (ұятсыздық). Иффат деген қуаттың асып-тасып, ар-намыс, ұят деген шекараларды танымай, шектен шығуынан пайда болады. Ондайлар дүние ләззаттарына құмар болады. Ислам діні мен ақыл ұнатпаған азғындықтарды істейді.

6) Хумуд (міскіндік, сылбырлық). Иффат қуатының әлсіз

болуынан кісі мінезінің ұят нормасына да жете алмай аса ұялшаң, міскін, сылбыр болуы. Ислам діні мен ақыл рұқсат берген күнделікті қажеттіліктерін орындауға да қысылатын, табиғи қалауларын тәрк етіп қоятын сылбыр адамдар осы мінезге шалдыққан болады. Ондайлардың денесі, күш-қуаты кетеді. Ауру болады. Нәсілі тоқтайды.

7) Зұлымдық. Әділеттің шегінен асуы деген сөз. Басқаның хұқына қол салу, жауыздық ету деген сөз. Ондай мінез арттырғандар басқаның мал-мүлкіне, жанына, намысына зиян тигізеді.

8) Хайсиетсіздік. Өзіне жасалған зұлымдық, жәбірлеу және масқаралауды үндемей қабыл ететін, адами қасиетін де аяқ астына таптатып отыра беру мінезі. Бұл әділеттің нұқсан болуы деген сөз. Әділетте барлық жақсылықтар жиналғаны сияқты, зұлымдықта жамандықтар жиналған. Сондықтан кейбір ғалымдар, көңілді ренжітпейтін нәрселер күнә болмайды деген.

Мысалы, Абдуллаһ Ансари "қуддиса сирруһ" былай деген:

Хақ жолдың жолаушысы ренжітпейді ешкімді,
Теңесетін бұған күнә болмас сірә өйткені!

Абдуллаһ Ансари, софийа-и алийаның ұлыларынан. Шәйх-ул Ислам еді. 396 жылы Хиратта (Герат) туылып, 481 жылы (м.1088) сол жерде қайтыс болды. Кейбір адасқандар, осы үлкен әулиенің сөзін дұрыс түсіне алмады. Басқаларға жамандық жасама да, өзіңе не істесең де істей бер деп санады. Осылайша ғибадаттарды қалдырып, әр күнәні істеп, ешкімге зиянымыз тиіп жатқан жоқ деп те мақтанды. Тіпті:

Қаласаң кәпір бол, қаласаң құлат Қағбаны,
Қаласаң шарап іш, бірақ ренжітпе басқаны!

деп Ислам дінінен айырылды. Ал негізінде, діннің харам еткен бүкіл нәрсесі зұлымдыққа жатады. Басқаға болсын, өз-өзіне болсын жасалуы харам болған барлық нәрсе зұлымдық болып табылады. Залымдар – көбінесе мал-мүлкі, атақ-даңқы, мансабы көп болғандардан шығады. Мазлұмдардың, жәбір көргендердің көбі кедейлерден шығады. Орта жағдайда болғандардың көбі әділдікке мән беретіндер.

Жақсы мінездердің барлығы уасати (орташа) мөлшердегі мінез-құлықтар болып келеді. Әрбірінің нормадан артық немесе

кем болуы, жаман мінезге айналуы деген сөз. Көп тілдерде осы әр түрлі жаман мінездерді түсіндіріп бере алатын бәлкім атаулары да табылмайды. Бірақ, ойланған кезде мағыналары (не екені) оңай түсініледі.

Адамда болуы қажет болған жақсы мінездерден кейбірі бар, қаншалықты көп болса, жақсылығы да соншалықты артады деген ой болады. Алайда олай емес. Әр жақсы мінездің бір шегі-шекарасы болады. Сол шектен асқан кезде жақсылық кетіп, жамандық басталады. Ал жақсы мінездің аз болуының жамандық болатыны оңай түсініледі. Шәжаат (батылдық) пен сәхауат (жомарттық) бұларға мысал. Осы екі жақсы мінездің шамадан тым артық болулары тәһәуур (жауыздық) мен ысырап. Надандар, әсіресе Ислам ахлақын білмейтіндер, ысырап ететін адамды өте жомарт деп санайды, мақтайды. Тәһәуур (ашушаң, жауыз) болғандарға өте қайсар, батыр дейді. Алайда, қорқақ және сараң болғандарға ешкім батыр және жомарт демейді.

Адамда болуы қажет болған жақсы мінездердің кейбірлері де бар, аз болса жақсы деп қабылданады. Тым артық, көп болса, жамандығы белгілі болады. Тәуаду (қарапайымдылық) осыған жатады. Адамда тәкаппарлықтың жоқ болуы деген сөз. Бұның нұқсан болуы – тәзәллул (өзін тым төмен ұстау, жексұрын болу). Жексұрын боп аяқ астына кілем болуды көпшілік қарапайымдылық деген жақсы мінезден ажырата алмайды. Тіпті көптеген адамдар қайыршының төмендігін ғалымның қарапайымдылығымен шатастырады. Өйткені кібірсіздік қайыршыда да көп. Оны да өте жақсы қасиет деп санайды.

Төртінші бап

Жақсы мінезге ұқсайтын жаман мінезді және бұлардың жақсы мінездерден қалай ажыралатынын баяндаймыз.

Көптеген адамдар таза алтынды сары металдан ажырата алмайды. Көк моншақты асыл тас деп санайды. Осы сияқты жаман мінезді де жақсы деп санайтындар болады. Сондықтан ахлақ ілімін жақсылап үйрену, іштегі жасырын кемшіліктерді көре алу, жақсыны жаманнан ажыратуда ұста болу керек.

1) Хикметке ұқсаған жаман мінезді білдірейік: Ақылдың өлшемдерінен, жаратылыстану ғылымдарынан немесе тасавуф марифаттарынан бірнешеуін тілдерден естіп немесе газеттертен, журналдардан оқып, радио, үнтаспалардан тыңдап, әр жерде айтып жүрген, әркіммен сөз тартысып жүрген адамдарды ақылды, білімді, ғалым, білікті маман және муршид деп санайтындар аз емес. Алайда ондайлар өздері айтқан мәселелерінен ешбірінің жауабын, марифаттардың ешқайсысының мағынасын білмейді. Бұл адамның ғалымдарға, муршидтерге және ғылым адамдарына ұқсауы – тотықұстың адам сияқты сөйлеуінен артық нәрсе емес. Өйткені, хикмет деп аталатын мінез адамның басында, рухында болады. Болмысы, нұрлары сезім мүшелерімен сезілмейді. Зиялылар қатарынан көрінетін көптеген адамдар бар, хикметтен және құндылықтардан еш хабарлары жоқ. Өздері білімсіз және жаман мінезді болады. Ілім мен ахлақтан ешқандай несібелері де жоқ. Ауыздарынан жақсы мінезге тән бірде-бір сөз шықпайды. Бірақ үстіне сәнді, сәулетті киім киіп жүреді. Жоғары мансап иелерінің, лауазымды адамдардың алдында иілуді жақсы біледі. Балдарда, сауық кештерінде билеуге шығады. Ішкілік қойылған үстелдерде адамдарға қызмет етеді. Басқарушы, жиын ұйымдастырушысы немесе кеңесші деген атаумен аты шығады.

2) Ар-намысқа ұқсаған жаман мінез де бар: Ондай мінез иесі жаман әрекеттер жасамайды. Шәһуетінің артынан жүгірмейді. Салмақты, ізгілікті, білімді және жақсы мінезді адам болып көрінеді. Оны бәрі мақтайды, барлық жерде құрмет көрсетіледі. Мал-мүлкі көп болғандардың арасында және жоғарғы мансапты адамдардың жанында сөзін ешкім бөлмейді. Оған келетін сыйлықтар таусылмайды. Нәзір, зекет ақшалары алдына жиналады. Парыз бен сүннеттерді орындауда босаңқы болады. Басқалардың алдында нәпіл ғибадаттарды көп орындағаны үшін көздері кіртиіп, өзі азып, денесі әлсіз болып қалған. Ал нәфси әммарасы (тәрбие көрмеген нәпсі) болса, тек ел-жұртқа көрсету үшін ғана құлшылық жасағандықтан қатты күшейген. Ондайлар халық арасында сенімді, Аллаһ назарында опасыз болады. Жалған тариқатшылар мен дүниеге берілген дін адамдары осындай болып келеді.

Кейбір ауылдық адамдар қаладағы тамақтарды жемейді. Ал кейбірлері ақшасын қимай қымбат азық-түліктер алмайды.

Бұларды көргендер оларды дәруіш деп санайды. Қанағатшыл және ар-намысты болып көрінеді. Бұлар қанағатсыз және ар-намыссыз кісілер. Істеген тірліктері ылғи басқаларға көрсету, жалғандық және рия болады.

3) Жомарттыққа ұқсаған жаман мінез де мынадай болады: Мал-мүлкін маңдай терімен таппаған, мираспен келген немесе қарақшылық, контрабанда, қара сауда жасаған немесе лотереядан ұтып алған. Ақшаның қадірін білмейді. Қолындағының бәрін харамға, қажетсіз жерлерге жұмсайды. Ақыл және Ислам діні ұнатпаған жаман жерлерге шашады. Ақымақтар оны жомарт деп ойлайды. Негізінде, ол адамда сәха (жомарттық) деп аталатын жақсы мінез жоқ. Ақша табу – тауға жүк шығару сияқты ауыр іс. Ал ақша шашу болса – домалақ тасты таудан төменге қарай домалатып жіберумен тең. Кедейлік көптеген адамдардың жақсы адам болуына кедергі болады. Көп адам кедейліктің қиыншылығы кесірінен иманын жоғалтқан, мүртәд болған. **«Рамуз-ул әхадис»**-тегі хадис шәрифте: **«Асхабым** (сахабаларым) **үшін кедейлік – бақыт. Ал ақырзамандағы үмметім үшін бай болу бақыт»** делінген.

Жақсы білдім ұзақ тәжірибеменен,
Адам іліммен өлшенер, ілім болса малменен.

Мал-мүлікті халалдан, адал сауда-саттықпен айналысып табу қиын іс. Сондықтан да нан-тұзын халал жолмен, Ислам дініне мойынсұнып табатындар сирек кездеседі. Халал мүлік тамшы-тамшы болып жиналады, ал харам мүлік болса сел сияқты ағып келеді. Ақша таратуда сәхауат (жомарттық) жақсы мінез. Ал исраф (ысырап) болса жаман, харам. Жомарттық дегеніміз – жомарт мінезді болуға қол жеткізу, сараңдық деп аталатын жаман мінезден құтылу үшін мал-мүлкінен беру деген сөз. Алайда қандайда бір дүниелік пайда көздеп және нәпсінің жаман қалауларына қол жеткізу үшін көмек беруге жомарттық делінбейді.

4) Шәжаатқа (ержүректілікке, батылдыққа) ұқсаған жаман мінез мынадай болады: Ондайлардың шәжаат, батылдық танытуы – шәжаат мінезіне қол жеткізіп, тәһәуур (ашушаңдық) және қорқақтық деген жаман мінездерден құтылу үшін емес. Дүниелікке, мал-мүлікке, абыройға қол жеткізу үшін өзін осындай қауіпке тастайды. Немесе атақты болуды көздейді. Мал-мүлік

жинау үшін мұсылмандардың жолын кеседі, малдарын тартып алады, үйлеріне көз тігеді. Осыларды істей алу үшін өзін қауіпке тастап, ержүрек болып көрінеді. Бұлардың арасында қолға түсіп қалғандар, қаншама жәбірге шыдап, тіпті мал-жанын беруге де разы болып, қылмыстағы сыбайластарын жасыруды ержүректік, шәжаат деп санайды. Алайда, бұл оңбағандарда шәжааттың иісі де жоқ. Шәжаат иесі (ержүрек) болған адам, ақыл мен дін ұнатқан нәрсені орындау үшін атылып шығады. Халыққа, үкіметке қызмет етуді, сауап жинауды көздейді. Шәжаат деген жақсы мінезге қол жеткізіп, Аллаһу та’аланың разылығына жетуді жақсы көреді. Қасқырдың, жолбарыстың шабуылдары да сырттан қарағанда батырдың шабуылына ұқсайтын болса да, шәжаатқа ешқандай қатысы жоқ. Жыртқыштар күш-қуаттарымен жаратылысы талап еткенде шабуылдап зиян береді. Жақсы ниетпен және жақсылық жасау, сауап алу үшін атылмайды. Өздеріне шамасы келмейтін, әлі жетпейтін, әлсіз болғандарға шабуылдайды. Қаруланған және күшті бір адамның, қарусыз, жалаңаш, аш болған адамға шабуылдауы да осындай. Ал бұл нәрсе ержүректік болмайды. Шәжаат (батылдық, ержүректік) дегеніміз – ақылмен, зейінмен, білімімен шабуылдауды дұрыс көру, дүниелік табысты ойламай, рухында шәжаат деген жақсы мінезді бар қылуды, тәһәуур (ашушаңдық) мен қорқақтық деген жаман мінездерден құтылуды қалау деген сөз. Мұндай адам зиянды, жаман іс жасаудан өлуді артық көреді. Абыроймен өлуді, абыройсыз өмір сүруден үстем деп біледі. Қарабет болып өмір сүруді құрметпен еске алынуға ауыстырады. Шәжаатта жаралану мен өлім қауіпі болғандықтан, басында ләззатты болмауы мүмкін. Бірақ соңында, дүние мен ахирет табысының және жеңістің қуанышымен шексіз ләззатты болады. Әсіресе Ислам дінін қорғау, Расулуллаһтың нұрлы дінін жаю үшін жанын қиып **«шәһид болу»** ләззаты, дүние мен ахирет рахаттықтарының ешбірінде табылмайды. Али Имран сүресінің 169-шы аятында: **«Аллаһ жолында жандарын бергендерді өлі деп санамаңдар! Олар тірі. Раббыларының ниғметтеріне қауышқан»** делінген. Шәжаатты мақтаған хадис шәрифтер санауға келмейтіндей өте көп. Жихадтан қашу – адамды өлімнен құтқармайды. Өмірді ұзартпайды. Дұшпан қоршауында жалғыз қалу да адамды өлтірмейді, жоқ қылмайды.

Ажал, алға немесе артқа жылжымайды. Адамның өмірі өзгермейді. Керісінше, қашудың өлімге себеп болатындығы көп байқалған. Дұшпанға қарсы төтеп беру де жеңіске және амандыққа жеткізеді. Хазреті Муауия “радиаллаһу анһ” былай деген:

Сыффин соғысында қашуға ниет еткен едім, **«Сабыр еткен адам бәледен құтылады»** хадис шәрифі есіме түсті. Сабыр еттім, шыдадым. Аллаһқа шүкір, қашудан құтылдым. Осы сабырымның арқасында халифалыққа қауыштым.

Шәжааттың негізі – Аллаһу та’аланың тағдырына разы болу, Оған тәуекел ету, Оған сену. Аллаһтың арыстаны, шәжаат өзенінің қайнары, уилаят бақшасының гүлі болған хазіреті Әли “радиаллаһу анһ” Сыффин соғысындағы шабуыл кезінде басы ашық, жеңі түрілген күйде жүгіріп мына шумақты оқитын еді:

Өлімнен қашу тек екі күні дұрыс болмайды:
Ажал келген күні және ажал әлі келмегенде,
Ажал келген болса қашудан еш пайда шықпайды,
Ал келмесе, лайықты шара табылмас өлуге де.

Мал-мүлкінен, мансабынан айрылғаны үшін немесе дұшпан қолына тұтқынға түскені үшін жанын қиған, яғни өз-өзін өлтірген ақымақтарда шәжаат емес, қорқақтық бар. Шәжаат иесі болған адам дерттерге, бәлелерге қарсы төтеп беріп, шыдайды, сабыр етеді. Бұл ақымақтар болса, өлу арқылы қиыншылықтан құтыламын деп санайды. Олар өте надан адамдар. Өлгеннен кейін одан да көп қиыншылықтарға, қасіреттерге түсетінін білмейді. Өз-өзін өлтіру, басқаны өлтіруден де үлкен күнә. Өте ауыр азап шегеді. Ақылынан айырылғаннан кейін өз-өзін өлтірген адам мұндай емес. Аллаһу та’аладан өлімді емес, денсаулық пен амандықты сұрау керек.

5) Әділетке ұқсаған жаман мінез де бар. Бұл мінез ар-намысқа ұқсайтын жаман мінезге жақын. Әділет деген жақсы мінезден махрұм болған бір жаман адам, жүрген жерлерінде әділетті мадақтайтын плакаттар іледі. Әділет туралы айтады, мақалалар жазады. Ең жаманы – әділетті талап ететін міндеттерді, кафедраларды басқарады. Адамдар көрсін деп әрдайым әділ адамдармен бірге жүреді. Ал ішкі дүниесі зұлымдық, кекшілдік, өшке толған. Әділет болса, мінезі мен әрекеттері дінге және ақылға сай болу деген сөз. Сыртқы көрінісінің іші сияқты болуы деген

сөз. Адамдардың арасында да, жалғыз қалған кезде де өзіндей болу, өзгермеу. Екі жүзділік – әділет емес, мұнафықтық. Шумақ:

Ғибадатты пәк ниетпен орындау керек,
Жаңғақ та жарамайды, болса егер іші кеуек

Бесінші бап

Енді әділеттің не екенін білдірейік: Әділет – жақсы мінездердің ең құндысы. Әділ адам – адамдардың ең жақсысы. Әділет – бірлік, тепетеңдік деген сөз. Әділет болғанда екі нәрсенің не өздері немесе сипаттары тең болады. Бұл ұқсас жерлерінде біріккен деген сөз. Демек, әділет бірліктен, тек бір болудан, яғни уахдеттен [таухидтен] туындайды. Ал уахдет немесе таухид – ең қадірлі сипат, ең үстем хал. Өйткені, барлық болмыстар осы бір ғана құдіреттен пайда болған. Әлемде кездесетін әрбір бір болу, шынайы жалғыздың болмысына ұқсайды. Әр болмыс, сол бір болған болмыстан пайда болғаны сияқты, әр бірлік те сол бірден пайда болады. Ал өлшеу, салыстыру істерінде теңдік сияқты құрметтісі, қадірлісі жоқ. Музыка саласында бұл мәселе кеңірек зерттелуде. Міне осы себептен, жақсылықтардың ең қадірлісі – әділет. Әділет – ортада болу деген сөз. Ортадан айырылатын болса, әділет болмайды. Мына үш жерде әділеттің болуы қажет:

1) Бір мүлікті, бір ниғметті бөлетін кезде әділетпен бөлу керек.

2) Келісім-шарттарда, сауда-саттықта әділет қажет.

3) Уқубатта, яғни жаза беруде әділет керек. Бір адам біреуді қорқытса, ұрса, ол адамға да солай жасалуы тиіс. [Бірақ, бұл теңдік жазасын тек үкімет қана орындайды. Біреуден жәбір көрген адам оған қарсы өзі әрекет етіп өшін алмай, оны тәртіп сақшыларына, сотқа хабарлауы керек. Мұсылман әрі Исламға мойынсұнады, күнә істемейді. Әрі заңға мойынсұнады, қылмыс істемейді.] Егер бір елде әділет бар болса, ол жердің халқы уайымсыз-қорқынышсыз өмір сүреді. Әділет – қорықпау деген сөз.

Әділет деген не? Бұны адамның ақылмен табуы өте қиын болғандықтан, Аллаһу та'ала құлдарын есіркеп, мемлекеттерді қорғау үшін бір өлшем құралын жіберді. Осы илаһи өлшеммен әділетті өлшеу оңай болды. Бұл өлшем пайғамбарлардың

“алейһимуссалауату уәттәслимат” алып келген діндері. Ислам дініне намус-и илаһи да делінеді. Бүгін және қияметке дейін қолданылуы әмір етілген илаһи өлшем – Мұхаммед алейһиссаламға жіберілген дін. Бұл өлшемнен кейін тағы екінші өлшем берілген. Ол – сөзі өтетін басқарушы. Адам мәдени болып жаратылды. Яғни бір-бірімен араласуға, бір жерде өмір сүруге, бір-біріне жәрдемдесуге бейім болып жаратылған. Ал хайуандар мәдени болып жаратылмады. Олар қалада бірге өмір сүруге мәжбүр емес. Адам нәзік, әлсіз болып жаратылғаны үшін, піспеген тамақ жей алмайды. Азық, киім және үй дайындауы қажет. Яғни кәсіпке, индустрияға қажеттілік бар. Сондықтан іздену, ойлану және тәжірибе жасауы, жұмыс істеуі керек.

[Ислам діні ғылымды, техниканы, жұмыс істеуді, жақсы мінезді қолдауда, әмір етуде. Ал өзге діндердің фанаттары мен құдайсыздар Ислам дініне жауыздықпен жала жабуда. Ислам діні адамдарды топастандырып жатыр, жұмыс істеуді тежеп жатыр деп, бетпақтықпен өтірік айтып жатыр. Ислам мемлекеттерінде қармақтарына ілінген, алданған надан, тексіз адамдарға көп ақша мен мансап беріп, оларды да осылай сөйлетіп жатыр. Жаратылыстануды, ғылымды, жұмыс істеу керектігін әмір еткен, жұмыс істейтіндерді мақтаған аяти кәрималар мен хадис шәрифтер ортада тұрса да, бұл опасыз, арсыз жалалар күнді балшықпен сылауға ұқсайды. Мысалы британдықтар Исламға жасырын түрде шабуылдауда. Ислам дінін іштен құлатып жатыр. Өтіріктеріне жастардың оңай алданулары үшін Ислам ілімдерін, діни кітаптарды жойып жатыр. Ислам дініне шабуылдау үшін кезінде Лондонда **«Отарлау министрлігін»** құрды. Сол жерде жауыз жоспарларын дайындады. Мыңдаған тыңшы жетілдірді. Тұзақтарына түскен надан, тексіз дін адамдарынан Нәждтік Абдулуәххаб ұлы Мұхаммед және Дәрийа әмірі Сууд ұлы Мұхаммедпен серіктестік құрып миллиардтаған ақша мен қару күшімен **«Уаххабилік»** атты бидғат ағымын құрды. Мұсылмандардың қамқоршысы, күзетшісі болған Осман империясын ішінен құлатты. Бұл жөнінде **«Ағылшын тыңшысының мойындаулары»** кітабын оқыңыз!

Қазандық Абдуррашид Ибраһим мырза 1328 (м.1910) жылы Стамбұлда басылған түрікше **«Әлеми ислам»** (Ислам әлемі)

атты кітабының екінші томында «Ағылшындардың Исламға деген дұшпандығы» деген жазбасының бір жерінде былай дейді: «Ислам халифалығының бір сәт болса да ертерек құлатылуы – британиялықтардың бірінші мақсаттары еді. Қырым соғысына себепші болулары және сол жерде түріктерге жәрдем бергендей жақсы көрінулері халифалықты жою үшін бір айла еді. Париж келісімі бұл айланы әшкерледі. [1923 жылы жасалған Лозан бітімгершілік келісімінің жасырын бөлімдерінде бұл дұшпандықтарын ашық түрде білдірген.] Әр уақытта мұсылмандардың басына келген пәлекеттер, қай пердемен жасырылса да, барлығы ағылшын империясынан келген. Ағылшын саясатының негізі – Ислам дінін жою. Өйткені олар Ислам дінінен қорқады. Олар мұсылмандарды алдау үшін олардың арасынан таңдап алған сатқындарды, өз дінін білмейтін надандарды шебер пайдалануда. Тіпті ондай опасыздарды өз елінің патриоты, қаһарманы және Ислам ғұламасы ретінде танытуда. Сөзіміздің қорытындысы – Ислам дінінің ең үлкен дұшпаны – британдықтар.) Абдуррашид мырза 1363 (м.1944) жылы Жапонияда қайтыс болды.

Ислам діні ғылымға, техникаға, жұмыс істеуге кедергі бола ма? Адам әр қажеттілігін дайындауға мәжбүр. Мұны дайындайтын нәрсе – ғылым, кәсіп және жұмыс істеу. Бір адамның барлық кәсіпті үйреніп-меңгеріп алуы мүмкін емес. Әрбір кәсіпті белгілі адамдар үйренеді, жасайды. Әркім өзіне қажет болған нәрсені, осы кәсіп иесінен барып алады. Бұл кәсіп иесі өзіне қажет болған басқа нәрсені сонымен айналысатын басқа кәсіп иесінен алады. Осылайша, адамдар бір-бірлерінің қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Осы себепті, адам жалғыз өмір сүре алмайды. Бірлесе, қоғам күйінде өмір сүруге мәжбүр. Мәдениет дегеніміз – **Мемлекетті өркендету және халықтың рахат, жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету** үшін бір жерде қоғам болып өмір сүру деген сөз.]

Адамдар бір жерде өмір сүргенде ашкөздер басқалардың ақысына қол сұғады. Зұлымдық жасайтындар да болады. Өйткені, әр нәпіс өз қалауына жеткісі келеді. Өзіне ләззатты болғанды алуға тырысады. Осы нәрселерді қалаған бірнеше адам тартыса бастайды. Бір өлексенің алдында жиналған иттердің бір-бірімен ырылдасқаны сияқты, бұлардың да араларында ұрыс басталады.

Бұларды ажырату үшін күшті төреші қажет болады. Саудасаттықта әркім өз жасаған бұйымдарының құндырақ екенін айтады. Жасалған нәрселердің өзіне лайықты, салыстырмалы құнын әділетпен өлшеу керек болады. Заттың салыстырмалы құнын өлшейтін нәрсе – алтын мен күміс, яғни ақша. Алтын мен күміске **«Накдәйн»** делінеді. Әр мемлекеттің қолданып жүрген қағаз ақшаларының барлығы қазір алтынның баламасы. Яғни алтыны көп болған мемлекеттер қағаз ақшаны көп баса алады. Алтыны аз болғандары қағаз ақшаны көп басса, олардың құны болмайды. Өйткені, Аллаһу та'ала алтын мен күмісті ақша ретінде жаратқан. Басқа ешбір зат алтынның орнын баса алмайды. Сондықтан зекеттің алтын мен күміс ретінде есептелуі және берілуі әмір етілген. Заттардың құнын алтын және күміспен, әділетке мән беріп өлшейтін әділ төреші қажет. Мұндай сөзі өтетін төреші – үкімет. Әділ үкімет, зұлымдықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алады. Аллаһу та'ала әмір еткен әділетті жүзеге асырады. Заттың құнын әділетпен анықтап, белгілейді.

Демек, адамдар арасында әділетті жүзеге асыру үшін үш нәрсе қажет: Намуси раббани (Аллаһтың діні), хакими инсани (адамгершілік) және динари мизани (алтын). Бұлардың ең күштісі, ең ұлысы – намуси раббани болған Ислам діні. Діндер – Аллаһу та'аланың әділетті орнату үшін жіберген заңдары. Басқарушылардың әділетті орнатулары үшін Аллаһ осы илаһи заңдарды жіберді. Хадид сүресі, 25-ші аятында: **«Оларға әділет орнату үшін кітап пен таразы жібердік»** делінген. Бұл жердегі кітап дегеніміз – дін деген сөз. Өйткені дін – Құран кәрімдегі әмірлер мен тыйымдардың атауы. Ал таразы – алтынға ишарат. Өйткені алтын салмағымен өлшенеді. Құран кәрімнің әмірлері мен тыйымдарын ұнатпаған адам кәпір және мұнафиқ болады. Төрешіні, үкіметті тыңдамаған адам аси (қарсы шығушы, бүлікші) болады. [Мұсылман Дарул харбтегі (кәпір мемлекеттеріндегі) кәпірлердің заңдарына да қарсы келмейді. Қылмыс жасамайды.] Алтынның құнын қабыл етпегендер де опасыз және ұры болады.

Ескерту: Адамның ең алдымен өзіне, әрекеттеріне, мүшелеріне әділет жүргізуі керек. Екінші, бала-шағасына, көршілеріне, достарына әділ болуы қажет. Әділет басқармасының және үкімет

адамдарының да, халыққа әділет жасауы керек. Демек, бір адамда әділет мінезінің болуы үшін, алдымен өз әрекеттерінде, ағзасында әділет болуы керек. Барлық күш-қуаты, әр мүшесі не үшін жаратылған болса, сол үшін қолдануы керек. Аллаһу та'аланың әдетін өзгертіп, бұларды ақыл және Ислам діні ұнатпайтын жерлерде қолданбау керек. Бала-шаға бар болса, олардың алдында да, ақыл мен дінге сай әрекет ету керек, дін көрсеткен жақсы ахлақтан адаспау керек. Жақсы ахлақпен мінездену қажет. Төреші, әкім, басқарушы, қолбасшы және қандай да бір әмірші болса, ғибадаттарды орындауы және орындатуы керек. Мұндай адам бұл дүниеде Аллаһу та'аланың халифасы болды деген сөз. Қияметте де, әділ адамдар үшін уәде етілген нығметтерге қауышады. Осындай қайырлы адамның қайыр мен берекесі, оның бақытты заманына, мүбәрәк жеріне және сол жерде өмір сүру арқылы бақытты болған адамдарға, жануарларға, тіпті өсімдіктер мен ризықтарға таралады. Бірақ, Аллаһ сақтасын, бір жердегі өкімет адамдары мейірімді, жақсы мінезді, әділ болмаса, адам ақыларын жеп, зұлымдық, зорлық-зомбылық жасаса, бұлар әділ адамдар емес, ібілістердің досы, шайтандардың жолдастары деген сөз. Шумақ:

Алданбаңдар залымдардың бау-бағына
Көз ойнатқан зәулім сарай қамалына
Білгейсіңдер сарай мүлкі барлығы да
Қаланған мазлұмдардың көз жасына

Қол астындағыларға мейірім жасамаған адамдар қиямет күні Аллаһу та'аланың мейірімінен ұзақ болады.

«Мәнләйәрхам, ләйурхам!» делінген, аямағандарға аяушылық көрсетілмейді деген сөз. Мұндай залымдардың ұжымына үкімет емес, қарақшылар делінеді. Олар, бірнеше жылдық, уақытша болған дүниелік ләззаттары үшін миллиондаған адамдарға азап береді. Бірақ, олар зұлымдықтарының жазасын тартпағанша бұл дүниеден кетпейді. Сондай молшылық пен ләззаттар арасында өмір сүрсе де, әлбетте қатты қиыншылықтарға, үлкен derттерге тап болады. Сол билік ешқайсысының қолында қалмайды. Көбінесе биліктері дұшпандарының қолына өтеді. Өздері де бұл жағдайды көреді, қатты күйінеді. Мәриәм сүресінің 81-ші аятында: **«Иесі, басқарушысы екенін айтқан нәрселерінің барлығын қолынан**

аламыз. Алдымызға жалғыз өзі келеді» делінген. Бұл жерде білдірілгеніндей, Аллаһу та'аланың сотына ондайларды қарабет қылып, сүйретіп алып келеді. Жасаған жамандықтарын жоққа шығара алмайды. Барлығының жазасын өте ауыр түрде тартады. Жасаған зұлымдығы, зорлық-зомбылығының қараңғылығы жан-жағын қаптайды. Алдын көре алмайды. Азаптаушы періштелердің қолынан жасағандарынан есе-есе жаманын тарту үшін жаһаннам азабына тасталады. Аллаһу та'аланың дінін ұнатпағаны үшін, оған шөл заңы дегені үшін, ол жерде мейірімге қауыша алмайды.

Алтыншы бап

«Ахлақи алаи» кітабының алтыншы бабында жақсы мінездің түрлері білдірілген. Біз бұлардың арасынан тек әділетті ғана баяндаймыз. Әділет үшке бөлінеді:

Біріншісі, Аллаһу та'алаға құлдық ету. Аллаһу та'аланың мейірімі, нығметтері, ихсандары әрбір махлұққа жайылған. Нығметтерінің ең үлкені – құлдарына бақыт жолын көрсетуі. Олар лайық болмаса да барлығын ең жақсы түрде жаратқан. Мәңгі, шексіз, санауға келмейтіндей нығметтер, жақсылықтар берген. Осындай иеге, жаратқанға ғибадат ету, Ол ихсан еткен нығметтеріне шүкір ету әлбетте қажет.

Әділетті болу үшін иесінің ақысына мән беру керек болады. Әр адамның жаратушысына қарыз болған осы құлдық ақысын орындауы уәжіп болады.

Әділеттің екінші бөлімі – адамдардың ақысын өтеу. Үкіметке, әміршілерге, заңға қарсы келмеу, ғалымдарды құрметтеу, аманаттарға қиянат етпеу, сауда-саттық ақысын өтеу, уәделерін орындау қажет.

Үшіншісі, өмірден өткендердің ақысын өтеу керек. Бұл – олардың қарыздарын өтеу, өсиеттерін орындау, қалдырған иелігін қорғау және артынан қалған қайырымдылық пен жақсылықтарын жалғастыру арқылы жүзеге асады.

Жақсылық жасаған адамға мал-мүлікпен, қызметпен қайтарымы беріледі. Мұны жасай алмаған адам хамд пен шүкір, алғыс пен дұға етеді. Қайтарымын жасамаған, рахмет айтпаған

адамға ертеңгі күні міндетсініледі, жамандалады, ренжітіледі. Өйткені жақсылыққа жақсылық жасау адамдық борыш болып табылады. Адамның жасаған жақсылығының ақысы осылай болса, әр жақсылықты жасаған, ең үлкен жақсылық ретінде жоқтан бар қылған, ең жақсы күйді берген, қажетті мүшелерді, күш-қуатты ихсан еткен, әрқайсысын тәртіппен істетіп денсаулық берген, ақыл мен зейін сыйлаған, бала-шаға, үй, қажетті заттар, азық-түлік, сусын, киімдерімізді жаратқан ұлы иеге бұл нығметтерді себепсіз, қайтарымсыз ихсан еткен, әр сәтте жоқ болудан, дұшпаннан, аурулардан қорғаған және бізге мүлдем қажеттілігі болмаған, шексіз күш-қуат, құдірет иесі болған Аллаһу та'алаға шүкір етпеу, құлдық ақысын орындамау қандай үлкен қылмыс, қандай үлкен зұлымдық және қандай опасыз жағдай болады? Әсіресе, Оған және нығметтердің Одан келгеніне сенбеу немесе бұларды басқадан келген деп білу ең үлкен зұлымдық, ең жаман қарабеттік болады. Бір адамға әрбір қажеттілігі берілсе, әр айда жеткілікті ақша, азық-түлік сыйға берілсе, бұл адам сыйлық берген кісіні барлық жерде бәріне мақтайды емес пе? Күні-түні оның сүйіспеншілігін, ізгілігін алуға, көңілін аулауға тырыспай ма? Оны дерттерден, қиыншылықтардан қорғауға тырыспай ма? Оған қызмет ете алу үшін өзін қауіпке тастамай ма? Осылай істемесе, әлгі сыйлық берушіні мүлдем қадірлемесе, бәрі оны айыптамай ма? Тіпті, адамгершілік міндетін атқарып жатқан жоқ деп жазаландырылмайды ма? Жақсылық жасаған бір адамға осыншама құрмет етіледі де, барлық нығметтің, барлық жақсылықтың шынайы иесі болған, барлығын жаратқан, жіберген Аллаһу та'алаға шүкір ету, Ол ұнатқан, талап еткен нәрселерін орындау неліктен қажет болмасын? Әрине бәрінен көп Оған шүкір ету, бәрінен көп Оған бағыну, ғибадат ету керек. Өйткені, Оның нығметтерінің жанында басқалардың жақсылығы, теңіздің жанында бір тамшыдай да бола алмайды. Тіпті, басқалардан келетін жақсылықтарды да Ол жіберуде.

Аллаһу та'аланың нығметтерін кім санай алады?
Нығметтерінің миллионда біріне кім шүкір ете алады?

Адам Аллаһу та'алаға, қажет болған шүкір қарызын қалай жасауы керек? Кейбіреулердің айтуынша, бірінші міндет – Аллаһу та'аланың бар екенін ойлау. Шумақ:

Шүкір болсын Аллаһқа нигметтері мол болған,
Алдыменен бар болу нигметін берді Ол маған,
Сияпатын, нигметін санау үшін күш жетпес,
Күш пен барлық үстемдік лайық тек қана Оған!

Кейбір ғалымдардың айтуынша, ниғметтердің Одан келгенін түсіну және тілмен хамд пен шүкір жасау керек.

Кейбіреулерінің айтуынша, бірінші міндет – Оның әмірлерін орындау, харамдарынан сақтану.

Ал бір бөлігі, адам алдымен өзін тазалауы керек. Осылайша Аллаһу та'алаға жақындауы керек, деді.

Кейбірлері, адамдарға дұрыс жолды көрсету, дұрыс, салих болуы үшін талпыну керек, деді.

Ал кейбіреулері, адамның нақты бір міндеті болмайды. Әр адамның өзіне сай басқа-басқа міндеттері болады, деді.


Кейіннен келгендердің айтуынша, адамның Аллаһу та'аланың алдындағы міндеті үшке бөлінеді: Біріншісі, денесімен жасалатын істер. Намаз, ораза сияқты. Екіншісі, рухымен жасайтын міндеттері. Дұрыс ақидаға (сенімге) ие болу (Әһли сүннет ғалымдарының білдіргеніндей иман ету, сену.) Үшіншісі, адамдарға әділеттік жасау арқылы Аллаһу та'алаға жақындау. Бұл нәрсе аманатты сақтау, адамдарға насихат айту, ең алдымен Ислам дінін үйрету арқылы жүзеге асады.

Осы айтылғандардың барлығынан түсінікті болғаны – ғибадат үшке бөлінеді: дұрыс сенім, дұрыс сөз және дұрыс амал. Бұның соңғы айқын әмір етілмеген екеуі заманға және шарттарға қарай өзгереді. Аллаһу та'ала пайғамбарлары "алейһимуссалауату уәттәслимат" арқылы өзгертеді. Ғибадаттарды адамдар өзгерте алмайды. Пайғамбарлар "алейһимуссалам" және осы ұлылардың мұрагерлері болған Әһли сүннет жолының ғалымдары "рахимәһумуллаһу та'ала" ғибадаттардың түрлерін және қалай орындалатынын жеке-жеке білдірген. Бұларды әркімнің үйренуі және сол бойынша амал етуі қажет.

Бұл пақырдың түсінгені бойынша, сөздің қорытындысы, жоғарыда білдірілгеніндей дұрыс сенім, дұрыс сөз және салих (жақсы) амалдар – бірінші міндет.

Ислам ғалымдары және тасавуф ұлыларының "рахимәһумуллаһу та'ала" айтуынша, адамға уәжіп болған бірінші міндет –

иман, амал және ықылас иесі болу. Дүние мен ахирет бақытына тек осы үшеуіне қауышу арқылы қол жеткізіледі. Амалдар – көңілмен және тілмен, яғни сөзбен және денемен орындалатын істер деген сөз. Көңілдің істері – ахлақ. Ықылас – амалын, яғни барлық істерін, ғибадаттарын, тек Аллаһу та’аланың разылығына, сүйіспеншілігіне қауышу үшін орындау деген сөз.



Басуға 26.05.2014 қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{16}$. Қарып әріпі "Times New Roman".
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 1

ЖШС "EuroPrint" орталығында басылды.
Тел: +7(727) 380 03 12

Сдано в печать 26.05.2014 г. Формат 60x84 $^{1}/_{16}$.
Гарнитура "Times New Roman". Печать офсетная.
Бумага типографская. Тираж 2000 экз.

Отпечатано в ТОО "EuroPrint"
Тел: +7(727) 380 03 12